«Шығыс Қазақстан жастар ақпарат
аналитикалық агенттігі»
қоғамдық бірлестігі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жыл



МАЗМҰНЫ

1. **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГІ ӘДІСТЕМЕСІ** 6
1.1. Әлеуметтанулық зерттеудің іріктемесі 16
2. ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ 23
2.1. Әлеуметтік-демографиялық блокқа талдау 23
2.2. Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер 25
2.2.2. 72 мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалауға арналған қоғамдық мониторингтің нәтижелері 33
2.3. ЭЦҚ-мен жұмыс істеу бойынша пайдаланушылық тәжірибені бағалау 39
2.4. 1414 Бірыңғай байланыс орталығы қызметінің тиімділігін бағалау 40
2.5. «Электрондық үкімет» порталындағы онлайн-мониторингтің нәтижелері 42
2.6. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын кешенді бағалау және динамикасы 85
2.7. Орталық мемлекеттік органдардың рейтингісі 86
2.8. Жергілікті атқарушы органдар рейтингісі 92
2.9. Өңірлер рейтингісі 109
2.10. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы бюрократизм мен қағазбастылық 110
2.11. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ мен «электрондық үкімет» порталының қызмет сапасына қанағаттану деңгейін бағалау 131
3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ (72 ҚЫЗМЕТ) 137
3.1. Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді, құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу 137
3.2. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы қолдаухаттарды қарау 142
3.3. Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру 149
3.4. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу 154
3.5. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру 160
3.6. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру 164
3.7. Мемлекеттік аудитор сертификатын беру 169
3.8. Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) 173
3.9. Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру 183
3.10. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тесеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру 191
3.11. Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру 198
3.12. Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру 203
3.13. Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (сүүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың

Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру 209
3.14. Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш ресімдеу) 213
3.15. Көлік құралының әйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру 222
3.16. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау 231
3.17. Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу....237
3.18. Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немес медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу 240
3.19. Фармацевтикалық қызметке лицензия беру....244
3.20. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою 250
3.21. Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу....257
3.22. Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру 263
3.23. Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру 269
3.24. Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау....274
3.25. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу....280
3.26. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою 285
3.27. Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) 291
3.28. Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту....295
3.29. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру....299
3.30. Құрылыс объектілеріне кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге өтініш білдірген заңды тұлғаларды аккредиттеу....304
3.31. Барлау учаскесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру 309
3.32. Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру....315
3.33. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау....322
3.34. Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу....326
3.35. Экипаж мүшесінің куәлігін беру....332
3.36. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау 338
3.37. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу....343

3.38. Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру 348
3.39. Спорттық атақтар мен санаттарды беру. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» 354
3.40. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау 362
3.41. Көп балалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау 371
3.42. Бақылау-кассалық машиналарды (ККМ) есепке қою және есептен шығару 380
3.43. Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару 388
3.44. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу. 395
3.45. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлардың құрамына кіретін құрылғыларды әкелуге лицензия беру 406
3.46. Цифрлық майнинг қызметін жүргізу бойынша лицензия беру 414
3.47. Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу 420
3.48. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу 424
3.49. Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы (Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы) 431
3.50. Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру 436
3.51. I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру 441
3.52. Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру 449
3.53. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу 454
3.54. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу 459
3.55 Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою 465
3.56. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға құжаттарды қабылдау 469
3.57 Несие/қаржылық лизинг бойынша кепілдіктерді беру 475
3.58. Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру 479
3.59. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту 490
3.60. Белгілі бір азаматтар санаты үшін дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер және медициналық тағайындауға арналған құралдарды беру 498
3.61. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну 508
3.62 Кен іздеушілікке арналған лицензияны беру 517
3.63. Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру 524

3.64. Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою.....530
3.65. Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу.....535
3.66. Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу.....546
3.67. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту (Бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттағы және маусымдық шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат беру) 554
3.68. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту 562
3.69. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру 571
3.70 Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту 580
3.71. Спорттық разрядтарды беру: Екінші санатты жоғары білікті жаттықтырушы-оқытушы 585
3.72. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру 594
4. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР 600
1-ші қосымша. Мемлекеттік қызметтерді алуда әкімшілік және техникалық кедергілерді жою жолдары.....604

1. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГІ ӘДІСТЕМЕСІ

Қоғамдық мониторингтің мақсаты

Қоғамдық мониторинг жүргізудің мақсаты – қызмет көрсетушілер ұсынатын мемлекеттік қызметтердің сапасына, қолжетімділігіне және көрсетілу рәсімдеріне қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін айқындау, проблемалық мәселелерді анықтау және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қоғамдық мониторингтің міндеттері

Қоғамдық мониторинг келесі негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы туралы ақпаратты бағалаудың негізгі өлшемшарттары бойынша алу;
2) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде туындайтын проблемалық мәселелерді, соның ішінде әкімшілік және өзге де кедергілерді анықтау;
3) мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу, оның ішінде оларды оңайлату, оңтайландыру және автоматтандыру процестерін жетілдіру жөнінде.

Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және өткізу келесі негізгі қағидаттарды сақтауға негізделеді (1-сур.):

1-сурет. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау қағидаттары



1) айқындық – бастапқы деректерді жинау мен өңдеу тәсілдері туралы ақпарат қажет болған жағдайда қолжетімді болуы тиіс;
2) заңдылық – орындаушының нормативтік-құқықтық мәртебесі, өзге де қажетті құқық белгілейтін құжаттардың (Шарт, Келісімшарт және т.б.) болуы;
3) объективтілік – мониторинг нәтижелері көрсетілетін қызметтерді ұсынушылардың қызметі туралы ақпараттың бұрмалануына жол бермеуі тиіс;
4) жан-жақтылық – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы туралы ақпаратты жинаудың сандық және сапалық әдістерін қолдану;
5) сенімділік – мониторинг нәтижелерінің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс;
6) бейтараптық – қоғамдық мониторингті ұйымдастыру мен өткізу бойынша қызмет көрсетуші ұйым тәуелсіз үкіметтік емес ұйым және (немесе)

объективті деректерді ұсынуға, сондай-ақ қоғамдық мониторинг жүргізудің негізгі қағидаттарын сақтауға мүдделі жеке тұлға болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді іріктеу өлшемшарттары

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау өлшемшарттары:

1) Ақпарат және коммуникация
2) Қолжетімділік және қолайлылық
3) Қызметкерлер
4) Рәсім
5) Мерзімдер
6) Шығындар
7) Кері байланыс
8) Нәтиже

Техникалық сипаттамаға сәйкес, социологиялық зерттеу сандық әдістер арқылы 2-суретте келтірілген көрсеткіштерді өлшеуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін сапалық бағалаулар алуға бағытталған.

2-сурет. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау қағидаттары

АҚПАРАТ

- Қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратпен және көрсетілетін қызметтің сапасымен қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі; қызметті алу тәсілдері туралы ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау; нұсқаулықтардың түсініктілігі.

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

- Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ғимаратқа, қызмет көрсетушінің сервистеріне физикалық және өзге де қолжетімділікпен, сондай-ақ қызмет алу қолайлығы мен жайлылығымен қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі
- Порталдың қолжетімділігімен қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

- Қағаз түрінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет көрсетушінің персоналының жұмысына қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

РӘСІМ

- Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сапасына қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

ШЫҒЫНДАР

- Мемлекеттік қызмет алу барысында жұмсалған шығындар деңгейіне қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

КЕРІ БАЙЛАНЫС

- Шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

НӘТИЖЕ

- Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі

Әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу ел халқының түрлі және кең топтарын ұсынатын респонденттердің өздерінен бастапқы ақпарат алуға бағытталған.

Түзету коэффициенттері ретінде, сондай-ақ қосымша ақпарат көздері ретінде мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігіне қатысты қызмет алушылардың сауалнамасының нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттерін бұзу фактілерін, келіп түскен шағымдарды талдау қолданылады.

Қоғамдық мониторингтің негізгі кезеңдері

Қоғамдық мониторингті жүргізуге дейін зерттеу бағдарламасын әзірлеу арқылы жұмыстардың жалпы ауқымын айқындау, сондай-ақ оның қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мәселелерін шешу жүзеге асырылады.

1-кезең – дайындық кезеңі.

Осы кезең аясында зерттеу жоспары мен кестесі жасалады, онда зерттеу мерзімдері, жұмыс/зерттеу тобы көрсетіледі, мониторинг жүргізілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі айқындалады және қажет болған жағдайда қоғамдық мониторингтің әдіснамасы мен (немесе) құралдарына толықтырулар енгізіледі. Кабинеттік зерттеулер жүргізіледі және қорытынды аналитикалық есепте қамтылуға тиіс ақпарат айқындалады.

Мемлекеттік қызмет, оны көрсету стандарты туралы екінші реттік ақпарат интернет желісінде, мемлекеттік органның ресми сайтында, «электрондық үкімет» порталында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде еркін іздеу арқылы алынады, ақпараттың жаңартылу және өзектілік дәрежесі тіркеледі.

2-кезең – далалық кезең.

Бұл кезеңде іріктеме шеңберінде бірінші кезеңде таңдалған зерттеу әдістерін қолдану арқылы бастапқы социологиялық деректер жиналады.

Ақпаратты жинау сандық және сапалық зерттеу әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Олардың қатарында: қызмет алушылардың жаппай сауалнамасы, «жасырын сатып алушы» әдісі (ол орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ресми сайттарында көрсетілген ресми call-орталықтарды тексеруді қамтуы мүмкін), «Бірыңғай байланыс орталығы 1414»-ті тестілеу, мемлекеттік қызметтерге жауапты бөлімдердің, департаменттердің, басқармалардың (ресми сайттарда көрсетілген) байланыс нөмірлерін тексеру, сондай-ақ берілген тақырып бойынша проблемалық жағдайларды анықтау мақсатында «тереңдетілген сұхбат» және фокус-топтық зерттеу әдістері қолданылады.

Далалық жұмыстар аяқталғаннан кейін деректердің кемінде 15%-ін тексеруді көздейтін дала бақылауы жүргізіледі. Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін тапсырыс беруші ұсынылған маршруттық парақтар негізінде өз бақылауын жүргізе алады.

Сондай-ақ осы кезеңде далалық жұмыстар нәтижесінде алынған деректерді статистикалық деректерді өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламада өңдеу және Excel бағдарламасында берілген параметрлер бойынша сызықтық және корреляциялық кестелерді шығару жүзеге асырылады.

3-кезең – нәтижелерді өңдеу және талдау кезеңі.

Бұл соңғы кезең болып табылады, онда алынған бастапқы және екінші реттік социологиялық деректер өңделіп, талданады, қорытындыланады, сондай-ақ практикалық ұсынымдар әзірленеді.

Қоғамдық мониторинг бір реттік зерттеу түрінде (мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының ағымдағы деңгейін айқындау үшін) немесе мерзімдік негізде (қызмет алушылардың қанағаттану деңгейінің уақыт бойынша өзгеру үрдістерін өлшеу үшін) жүргізілуі мүмкін, яғни зерттеліп отырған нысанның динамикасын көрсетуге бағытталады.

Қоғамдық мониторингті жүзеге асыру әдістері

Қоғамдық мониторингтің **негізгі** (сандық) әдістеріне мыналар жатады:
- жаппай сауалнама жүргізу
- «электрондық үкімет» порталында онлайн сауалнаманы өткізу

Қоғамдық мониторингтің **қосымша** (сапалық) әдістеріне мыналар жатады:
- жасырын сатып алушы әдісі
- тереңдетілген сұхбат
- фокус-топтар
- кабинеттік зерттеу

Жаппай сауалнама

Жаппай сауалнама офлайн және онлайн тәсілдерімен жүргізіледі және бастапқы социологиялық ақпарат алу әдісі болып табылатын осы Әдістемеге 2-қосымшада белгіленген нысандағы сауалнама толтыру арқылы жүзеге асырылады. Бастапқы социологиялық ақпарат алу мүмкіндігін арттыру және қоғамдық мониторингтің неғұрлым объективті нәтижелерін қамтамасыз ету мақсатында жаппай сауалнама келесі тәсілдердің бірімен жүргізілуі мүмкін: қызмет көрсету орнынан «шығу кезінде», телефон арқылы (қызмет алушылар тізіміне сәйкес жазба түрінде), «қар бүртігі» әдісі бойынша. Сондай-ақ сауалнама парақтарын толтыру үшін қағаз және электрондық тасымалдаушыларды қатар қолдану ұсынылады.

Сауалнама жүргізу нәтижелері есепте көрсетіледі, онда міндетті түрде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі бойынша қорытынды баға жеке бағанда көрсетіледі.

«Электрондық үкімет» порталында онлайн сауалнама жүргізу

«Электрондық үкімет» порталында сауалнама онлайн-анкета арқылы жүргізіледі. Егер техникалық ақаулар орын алса немесе «Электрондық үкімет» порталында сауалнама жүргізу мүмкін болмаса, қызмет алушылар арасында қосымша онлайн немесе офлайн форматта сауалнама жүргізуге жол беріледі.

Жасырын сатып алушы әдісі

«Жасырын сатып алушы» (немесе Mystery Shopping) әдісі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын тексерудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс мемлекеттік қызмет көрсетушіге «жасырын сатып алушының» баруы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін, қажетті құжаттарды жинау процесін және өзге де аспектілерді зерттеу жолымен қолданылады.

«Жасырын сатып алушы» әдісін қолдану барысында мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі мен көрсетілу тәртібі мынадай бағыттар бойынша зерделенеді:

1) қызмет көрсетуші қызметкерлерінен алынған ақпараттың дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі;
2) мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының талаптарын сақтау;
3) қызмет көрсетуші қызметкерлерінің кәсібилігі мен этикалық нормаларды сақтау деңгейі;

4) мемлекеттік қызмет көрсету орнында, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қажетті жағдайлардың жасалуы;
5) мемлекеттік қызметті алу тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі;
6) жабдықтар мен байланыс құралдарының (компьютерлер, терминалдар, электрондық кезек, интернет жылдамдығы, электрондық деректер базасы және т.б.) жұмыс істеуі;
7) мемлекеттік қызмет алу кезінде туындайтын қосымша шығындар.

«Жасырын сатып алушы» әдісі шеңберінде бірнеше тәсіл қолданылады. Бірінші тәсіл классикалық болып табылады және онда «жасырын сатып алушы» зерттеуді өз бетінше жүргізетін интервьюердің өзі болады.

Екінші тәсілде интервьюер зерттелетін қызметті алу қажет әлеуетті қызмет алушыны іздейді және одан «жасырын сатып алушы» әдісімен зерттеу жүргізуге ауызша келісім алады. Осы тәсіл аясында интервьюер қызмет алушымен бірге зерттелетін қызметті алу процесін басынан аяғына дейін нақты уақыт режимінде, осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес бекітілген сауалнама парақтарына сай тіркейді.

Әрбір қызмет түрі бойынша көрсетілетін қызметтің қолданыстағы нысандарына байланысты 1-ден 3-ке дейін «жасырын сатып алушының» қатысуымен зерттеу жүргізілуі мүмкін: электрондық форматта интернет-порталдар арқылы, қағаз түрінде ХҚКО-да (мемлекеттік мекемеде), ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында электрондық форматта, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша.

Аталған әдісті қолдану нәтижелері бойынша «жасырын сатып алушының» толтырған «сауалнама парағын» және мемлекеттік қызметті алу процесі бойынша түсініктемелерді қамтитын бару туралы есеп жасалады (3-қосымшаны қараңыз).

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша «жасырын сатып алушының» қорытынды бағасы жеке кестеде көрсетіледі және мемлекеттік қызметтің қорытынды рейтингіне әсер етпейді.

Қорытынды есепте мемлекеттік қызмет көрсету сапасындағы барлық ауытқулар егжей-тегжейлі тіркеледі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша барлық ұсынымдар, ұсыныстар мен тілектер көрсетіледі. Есепке «жасырын сатып алушы» әдісімен жасалған барулар бойынша фотоесеп қоса беріледі.

Бейнежазба**.** «Жасырын сатып алушы» әдісі бойынша далалық жұмыстар кезінде стандартты емес, даулы және өзге де жағдайлар туындаған кезде бейнежазба жүргізу ұсынылады. Бұл — есептілік үшін дәлелдемелік база және қызмет көрсетушінің жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін қосымша тәсіл болып табылады.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбат қызмет алушылар мен қызмет көрсетушілер тарапынан мақсатты аудитория өкілдері мен салалық сарапшылардың пікірлерін алу мақсатында жүргізіледі.

Бұл әдіс проблемалық қызметтер бойынша қолданылады және респонденттің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы, қолжетімділігі мен рәсімдері критерийлері бойынша ұстанымдарын, сондай-ақ осы көрсеткіштер мен қызметтің өзін жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстарын міндетті түрде қамтуы тиіс. Сұхбат жүргізуге арналған ұсынылған сұрақтар тізбесі осы Әдістеменің 4-қосымшасында айқындалған.

Сұхбат жүргізу барысында респонденттің хабардар етілген келісімімен аудиожазба жүргізілуі тиіс. Тереңдетілген сұхбат аяқталғаннан кейін аудиожазба

транскрипцияланады, ал алынған деректер жаппай сауалнама барысында жиналған ақпаратты толықтыру және талдау үшін пайдаланылады. Тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасына баға қойылмайды.

Фокус-топтар

Осы әдісті қолдануға дейін зерттелетін мемлекеттік қызметті кабинеттік зерттеу шеңберінде алдын ала талдау қажет.

Бұл әдісті пайдалану үшін мемлекеттік қызмет көрсету сапасын талқылау мақсатында 6–12 адамнан тұратын топ жиналады. Әдісті қолдану барысында сұхбат жүргізу процесін бейнежазбаға түсіру қажет.

Фокус-зерттеудің түпкі мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсетудің проблемалық тұстарын, олардың себептерін анықтау және көрсетілетін қызметтердің тәртібін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Өткізу нәтижелері бойынша фокус-топтың транскрипті жасалуы қажет. Фокус-топ нәтижелері нақты қызметтерді неғұрлым терең талдау үшін пайдаланылады. Фокус-зерттеу нәтижелері бойынша қызмет сапасына баға қойылмайды.

Кабинеттік зерттеулер

Кабинеттік зерттеу (немесе *desk research*) — мемлекеттік қызметтер көрсету саласы туралы қолжетімді көздерден алынған екінші реттік социологиялық ақпаратты жинау, зерделеу, жүйелеу және талдау үдерісі. Бұл деректер алдын ала өңделіп, негізінен ресми және өзге де баспа көздерінде: мерзімді басылымдарда, экономикалық басылымдарда, статистикалық анықтамаларда, ұйымішілік есептерде және т.б. сақталады.

Бұл зерттеу форматы «далалық зерттеу» жүргізбей-ақ, бар екінші реттік ақпаратты зерттеу, талдау және жүйелеу жұмыстарын қамтиды.

Қоғамдық мониторингтің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, кабинеттік зерттеулер шеңберінде мынадай жұмыстарды орындау ұсынылады:

1) Мониторинг жүргізілетін мемлекеттік қызметтерді ұсынуға қатысты НҚА-ларды, соның ішінде әрбір қызметті ұсыну стандартын зерделеу;
2) Алдыңғы жылдары жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша есептерді қарастыру;
3) Қызмет көрсетушінің ресми статистикасын негізгі көрсеткіштер бойынша (мониторингтік кезеңде көрсетілген қызметтер саны, бас тартулар саны, шағымдар саны, электронды және қағаз түрінде көрсетілген қызметтердің үлесі және т.б.) талдау;
4) Мемлекеттік қызметті алудан/көрсетуден бас тарту себептерін талдау;
5) Қызмет алушылардың ресми және бейресми (әлеуметтік желілердегі мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың блогтары арқылы және т.б.) түрде қызмет көрсетушіге жіберген шағымдарын, ұсыныстарын және пікірлерін талдау;
6) БАҚ-та (оның ішінде әлеуметтік медиада) проблемалық мәселелер, әкімшілік және өзге де кедергілер бойынша мониторинг жүргізу.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау

Мемлекеттік қызметтерді көрсетушілердің қызмет сапасы 5 балдық шкала бойынша бағаланады:

«5» – «толық қанағаттанамын», «толық келісемін», «өте жақсы»

«4» – «көбіне қанағаттанамын», «көбіне келісемін», «жақсы»

«3» – «көбіне қанағаттанбаймын», «көбіне келіспеймін», «орташа»

«2» – «қанағаттанарлықсыз», «келіспеймін», «нашар»

«1» – «жұмыс жоқ», «өте нашар»

5 балдық бағалау шкаласының түсіндірмесі:

«5» балл – «өте жақсы»: қызмет мерзімінде ешқандай ескертусіз, шығынсыз немесе кедергісіз көрсетілді.

«4» балл – «жақсы»: қызмет аздаған ескертулермен және/немесе шығындармен, және/немесе кедергілермен көрсетілді.

«3» балл – «қанағаттанарлық»: қызмет белгілі бір ескертулермен, шығындармен және кедергілермен көрсетілді.

«2» балл – «қанағаттанарлықсыз»: қызмет көптеген бұзушылықтармен, сыбайлас жемқорлық немесе өзге де кедергілермен көрсетілді.

«1» балл – «жұмыс жоқ»: қызмет көрсетілмеді, себебі оны алуға мүмкіндік бермейтін кедергілер мен шығындар болды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын 5 балдық жүйе бойынша бағалау есебі

Есептеу формуласы:

$$Q = \frac{(n1 \cdot x1 + n2 \cdot x2 + n3 \cdot x3 + n4 \cdot x4 + n5 \cdot x5)}{N}$$

мұндағы:

- Q – мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі;
- x1 – «1» бағасының мәні;
- x2 – «2» бағасының мәні;
- x3 – «3» бағасының мәні;
- x4 – «4» бағасының мәні;
- x5 – «5» бағасының мәні;

$n_1 \ldots n_5$ – тиісті бағаны қойған респонденттердің саны. N – осы көрсеткіш бойынша өз бағасын (1-ден 5 баллға дейін) берген жалпы респонденттер саны.

Осы формулаға сәйкес, көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапалық бағасы келесі тәсілмен есептеледі: қызмет алушылар саны балдық бағамен көбейтіледі, алынған нәтижелер қосылады және шыққан сан жалпы сауалнамаға қатысқан респонденттер санына бөлінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау 8 негізгі критерий бойынша жүргізіледі, олар өз кезегінде ішкі көрсеткіштерге (подкритерийлерге) бөлінеді. Сонымен қатар, бағалау кезінде қызмет алу нысаны (қағаз түрінде немесе электрондық түрде) және мемлекеттік қызмет алу орны ескеріледі: қызмет көрсетуші фронт-офис (азаматтармен тікелей жұмыс істейтін бөлім), қызмет көрсетуші бэк-офис (ішкі әкімшілік бөлім): мемлекеттік орган, «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ.

Уәкілетті мемлекеттік орган мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, сондай-ақ «электрондық үкімет» порталы арасындағы жауапкершілік аймақтары бойынша жіктеу

Бағаларды және кейіннен баллдарды қызмет көрсетушілер арасында неғұрлым нақты бөлу мақсатында, сауалнама басында қызмет алушыларға қызметтің қандай түрде (қағаз немесе электронды) және қай жерде алынғанын (яғни, мемлекеттік органға, Мемлекеттік корпорацияға немесе өзге фронт-офиске

жүгінген бе, әлде қызметті өздігінен онлайн электрондық ресурстар арқылы алған ба) нақты анықтауға бағытталған бірқатар сұрақтар қойылады.

Одан кейін, сауалнама құралында қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың 8 негізгі критерийі бойынша сұрақтар қойылады. Әрбір бағалау критерийінің ішкі көрсеткіштері (подкритерийлері) бар және олар кейіннен негізгі қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына бөлінеді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы мемлекеттік қызмет алу кезінде жауапкершілік аймақтары келесідей бөлінеді:

1. ХҚКО-ларға қатысты қосалқы өлшемшарттар келесіні қамтиды:

1.1. Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілік, жеделдік, сыпайылық);
1.2. ХҚКО/көрсетілетін қызметті беруші ғимаратының орналасу ыңғайлылығы, тұрақ орындарының болуы, ғимаратқа кіру үшін кедергісіз ортаны қамтамасыз ету (мүгедек адамдар үшін);
1.3. ХҚКО / көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесінің ыңғайлылығы және күту аймақтарының жайлылығы;
1.4. Қызмет көрсету тәртібі, оның ішінде қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпараттың болуы және қарапайым изденуі;
1.5. ХҚКО/көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратында бағдарлаудың ыңғайлылығы (қажетті кабинеттерді, қызметкерлерді іздеу);
1.6. Қызметті алу орнында кезекте күту уақытының қолайлылығы;
1.7. Қызмет үшін төлем тәсілінің ыңғайлылығы (егер қызмет ақылы болса);
1.8. Ыңғайлы тілде өтініш беру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік органға қатысты қосалқы өлшемшарттар келесіні қамтиды:

2.1. Бланкілерді, нысандарды және басқа құжаттарды толтыру процесінің қарапайымдылығы, сондай-ақ олардың екі тілде болуы;
2.2. Қажетті құжаттарды жинау рәсімінің ыңғайлылығы/уақыттың қолайлылығы;
2.3. Көрсетілетін қызметті алушылар үшін қызметті алу мерзімдерінің қолайлылығы;
2.4. Қызмет көрсету нәтижесін беру рәсімінің ыңғайлылығы;
2.5. Қызметті алу құнының қолайлылығы (ақылы қызметтер үшін)
2.6. Шағымданудың қарапайым және түсінікті рәсімі, сондай-ақ шағымдану шараларына қанағаттану;
2.7. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттануы (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат, лицензия және т. б. қателер болған жоқ және т. б.)

Мемлекеттік қызметті онлайн түрде өз бетінше алу кезінде, яғни «электрондық үкімет» веб-порталы сияқты электрондық ресурстар арқылы, қызмет көрсетушілер арасындағы жауапкершілік аймақтары келесідей бөлінеді:

1. «Электрондық үкімет» порталына қатысты қосалқы өлшемшарттар мыналарды қамтиды:

1.1. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсінігі;
1.2. Тілді таңдау мүмкіндігі. Қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде ақпарат беру;

1.3. Онлайн қызметтерді алу үшін порталда тіркелудің қарапайымдылығы;
1.4. Порталда навигацияның ыңғайлылығы;
1.5. Онлайн-алаңның жұмыс жылдамдығы;
1.6. Құжаттарды порталға жүктеудің қарапайымдылығы, ыңғайлылығы;
1.7. Виртуалды көмекшінің жұмысы, оның ішінде сұрауға жауап берудің толықтығы мен жылдамдығы;
1.8. Қызметке ақы төлеу тәсілінің ыңғайлылығы (егер қызмет ақылы болса)

2. Мемлекеттік органға қатысты қосалқы өлшемшарттар мыналарды қамтиды:
2.1. Қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау кезінде артық бюрократияның болмауы (электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау инстанциялар мен кабинеттер бойынша жүрмей өтті);
2.2. Көрсетілетін қызметті алушылар үшін қызмет көрсету мерзімінің қолайлылығы;
2.3. Қызмет құнының қолайлылығы (ақылы қызметтер үшін);
2.4. Кері байланыс сапасы(сұрауға жауаптың толықтығы және сұрауға жауап беру жылдамдығы).
2.5. Көрсетілетін қызметті алушының қызмет көрсету нәтижесіне қанағаттануы (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат, лицензия және т.б. қателер болған жоқ және т. б.).

Мемлекеттік органдардың рейтингтерін қалыптастыру

Мемлекеттік органдардың рейтингтері олардың жауапкершілік аймағына жатқызылған баллдарды бөлу негізінде қалыптастырылады.

Әрбір кестеде рейтингтік шкала жанында тиісті параметр бойынша қанағаттану деңгейі (мысалы, «толық қанағаттанған» респонденттердің үлесі – 5 балл) көрсетіледі – мысал 3. Бұл көрсеткіш (%) рейтингтік шкаламен толық сәйкес келмеуі мүмкін.

1-мысал. Рейтингті қалыптастыру

Я удовлетворен результатом обращения за услугой				
Рейтинг услуг	Код услуги	Наименование государственной услуги	Средний балл "5" балльная шкала	Полностью удовлетворен "5" баллов
36	33	Выдача субъектам геодезической и картографической деятельности сведений	4,58	60,6%
37	37	Выдача разрешения на проезд тяжеловесных ТС	4,57	71,5%
49	19	Согласование проектной документации	4,30	42,0%
50	30	Регистрация иностранцев и лиц без гражданства	4,24	52,7%

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін айқындау

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейі қызмет көрсету сапасын бағалаудың негізгі 8 өлшемшарты бойынша 5 балл қойған қызмет алушылардың пайыздық үлесі негізінде айқындалады, яғни көрсетілген қызметтің сапасына «толық қанағаттанған» қызмет алушылардың үлесі пайызбен есептеледі.

2-мысал. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін айқындау

Место рейтинга	Наимнование государтсвенного органа	код услуги	Наименование госуадрственной услуги	Совершенно не удовлетворен "1"	Частично не удовлетворен "2"	Удовлетворен "3"	Частично удовлетворен "4"	Полностью удовлетворен "5"	Затрудняюсь ответить	Всего	Средний балл
1	Национальный банк РК	34	Утверждение отчета об итогах размещения акций	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	94,9%	5,1%	100,0%	5,00
2	Комитет национальной безопасности РК	5	Проведение технического исследования на предмет отнесения товаров к средствам криптографической защиты информации и специальным техническим средствам, предназначенным для проведения оперативно-розыскных мероприятий	0,0%	0,0%	0,0%	6,3%	93,8%	0,0%	100,0%	4,90
3	Министерство сельского хозяйства РК	20	Изготовление и выдача актов на право частной собственности на земельный участок	0,0%	0,0%	2,8%	13,7%	83,4%	0,0%	100,0%	4,87
4	Министерство иностранный дел РК	14	Оформление загранучреждениями Республики Казахстан документов по выходу из гражданства Республики Казахстан	0,0%	0,0%	0,0%	11,5%	76,9%	11,5%	100,0%	4,86

** Ескерту. Қанағаттану деңгейін есептеу және орташа балды шығару кезінде тек жаппай сауалнама нәтижелеріндегі бағалар қолданылады.*

1.1. Әлеуметтанулық зерттеудің іріктемесі

Әлеуметтанулық зерттеудің іріктемелік жиынтығы 12 673 респондентті құрады.

- Қазақстан Республикасының 20 өңірінде 72 мемлекеттік қызмет бойынша жүргізілген жаппай сауалнама – 12 516 респондент.
- Тереңдетілген сұхбат – 41 респондент.
- «Жасырын сатып алушы» әдісі – 20 респондент.
- Фокус-топтар – 96 респондент (барлығы 11 фокус-топ өткізілді).

Әрбір қызмет бойынша сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Зерттеу іріктемесі, 2025 жыл

№	Мемлекеттік органның атауы	Мемлекеттік қызметтің атауы 2025 жыл	Сауалнамаға қатысқандар саны			
			Жаппай сауалнама	Тереңдетілген сұхбат	Жасырын сатып алушы	Фокус- топтар
1	МҚІА	Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді, алғаш рет құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды және мемлекеттік қызметшілерді тестілеу	491	1		
2	БҚЖА	Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініштерді қарау	7	1		
3	ҚНРДА	Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	2	1		
4		Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу	41			
5		«Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру	1			
6	СЖРА	Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну	8	1		
7	ЖАП	Мемлекеттік аудитор сертификатын беру	35	1		
8	Мемкорпорация	Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)	97	1	1	
9		Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру	50	1	1	
10		Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке қатысты бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік	53			

		кадастрының ақпараттық жүйесіне ғимараттар, құрылыстар және (немесе) олардың құрамдас бөліктері бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру нәтижелері бойынша сәйкестендіру мен техникалық мәліметтер арасындағы алшақтықтар туралы қорытындыны беру				
11	БП	Тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы туралы мәліметтерді беру	128	1		
12	ҰҚК	Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсатнама (өткел қағазы) беру	76	1		
13		Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүретін және жүрмейтін (жерүсті және суасты) кемелердің (құралдардың), сондай-ақ мұз үстімен қозғалатын көлік құралдарының шығуына рұқсатнама (өткел қағазы) беру	87			
14	ІІМ	Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктерді беру (құжаттарды алғаш рет ресімдеу)	72	1	1	1
15		Көлік құралдарының жекелеген түрлерін көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеу, есепке қою және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру. Автокөлікті тіркеу	31	1	1	1
16	СРИМ	Сарқырама қауіпсіздігі саласында жұмыстар жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау	9			
17		Су тұтыну және су бұрудың меншікті нормаларын келісу	21			
18	ДСМ	Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, сондай-ақ дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу досьесіне өзгерістер енгізу	70	1		
19		Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	110		1	1

20	СІМ	Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою	24			
21		6. Шетелде неке (ерлі-зайыптылық) қиюды мемлекеттік тіркеу	14			
22	МАМ	Теле-, радиоканалдарды есепке қою, қайта есепке алу және отандық теле-, радиоканалға куәлік беру	9	1		
23		Мұрағаттық анықтамалар, мұрағаттық құжаттардың көшірмелері немесе мұрағаттық үзінділер беру	312	1		1
24	ҒЖБМ	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау	124	1		
25		Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу	187	1		
26	ҚМ	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою	414	1	1	
27		Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)	396	1		
28	ОАМ	Балаларды асырап алу жөніндегі агенттікті аккредиттеу немесе аккредиттеу мерзімін ұзарту	2	1		
29		Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беру саласында, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру қызметі саласында білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия (лицензия және/немесе лицензияға қосымша) беру	81			
30	ӨҚМ	Құрылысы жоспарланған нысандардың жобаларына кешенді ведомствоаралық сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу	38	1		
31		2. Бір мың текше метрден асатын көлемде барлау учаскесінде тау жынысын және (немесе) топырақты қазып алу және (немесе) жылжытуға рұқсат беру	1			
32	АШМ	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалау негізінде әкелінетін (тасымалданатын)	10	1		

		объектілердің экспортын, импортын және транзитін жүзеге асыруға рұқсат беру				
33		2. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін шаруашылыққа пайдалы қасиеттері бойынша мемлекеттік сынақтан өткізу	6			
34	КМ	3. Кемелерді теңіз кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу	3	1		
35		4. Әуе кемесінің экипаж мүшесінің куәлігін беру	23	1		
36	СИМ	Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау	76			
37		2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдерде әзірленіп, аттестатталған өлшеу әдістемесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшеулер жүйесінің тізілімінде тіркеу	3			
38	ТСМ	3. Ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	1		1	
39		4. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» спорттық атағын беру	10			1
40	ЕХӘҚМ	«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған, бұрын «Батыр ана» атағын алған немесе «Ана даңқы» ордендерінің I және II дәрежелерімен марапатталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	152	1		1
41		2. Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау	213	1	1	
42	ҚаржыМин	3. Бақылау-кассалық машиналарды (БКМ) есепке қою және есептен шығару	164	1	1	
43		4. Қосылған құн салығын (ҚҚС) бюджеттен қайтару	96		1	
44		5. Салықтар, бюджетке төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар бойынша есепке алу және қайтару операцияларын жүргізу	753	1	1	
45	ЖИЦДМ	Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіретін немесе құрамдас бөлігі болып табылатындарын импорттауға лицензия беру	187	1		1
46		2. Цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	6		1	

47	ТЖМ	Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациясын тіркеу	47	1		
48		2. Ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу	66			
49	ЭМ	Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы (Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы)	21	1		
50		2. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру жөніндегі ұйымдардың басшылары мен мамандарының электр қондырғыларын пайдаланудың техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін бақылау мақсатында электр және жылу энергиясын техникалық пайдалану қағидалары мен еңбекті қорғау қағидалары жөніндегі білімін біліктілік тұрғысынан тексеру	382	1	1	
51	ЭТРМ	1-санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат беру	180	1		
52		2. Жабайы тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты экспорттауға лицензия беру	9			
53	ӘМ	3. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғаларды аттестаттау	40	1		
54	ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарын тізілімге енгізу	9	1	1	
55	СА	2. Сот органдарынан шыққан ресми құжаттарды апостильдеу	69			
56	ЖСҚ Аппараты	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот кеңесі жанындағы Әділет академиясына оқуға құжаттарды қабылдау	70			
57	ҰЭМ	2. Кредиттер/қаржылық лизинг	10			

		бойынша кепілдіктер беру				
58	ЖАО (ДСМ)	Санаторий-курорттық емделуге мұқтаждық туралы қорытынды беру	439	1	1	1
59		2. Бірінші медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу	840	1	1	
60		3. Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді және медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру	518	1	1	1
61	ЖАО (ОАМ)	Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну	501		1	1
62	ЖАО (ӨҚМ)	2. Іздеушілік (старательдік) қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	52		1	
63		3. Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарды игеруге (құрылысына) рұқсат беру	6			
64		4. Жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру / мекенжайды жою	990			
65	ЖАО (ЕХӘҚМ)	Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу	567			
66		2. Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу	704	1		
67		3. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе оны ұзарту	338			1
68		4. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және оны ұзарту	846		1	
69	ЖАО (АШМ)	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім беру	295			
70	ЖАО (КМ)	2. Қалалық (ауылдық), қала маңындағы және аудан ішіндегі тұрақты жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау бағыттары мен қозғалыс кестелерін бекіту	7	1		
71	ЖАО (ТСМ)	Спорттық разрядтарды беру: жоғары біліктілік деңгейіндегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы	348	1		
72	ЖАО (ЭТРМ)	2. Жануарлар дүниесін пайдалану құқығына рұқсат беру	468	1		
Барлығы:			**12516**	**41**	**20**	**96**
Жиыны:			**12 673**			

2. ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген қоғамдық мониторинг 72 таңдап алынған қызмет бойынша жаппай сауалнама жүргізуді, қосымша (тереңдетілген) зерттеу әдістерін және 362 қызмет бойынша онлайн-сауалнама жүргізуді қамтыды.

Жаппай сауалнамаға сауалнама парақтарын толтыру арқылы 12 516 қызмет алушы қатысты. Жағдайды неғұрлым жан-жақты зерделеу мақсатында 41 тереңдетілген сұхбат, 11 фокус-топ (96 адам қамтылды) және 20 мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тексеру «жасырын сатып алушы» әдісімен жүргізілді. Оларды ескере отырып, жалпы сауалнамаға қатысушылар саны 12 673 адамды құрады.

«Электрондық үкімет» порталында онлайн-сауалнама арқылы 7 775 адам қамтылды.


Осылайша, ағымдағы жылы мониторингке қатысқан азаматтардың жалпы саны 20 448 адамды құрады.

2.1. Әлеуметтік-демографиялық блокқа талдау

Зерттеуге ағымдағы жылы мақсатты мемлекеттік қызметтерді алған азаматтардың 59,7%-ер адамдар, 40,3%-әйел адамдар құрады.


Жас санаттары 16 жастан бастап қамтылған. Айта кету керек, 16 жастағы респонденттердің пікірі тек бір қызмет бойынша — *«Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру»* қызметіне қатысты зерттелді, өйткені алғаш рет құжат ресімдеу тәжірибесін талдау қажет болды. Қызмет алушылардың жас ерекшеліктері көбінесе 30-39 жас (33,8%) және 40-49 жас (36,3%) аралығында шоғырланған.

1-2 диаграммалар. Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың жыныстық-жастық құрылымы




Респонденттердің көпшілігі мемлекеттік қызметтерді жеке тұлға ретінде (80,1%), оның ішінде жеке кәсіпкер ретінде (4,4%) алған. Заңды тұлға мәртебесіне ие қызмет алушылардың үлесі 15,5% болды.

3-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың құқықтық мәртебесі



Қызмет алушылардың басым бөлігі резиденттер (93,0%) болып табылады: олардың ішінде 92,1% – Қазақстан Республикасының азаматтары, ал 0,9% – ықтиярхаты барлар. Мониторингке қатысушылардың 7,0% мемлекеттік қызметтерді резидент емес ретінде алған.

4-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың салықтық мәртебесі



Сауалнамаға қатысқан азаматтардың оннан бірі физикалық қолжетімділікті қамтамасыз етуді қажет ететін, яғни мүгедектігі бар адамдар болып табылады.

5-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың қосымша қажеттіліктері



Зерттеу Қазақстан Республикасының барлық әкімшілік-аумақтық бірліктерін қамтыды: республикалық маңызы бар 3 қала (Астана, Алматы, Шымкент) және 17 облыс.

2-кесте. Жаппай сауалнама географиясы

ҚР өңірі	**Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың саны**	**Жалпы іріктемедегі қызмет алушылардың үлесі**
Астана	867	6,9%
Алматы	1 318	10,5%
Шымкент	655	5,2%
Алматы облысы	539	4,3%
Ақтөбе облысы	589	4,7%
Атырау облысы	916	7,3%
Ақмола облысы	431	3,4%
Батыс Қазақстан облысы	273	2,2%
Шығыс Қазақстан облысы	908	7,3%
Жамбыл облысы	565	4,5%
Қарағанды облысы	640	5,1%
Қостанай облысы	680	5,4%
Қызылорда облысы	554	4,4%
Маңғыстау облысы	422	3,4%
Солтүстік Қазақстан облысы	479	3,8%
Павлодар облысы	724	5,8%


Түркістан облысы	330	2,6%
Абай облысы	538	4,3%
Жетісу облысы	776	6,2%
Ұлытау облысы	312	2,5%
Барлығы	**12 516**	**100%**

Іріктемеге енген респонденттер 2025 жылғы қызмет алушылар тізімінен кездейсоқ таңдау әдісімен анықталды. Әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктен сауалнамаға қатысқандардың үлесі өңір халқының республика халқының жалпы санындағы үлесіне сәйкес келеді.

2.2. Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер


Жүргізілген мониторингтің қорытындысы бойынша, зерттелген мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін респонденттер электрондық форматта (86,7%) алған. Өткен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтердің үлесі 8,0%-ке артты. Қызметтердің қағаз түрінде көрсетілген үлесі 13,3% сауалнамаға қатысқан азаматтарды құрады.

6-диаграмма. Мемлекеттік қызметті алу нысаны



Қызметтерді қағаз түрінде алған респонденттердің 51,3% уәкілетті мемлекеттік органға, ал 48,7% халыққа қызмет көрсету орталықтарына (ХҚКО) жүгінген.


7-диаграмма. Мемлекеттік қызметті қағаз түрінде алу тәсілдері



Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алған азаматтар негізінен «электрондық үкімет» порталы мен өзге де электрондық сервистерді пайдаланған.


Қызмет алушылардың шамамен 12%-ы ХҚКО-ларда орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын пайдалануды жөн көрген.

8-диаграмма. Мемлекеттік қызметті электрондық түрде алу тәсілдері



Сауалнамаға қатысқан азаматтардың көпшілігі өздеріне қажетті мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» порталынан (65,46%) алған. Едәуір сирек олар «электрондық лицензиялау» порталын және «электрондық үкімет» порталының мобильді қосымшасын пайдаланған (тиісінше 16,39% және 13,45%). Респонденттердің шамамен 5% мемлекеттік қызметтерді басқа сервистер арқылы алған, атап айтқанда: Бірыңғай терезе – «eokno.gov.kz», INDIGO – «indigo.e-orda.kz», SAKURA – «sakura24.kz», ASTANA-1 – «astana-1.kgd.gov.kz». Мониторингке қатысушылардың 0,04% - Telegram-бот EgovKzBot2.0 арқылы қызмет алған.

9-диаграмма. Респонденттер мемлекеттік қызметтерді алу үшін пайдаланған онлайн-платформалар



Электрондық платформаларға кіру немесе тіркелу кезінде респонденттер көбінесе ЭЦҚ-ны (64,2%) пайдаланған. Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың шамамен 30%-ы жүйеге кіруді логин мен пароль арқылы жүзеге асырған. Ең сирек қолданылған тәсілдер — қашықтан тұтынушыны сәйкестендіру технологиясы (Digital ID) және QR-кодты пайдалану болған (6,0%).

10-диаграмма. Порталға/онлайн-платформаға кіру немесе тіркелу тәсілдері



Респонденттер өздеріне көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау кезінде қолданылған нысаналы критерийлер төменде егжей-тегжейлі қарастырылады. Қызметті алу түріне (қағаз немесе электрондық формат) қарамастан, сауалнамаға қатысушылар келесі сапа критерийлері бойынша баға берген: «ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік пен қолайлылық», «рәсім», «мерзімдер», «шығындар», «кері байланыс», «нәтиже». Бұдан бөлек, қағаз форматындағы қызметтер үшін — «қызметкерлер», ал электрондық қызметтер үшін — «виртуалды көмекші» критерийі енгізілді.

Бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді: 1 балл – өте нашар (мүлдем қанағаттанбаймын, жұмыс жүргізілмеген), 5 балл – өте жақсы (толық қанағаттанамын, жұмыс өте жақсы орындалған).

Алынған бағаларды интерпретациялау үшін келесі бағалау шкаласы қолданылды:

- 4,80 – 5,00 балл – жоғары баға;
- 4,50 – 4,79 балл – ортадан жоғары баға;
- 4,00 – 4,49 балл – орташа баға;
- 3,00 – 3,99 балл – ортадан төмен баға;
- 2,99 балл және одан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

Жалпы алғанда, қызметті алу форматы қанағаттану деңгейінің жалпы көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпеді, өйткені әр формат бойынша қызмет көрсету сапасының орташа бағалары шамалас болды: қағаз түрінде – 4,85 балл (толық қанағаттанғандардың үлесі – 86,7%), электрондық түрде – 4,81 балл (85,0%).

Қағаз форматындағы қызметтердің дерлік барлық критерийлері жоғары деңгейде бағаланған. Бірақ «Кері байланыс» критерийінің бағасы «ортадан жоғары деңгейге» сәйкес келеді. Электрондық форматтағы қызметтер бойынша респонденттер «қолжетімділік пен қолайлылық», «Виртуалды көмекші» және «Кері байланыс» критерийлерін ортадан жоғары деңгейде бағалаған.

АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ

«Ақпарат және коммуникация» нысаналы критерийі жоғары бағаланған. Екі формат бойынша орташа балл 4,87, ал толық қанағаттанғандардың үлесі 89,2% болды. Бұл көрсеткіш қағаз түрінде де, электрондық түрде де қызмет алған респонденттер арасында бірдей – екі жағдайда да 4,87 балл. Толық қанағаттанғандардың үлесі тиісінше 89,1% және 89,2% құрады.

Қағаз форматында қызмет көрсету сапасы төрт қосымша критерий бойынша бағаланды. Сауалнама қорытындысы бойынша, олардың барлығы қызмет алушылар тарапынан жоғары бағаланды. Респонденттер өтініш беру тілін еркін таңдау мүмкіндігін (4,92 балл) және толтыруға ыңғайлы бланк пішімін (4,91 балл) ерекше атап өтті. Сонымен қатар, қызмет алушыларға ғимарат ішінде бағдарлану,

қажетті қызметкерлерді табу (4,84 балл) және қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы ақпаратты алу (4,83 балл) оңай болды.

Электрондық форматта қызмет алғандар екі қосымша критерий бойынша бағалау жүргізді. Қағаз форматындағыдай, бұл көрсеткіштер де жоғары деңгейде болды: қазақ және орыс тілдерінде ақпараттың толық ұсынылуы – 4,92 балл,порталда көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі туралы ақпараттың түсініктілігі – 4,82 балл.

2.1-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Қызмет көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі жөніндегі ақпаратты табу маған оңай болды	4,83	**4,87**	85,7%	**89,1%**
Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу маған қиындық тудырмады	4,84		86,2%	
Өтініш беру тілін еркін таңдау мүмкіндігім болды	4,92		92,9%	
Толтыруға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, олардың қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілері бар еді	4,91		91,6%	
Электрондық түрі				
Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,82	**4,87**	85,0%	**89,2%**
Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде ұсынылған	4,92		93,5%	
ОРТАША БАЛЛ		**4,87**	**89,2%**	

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ПЕН ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ

Қызметтердің қолжетімділігі мен қолайлылығын мониторингке қатысушылар 4,79 балл деңгейінде бағалады, бұл көрсеткіш «ортадан жоғары» бағалау деңгейіне сәйкес келеді. Қағаз форматында екі қосалқы критерий бойынша бағалау жүргізілді. Екеуі де 4,83 баллмен жоғары деңгейде бағаланды.

Электрондық форматтағы қызмет көрсету сапасы «ортадан жоғары» деңгейіне (4,75 балл) сәйкес келді. Бұл респонденттердің порталда әрдайым оңай бағдарлана алмауына және қажетті ақпаратты іздеу кезінде белгілі бір қиындықтардың болуына (4,79 балл), сондай-ақ онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығының кейде олардың күткен деңгейіне сай болмауына (4,67 балл) байланысты.

2.2-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз қолжетімділік қамтамасыз етілген	4,83	**4,83**	85,5%	**85,9%**
Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы және күту аймағы жайлы	4,83		86,2%	
Электрондық түрі				
Онлайн қызмет алу үшін порталға тіркелу кезінде ешқандай қиындық болған жоқ	4,80	**4,75**	84,4%	**80,7%**
Порталда бағдарлану және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,79		83,0%	
Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	4,67		74,7%	
ОРТАША БАЛЛ		**4,79**	**83,3%**	

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Жоғарыда айтылғандай, қызметкерлердің жұмысы тек қызметті қағаз түрінде алған респонденттер тарапынан бағаланды. Респонденттер олардың тұтынушыға бағытталғандығын, яғни құзыреттілігін, жеделдігін және сыпайылығын бағалады. Төмендегі кестеден байқағандай, мониторингке қатысушылар өздеріне мемлекеттік қызмет көрсеткен қызметкерлердің жұмысына жалпы алғанда риза — орташа баға 4,93 баллды құрады.

2.3-кесте. Ұпайларды бөлу

Қағаз түрінде көрсетілетін қызмет сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілік, жеделдік, сыпайылық)	4,82	**4,82**	85,4%	**85,4%**

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ

«Виртуалды көмекші» критерийі өз кезегінде тек электрондық форматтағы қызметтерге қатысты бағаланды. Жалпы орташа баға 4,64 баллды құрап, «ортадан жоғары» деңгейіне сәйкес келді. Айта кетерлігі, бұл көрсеткіш — барлық бағаланған критерийлер арасындағы ең төменгі баға. Екі қосалқы критерийдің бағалары да шамалас болды — тиісінше 4,65 және 4,63 балл. Қызмет алушылардың пікірінше, виртуалды көмекшінің ақпараттың толықтығы мен сұрауға жауап беру жылдамдығы әрдайым олардың күткен деңгейіне сәйкес бола бермеген.

2.4-кесте. Ұпайларды бөлу

Электрондық түрде көрсетілетін қызмет сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Сұрауыңызға берілген жауаптың толықтығы (сұрау бойынша толық әрі жан-жақты ақпарат алынды)	4,65	**4,64**	76,5%	**74,9%**
Сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,63		73,4%	

РӘСІМ

Қызметтерді алу рәсімінің сапасы жоғары бағаланды — орташа баға 4,87 балл, ал толық қанағаттанғандардың үлесі 88,5% болды. Мониторингке қатысушылар қызмет алу рәсімін қағаз форматында электрондық форматқа қарағанда сәл жоғарырақ бағалады (4,89 және 4,84 балл тиісінше).

Қағаз форматында қажетті құжаттарды жинау процесі респонденттер үшін айтарлықтай қиындық туғызбаған және көп уақыт алмаған (4,86 балл), ал қызмет нәтижесін алу рәсімі көпшілік үшін ыңғайлы болған (4,92 балл).

Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі де респонденттердің басым бөлігі үшін инстанциялар мен кабинеттерді аралауды қажет етпеген (4,88 балл). Дегенмен, қажетті құжаттарды Порталға жүктеу сапасы сәл төменірек — 4,80 балл деп бағаланды, өйткені кейбір респонденттер бұл процесте қиындықтарға тап болған.Мұндай қиындықтардың басым бөлігі онлайн-платформаның төмен жылдамдығына байланысты болғанын жоғарыда атап өтуге болады.

2.5-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақытты алған жоқ	4,86	**4,89**	87,6%	**90,0%**
Нәтижені беру рәсімі мен үшін ыңғайлы болды	4,92		92,4%	
Электрондық түрі				
Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралауды қажет етпеді	4,88	**4,84**	89,4%	**87,0%**
Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу кезінде қиындықтарға тап болмадым	4,80		84,6%	
ОРТАША БАЛЛ		**4,87**	**88,5%**	

МЕРЗІМ

Қызмет көрсету мерзіміне қанағаттану деңгейі қызмет көрсету форматына байланысты емес — сауалнамаға қатысушылар бұл критерийді қағаз және

электрондық форматтарда бірдей деңгейде бағалады (екеуінде де 4,83 балл). Толық қанағаттанғандардың үлесі тиісінше 85,8% және 85,6% болды.Қағаз форматында қызмет алған респонденттердің басым бөлігін қызмет көрсету орнында күту уақыты (4,82 балл) да, қызметті алу үшін қажетті мерзім (4,83 балл) де қанағаттандырған. Электрондық қызметтерді пайдаланған азаматтар да қажетті мерзімнің қолайлылығын 4,83 балл деңгейінде бағалаған.

Сирек жағдайларда респонденттер қызмет көрсету мерзімдерінің сақталмауы туралы хабарлаған. Бұл мәселе «2.2.1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы бюрократизм және қағазбастылық» бөлімінде қарастырылады.

2.6-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Қызметті алу үшін қажетті қолайлы мерзім	4,83	**4,83**	86,1%	**85,8%**
Қызмет көрсету орнында қолайлы күту уақыты	4,82		85,6%	
Электрондық түрі				
Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,83	**4,83**	85,6%	**85,6%**
ОРТАША БАЛЛ		**4,83**	**85,7%**	

ШЫҒЫНДАР

«Шығындар» критерийі бойынша орташа баға 4,93 баллды құрады (жоғары көрсеткіш). Қызметті қағаз немесе электрондық форматта алған азаматтардың шығындары арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады — бағалар тиісінше 4,95 және 4,91 балл болды. Екі жағдайда да респонденттердің басым бөлігі төлем тәсіліне (4,99 және 4,95 балл) қанағаттанған. Төлем сомасы да қызмет алушылардың едәуір бөлігін қанағаттандырған (4,91 және 4,87 балл).

Қызмет алу кезінде қосымша шығындарға 4,5% респондент тап болған. Көбінесе бұлар көлік шығындары (77,1%), ақылы анықтамалар (44,9%) және ксерокөшірме жасауға кеткен шығындар (43,1%) болды. Дегенмен, көп жағдайда бұл шығындар қолайлы деңгейде болып, айтарлықтай қиындық туғызбаған.

2.7-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Төлем сомасы қолайлы болды	4,91	**4,95**	92,1%	**95,4%**
Төлем тәсілі ыңғайлы болды	4,99		98,7%	
Электрондық түрі				
Төлем сомасы қолайлы болды	4,87	**4,91**	90,2%	**92,5%**
Төлем тәсілі ыңғайлы болды	4,95		94,7%	
ОРТАША БАЛЛ		**4,93**	**94,0%**	

КЕРІ БАЙЛАНЫС

«Кері байланыс» критерийі тек қызмет сапасына шағым жасаған қызмет алушылардың жауаптары ескерілген жағдайда есепке алынды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі өздеріне көрсетілген қызметтердің сапасына қанағаттанған. Шағыммен жүгінгендердің үлесі бар болғаны 1,5% болды.

Шағым берген респонденттер қағаз түрінде де (4,58 балл), электрондық форматта да (4,76 балл) кері байланысты «ортадан жоғары» деңгейде бағалады. Бұл — қағаз форматында электрондыққа қарағанда төмен бағаланған жалғыз критерий.

Қағаз форматында қызмет алғандардың көбін шағымға жауап алу мерзімі қанағаттандырмаған (4,44 балл – орташа деңгей),ал шағым бойынша қабылданған шаралардың сапасы сәл жоғарырақ бағаланған (4,71 балл).

Электрондық форматта жауап беру жылдамдығы мен қабылданған шаралардың сапасы жоғарырақ бағаланды — тиісінше 4,77 және 4,74 балл.

2.8-кесте. Ұпайларды бөлу

Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Шағымыма қысқа мерзім ішінде жауап алдым	4,44	**4,58**	66,7%	**71,6%**
Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,71		76,5%	
Электрондық түрі				
Шағымыма қысқа мерзім ішінде жауап алдым	4,77	**4,76**	81,5%	**78,7%**
Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,74		76,0%	
ОРТАША БАЛЛ		**4,67**	**75,2%**	

НӘТИЖЕ

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі қанағаттанған. Жалпы орташа баға 4,90 баллды құрап, жоғары көрсеткішке сәйкес келеді. Қызмет көрсету форматы респонденттердің қанағаттану деңгейіне айтарлықтай әсер етпеді — бағалар дерлік бірдей болды (4,89 және 4,91 балл тиісінше).

2.9-кесте. Ұпайларды бөлу

Қағаз түрінде қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша қосалқы критерийлер	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
Қағаз түрі				
Мен көрсетілген қызметтің нәтижесіне қанағаттанамын (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,89	**4,89**	90,3%	**90,3%**
Электрондық түрі				

Мен көрсетілген қызметтің нәтижесіне қанағаттанамын (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,91	**4,91**	91,5%	**91,5%**
ОРТАША БАЛЛ		**4,90**		**90,9%**

Осылайша, респонденттер мемлекеттік қызметтерді алу барысында кейбір қиындықтарға тап болғанына қарамастан, бұл жағдай түпкі нәтижеге әсер еткен жоқ, және қызмет алушылардың басым бөлігі көрсетілген қызметтің нәтижесіне риза болды.

2.2.2. 72 мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалауға арналған қоғамдық мониторингтің нәтижелері

Жоғарыда атап өтілгендей, зерттеу барысында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін қамтыған 72 таңдап алынған мемлекеттік қызмет бойынша қызмет алушылардың жаппай сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама 54 орталық мемлекеттік орган, 15 жергілікті атқарушы орган және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ ұсынған 3 қызмет бойынша өткізілді.

Барлық нысаналы қызметтер бойынша орташа баға 4,80 баллды құрады, бұл жоғары деңгейге сәйкес келеді (толық қанағаттанғандардың үлесі – 83,0%). Өткен жылмен салыстырғанда, қызмет көрсету сапасының бағасы 0,05 баллға, ал қанағаттану көрсеткіші 5,0%-ға артқан.

Мониторинг нәтижелері бойынша ең жоғары бағаланған мемлекеттік қызметтер: «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жүзеге асыруға лицензия беру» (5,00 балл, 100,0%), «Бала асырап алу жөніндегі агенттікті аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту» (5,00 балл, 100,0%), «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Әділет академиясына оқуға құжаттар қабылдау» (5,00 балл, 99,6%), «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілерді қызметтік тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке қою» (5,00 балл, 99,5%).

Жоғарыға жуық балл көрсеткіштері мынадай қызметтер бойынша тіркелген: «Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу» (4,99 балл, 98,9%), «Су тұтыну мен су бұрудың меншікті нормаларын келісу» (4,98 балл, 97,9%), «Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу» (4,97 балл, 96,8%), «Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)» (4,97 балл, 97,0%), «Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)» (4,96 балл, 97,4%), «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне кірмейтін статистикалық ақпаратты ұсыну» (4,96 балл, 96,4%), «Фармацевтикалық қызметпен айналысуға лицензия беру» (4,95 балл, 95,0%).

Ең төмен бағаланған мемлекеттік қызметтер: «Барлау учаскесінде көлемі бір мың текше метрден асатын тау массасын алу және (немесе) топырақты жылжытуға рұқсат беру» (3,97 балл, 30,0%), «I санаттағы объектілер үшін экологиялық әсер етуге рұқсат беру» (4,34 балл, 54,9%), «Қауіпті өндірістік объектілерді салу, кеңейту, қайта құру, жаңғырту, сақтау және жою, сондай-ақ ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жобалау құжаттамасын келісу» (4,36 балл, 48,9%). 3-кестеде барлық нысаналы мемлекеттік қызметтер бойынша ақпарат берілген.

3-кесте. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс (МӘТ) аясындағы қоғамдық мониторингтің нәтижелері

№	**Қызметтің атауы**	**Мемлекеттік орган**	**Жалпы балл**	**Толық қанағаттану көрсеткіші** (критерийді 5 баллға бағалаған респонденттердің үлесі)
1	Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	ҚНРДА	**5,00**	100,0%
2	Бала асырап алу жөніндегі агенттікті аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту	ОАМ	**5,00**	100,0%
3	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Әділет академиясына оқуға құжаттар қабылдау	ЖСҚА	**5,00**	99,6%
4	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілерді қызметтік тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке қою	ҚМ	**5,00**	99,5%
5	Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу	ДСМ	**4,99**	98,9%
6	Су тұтыну мен су бұрудың меншікті нормаларын келісу	СРИМ	**4,98**	97,9%
7	Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу	СІМ	**4,97**	96,8%
8	Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)	ҚМ	**4,97**	97,0%
9	Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)	Мемкорпорация	**4,96**	97,4%
10	Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне кірмейтін статистикалық ақпаратты ұсыну	СЖРА	**4,96**	96,4%
11	Фармацевтикалық қызметпен айналысуға лицензия беру	ДСМ	**4,95**	95,0%
12	Азаматтың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы туралы мәліметтерді беру	БП	**4,94**	94,9%
13	Ойын автоматтары залы қызметімен айналысуға лицензия беру	ТСМ	**4,94**	94,4%
14	Мемлекеттік аудитор сертификатын беру	ЖАП	**4,94**	93,9%
15	Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен	ЖАО	**4,93**	93,4%

	қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу			
16	Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын тіркеу	ТЖМ	**4,92**	92,2%
17	Шекаралық аймаққа кіруге және онда болуға рұқсат беру	ҰҚК	**4,92**	91,6%
18	Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және оны ұзарту	ЖАО	**4,91**	92,1%
19	Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу	ҚНРДА	**4,91**	91,5%
20	Салықтарды, бюджетке төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алу және қайтару	ҚаржыМин	**4,90**	92,9%
21	Спорттық разрядтар беру: жоғары біліктілік деңгейіндегі екінші санаттағы жаттықтырушы-оқытушы	ЖАО	**4,90**	91,4%
22	Мұрағаттық анықтамалар, мұрағаттық құжаттардың көшірмелері немесе мұрағаттық үзінділер беру	МАМ	**4,90**	90,4%
23	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу	ҰБ	**4,90**	89,7%
24	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және қабылдау	ҒЖБМ	**4,89**	91,7%
25	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою	ЖАО	**4,89**	91,2%
26	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім беру	ЖАО	**4,89**	89,7%
27	Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою	СІМ	**4,89**	89,1%
28	Бюджеттен қосылған құн салығын (ҚҚС) қайтару	ҚаржыМин	**4,88**	89,4%
29	Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініштерді қарау	БҚЖА	**4,87**	89,6%
30	Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек құралдарымен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу	ЖАО	**4,87**	89,5%
31	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалы қасиеттеріне мемлекеттік сынақ жүргізу	АШМ	**4,87**	86,7%
32	Бірінші медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық	ЖАО	**4,86**	90,7%

	ұйымға тіркелу (бекіту)			
33	Спорттық атақтар беру: Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері	ТСМ	**4,85**	86,7%
34	Жаңа құрылған жылжымайтын мүлік объектілеріне сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу, объектінің кадастрлық паспорты мен сәйкестендіру және техникалық мәліметтер арасындағы алшақтықтар туралы қорытынды беру	Мемкорпорация	**4,85**	86,2%
35	Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе оны ұзарту	ЖАО	**4,85**	86,0%
36	Цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	ЖИЦДМ	**4,85**	85,7%
37	Әуе кемесінің экипаж мүшесінің куәлігін беру	КМ	**4,84**	83,1%
38	Актуарлық қызметпен айналысуға лицензия беру	ҚНРДА	**4,83**	83,3%
39	Мемлекеттік қызметшілерді, әкімшілік мемлекеттік лауазымға үміткерлерді және алғаш рет құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу	МҚІА	**4,82**	89,8%
40	Жабайы тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты экспорттауға лицензия беру	ЭТРМ	**4,82**	89,3%
41	Жалпы білім беретін мектептердегі жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тегін және жеңілдікпен тамақ беру	ЖАО	**4,81**	83,3%
42	Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру	Мемкорпорация	**4,81**	81,0%
43	Кемелерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне мемлекеттік тіркеу	КМ	**4,81**	80,6%
44	Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында қазақстандық шағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (жерүсті және жер асты) кемелерге (құралдарға), сондай-ақ мұз үстімен жүретін көлік құралдарына шығуға рұқсат беру	ҰҚК	**4,80**	82,8%
45	Сот органдарынан шыққан ресми құжаттарға апостиль қою	СА	**4,80**	82,6%
46	Санаторий-курорттық емдеуге мұқтаждық туралы қорытынды беру	ЖАО	**4,80**	82,5%

47	Отандас теле-, радиоканалдарды есепке қою, қайта есепке қою және куәлік беру	МАМ	**4,80**	80,3%
48	Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау	СИМ	**4,79**	84,8%
49	Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы (жер қойнауын пайдалану құқығының (үлесінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы)	ЭМ	**4,79**	80,6%
50	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалау негізінде тасымалданатын (жеткізілетін) объектілерді экспорттауға, импорттауға және транзиттеуге рұқсат беру	АШМ	**4,79**	79,7%
51	Старатшылық қызметпен айналысуға лицензия беру	ЖАО	**4,78**	79,8%
52	Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру	ЖАО	**4,78**	78,2%
53	Қала (ауыл), қала маңы және ауданішілік тұрақты жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту	ЖАО	**4,75**	75,2%
54	Электр және жылу энергиясын өндіру, беру ұйымдарының басшылары мен мамандарының электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау мақсатында техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы ережелерін білуіне біліктілік тексеру жүргізу	ЭМ	**4,73**	77,9%
55	Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау	ӘМ	**4,73**	75,0%
56	Кредиттер/қаржылық лизинг бойынша кепілдіктер беру	ҰЭМ	**4,73**	74,2%
57	Жекелеген санаттағы азаматтарды дәрілік заттармен, арнайы емдік өнімдермен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету	ЖАО	**4,71**	76,9%
58	Көлік құралдарының жекелеген түрлерін олардың сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру (автокөлікті тіркеу)	ІІМ	**4,70**	78,8%

59	Нысандарды салу жобаларына кешенді ведомствоаралық сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу	ӨҚМ	**4,70**	71,8%
60	Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіретін немесе оларға орнатылғандарын импорттауға лицензия беру	ЖИЦДМ (бұрынғы ЦДИАӨМ)	**4,66**	77,1%
61	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беру, кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру қызметі саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия (және/немесе лицензия қосымшасын) беру	ОАМ	**4,66**	70,4%
62	Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш рет ресімдеу)	ІІМ	**4,65**	78,3%
63	Пайдалы қазбалар орналасқан аумақтарды игеруге рұқсат беру	ЖАО	**4,63**	65,9%
64	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде әзірленіп, аттестатталған өлшеу әдістемесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесінің тізіліміне тіркеу	СИМ	**4,56**	60,2%
65	Бақылау-кассалық машиналарды (БКМ) есепке қою және есептен шығару	ҚаржыМин	**4,56**	58,4%
66	«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ «Ана даңқы» I және II дәрежелі ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	ЕХӘҚМ	**4,55**	60,7%
67	Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау	ЕХӘҚМ	**4,52**	60,6%
68	Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу	ҒЖБМ	**4,49**	59,6%
69	Бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындау құқығына ұйымдарды аттестаттау	СРИМ	**4,45**	56,7%
70	Қауіпті өндірістік объектілерді салу, кеңейту, қайта құру, жаңғырту, сақтау және жою, сондай-ақ ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жобалау құжаттамасын келісу	ТЖМ	**4,36**	48,9%

71	I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат беру	ЭТРМ	**4,34**	54,9%
72	Көлемі бір мың текше метрден асатын барлау учаскесінде тау массасын алу және (немесе) топырақты жылжытуға рұқсат беру	ӨҚМ	**3,97**	30,0%
ОРТАША КӨРСЕТКІШТЕР			**4,80**	**83,0%**

3-кестеде келтірілген деректерге сәйкес, алғашқы 47 мемлекеттік қызметтің бағалары жоғары деңгейде – 5,00-ден 4,80 баллға дейінгі аралықта орналасқан.

«Ортадан жоғары» деңгейге (4,79–4,50 балл) 48-ден 67-ге дейінгі позицияларда тұрған қызметтер жатады. Орташа бағалар (4,49–4,00 балл) төрт қызмет бойынша тіркелген (68–71-позициялар).

«Ортадан төмен» деңгейде (3,99–3,00 балл) бір ғана қызмет бағаланған – «Көлемі бір мың текше метрден асатын барлау учаскесінде тау массасын алу және (немесе) топырақты жылжытуға рұқсат беру» (3,97 балл, 30,0%).


Қанағаттанарлықсыз бағалар (2,99 балл және одан төмен) бұл зерттеу нәтижелері бойынша анықталмаған.

2.3. ЭЦҚ-мен жұмыс істеу бойынша пайдаланушылық тәжірибені бағалау

Бұған дейін атап өтілгендей, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу үшін онлайн-платформаларда авторизацияның ең көп қолданылатын тәсілі — электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы кіру, оның үлесі 64,2% құрайды.

ЭЦҚ арқылы авторизациялау тәсіліне қанағаттану деңгейін айқындау мақсатында электрондық форматта қызмет алған респонденттерге қосымша сұрақтар қойылды — оларға ЭЦҚ-ны алу және пайдалану процесінің ыңғайлылығын бағалау ұсынылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, қызмет алушылар бұл критерийлерді жоғары деңгейде – **4,90 балл** деп бағалады.

11-диаграмма. Қызмет алушылардың ЭЦҚ алу/пайдалану процесін бағалауы



Процесті бағалауға әсер ететін факторлар мыналар:

- Қызмет алушылардың жасы: респондент жасы ұлғайған сайын бағалау деңгейі төмендейді. Жастар арасында (18–24 жас) көрсеткіш жоғары деңгейде – **4,96 балл**, ал 60 жастан асқан респонденттерде бұл көрсеткіш ортадан жоғары деңгейге – 4,65 баллға сәйкес келеді. Жасқа байланысты бұл айырмашылық екі критерий бойынша да

байқалады: – ЭЦҚ алудың қолайлылығы бойынша бағалар 18–24 жастағыларда – 4,94 балл, ал 60 жастан жоғары қатысушыларда – 4,60 балл; – ЭЦҚ пайдаланудың қолайлылығы бойынша тиісінше 4,98 балл және 4,69 балл. Бұл айырмашылық респонденттердің цифрлық құзыреттер деңгейімен түсіндіріледі: жас ұлғайған сайын технологияларды меңгеру деңгейі төмендейді, соның салдарынан электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу және пайдалану аға буын өкілдері үшін белгілі бір қиындықтар туғызады.

- Қызмет алу орны (онлайн-платформа/қызмет көрсету порталы): зерттеу нәтижелері бойынша ең төмен бағалар (орташа және ортадан төмен деңгейлер) 9 қызмет бойынша тіркелген, оның 8-і «Электрондық лицензиялау» порталында немесе өзге ресурстарда көрсетілген**.** Бұл жағдай мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ЭЦҚ-ның сыртқы порталдармен біріктірілу деңгейіне байланысты. «Электрондық лицензиялау» порталында қызмет алған респонденттер ЭЦҚ-мен жұмыс істеу процесін төмен бағалаған**,** мұның себебі - elicense.kz порталында тек ЭЦҚ арқылы авторизация жасау мүмкін емес**,** яғни порталда алдын ала тіркелу қажет.
- Қызмет алынған өңір (ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында қызмет алғандар арасында): ЭЦҚ алудың қолайлылығы бойынша ең төмен бағалар Ақмола облысында – 4,30 балл**,** және Қызылорда облысында – 4,05 балл деңгейінде тіркелген. Мұның себебі, ЭЦҚ жазу үшін флэш-жинақтаушының (флешка) қажет болуымен немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) қызметкерлерінен көмек алу процесіндегі кейбір олқылықтармен байланысты болуы мүмкін.


2.4. 1414 Бірыңғай байланыс орталығы қызметінің тиімділігін бағалау

Мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы ақпарат алу үшін қызмет алушылардың 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну мүмкіндігі бар.

Жаппай сауалнама нәтижелері бойынша, 8,1% жағдайда (1007 қызмет алушы) респонденттер осы сервиске көмек алу үшін жүгінген. Байланыс орталығының жұмысының сапасы ортадан жоғары деңгейде – 4,77 балл деп бағаланды, ал толық қанағаттану көрсеткіші – 83,7% болды.

Респонденттерге екі критерийді бағалау ұсынылды: қоңырау шалу жылдамдығы – 4,75 балл (қанағаттану деңгейі – 81,6%); алынған ақпараттың толықтығы – 4,79 балл (қанағаттану деңгейі – 86,1%).

12-диаграмма. Қызмет алушылардың 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну процесін бағалауы



Бұдан әрі 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгінген қызмет алушылардың әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері қарастырылады (пайыздық мәндер жүгінгендердің үлесінен есептелген және жиынтығы 100,0% құрайды).

Зерттеу нәтижелері бойынша, 1414 байланыс орталығының операторларына кеңес алу үшін ең көп жүгінгендер — 30–39 жастағы қызмет алушылар (32,1%) және 40–49 жастағылар (30,6%), 22–29 жас және 50–59 жас аралығындағы респонденттердің үлесі бірдей – 14,4%,ал 18–24 жастағы және 60 жастан асқан респонденттердің үлесі – 2,1%. Сонымен қатар, 16 жастағы респонденттердің де кеңес алу үшін жүгінгені атап өтіледі («Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш рет ресімдеу)» қызметін алушылар). Олардың үлесі жалпы жауаптардың 4,4%-ын құрады. Әйелдер мен ерлердің үлесі шамалас, ал кеңеске жүгінгендердің басым бөлігі – жеке тұлғалар (72,8%), заңды тұлғалар үлесі – 27,2%. 89,5% жағдайда кеңеске жүгінгендер – Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ олардың 91,7%-інде мүгедектігі жоқ.

Өтініштердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетілетін қызметтерге қатысты болды – 86,0%, ал қағаз түріндегі қызметтер бойынша – 14,0%. Қызмет көрсетуші органдар тұрғысынан қарағанда, орталық мемлекеттік органдардың үлесі – 67,9%, ал жергілікті атқарушы органдардың үлесі – 32,1%.Барлық өтініштердің 55,8%-і бірнеше орталық мемлекеттік орган ұсынатын қызметтерге қатысты болды,олардың ішінде: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – 21,6%, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – 6,4%, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі – 6,1%,сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты жергілікті атқарушы органдар – 17,4%,және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты органдар – 4,3%.

Барлық өтініштердің ішінен ең көп кеңестер келесі қызметтер бойынша көрсетілді: Салықтарды, бюджетке төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алу және қайтару – 18,9%; Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және оны ұзарту – 9,1%; Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек құралдарымен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу – 8,2%; Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау – 6,0%; Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш рет ресімдеу) – 4,4%.Қызмет алушылардың 1414 байланыс орталығына жүгінуінің екі үштен бірі (66,0%) келесі мемлекеттік органдардың қызмет салаларына қатысты болды: қаржы – 22,2%, денсаулық сақтау – 14,5%,ықұқық қорғау жүйесі – 10,8%, еңбек және әлеуметтік қорғау – 9,2%, цифрлық даму – 9,2%.

Өңірлер бөлінісінде, 1414 байланыс орталығы операторларына түскен өтініштердің 42,4%- Алматы қаласынан (16,7%), Астана қаласынан (13,4%), сондай-ақ Жамбыл облысынан (6,5%) және Павлодар облысынан (5,9%) келіп түскен.

Бірыңғай байланыс орталығының 1414 жұмысының сапасын 30-39 жас (4,84 балл) және 50-59 жас (4,81 балл) жас топтарының өкілдері 60 жастан асқан респонденттерге (4,19 балл) қарағанда жоғары бағалады; сол сияқты заңды тұлғалар (жеке тұлғалардың 4,75 баллына қарағанда 4,82 балл); ҚР азаматтары емес адамдар (ҚР азаматтарының 4,75 баллына қарағанда 4,94 балл); электрондық форматта қызмет алған респонденттер (қағаз форматта қызмет алғандардың 4,69 баллдарына қарағанда 4,78 балл); жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызметтер бойынша (ОМО-да көрсететілетін қызметтердің 4,73 баллына қарағанда 4,86 балл).

1414 Бірыңғай байланыс орталығы елдің барлық өңірлеріне ортақ болғандықтан, оның операторларының қызметі (соның ішінде қызметкерлер саны) жекелеген облыстарға тәуелді емес. Осыған байланысты, «Алынған ақпараттың толықтығы» критерийі респонденттердің бағаларында ең маңызды көрсеткіш болып табылады, өйткені бұл көрсеткіш 1414 байланыс орталығы операторларының біліктілігін және кәсібилігін айқындайды. Сондықтан, респонденттердің бағаларын нақты қызметтер мен оларды көрсететін мемлекеттік органдар бөлінісінде қарастыру орынды болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша, келесі мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер бойынша алынған кеңестің (ақпараттың) толықтығы төмендегідей бағаланған:

- Қазақстан Республикасының Өндіріс және құрылыс министрлігі (4,44 балл), Ішкі істер министрлігі (4,41 балл), Денсаулық сақтау министрлігіне бағынысты жергілікті атқарушы органдар (4,37 балл), Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (4,32 балл), Ғылым және жоғары білім министрлігі (4,08 балл) – бұл **көрсеткіштер орташа бағалау деңгейіне** сәйкес келеді;
- Энергетика министрлігі (3,92 балл), Экология және табиғи ресурстар министрлігі (3,50 балл), Төтенше жағдайлар министрлігі (3,00 балл) – бұл **көрсеткіштер ортадан төмен бағалау деңгейіне** сәйкес келеді;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (2,00 балл) – бұл **көрсеткіш қанағаттанарлықсыз бағалауға сәйкес** келеді.

«Толық алынған ақпарат» критерийі «ортадан төмен» және «қанағаттанарлықсыз» деңгейлерде келесі қызметтер бойынша бағаланған:

- «Электр және жылу энергиясын өндіру, беру ұйымдарының басшылары мен мамандарының техникалық пайдалану және еңбек қауіпсіздігі ережелерін білуіне біліктілік тексерісін өткізу» – 3,83 балл;
- «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу» – 3,60 балл;
- «Жабайы жануарлардың тірі түрлерін, жекелеген жабайы өсімдіктер мен дәрілік өсімдік шикізатын экспорттауға лицензия беру» – 3,50 балл;
- «Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу» – 3,17 балл;
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізген төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу» – 2,00 балл.

2.5. «Электрондық үкімет» порталындағы онлайн-мониторингтің нәтижелері

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мониторингтеу МӘТ аясында 72 қызмет бойынша жүргізілген жаппай сауалнамаға қосымша ретінде «Электрондық үкімет» порталындағы онлайн-сауалнаманы да қамтыды.

Порталда сауалнаманы қалаған кез келген қызмет алушы толтыра алды, ал талдау барысында жинақталған барлық деректер толық көлемде пайдаланылды.

Есептік кезеңде порталдағы сауалнамаға барлығы 7775 респондент қатысты, олар 362 қызметті бағалады.

Ең көп жауаптар келесі қызметтер бойынша тіркелді: «Соттылығының бар немесе жоқ екені туралы анықтама» – 1142 жауап; «Психикалық денсаулық орталығы («Психиатрия») берген мәліметтерді ұсыну» – 936 жауап; «Психикалық денсаулық орталығы («Наркология») берген мәліметтерді ұсыну» – 875 жауап;

«Қазақстан Республикасы азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» – 694 жауап; «Фтизиопульмонология орталығы («Фтизиатрия») берген мәліметтерді ұсыну» – 589 жауап; «Жылжымайтын мүліктің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтерді ұсыну» – 417 жауап; «Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу» – 430 жауап.

Барлық қарастырылған қызметтер бойынша орташа баға – 4,96 балл, ал қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанған азаматтардың үлесі – 98,0%. Бұл екі көрсеткіш те жоғары деңгейге сәйкес келеді.

4-кесте. Онлайн-мониторинг нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы

Р/н №	Мемлекеттік қызмет коды	Мемлекеттік қызметтің атауы	Мемлекеттік қызметтің түрінің атауы	Саны	Балл	Қанағаттанушылық
1	2	3	4			
1.	101001	Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру	Жеке басын куәландыратын құжаттарды айырбастау: • қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты; • жоғалту жағдайында; • пайдалану жарамдылығын жоғалтқан кезде; • иесінің қалауы бойынша, құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес түрін өзгертуге байланысты; • тұрақты тұру үшін шетелден Қазақстан Республикасына оралған жағдайда.	312	4,98	99,6%
2.			Азаматтың деректемелері өзгерген жағдайда (тегі, аты, әкесінің аты; туған күні мен жері; ұлты немесе ұлтын көрсетпеу тілегі) немесе бұрын берілген құжаттардағы жазбадағы дәлсіздіктерге			

			байланысты құжаттарды ресімдеу.			
3.	101003	Әскери есептегі азаматтарға әскери билеттерді немесе олардың телнұсқаларын беру.	Бостандығынан айыру орындарынан босатылған, сондай-ақ әскери қызметті немесе құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеріп, белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген азаматтарға	14	4,80	96%
4.			Бұрын әскери (баламалы) қызметті немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткерген, басқа мемлекеттерден келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдарға.			
5.			Әскери қызметті немесе құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткерген азаматтармен ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына айырбастау кезінде.			
6.			Әскери қызметті немесе құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткерген азаматтар әскери билетті жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда.			
7.			Әскери қызметті немесе құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткерген азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда.			
8.			Әскери атағы қалпына келтірілген және әскери қызметте немесе құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтарға.			

9.			Әскери қызметтен немесе құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдардағы қызметтен босатылған және белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген азаматтарға.			
10.	101013	Абоненттік нөмірді «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетке қосу.		236	4,93	98,6%
11.	102001	Жүргізуші куәліктерін беру.	Жүргізуші куәліктерін беру.	11	4,89	97,8%
12.			Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін және алғаш рет жүргізуші куәліктерін беру.			
13.	102002	Тракторларды және олардың негізінде жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына куәліктер беру.	«А», «В», «Г», «Б» және «Д» санаттарындағы тракторшы-машинист куәлігін алу.	7	4,95	99%
14.			«Қар сырғанағыштарын, квадроциклдерді басқаруға рұқсат етілген» деген жазбасы бар тракторшы-машинист куәлігін алу.			
15.			Тракторшы-машинист куәлігін ауыстыру.			
16.			Тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын алу.			
17.	102004	Кемелердің басшы құрамындағы адамдарды дипломдау.	Кәсіби диплом	2	5,0	100%
18.			Кәсіби дипломның телнұсқасы			
19.	201001	Қазақстан Республикасы азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу.		694	4,89	97,8%
20.	201002	Қазақстан Республикасы азаматтарын уақытша тұрған (тұратын) жері бойынша уақытша тіркеу.		13	4,95	99,0%

21.	201003	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу.		5	4,96	99,2%
22.	101011	Шекара маңындағы елді мекенде тұрақты тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын мәліметтерді беру.		99	4,95	99,0%
23.	201006	Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару.	Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұру орнына кеткендерді тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару.	23	4,95	99,0%
24.			Тұрғын үй-жайларды пайдалану құқығынан айыру туралы сот шешімін алған азаматтарды тіркеуден шығару.			
25.			Тұрғын үй, ғимарат немесе үй-жай иесінің өтініші бойынша тіркеуден шығару.			
26.	201007	Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді қоса алғанда, өлімді тіркеу.	Өлімді тіркеу	26	4,91	98,2%
27.			Өлім туралы азаматтық хал актісі жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.			
28.	201009	Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерді немесе анықтамаларды беру.	Туылғаны туралы қайталама куәлік беру.	14	4,96	99,2%
29.			Неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы қайталама куәлік беру.			
30.			Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаны туралы қайталама куәлік беру.			
31.			Қайтыс болу туралы қайталама куәлік беру.			
32.			Туылғаны туралы анықтама беру.			

33.			Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы анықтама беру.			
34.			Неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы анықтама беру.			
35.			Неке құқық қабілеттілігі туралы анықтама беру.			
36.			Өлімді тіркеу туралы анықтама беру.			
37.			Өлімді тіркеу туралы хабарлама беру.			
38.	201012	Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге арналған құжаттарды ресімдеу.		1	5,0	100%
39.	201013	Кандас мәртебесін беру немесе ұзарту.	Жалпы тәртіппен мәртебе алу.	3	5,0	100%
40.			Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы кандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімі негізінде мәртебе алу.			
41.			Мәртебені ұзарту			
42.	201014	Әскери есепке алу міндеттілері мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою.	Бұрын әскери есепте тұрмаған, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған ер азаматтар үшін.	6	4,98	98,0%
43.			Қарулы Күштерден, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардан босатылған, сондай-ақ әскери және арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары қатарынан шығарылған және (немесе) келісімшартты бұзған азаматтар үшін.			
44.			Әскери есептік мамандық бойынша білім алған білім беру ұйымдарын аяқтаған әйелдер үшін.			

45.			Бұрын әскери есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар үшін.			
46.			Қазақстан Республикасының азаматтығын алған тұлғалар үшін.			
47.	201015	Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою.	Мүдделі тұлғалардың өтініші негізінде азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою.	2	5,0	100%
48.			Сот шешімі негізінде азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою.			
49.	201016	Әскерге шақырудан кейінге қалдыруды беру.	Мемлекеттік толық қамсыздандыруда тұрмайтын, өзге біреудің күтіміне мұқтаж отбасы мүшелеріне күтім жасап жүрген, сондай-ақ оларға заң бойынша асырау міндеті жүктелген жақын туыстары немесе басқа тұлғалары Қазақстан Республикасының аумағында бірге немесе бөлек тұрмайтын азаматтар үшін.	18	4,90	90,0%
50.			Анасыз тәрбиеленіп жатқан баланы (балаларды) өз қамқорлығында ұстайтын азаматтар үшін.			
51.			Ата-анасының қайтыс болуына, ата-аналық құқықтарынан айырылуына немесе сот үкімімен бас бостандығынан айыруға байланысты оларды кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында ұстаған адамдарды өз қамқорлығында ұстайтын азаматтар үшін.			

52.			Некеде тұрған және бір немесе одан да көп балалары бар азаматтар үшін			
53.			Оқу кезеңінде білім алып жүрген азаматтар үшін.			
54.			Денсаулық жағдайына байланысты азаматтар үшін.			
55.			Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер үшін.			
56.			Тиісті білімі бар және ауылдық жерде өз мамандығы бойынша тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлер үшін.			
57.			Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары үшін.			
58.			Анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық істер соттарда қаралып жатқан адамдар үшін.			

59.			Тиісті білімі бар азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелері, азаматтық авиацияның инженерлері, механиктері мен техниктері үшін.			
60.			Тиісті білімі бар кеме экипажының мүшелері үшін.			
61.			Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында бастапқы кәсіби даярлықтан өтіп жатқан адамдар үшін.			
62.	202008	Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын есептен шығару.		4	5,0	100%
63.	203001	Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.	Отбасын біріктіру мақсатында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.	22	4,91	98.2%
64.			Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			
65.			Қазақстанның білім беру ұйымдарында оқу үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			

66.			Қазақстанның медициналық ұйымдарында стационарлық ем қабылдау үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			
67.			Миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			
68.			Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін (бизнес-иммигранттарға) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			
69.			Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбандары ретінде анықталған және сәйкестендірілген иммигранттарға уақытша тұруға рұқсат беру.			
70.			Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін ішкі істер органдарына жүгінген иммигранттарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.			

71.	203002	Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру.		1	5,0	100%
72.	203003	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға жеке куәлік беру.	Азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігін айырбастау: - мерзімінің өтуіне байланысты; - жоғалтуына байланысты; - қолдануға жарамсыз болуына байланысты.	101	4,85	97.0%
73.			Азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігін ресімдеу: азаматтың деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты; туған күні, туған жері) өзгерген жағдайда; берілген құжаттардағы жазба дәлсіз болған жағдайда.			
74.	203004	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге тұруға ықтиярхат беру.	Қазақстан Республикасында алғаш рет тұруға рұқсат алу үшін 16 жасқа толған шетелдіктерге тұруға ықтиярхат ресімдеу.	4	4,78	
75.			Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхатын айырбастау: • мерзімінің өтуіне байланысты; • жоғалтуына байланысты; • қолдануға жарамсыз болуына байланысты; • Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктің азаматтығын өзгертуіне байланысты.			95.6%

76.			Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын ресімдеу: азаматтың деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты; туған күні, туған жері) өзгерген жағдайда; берілген құжаттардағы жазба дәлсіз болған жағдайда.			
77.	203007	Қазақстан Республикасының визаларын беру үшін қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу.	Қызметтік істер бойынша шақыруды ресімдеу (A3).	8	4,95	98.0%
78.			Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін шақыруды ресімдеу (A5, C5).			
79.			Іскерлік сапарға шақыруды ресімдеу (B1, B2, B3).			
80.			Діни іс-шараларға қатысу үшін шақыруды ресімдеу (B6, C7).			
81.			Жеке істер бойынша шақыруды ресімдеу (B10, B11, B12, C10).			
82.			Білім алу үшін шақыруды ресімдеу (B7, C9).			
83.			Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шақыруды ресімдеу (C3, C4, C6).			
84.			Емделу үшін шақыруды ресімдеу (C12).			
85.			Гуманитарлық себептер бойынша шақыруды ресімдеу (C8).			
86.			Тұрақты тұру үшін шақыруды ресімдеу (B8, C1).			
87.	203009	Жол жүру құжатын беру.	Жол жүру құжатын беру.	3	5,0	100%
88.			Өзгерістер енгізілуіне байланысты жол жүру құжатын ауыстыру.			
89.			Жол жүру құжаты жоғалған жағдайда оны қалпына келтіру.			

90.	203010	Қазақстан Республикасында уақытша жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) қалыптастыру және түзету.	Жеке сәйкестендіру нөмірі берілгені туралы куәліктің көшірмесін (дубликатын) беру.	16	5,0	100%
91.	301001	Салық төлеушілерді тіркеу.		7	4,98	98.8%
92.	301005	Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі.		1	5,0	100%
93.	401001	Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.	Неке қиюды тіркеу.	8	4,89	97.8%
94.			Неке қию туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.			
95.			Неке жасы төмендетілген жағдайда неке қиюды тіркеу.			
96.	401002	Неке бұзуды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.	Неке бұзуды тіркеу**.**	2	4,85	93%
97.			Неке бұзу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.			
98.	401003	Азаматтық хал актісін тіркеу туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету).		11	4,89	94.5%
99.	402001	Бала тууын тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.	Бала тууын тіркеу.	7	4,98	98.6%
100.			Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.			
101.	402002	Қорғаншылық және қамқоршылық бойынша анықтамалар беру.		1	5,0	100%

102.	402003	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балаға (балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қорғаншылық немесе қамқоршылықты белгілеу		1	5,0	100%
103.	1104007	Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттердің аумағы арқылы жүруге рұқсаттар беру.		4	5,0	100%
104.	402005	Шетел азаматтарына асырап алуға берілген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды есепке қою.		1	5,0	100%
105.	00402006-1	Шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру.		1	5,0	100%
106.	402008	Бала туу және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау.		50	4,80	93.2%
107.	502008	Жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы мәліметтерді беру.		417	4,89	89,6%
108.	402013	Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі кәмелетке толған адамдарға		1	5,0	100%

		қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу.				
Қиындықтар ретінде сұхбатқа қатысушы уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына қарасты «Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының) қызметкерлері қызмет алу процесі туралы толық ақпарат беруде және өтініш нысанының үлгісін ұсынуда қиналғанын атап өтті.

Жалпы алғанда, қажетті құжаттарды жинау және өтінішті беру кезінде респонденттің айтарлықтай қиындықтары болмаған. Респондент ұсынған жалғыз ұсыныс – қызмет көрсету мерзімін оңтайландыру қажеттілігіне қатысты болды.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, респонденттердің басым бөлігі қызмет көрсету сапасына жоғары деңгейдегі қанағаттанушылығын білдірді. Жекелеген жағдайларда қызмет алу алгоритмі мен мерзімдері туралы ақпаратты іздеуде қиындықтар байқалды.

Қызмет көрсету процесін одан әрі оңтайландыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік органға келесі ұсынымдарды іске асыру ұсынылады

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар:

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Қызметті алу тәсілдері туралы ақпаратты нақтылау жұмыстарын жүргізу. Порталдағы қызмет көрсету бетінде қызмет мемлекеттік органда қағаз түрінде көрсетіледі деп көрсетілген. Алайда, қосымша берілген «Мемлекеттік қызметтің инфографикасы» нұсқаулығында және ҚР НҚА эталондық бақылау банкінде орналастырылған мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында қызмет қызмет көрсетуші арқылы info@statdata.kz электрондық поштасына өтініш жіберу жолымен көрсетілетіні жазылған. Бұл өз кезегінде қызметті электрондық түрде алу мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді.

10-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/articles/infografika

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсету форматын өзгерту және өтініш беру процесін толық цифрлық / электрондық форматқа көшіру мүмкіндігін қарастыру. Бұл ретте қызметті «Электрондық үкімет» порталы немесе EgovMobile мобильдік қосымшасы арқылы алу тәсілі енгізілуі тиіс, ал Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығының электрондық поштасына өтініштің электрондық көшірмесін жіберу тәжірибесі қолданылмауы қажет. Мұндай форматты енгізу қызмет алушыларға: қызмет көрсету мәртебесін бақылауға, алынған деректерді Порталдың «жеке кабинетінде» сақтауға, қызмет көрсету мерзімдерін қысқартуға, автоматтандырылған өтініш нысанын пайдалануға мүмкіндік береді, мұнда қызмет алушы өзіне қажетті тармақтарды таңдай алады, ал қазіргі қағидаларда көзделген өтініш үлгісін қолмен толтырудың қажеті болмайды (бұл, өз кезегінде, құжаттарды рәсімдеу кезіндегі қателіктерді және қызмет көрсетуден бас тарту жағдайларын азайтады).
2. Қызмет көрсету нәтижесін жедел алу мақсатында ақылы форматты енгізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл тәсіл қызмет көрсету мерзімін қысқартуға және қызмет алушылардың қажеттіліктеріне икемділікті арттыруға мүмкіндік береді.
3. «Электрондық үкіметтің» веб-порталында электрондық форматта «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» көрсетілетін қызмет жобасының «ТО ВЕ» бизнес-процесін келісу туралы ЖИЦДМ КММ-не хат жолдау.
4. «Электрондық үкімет» веб-порталында (бұдан әрі – ЭҮП) электрондық форматта қызметті модификациялау жөніндегі жұмыстарды енгізу мәселесін пысықтау.
5. ЭҮП-тен «өтінімдерді қабылдау/беру» сервисін іске асыру бойынша жұмыстарды қосу мәселесін пысықтау.
6. ЭҮП-тен «өтінімдерді қабылдау/беру» сервисін іске асыру.
7. ЭҮП-да электрондық форматта қызметті өзгерту.
8. Қызмет көрсетудің электрондық форматына сәйкес келтіру үшін Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі ережеге өзгерістер енгізу.
9. Мемлекеттік қызметті өзгерту туралы баспасөз релизін жариялау.
10. ҚР СЖРА ҰСБ және «АЕО» РМК қызметкерлерін «өтінімдерді қабылдау/беру» сервисі бойынша оқыту.

3.7. Мемлекеттік аудитор сертификатын беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 01603003 Мемлекеттік аудитор сертификатын беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер тұлғаларды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №22-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда №12720 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, ал дубликат беру кезінде — қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 6 (алты) ай ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Мемлекеттік аудитор сертификатын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

«Мемлекеттік аудит сертификатын беру» қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының 35 жеке тұлғасы бағалады. Қызмет алушылардың басым бөлігі — 30–39 жастағылар (88,6%), ал 40–49 жас аралығындағы тұлғалардың үлесі – 11,4%.

31–32-суреттер. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық респонденттер қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері арқылы алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Мемлекеттік аудитор сертификатын беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасын бағалаудың орташа балы – 4,94 балл, толық қанағаттанушылық көрсеткіші – 93,9%.

32-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты табу мен үшін оңай болды.	4,74	**4,91**	74,3%	90,7%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,91		91,4%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	4,97		97,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	4,91	**4,91**	90,9%	91,2%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,91		91,4%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,94	**4,94**	94,3%	94,3%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,97	**4,99**	97,1%	98,6%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,94	**4,89**	94,3%	88,6%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,83		82,9%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	ОРТАША БАЛЛ		**4,94**		**93,9%**

Қанағаттанушылықтың ең жоғары мүмкін көрсеткіштері (5,00 балл және 100,0% респонденттің бағасы) жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігіне, нәтижелерді беру рәсімінің қолайлылығына және қызметтің өз нәтижесіне қатысты тіркелді.

4,9 баллдан жоғары және 90%-дан астам қанағаттанушылық деңгейіне ие болған критерийлер: «Ғимарат ішінде бағдарлану мен үшін оңай болды» – 4,91 балл және 91,4%, «Толтырылатын нысандар мен бланкілер түсінікті болды» – 4,97 балл және 97,0%, «Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан…», «Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы» – тиісінше 4,91 балл және 90,9%, 91,4%, «Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарланған» – 4,94 балл және 94,3%, «Қажетті құжаттарды жинау процесі қиындық туғызған жоқ» – 4,97 балл және 97,1%, «Қызмет нәтижелерін алу мерзімі» және «Қызмет көрсету орнында күту уақыты» қолайлы деп бағаланған (тиісінше 4,94 балл және 97,1%, 4,83 балл және 82,9%).

Қызмет көрсету сапасын неғұрлым егжей-тегжейлі талдау үшін тереңдетілген сұхбат әдісі пайдаланылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы мемлекеттік қызметті алу барысында мәселелер құжаттарды жинау кезеңінде туындауы мүмкін деп болжаған, алайда өзі жеке қиындықтарға тап болмаған.

Негізгі мәселе ретінде респондент тестілеудің электрондық форматта өткізілу қажеттілігін атап өтті: «Емтихан компьютер арқылы тапсырылады, менің ойымша, бұл үлкен мәселе. Мен компьютерді жақсы меңгермегенмін, сондықтан тестілеу процесінің осындай форматта өтуі мен үшін қиын болды. Компьютермен жұмыс істеуді білмейтін азаматтар үшін қосымша техникалық көмек қарастырылуы қажет деп есептеймін».

Сондай-ақ сұхбат қатысушысы қызмет нәтижесін күту мерзіміне қанағаттанбағанын айтты, ол рет бойынша 6 (алты) айды құрайды: *«Мұндай ұзақ мерзімнің себебін түсінбеймін, менің ойымша, бұл бір аптадан аспауы тиіс».*

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар ретінде респондент қызмет нәтижесін күту мерзімін қайта қарау және компьютерді қолдану дағдылары жоқ азаматтарға сұрау бойынша техникалық көмек көрсету қажеттігін атап өтті.

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Мемлекеттік аудитор сертификатын беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасына қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі жоғары. Тереңдетілген сұхбат нәтижелері негізінде төмендегі ұсынымдарды беруге болады:

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін анықтау үшін ішкі регламенттерге талдау жүргізу. Қызмет сапасына зиян келтірместен мерзімді қысқарту мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Егер мерзімді қысқарту мүмкін болмаса, қызмет алушыларға оның ұзақтығының себебі туралы толық негіздеме ұсынылуы қажет.
2. Тестілеу өткізу пункттерінде қосымша техникалық қолдау ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру. Бұл ұсынымды іске асырудың ықтимал нұсқалары:

- Тестілеу барысында көмек көрсететін арнайы қызметкерді (кеңесшіні) бөлу;
- Тестілеу орнында қолжетімді баспа немесе бейне форматтағы егжей-тегжейлі нұсқаулық әзірлеу;
- Тестілеу басталар алдында қажет ететін тұлғалар үшін қысқаша оқыту сессияларын ұйымдастыру.

3.8. Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 2201001 Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)

Жауапты мемлекеттік орган: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 қазанда №21366 болып тіркелген (бұйрық 2023 жылғы 1 тамыздағы №287 бұйрыққа сәйкес 16-қосымшамен толықтырылған).

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде (egov.kz порталындағы 2025 жылғы 16 тамыздағы Мемлекеттік қызметтер тізілімінде көрсетілмеген, алайда Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу және ХҚКО-ға бару нәтижесінде қызметті қағаз түрінде де алуға болатыны анықталды).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 4 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Жер учаскесі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: тегін**.**

Әлеуметтік-демографиялық блок

Жаппай сауалнамаға 97 қызмет алушы қатысты, олардың 52,6% - әйелдер, 47,4% - ерлер. Қызметті көбінесе 30–39 жас (44,3%) және 40–49 жас (29,9%) аралығындағы респонденттер алған.

33–34-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі қызметті қағаз түрінде (97,9%) алған, *алайда Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, қызмет тек электрондық форматта көрсетіледі*. Қызмет алушылардың басым бөлігі – жеке тұлғалар (85,6%), ал заңды тұлғалардың үлесі – 14,4%. Барлық респонденттер Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.


Қызметті электрондық түрде алғандар арасында 50,0% – «Электрондық үкімет» порталын, ал қалған 50,0% – ХҚКО-ның өз-өзіне қызмет көрсету

аймағын пайдаланған. Қағаз форматындағы қызметті барлық респонденттер мемлекеттік органда немесе мекемеде алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі бойынша орташа балл – 4,96, толық қанағаттанушылық көрсеткіші – 97,4%.

35-диаграмма. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (қағаз және электрондық форматта, орташа балл мен проценттік арақатынаста)



Қағаз форматында қызмет алу сапасының бағасы – 4,92 балл,толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 94,8%.

33-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты табу мен үшін оңай болды.	4,80	**4,90**	89,2%	92,9%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,86		87,8%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	4,97		96,8%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	4,98		97,9%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	5,00	**4,99**	100,0%	99,5%

	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,98		98,9%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,98	**4,98**	96,8%	96,8%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,97	**4,96**	97,8%	96,8%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	4,96		95,8%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,70	**4,70**	82,8%	82,9%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,70		83,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,92**		**94,8%**

Қызметті қағаз түрінде алған респонденттер ең жоғары бағаны қызмет нәтижесіне (5,00 балл, 100,0%) берді.

Барынша жоғары мәндерге ие болған өзге критерийлер: «Қолжетімділік және қолайлылық» – 4,99 балл және 99,5% толық қанағаттанғандар, «Қызметкерлер» – 4,98 балл және 96,8%, «Рәсім» – 4,96 балл және 96,8%. Барлық ішкі критерийлер шамамен бірдей бағаланған – бағалар 4,96-дан 5,00 баллға дейін, қанағаттанушылық деңгейі 96,8%-тен 100,0%-ке дейін өзгерген.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі бойынша қанағаттанушылық деңгейі – 4,90 балл, толық қанағаттанғандардың үлесі – 92,9%. Респонденттер нысандар мен бланкілердің түсініктілігін және олардың екі тілде қолжетімді болуын (4,98 және 4,97 балл) жоғары бағалады. Сәл төмен бағалар ғимарат ішінде бағдарланудың жеңілдігі (4,86 балл) және қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты іздеу қарапайымдылығы (4,80 балл) критерийлеріне берілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері 4,70 баллмен бағаланып, толық қанағаттанушылық деңгейі 82,9% құрады. Айта кету керек, респонденттердің басым көпшілігі қызметті 1-4 күн ішінде, яғни қолданыстағы регламентте белгіленген 4 жұмыс күндік мерзімде алған.

«Шығындар» және «Кері байланыс» критерийлері бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі және оны алу барысында азаматтардың шағым жасау қажеттілігі туындамаған.

Осылайша, қағаз форматындағы қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылықтың орташа бағасы – 4,92 балл, толық қанағаттанғандардың үлесі – 94,8%.

34-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100%	100%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**5,00**	100%	100%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		100%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	5,00		100%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100%	100%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100%	100%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				

НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100%	100%
	ОРТАША БАЛЛ		**5,00**		**100,0%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**5,00**		**100,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

Қызметті электрондық форматта алған респонденттердің барлығы барлық критерийлерді 5,00 баллмен (толық қанағаттанғандардың үлесі – 100,0%) бағалады: «ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық», «рәсім», «мерзім», «нәтиже». «шығындар», «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері респонденттер тарапынан бағаланған жоқ.

Осылайша, «Электрондық үкімет» порталы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі 5,00 баллмен бағаланды, толық қанағаттанғандардың үлесі – 100,0%. Сәйкесінше, қызметті электрондық форматта алу бойынша орташа балл да ең жоғары деңгейде болды.

Қызмет көрсету сапасын жан-жақты зерттеу мақсатында «тереңдетілген сұхбат» және «жасырын сатып алушы» әдістері пайдаланылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы – ХҚКО қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты екі жүйелі мәселені атап өтті.

Бірінші мәселе - деректер сапасы мен әртүрлі дерекқорлардың интеграциясына байланысты. Оның айтуынша, өтініштерді қабылдау үшін пайдаланылатын ХҚКО-ның Ақпараттық-интеграциялық жүйесінің (ХҚКО ЫАЖ) дерекқоры негізгі дереккөзі – Мемлекеттік жер кадастрының деректерімен толық синхрондалмаған немесе уақтылы жаңартылмайды. Соның нәтижесінде іздеу кезінде қиындықтар туындайды: *«Кейде жер учаскелерінің мекенжайлары ХҚКО ЫАЖ базасында табылмайды. Бұған қоса, кадастр деректерінің өзінде де мекенжайлар туралы қателер немесе ескірген ақпарат кездеседі. Соның салдарынан жүйе учаскені нақты мекенжаймен «байланыстыра» алмайды».*

Екінші мәселе - «Электрондық үкімет» порталындағы рәсімнің толық немесе дұрыс цифрландырылмауы. «Портал арқылы өтініш берген кезде мемлекеттік орган қағаз түріндегі өтінішті талап етеді, алайда порталдың өзінде мұндай өріс мүлде жоқ. Порталда бұл қызмет бөлек құжат тіркеуді қажет етпейтіндей етіп іске асырылған. Алайда мемлекеттік орган құжаттар топтамасына сканерленген өтінішті жеке тіркеуді міндеттейді. Порталда өтінішті тіркеуге арналған өріс болмағандықтан, бұл талапты орындау мүмкін емес. Соның нәтижесінде берілген өтінім қабылданбай қалуы мүмкін».

Қызмет көрсету рәсіміндегі кемшіліктерді жою мақсатында респондент келесі ұсынымдарды ұсынды:

1. Аймақ бойынша барлық жер учаскелерінің мекенжайларын ХҚКО-ның Ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне (ХҚКО ЫАЖ) енгізу мүмкіндігін қарастыру.
2. Қызмет көрсетуді толығымен онлайн форматқа көшіру, яғни бұл қызметті ХҚКО ЫАЖ арқылы көрсету тәжірибесін алып тастау.
3. Қызмет көрсету нәтижесін SMS-хабарлама арқылы ұсыну.

Жасырын сатып алушы

«Жасырын сатып алу» әдісі нәтижелері бойынша «Электрондық үкімет» порталында орналастырылған қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратта сәйкессіздіктер анықталды. Қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, қызмет электрондық форматта (egov.kz веб-порталы арқылы) көрсетілуі тиіс. Алайда сұхбат алушы былай деп атап өтті: *«Қызмет атауын Egov порталында іздеген кезде нәтиже шықпады, ал браузердегі іздеу жүйесі маған «Жер кадастры деректерін түзету» қызметіне сілтемені ұсынды. Атауы өзгертілген шығар деп ойлап, сол сілтеме арқылы өттім, онда қызмет 1 қыркүйектен бастап қолжетімді болады деп жазылған еді».*

Ақпаратты нақтылау мақсатында жасырын сатып алушы 1414 байланыс орталығына жүгінді. Онда оған егжей-тегжейлі түсіндірме берілді: қажетті қызмет порталдың басқа бөлімінде орналасқан. Жалпы алғанда, сұхбат алушы 1414 байланыс орталығы операторының жұмысын жоғары деңгейде деп бағалады — қызметкердің сыпайылығын, жауаптарының қарапайым әрі түсінікті болуын және қызмет көрсету қағидаларына сілтеме жасай отырып дәйекті түсіндіруін атап өтті. Дегенмен, жауап алу уақытының ұзақтығы наразылық тудырған: *«Виртуалды көмекші мені тірі операторға ауыстырды, күту уақыты шамамен 10 минут болды, ал жауаптың өзі 1–2 минут қана созылды».*

Жаппай сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қызмет алушылардың басым бөлігі қызметті қағаз түрінде алған (бұл формат «Электрондық үкімет» порталында көрсетілмегенімен). Осыған байланысты зерттеу тобы қызмет көрсету сапасын бағалау үшін «жасырын сатып алушы» әдісін ХҚКО арқылы жүргізу туралы шешім қабылдады. Зерттеу Өскемен қаласында өткізілді.

Бағалау парағының критерийлеріне сәйкес, қызмет көрсетуші ғимаратының инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі жоғары бағаланған: мүгедектігі бар адамдарға арналған кедергісіз кіру мүмкіндігі бар, автотұрақ орындары қарастырылған (дегенмен, тұрақ тек ХҚКО-ға арналмаған, көршілес ұйымдармен ортақ пайдалануда). Қызмет алушыларды қабылдау сапалы ұйымдастырылған – ресепшн бар, электрондық кезек жүйесі, залда кеңесшілер жұмыс істейді. Күту аймағы жайлы: отыратын орындар жеткілікті, қызмет көрсету терезелері саны жеткілікті, ғимарат таза. Сонымен қатар өзін-өзі қызмет көрсету аймағында онлайн қызмет алу мүмкіндігі бар, қызметкерлердің сыртқы келбеті ұқыпты, ақпараттық стендтер орнатылған, өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Алайда, ресепшндегі кеңесшінің жұмысы орта деңгейде деп бағаланған: «Мен қызметті қағаз түрінде алуға бола ма деп сұрадым, себебі Egov-та тек онлайн деп жазылған. Қызметкер қысқаша ғана «иә, құжаттарыңызды әкеліңіз, осында алуға болады» деп жауап берді. Бірақ қажетті құжаттардың тізімі мен қосымша түсіндірмелерді бермеді».

Осылайша, қызмет алу кезіндегі негізгі мәселелер мыналармен байланысты: қызмет көрсету қағидаларында қағаз форматындағы нұсқаудың болмауы, «Электрондық үкімет» порталындағы ақпараттың шынайылыққа сәйкес келмеуі, ХҚКО консультанттарының тұтынушыға бағдарлану деңгейінің жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, 1414 байланыс орталығының операторлары, керісінше, жоғары деңгейде кеңес берген.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, азаматтардың «Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметін алу қанағаттанушылық деңгейі


жоғары болып табылады: орташа көрсеткіш – 4,96 балл, толық қанағаттанғандардың үлесі – 97,4%. Қызметті алу форматына қарамастан, барлық критерийлер мен ішкі критерийлер жоғары деңгейде бағаланған.

Алайда атап өту қажет, egov.kz платформасының іздеу жолағына «Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» атауын енгізген кезде, қызмет іздеу нәтижесінде шықпайды. Сонымен қатар, «Электрондық үкімет» порталындағы Мемлекеттік қызметтер тізілімінде (2025 жылғы 16 тамыздағы нұсқасы) бұл қызмет «белсенді емес» күйде тұр — яғни қызмет атауына басу және оны алу үшін Портал бетіне өту мүмкін емес. Бұдан бөлек, ХҚКО қызметкерінің айтуынша, бұл қызмет «Жылжымайтын мүлік» бөлімінің «Тұрғын үй қатынастары» қосалқы бөлімінде орналасқан және «Жылжымайтын мүлік деректер базасындағы түзету» деп аталады (толық атауы – «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)»). Айта кету керек, «Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметі **атауын** «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» деп **өзгерткен жоқ**, алайда аталған қызметтің құрамына кіреді – жер учаскелері бойынша мәліметтерді алу үшін «жылжымайтын мүлік түрі – жер учаскесі» параметрін таңдау және Порталда берілген алгоритм бойынша әрекет ету қажет.

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін және оны алу ыңғайлылығын арттыру мақсатында, «Электрондық үкімет» порталының іздеу нәтижелерінде аталған қызметке сілтеменің дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету. Зерттеу жүргізу сәтінде іздеу нәтижелерінде бұл қызметке сілтеме болмаған.


11-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз:https://egov.kz/cms/ru/search?query=Актуализация+%28корректировка%29+сведений+о+земельных+участках&mobile=no

ХҚКО қызметкерімен әңгімелесу және 1414 Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу нәтижесінде «Электрондық үкімет» порталында аталған қызметті іздеу тәртібі туралы ақпарат алынды. Бұл үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: «Жылжымайтын мүлік» бөліміне кіріп, «Тұрғын үй қатынастары» қосалқы бөлімін таңдап, содан кейін «Жылжымайтын мүлік деректер базасындағы түзету» қызметін таңдау қажет.

12-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты




Дереккөз: *https://egov.kz/cms/ru/categories/housing_relations*

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. «Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметі іс жүзінде «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» қызметінің бөлігі болып табылатындықтан, ҚР НҚА эталондық бақылау банкінде электрондық форматта орналастырылған мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына тиісті өзгерістер енгізу, сондай-ақ оның «Электрондық үкімет» порталындағы орналасуы туралы деректерді өзектендіру қажет.

13-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты



Об утверждении Правил оказания государственной услуги «Актуализация (корректировка) сведении объектов недвижимости в информационной системе единого го

_____ «___» _____ 20__ года.
(подпись) (дата)

Приложение 2
к Правилам оказания государственной
услуги «Актуализация (корректировка)
сведений объектов недвижимости
в информационной системе
единого государственного
кадастра недвижимости

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Актуализация (корректировка) сведений объектов недвижимости в информационной системе единого государственного кадастра недвижимости»

Наименование государственной услуги «Актуализация (корректировка) сведений объектов недвижимости в информационной системе единого государственного кадастра недвижимости		
1	Наименование услугодателя	Филиалы Государственной корпорации «Правительство для граждан» (далее-Государственная корпорация)
2	Способы предоставления государственной услуги	«Государственная корпорация и веб-портал «электронного правительства».
3	Срок оказания государственной услуги	в течение 1 рабочего дня, следующего за днем подачи заявления с приложением необходимых документов.
4	Форма оказания государственной услуги	Электронная (частично автоматизированная)/ бумажная
5	Результат оказания государственной услуги	уведомление об актуализации (корректировке) сведений объектов недвижимости в информационной системе единого государственного кадастра недвижимости, либо уведомление о мотивированном отказе в актуализации (корректировке) сведений объектов недвижимости в информационной системе единого государственного кадастра недвижимости;
6	Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан	бесплатно
7	График работы услугодателя, Государственной корпорации и объектов информации	1) Прием заявлений и выдача готовых результатов государственных услуг осуществляется через Государственную корпорацию с понедельника по пятницу включительно с 9.00 до 18.00 часов без перерыва, дежурные отделы обслуживания населения Государственной корпорации с понедельника по пятницу включительно с 9.00 до 20.00 часов и в субботу с 9.00 до 13.00 часов кроме праздничных и выходных дней согласно Трудового кодекса Республики Казахстан (далее-Кодекс).

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187740/rus/99

3.9. Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 2201007 Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру

Жауапты мемлекеттік орган: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт:: «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 қазанда №21366 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік құпияларды қамтитын жер учаскелерін ресімдеу кезінде жеке және заңды тұлғалар жер учаскесі орналасқан жердегі қызмет көрсетушіге тікелей жүгінеді.

Қызмет көрсету мерзімі: 4 (төрт) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Жер учаскесіне акт немесе жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты, не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Қызмет алушы көрсетілген мерзімде нәтижені алуға келмеген жағдайда, қызмет көрсетуші оларды бір ай бойы сақтайды, содан кейін құжаттарды жүйелеу және сақтау бөліміне (техникалық мұрағатқа) өткізеді.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Қызметтің құны: Мемлекеттік қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) іске асыратын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет саласындағы монополияға жатқызылған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 16 қаңтардағы №23/НҚ бұйрығына сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 50 қызмет алушы қатысты, олардың ішінде ерлердің үлесі – 82,0%, әйелдердің үлесі – 18,0%. Барлық қызмет алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар. Қызметті қағаз түрінде – 50,0%, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы – 12,0%, веб-порталдың мобильдік қосымшасы арқылы – 38,0% респонденттер алған.

36–37-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Респонденттердің негізгі бөлігі (62,0%) 30–39 жас аралығындағы топты құрады, 40–49 жас аралығындағылардың үлесі – 36,0%, ал 22–29 жас аралығындағылар – 2,0% болды.


Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасының орташа бағасы – 4,81 балл, толық қанағаттанушылық деңгейі – 81,0%.

Ең жоғары бағалар (5,00 балл және 100,0%) «Шығындар» және «Кері байланыс» критерийлеріне берілді, ал «Нәтиже» критерийі оларға жақын мәнге ие болды – 4,96 балл және 96,0%.

Қызмет көрсету мерзімі 4,75 баллмен бағаланып, толық қанағаттанушылық деңгейі – 75,0%. Ұқсас бағалар «Рәсім» (4,74 балл және 75,0%) және «Ақпарат және коммуникация» (4,73 балл және 75,0%) критерийлеріне берілді. Ең төмен баға алған критерий – «Қолжетімділік және қолайлылық» (4,52 балл, толық қанағаттанушылық – 53,0%).

38-диаграмма. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (қағаз және электрондық форматтағы орташа балл мен % арақатынаста)



Қағаз түрінде көрсетілетін бұл мемлекеттік қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» жүзеге асыратындықтан, қызмет алушылардың бағалауы Уәкілетті органның қызметіне берілген бағаларға сәйкес келеді. **Осы орайда қызмет көрсету сапасының орташа балы – 4,80, толық қанағаттанушылық деңгейі – 80,9% құрады.**

35-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі жөніндегі ақпаратты табу мен үшін оңай болды.	4,72	**4,71**	72,0%	71,0%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,12		12,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	4,72	**4,62**	72,0%	62,0%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,52		52,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,68	**4,68**	72,0%	72,0%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,60	**4,72**	60,0%	72,0%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	4,84		84,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,72	**4,70**	72,0%	70,0%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,68		68,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,80**		**80,9%**

Қызмет көрсету аспектілерінің ішінде абсолютті қанағаттанушылық пен ең жоғары бағалар келесі бағыттарға берілді: жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі, екі тілде толтыруға арналған түсінікті нысандар мен бланкілердің болуы, кері байланыстың тиімділігі, қызметтің нәтижесі. Қызмет ақылы негізде көрсетіледі, және барлық респонденттер төлем мөлшері мен тәсілі өздерін толық қанағаттандыратынын атап өтті.

Белгілі бір қолайсыздықтар респонденттерде келесі бағыттарда байқалды: қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау барысында – 4,68 балл, қанағаттанушылық деңгейі 72,0%, қызмет көрсетушінің қолжетімді және жайлы жағдайлармен қамтамасыз етуі бойынша – 4,62 балл және 62,0%, қызмет нәтижесін күту кезінде – 4,70 балл және 70,0%.

Ақмола және Атырау облыстарының қызмет алушылары автотұрақтардың тым толы екенін, Ақтөбе және Абай облыстарының тұрғындары – ғимараттағы кондиционер жүйесінің істемейтінін атап өтті. Абай облысының қызмет алушысы сонымен қатар кезек тәртібін көрсететін экрандардың жеткіліксіз екенін, бұл қолайсыздық тудыратынын айтты.

Ұлытау және Атырау облыстарының респонденттері қызметкерлердің жұмысына қанағаттанбағандарын білдірді: «Мен қажетті құжатты іздеп тұр едім, қызметкер папкамды жұлып алып, өзі іздей бастады», «Қызметкерлер сұрақ қойғанда көздерін төңкереді, сыпайылық жетіспейді, адамдар уайымдайды».

Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Абай облыстарының қызмет алушылары ұзақ кезектер мен қызметкерлер санының жеткіліксіздігін атап өтті. Олардың барлығы өз кезегін 30 минуттан астам күткен.

«Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру» мемлекеттік қызметін электрондық форматта көрсету сапасына баға қағаз түріндегі нұсқамен іс жүзінде бірдей болды — 4,81 балл және 81,1%.

36-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,48	**4,74**	48,0%	74,1%

	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,68	**4,43**	68,0%	44,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,40		40,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,20		24,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,88	**4,76**	88,0%	78,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,64		68,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,80	**4,80**	80,0%	80,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,92	**4,92**	92,0%	92,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,81**		**81,1%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,63**		**64,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,93**		**93,3%**

Көптеген критерийлер қызмет алушылар тарапынан жоғары бағаланған. Алайда кейбір респонденттерде қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты іздеу кезінде (4,48 балл, толық қанағаттанушылық деңгейі – 48,0%), Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлау барысында (4,40 балл және 40,0%), сондай-ақ онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығына байланысты (4,20 балл және 24,0%) белгілі бір қиындықтар туындаған. Берілген бағалар келесі пікірлермен негізделді: *«Құжатқа «қол қою»*

рәсімі кезінде портал қатты тұрып қалады», «Порталда әлеует бар, бірақ нұсқаулықтар аздап шатастырады. Қарапайым әрі жүйелі интерфейс болса екен деймін», «Құжаттарды порталға бірнеше рет қайта жүктеуге тура келді», «Сайттың жұмысы нашар, қызметті табу және алу өте қиын, тіпті сайтты парақтау да ауыр. Үнемі қатып қалады», «Порталда тіркелу өте қиын».

Респонденттердің негізгі ескертулері «электрондық үкімет» порталының жауапкершілік аймағындағы критерийлермен байланысты болғандықтан, оның қызметті көрсету тиімділігіне берілген баға уәкілетті мемлекеттік органның қызметіне берілген бағадан төмен болды — тиісінше 4,63 балл / 64,0% және 4,93 балл / 93,3%.

Қызмет көрсету сапасын тереңірек талдау мақсатында зерттеу барысында тереңдетілген сұхбат және «жасырын сатып алушы» әдістері қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысқан қызмет көрсетуші тарапындағы сарапшы «Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасындағы оң және теріс тұстарды атап өтті. Артықшылықтар ретінде келесіні атады: төлемнің қолжетімділігі, қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау рәсімінің қарапайымдылығы, қызмет көрсету процесіне тартылған құрылымдық бөлімшелер санының оңтайлылығы, нәтижені күту мерзімдерінің орынды болуы.

Сарапшының пікірінше, азаматтар қызмет алу барысында жиі кездесетін негізгі мәселе – инвентарлық істердің жабықтығы: «Жаңа құжаттардағы мәліметтер мен мұрағаттық деректер арасында сәйкессіздіктер жиі кездеседі: шекаралар туралы қате ақпарат, нысаналы мақсатының сәйкес келмеуі, жеке деректердегі қателер және т.б. Нәтижесінде, бұл сәйкессіздіктер жойылғанға дейін қызмет алушыға бас тарту беріледі».

Сарапшы Жер кодексі нормаларының орындалуын да күрделі процесс деп есептейді: «Бұл процедура көптеген құжаттарды жинауды және әртүрлі құрылымдармен келісуді талап етеді. Қарапайым азамат үшін барлық ерекшеліктерін өз бетінше түсіну қиын, соның салдарынан қателіктер кетіп, қызмет алу мерзімдері ұзартылады».

Сонымен қатар, қызметті ресімдеу кезінде мемлекеттік орган қызметкерлерінде де белгілі бір қиындықтар бар: «Құжаттарды сканерлеу кезінде көлемі үлкен файлдар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының Ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне жүктелмейді. Сондай-ақ портал арқылы өтініш берген кезде орындалған жұмыстар актісін бірнеше рет қол қою қажет, бұл уақыт алады, нәтижесінде қызмет алушылар жүйе бұзылды деп ойлауы мүмкін».

Аталған кемшіліктерді жою мақсатында сарапшы келесіні ұсынды:

- Сканерленген құжаттардың көлемін қысқарту мүмкіндігін қарастыру;
- Қызмет көрсетуді толықтай электрондық форматқа көшіру, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының Ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі арқылы көрсетуді алып тастау;
- Қызмет нәтижесін SMS-хабарлама арқылы ұсыну.

Жасырын сатып алушы

Орал қаласында қызмет алған жасырын сатып алушы қызмет көрсетуші мекеме ғимаратының инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу деңгейін жоғары

бағалады. Ғимараттың алдында автотұрақ бар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орындар қарастырылған. Қызмет көрсетушінің жұмыс кестесі жаңартылған түрде ілінген, қызметкерлер екі тілді еркін меңгерген және ым-ишара тілін қолдана алады. Кезек электронды форматта, тиімді ұйымдастырылған, залда қызмет көрсету терезелерінің және отыратын орындардың жеткілікті саны бар. Қызмет көрсету аймағында байланыс ақпараттары мен құжат үлгілері орналастырылған.

Сонымен қатар, ғимараттағы интернет жылдамдығы орта деңгейде деп бағаланды. Кемшіліктер ретінде келушілерге арналған ауызсу, шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік немесе кітап, сондай-ақ медициналық пункттің жоқтығы аталды.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі барлық критерийлер бойынша 5,00 баллмен бағаланды.

Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында жасырын сатып алушы келесі ұсынымдарды ұсынды:

- Мемлекеттік актіні дайындау кезінде жерге орналастыру жобаларының сканерленген нұсқаларын талап етуді алып тастау, өйткені егде жастағы адамдарға компьютермен жұмыс істеу қиын;
- Қызметті электрондық форматқа көшіру, оны екінші деңгейлі банктер арқылы алу мүмкіндігін қарастыру;
- Қызмет нәтижесін SMS-хабарлама түрінде ұсыну.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы, «Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасы жоғары бағаланғанымен, қызмет алушылардың пікірлері осы процесті жетілдіруді қажет ететін бірқатар мәселелердің бар екенін көрсетті.

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

Порталға файлдарды жүктеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

1. **Файл өлшемін оңтайландыру**: жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде өлшемін кішірейту функциясын енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді;
2. **Файлдың ең жоғарғы көлемін ұлғайту**: әсіресе көлемді құжаттар (мысалы, жерге орналастыру жобаларының сканерленген көшірмелері) үшін жүктелетін файлдардың рұқсат етілген ең жоғарғы көлемін қайта қарап, қажет болған жағдайда ұлғайту;
3. **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі**: байланыс үзіліп қалған жағдайда файлды қайта жүктеуді бастамай-ақ, жүктеуді сол жерден жалғастыру функциясын енгізу.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Улытау және Атырау облыстарында тұтынушыға бағытталған қызмет көрсету, іскерлік қарым-қатынас этикасы және жанжал жағдайларын басқару дағдыларын дамыту бойынша тренингтер ұйымдастыру;
2. Ақмола және Атырау облыстарында қосымша автотұрақ орындарын ұйымдастыру және/немесе жақын маңдағы автотұрақтармен серіктестік бағдарламалар құру;

3. Ақтөбе және Абай облыстарында желдету және кондиционерлеу жүйелерін орнату немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу;
4. Кезектер көп болған өңірлерде (Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Абай облыстары) қосымша кезек нөмірлерін және маңызды ақпаратты көрсететін экрандар орнату, не болмаса QR-код арқылы талон алып, кезектің қозғалысын бақылау мүмкіндігін енгізу.
5. 2026 жылдың I жартыжылдығына арналған ЖМБМК АЖ модификациялау жоспарына енгізу үшін ҚР ЖИЦДМ және «ААҮ» МК» КеАҚ-ға жер жобаларын, ЖАО шешімдерін талап ету қажеттілігін алып тастау туралы тапсырма беру туралы хат жолдау
6. Мемлекеттік қызметті ЖМБМК АЖ-ға ауыстыру кезінде жер жобаларын, ЖАО шешімдерін талап ету қажеттілігін болдырмау жөніндегі мәселені пысықтау
7. «Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
8. 2027 жылдың I жартыжылдығына арналған «ЖМБМК» АЖ модификациялау жоспарына міндеттер қоюды енгізу
9. Мемлекеттік қызметті ЖМБМК АЖ-ға ауыстыру кезінде жер жобаларын, ЖАО шешімдерін талап ету қажеттілігін болдырмау бойынша техникалық пысықтау.

3.10. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тесеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 502004 – Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тесеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік нысандарына сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу қағидалары мен мерзімдерін, «Жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортының телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және жылжымайтын мүлік нысандарына бастапқы және қайталама кадастрлық нөмірлерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 6 мамырдағы №156 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8469 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1. Коммерциялық емес акционерлік қоғам «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы;
2. «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектілерінің ғимараттары, құрылыстары және (немесе) олардың құрамдас бөліктері жөніндегі сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді енгізу – 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектілерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтеріндегі сәйкессіздіктер туралы қорытындыны (жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортымен қоса) беру мерзімдері:

1. пәтерлер мен жатақханадағы бөлмелер бойынша – өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2. жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар және бақша құрылыстары бойынша –
   5 (бес) жұмыс күні ішінде;
3. жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі өзге жылжымайтын мүлік объектілері бойынша – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
4. жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын объектілер бойынша – өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;
5. осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында көрсетілмеген, бірінші күрделілік санатына жататын объектілер бойынша – 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Мерзімнің әрі қарай ұзаруы объектінің күрделілік санатына байланысты қызмет алушымен келісу арқылы жүзеге асырылады, алайда жалпы қызмет көрсету мерзімі өтініш берілген күннен бастап екі айдан аспауы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

1. Қызмет көрсетушіге жүгінген жағдайда – жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне қатысты ғимараттар, құрылыстар және (немесе) олардың құрамдас бөліктері жөніндегі сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізілгені туралы белгі қойылған жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау актісі беріледі. Сонымен қатар, мемлекеттік техникалық тексеру нәтижелері бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердегі сәйкессіздіктер туралы қорытынды техникалық паспортпен қоса немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап түрінде ұсынылады.
2. Портал арқылы жүгінген жағдайда – қызмет алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызметтің дайын нәтижесі туралы хабарлама (оны алу орны мен күні көрсетілген) жіберіледі. Пәтерлерге, жатақхана бөлмелеріне, жеке гараждар мен бақша құрылыстарына электрондық техникалық паспорт беріледі. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру нәтижелері бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердегі сәйкессіздіктер туралы қорытынды белгіленген нысанда рәсімделеді. Бұл ретте, жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортымен бірге берілетін қорытындыны алу кезінде, қызмет көрсетуші техникалық паспортпен бірге қорытынды беру үшін қосымша ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Ал заңды тұлғалармен қызмет көрсету туралы шарт жасалған жағдайда, қосымша түрде орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі ұсынылады.

Қызмет алушылар: Жеке және заңды тұлғалар**.**


Құны: Мемлекеттік қызмет үшін төлем мөлшері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асыратын және (немесе) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағаларына сәйкес айқындалады. Бұл бағалар ғимараттар мен құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдас бөліктерін мемлекеттік техникалық тексеруден өткізуге, сондай-ақ салық салу объектілерінің құнын айқындау саласына қолданылады.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 53 қызмет алушы қатысты. Респонденттердің шамамен 64%

- ер адамдар, ал әйелдердің үлесі – 35,8%. Қатысушылардың жартысынан астамы 40–49 жас аралығындағы қызмет алушылар (58,5%), қалғандары – 30–39 жас аралығында (41,5%).

39–40 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок




Сауалнамаға қатысқан респонденттердің шамамен 83,0% - қызметті жеке тұлға ретінде, ал 17,0% - заңды тұлға ретінде алған. Респонденттердің 79,2%-қызметті қағаз түрінде, яғни Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгіну арқылы алған, ал 20,8% – электрондық форматта, egov.kz порталы арқылы пайдаланған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Респонденттердің мемлекеттік қызметті қағаз және электрондық форматта алу сапасына қанағаттанушылықтың орташа көрсеткіші – 4,85 балл, ал толық қанағаттанушылық деңгейі – 86,2% болды. Ең жоғары бағаланған критерийлер: «шығындар» – 4,98 балл (қанағаттанушылық деңгейі – 98,2%), «нәтиже» – 4,91 балл (90,5%), «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,83 балл (85,4%), «мерзімдер» – 4,84 балл (86,3%). Ортадан жоғары деңгейде бағаланған критерийлер: «ақпарат және коммуникация» – 4,77 балл (қанағаттанушылық деңгейі – 79,9%), «рәсім» – 4,76 балл (78,7%), «қызметкерлер» – 4,71 балл (42,6%).

41 - диаграмма. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қағаз және электрондық форматтарындағы сапасына қанағаттанушылық деңгейі (орташа балл мен % бөлінісінде)



Қызмет қағаз түрінде Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы көрсетілді, ал «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы тікелей қызмет көрсетуші болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік қызметтің қағаз форматында көрсетілу сапасына берілген баға Мемлекеттік корпорацияның қызметін бағалау ретінде қарастырылады. Барлық критерийлер бойынша орташа балл – 4,74, толық қанағаттанушылық деңгейі – 76,9%.

37-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттанушылық деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты табу мен үшін оңай болды.	4,51	**4,64**	61,0%	69,7%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,70		75,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	4,74		76,2%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	4,62		66,7%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	4,71	**4,69**	76,3%	73,9%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,67		71,4%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,71	**4,71**	73,2%	73,2%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,67	**4,67**	69,0%	71,4%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	4,67		73,8%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,62	**4,68**	66,7%	72,7%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,74		78,6%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,95	**4,96**	95,1%	96,4%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	4,98		97,6%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа				

	мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,81	**4,81**	81,0%	81,0%
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,74**		**76,9%**

Жоғары бағаға ие болған критерийлер: «шығындар» (4,96 балл, қанағаттанушылық деңгейі – 96,4%) және «нәтиже» (4,81 балл, 81,0%). Қызмет алу барысында респонденттерде қосымша шығындар туындамаған.

Қалған критерийлер «ортадан жоғары» деңгейде бағаланған: «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,69 балл (73,9%), «мерзімдер» – 4,68 балл (72,7%), «рәсім» – 4,67 балл (71,4%), «ақпарат және коммуникация» – 4,64 балл (69,7%). Айта кету керек, респонденттер көрсеткен қызмет көрсету мерзімдері регламентке толық сәйкес келеді.

«Кері байланыс» критерийі бағаланбаған, себебі респонденттер қызмет сапасына қатысты шағым түсірмеген.

Электрондық форматтағы қызмет көрсету сапасына баға жоғары – 4,95 балл, толық қанағаттанушылық деңгейі – 95,5%.

38-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық формат)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттанушылық деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,80	**4,90**	80,0%	90,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталда тіркелу маған қиындық туғызған жоқ	4,91	**4,97**	90,9%	97,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	5,00		100,0%	
	Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	5,00		100,0%	

РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,82	**4,86**	81,8%	85,9%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,90		90,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,95**		**95,5%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,94**		**94,4%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,95**		**95,5%**

Қызмет алу барысында респонденттер виртуалды көмекшіні пайдаланбаған және қызмет сапасына қатысты шағыммен жүгінбеген, сондықтан тиісті критерийлер бағаланбады.

Қалған критерийлер жоғары бағаланған (орташа 4,8–5,0 балл аралығында). 5 баллмен (100,0% қанағаттанушылық деңгейі) бағаланған көрсеткіштер: қызмет көрсету мерзімі, шығындар және қызмет нәтижесі (нәтиже). «қолжетімділік және қолайлылық» критерийі – 4,97 балл (қанағаттанушылық 97,0%), «ақпарат және коммуникация» – 4,9 балл (90,0%), «рәсім» – 4,86 балл (85,9%).

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) электрондық форматта қызмет көрсету сапасы 4,95 балл болып бағаланған, толық қанағаттанушылық деңгейі – 95,5%. **«Электрондық үкімет» порталының** жұмысы да жоғары бағаланған – 4,94 балл, қанағаттанушылық деңгейі – 94,4%.


Қорытындылар мен ұсынымдар

Қызмет көрсету сапасы, оны алу нысанына қарамастан, респонденттер тарапынан жоғары деңгейде бағаланған. Қызмет алу процесінде қиындықтар мен қосымша шығындар туындамаған.

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>


1. Мемлекеттік қызмет құны туралы өзекті мәліметтерді жариялау. Зерттеу жүргізу кезінде Порталда бұл деректер болмаған. Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ұсынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағалары туралы бұйрықта осы қызметке қатысты тармақ алынып тасталған.

14-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/pass067_mu

15-сурет. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіндегі қызмет көрсету қағидалары бетінің скриншоты



Приложение 5
к приказу исполняющего
обязанности Министра
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан
от 26 января 2016 года
№ 87

Цены на товары (работы, услуги), производимые и (или) реализуемые Государственной корпорацией «Правительство для граждан» по государственному техническому обследованию зданий, сооружений и (или) их составляющих

Сноска. Приложение 5 исключено приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК от 16.01.2024 № 21/НҚ (вводится в действие после дня его первого официального опубликования)

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/72959/rus/203

3.11. Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: 101009 – Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мен оның аумақтық органдары мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы №64 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 мамырда №20674 болып тіркелген.

Көрсету нысаны:электрондық (толық автоматтандырылған)

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: Порталға жүгінген сәттен бастап – 10 (он) минут, қосымша сәйкестендіру тексерісі жүргізілген жағдайда – 5 (бес) жұмыс күні. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін есептеу кезінде өтініш берген күн есептелмейді.

Қосымша сәйкестендіру тексерісі жүргізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызмет алушыға аралық жауап жолдайды, онда қызмет көрсетушіге сұрау келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткен соң қайта жүгіну қажеттілігі туралы хабарланады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: «Тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы туралы мәліметтер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы туралы мәліметтерді беру, 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық баптары бойынша қозғалған, түпкілікті іс жүргізу шешімі қабылданбаған қылмыстық іс бар екендігі туралы мәліметтер көрсетілген хабарлама беру.

Қызмет алушылар:жеке және заңды тұлғалар.

Құны:жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға барлығы 128 респондент қатысты,оның ішінде 81,2% – ер адамдар, 18,8% – әйелдер. Респонденттердің жас ерекшеліктері келесідей бөлінді: 22–29 жас – 22,7%, 30–39 жас – 42,2%, 40–49 жас – 30,5%, 50–59 жас – 4,6%.

42–43-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Қызмет алушылардың құрамына жеке тұлғалар (85,2%) және жеке кәсіпкер мәртебесіне ие жеке тұлғалар (14,8%) кірді. Қызмет алғандардың барлығы – Қазақстан Республикасының азаматтары. Қызметті алу үшін респонденттердің басым бөлігі E-gov.kz электрондық үкіметтің веб-порталын (90,6%) пайдаланған, сондай-ақ электрондық үкіметтің мобильді нұсқасы – Egov Mobile (9,4%) арқылы да қызмет алған. Респонденттердің көпшілігі (74,2%) қызметті Egov порталы арқылы онлайн форматта алған, ал қалғандары (25,8%) ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағына жүгінген.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қызмет алушылар «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру» мемлекеттік қызметінің сапасын 4,94 балл деңгейінде бағалады. Толық қанағаттану көрсеткіші (қызмет критерийлерін 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі) 94,9% құрады.

39-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийге 5 балл қойған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,98	**4,99**	97,7%	98,9%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,99**	100,0%	99,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,97		96,9%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,99**	100,0%	98,9%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,98		97,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,61	**4,66**	67,3%	72,5%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,71		77,6%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,94**		94,9%
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,91**		**92,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

Бағаланатын 8 критерийдің ішінде респонденттер 6 көрсеткішті бағалады. «шығындар» және «кері байланыс» критерийлері бағаланған жоқ, өйткені қызмет тегін көрсетіледі және қызмет алушылардың ешқайсысы шағым түсірмеген.

2 критерий – «мерзім» және «нәтиже» – қызмет алушылар тарапынан 5 баллмен бағаланды, соған сәйкес қанағаттану деңгейі 100,0% құрады. «Ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық» және «рәсім» критерийлері бойынша қызмет көрсету сапасының орташа бағасы 4,99 балл деңгейінде болды, қанағаттану деңгейі тиісінше: «қолжетімділік және қолайлылық» – 99,0%, ал қалған екі критерий бойынша – 98,9%.

«Ақпарат және коммуникация» критерийіне респонденттер сәл төмен баға берген – *«Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті»* (4,98 балл, толық қанағаттану деңгейі – 97,7%). «Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі бойынша порталда бағдарлану және қажетті ақпаратты іздеу ыңғайлылығы көрсеткіші 4,97 баллмен, (қанағаттанушылық – 96,9%), «рәсім» критерийі бойынша қызмет алушылар құжаттарды порталға жүктеу кезінде белгілі бір қиындықтарға тап болғандықтан 4,98 баллмен (қанағаттанушылық – 97,7%) бағаланған.

Басқа критерийлерге қарағанда «Виртуалды көмекшінің» жұмысына төмен баға берілді – 4,66 балл, толық қанағаттану деңгейі – 72,5%. Респонденттер атап өткендей, қиындықтар жауаптың толық еместігімен (4,61 балл/67,3%) және жылдамдығының жеткіліксіздігімен (4,71 балл/77,6%) байланысты болған.

Әдістемеге сәйкес, кіші өлшемдер көрсетілетін қызметті берушілердің жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді.

Уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы) қызметі 5,00 баллмен бағаланды, оның жұмысына толық қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі – 100,0%.

«Электрондық үкімет» порталының жұмысы 4,91 баллмен, толық қанағаттану деңгейі – 92,2% деп бағаланған, бұл көрсеткіш порталда виртуалды көмекшінің жұмысындағы кемшіліктермен түсіндіріледі.

Тереңдетілген сұхбат

Жаппай сауалнама нәтижелерін растау мақсатында қызмет алушымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижелері бойынша, жаппай сауалнамаға қатысушылар сияқты, респондент те мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғары бағалады. Оның пікірінше, қызмет алу барысында ешқандай қиындықтар туындамаған, қызмет алу процесі жарты сағаттан аспаған. Бір ғана ерекше сәт ретінде респондент электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) рәсімдеуге тура келгенін атап өтті, осы мақсатта ол ХҚКО-ға жүгініп, сәйкестендіру кілттерін жазу үшін флэш-тасымалдағыш сатып алған. Жалпы алғанда, қызмет алушының пікірінше, қызмет алу процесі ыңғайлы, құжаттар жинауды талап етпейді, ал қызмет көрсету мерзімі қолайлы. Респонденттің айтуынша, қызмет алу процесі қарапайым және түсінікті, сондықтан процесті оңтайландыру бойынша қосымша өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоқ.

Қорытынды және ұсынымдар

Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың көпшілігі мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанған. Бағалау критерийлерінің басым бөлігі бойынша ең жоғары көрсеткіштер тіркелген. Жекелеген жағдайларда респонденттер электрондық үкімет порталынан ақпарат іздеу барысында қиындықтарға тап болғандарын атап өтті, алайда бұл қызмет көрсету сапасына және жалпы нәтижеге елеулі әсерін тигізген жоқ.

Респонденттердің негізгі қиындықтары eGov.kz порталындағы виртуалды ассистентпен өзара әрекеттесу процесінде байқалды, бұл жағдай берілетін жауаптардың толық еместігімен және баяу жылдамдықпен байланысты. Уәкілетті мемлекеттік органның жұмысына қатысты респонденттер тарапынан шағымдар түскен жоқ, олар мемлекеттік органның қызметін 5 баллмен бағалады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. «Виртуалды көмекшінің» кодын және инфрақұрылымын оңтайландыру: Серверлік инфрақұрылым мен көмекшінің кодына тұрақты аудит жүргізіп, «баяу жүктелу», «қатып қалу» және жүйелік ақаулардың алдын алу мақсатында оңтайландыру жұмыстарын жүргізу.
2. «Виртуалды көмекшінің» білім базасын кеңейту: Көмекшінің білім базасын үнемі жаңартып және толықтырып отыру, оған жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, қызмет алу бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтар мен жиі кездесетін мәселелерді шешу жолдарын енгізу.
3. NLP сапасын жақсарту (табиғи тілді өңдеу): Пайдаланушылардың сұрауларын неғұрлым дәл түсіну үшін NLP алгоритмдерін жетілдіруге инвестиция салу, соның ішінде бейресми сөздер, қателер және толық емес сөйлемдерді тану мүмкіндігін арттыру.
4. Актуалды деректермен интеграция: Көмекшіге көрсетілетін қызметтердің мәртебесі, заңнамадағы өзгерістер және т.б. өзекті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
5. Актуалды деректермен интеграция: Көмекшіге көрсетілетін қызметтердің мәртебесі, заңнамадағы өзгерістер және ХҚКО-ның жұмыс кестесі туралы

өзекті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

6. Кері байланыс: Пайдаланушылармен әр өзара әрекеттесуден кейін кері байланыс жинаудың ыңғайлы тетіктерін енгізу, бұл арқылы туындаған мәселелерді жедел анықтап және жоюға мүмкіндік беру.
7. Проактивті көмек: Ассистент порталдағы пайдаланушы әрекеттеріне сүйене отырып, өзекті ақпарат пен қызметтерді проактивті түрде ұсынатын функцияларды әзірлеу.

3.12. Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы:1902007 – Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру

Жауапты мемлекеттік орган:Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт:«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 20 сәуірдегі №26/қе бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20461 болып тіркелген. *(Ескертпе: 3-қосымша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 3 наурыздағы №10/қе және 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №110/ҚЕ бұйрықтарының редакцияларында.Қаулылар ресми жарияланған күннен кейін он (10) күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.)*

Көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті қабылдау және нәтижесін беру:«Электрондық лицензиялау» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:10 (он) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсатнемесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.

Қызмет алушылар:жеке және заңды тұлғалар.


Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға барлығы 76 қызмет алушы қатысты. Олар 30–39 жастағы – 2,6%, 40–49 жастағы – 78,9%, 50–59 жастағы – 18,4% ерлер. Олардың барлығы Қазақстан Республикасының азаматтары және қызметті заңды тұлға ретінде алған. Қызмет алушылардың 60,5% қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы, ал 39,5% – порталдың мобильді қосымшасы арқылы алған.

44–45-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қарастырылып отырған мемлекеттік қызметті алу сапасының жалпы бағасы 4,92 баллды құрады, ал толық қанағаттану көрсеткіші – 91,6%. Барлық мақсатты критерийлер респонденттер тарапынан жоғары бағаланған. Қызмет

көрсету сапасының ең жоғары бағасы Астана қаласында тіркелді – 5,00 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100,0%. Қалған өңірлерде бағалау көрсеткіштері Алматы қаласында – 4,87 баллдан, Атырау облысында – 4,93 баллға дейін өзгеріп отырған.

40-кесте. Ұпайларды бөлу(электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийге 5 балл қойған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,87	**4,88**	86,8%	88,2%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,89		89,5%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,82	**4,82**	81,6%	81,6%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,82		81,6%	
	Скорость работы онлайн-площадки	4,82		81,6%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,91**	100,0%	90,8%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,82		81,6%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,97	**4,97**	97,4%	97,4%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы,	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	рұқсатты, жәрдемақыны алдым)				
	ОРТАША БАЛЛ		**4,92**		**91,6%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,84**		**83,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,99**		**99,1%**

Қызмет алушылар «нәтиже» критерийін ең жоғары деңгейде – 5,00 баллмен бағалады,толық қанағаттану деңгейі – 100,0%.

Жоғары баға алған келесі критерийлер: «мерзім» – 4,97 балл (қанағаттану деңгейі – 97,4%) және «рәсім» – 4,91 балл (қанағаттану деңгейі – 90,8%). Сонымен қатар, кейбір респонденттер «Электрондық лицензиялау» порталында қажетті құжаттарды жүктеу кезінде қиындықтарға тап болғандарын, сондай-ақ қызмет алу мерзімінің созылғанын атап өтті: *«Біздің өңірде рұқсат ресімдеу күткеннен ұзағырақ болды, процесс созылып кетті»* (Атырау облысы); *«Өтінім басқа өңірлермен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ қаралды»* (Алматы қаласы); *«Рұқсат алу ұзаққа созылды, күткеннен көп уақыт жұмсалды»*, *«Көп күтуге тура келді, рұқсат беруді жеделдетсе жақсы болар еді»* (Маңғыстау облысы).

«Ақпарат және коммуникация» критерийі бойынша қызмет алушылар орташа 4,88 балл қойды, оның ішінде 88,2% респондент толық қанағаттанған. Екі кіші өлшемі шамамен бірдей бағаланды: *«Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті»* – 4,87 балл (86,8%); *«Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген»* – 4,89 балл (89,5%).

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі бойынша орташа баға 4,82 баллды құрады. Сауалнамаға қатысушылар «Электрондық лицензиялау» порталында тіркелу кезінде, қажетті ақпаратты іздеу мен порталдағы навигацияда қиындықтар болғанын, сондай-ақ онлайн платформаның жұмыс жылдамдығының төмендігін атап өтті. Бірқатар респонденттер жүйенің істен шығуы және өтінім беру кезінде техникалық ақаулар орын алғанын мәлімдеді.

«Шығындар», «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі, ал респонденттердің ешқайсысы виртуалды көмекке немесе шағыммен жүгінбеген.

Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі жоғары бағаланды – 4,99 балл, толық қанағаттану деңгейі 99,1% құрады. «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы қызмет алушылар тарапынан 4,84 балл деңгейінде бағаланып, толық қанағаттанғандардың үлесі 83,8% болды.

Респонденттерге қызмет көрсету сапасын арттыру жолдары бойынша өз пікірлерін білдіру мүмкіндігі берілді. Олар келесі ұсынымдарды айтты:

- бірлесіп жұмыс істейтін бірнеше компаниялардан топтық өтінім беру мүмкіндігін жасау;
- бір аудан аумағындағы бірнеше нысанға бір өтінім беру мүмкіндігін қарастыру;
- ұйымның бірнеше қызметкеріне арналған ұжымдық өтінімді бір мезетте беру жүйесін енгізу, әрқайсысына жеке өтінім рәсімдемеу үшін;
- нотариалды куәландыруды талап етпейтін басшының электрондық қолтаңбасын енгізу;
- рұқсат берілген аймақтар бойынша онлайн-кесте (календарь) құру;

- өтінімнің мәртебесін телефон нөмірі арқылы бақылау мүмкіндігін енгізу;
- өтінімнің қаралу барысы туралы SMS-хабарламалар жіберу жүйесін енгізу;
- рұқсатты қайта өтінімсіз ұзарту мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- шекаралық белдеуде тұрақты жұмыс істейтін ұйымдар үшін рұқсатты автоматты түрде ұзарту жүйесін енгізу;
- рұқсаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы туралы автоматты еске салу функциясын енгізу;
- шұғыл жұмыстарды (электр желілерін жөндеу, қар тазалау, апаттық жұмыстар) орындайтын ұйымдардың өтінімдерін басымдықпен қарау тетігін енгізу;
- шекаралық белдеуде жұмыс істейтіндерге арналған тәулік бойы жұмыс істейтін қолдау желісін ұйымдастыру;
- компания қызметкерлері үшін шекаралық белдеуде жұмыс істеу ережелері бойынша оқыту өткізу;
- өтінім беру кезінде жиі кездесетін қателер тізімін қамтитын «қателердің қара тізімін» құру, осылайша олардың қайталануын болдырмау;
- өтінімдерді қарау және рұқсат беру мерзімдерін жеделдету;
- талап етілетін құжаттар санын қысқарту;
- мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жұмыс істейтін мердігерлерге өтінім беру рәсімін жеңілдету;
- құжаттарды тексеру процесін ашық және айқын ету;
- пайдаланушылар үшін өтінім үлгісін қосу;
- қызмет интерфейсін оңайлатылған және тәжірибесіз пайдаланушыларға түсінікті ету (қызметті іздеу функциясын да жеңілдету);
- қосымша түсіндірме құжаттарды (карталар, жұмыс сызбалары және т.б.) PDF, JPG және басқа форматтарда тіркеу мүмкіндігін қосу;
- рұқсат мақұлданғаннан кейін дайын құжатты PDF форматында жүктеу мүмкіндігін енгізу.

Мақсатты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын егжей-тегжейлі талдау мақсатында тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы аталған қызметті осы жылы «Электрондық лицензиялау» порталының онлайн платформасы арқылы алған. Ол бұл мүмкіндік туралы ресми дереккөздерден білгенін, бірақ нақты қайсысын көрсетпегенін айтты. Сонымен қатар, ол: *«Бұрын көптеген мемлекеттік қызметтердің дәл осы портал арқылы көрсетілетінін естігем, сондықтан өз бетімше осы порталда электрондық форматта өтінім бердім»*, – деп атап өтті. Респонденттің айтуынша, портал интерфейсі қарапайым және түсінікті болған (*«интерфейс түсінікті, навигация ыңғайлы, нұсқаулықтар қолжетімді»*). Оның пікірінше, негізгі компьютерлік дағдылары бар пайдаланушылардың көпшілігі порталмен өз бетінше жұмыс істей алады. Бұл онлайн платформаның артықшылығы ретінде атап өтілді. Құжаттарды желіден тыс жинаудың қажеті болмаған – барлық қажетті құжаттар онлайн дайындалып, порталға жүктелген. Алайда, құжаттарды жүктеу процесінде кейбір техникалық қиындықтар туындаған – портал кейде қатып, қате хабарламасын көрсеткен, осының салдарынан құжаттарды бірнеше рет қайта жүктеуге тура келген. Бұл жағдай респондент тарапынан порталдың әлсіз тұсы ретінде аталды. Сонымен қатар, ол: *«Өңірлерде кейде құжаттардағы қателерге байланысты өтінімдер қабылданбайды, бұл қызмет алушылар үшін қосымша қиындық тудырады»*, –

деп қосты. Алайда бұл мәселе аталған қызмет сапасына емес, құжаттарды дайындауға жауапты тұлғалардың қателіктерімен байланысты.

Жалпы алғанда, респонденттің пікірінше, көрсетілген мемлекеттік қызмет оның қажеттілігін толық қанағаттандырады, сондықтан қызмет сапасын арттыру үшін қосымша сервистер немесе қызмет түрлерін енгізудің қажеті жоқ, тек порталдағы техникалық ақауларды жою маңызды деп есептейді: *«Құжаттарды жүктеу кезінде кездесетін қателер толығымен жойылса жақсы болар еді».*

Қорытынды және ұсынымдар

Респонденттер «Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметінің сапасын жоғары бағалады. Сонымен қатар, қызмет алу кезінде бірқатар қиындықтар анықталды: қызмет көрсету мерзімдерінің ұзақтығы, «Электрондық лицензиялау» порталында тіркелу және қажетті ақпаратты іздеу қиындықтары, порталдың төмен жылдамдығы. Бұл мәселелердің барлығы жүйелік сипатқа ие, алайда олар қызмет нәтижесіне және азаматтардың жалпы қанағаттану деңгейіне айтарлықтай әсер етпеген.

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Электрондық платформаның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында:
   - Портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерінің жұмысын тексеру;
   - Жүктелген деректерді қабылдау мен өңдеуге жауапты компоненттерге қатысты ақауларды жаңарту және жою;
   - Файл форматтарының үйлесімділігін қамтамасыз ету, порталға жүктелетін құжаттарға қойылатын талаптар мен рұқсат етілген форматтардың толық тізімін нақтылап, Порталда жариялау;
   - Порталдың өткізу қабілетін және резервтік қуатын арттыру;
   - Портал пайдаланушыларының көп жүктемесіне төзімділігін тексеру және ықтимал техникалық мәселелерді уақтылы анықтау мақсатында жүйелік жүктеме тестілеуін (стресс-тест) тұрақты түрде өткізіп отыру.

2. Пайдаланушылардың әртүрлі цифрлық сауаттылық деңгейін ескере отырып, Порталдың пайдаланушылық интерфейсін жетілдіру және оның интуитивті түсініктілігін арттыру мақсатында:
   - Порталдың ағымдағы UX/UI-дизайнына кешенді аудит жүргізу, оған тәуелсіз салалық мамандарды тарту;
   - Пайдаланушылармен сауалнамалар мен тестілеулер өткізу, Порталмен өзара іс-қимыл кезіндегі проблемалық аймақтарды анықтау үшін;
   - Жаңартылған интерфейс әзірлеу, ол қарапайымдылық пен қолжетімділік қағидаттарына (соның ішінде WCAG стандарттарына) сәйкес келуі және түрлі құрылғыларға бейімделуі тиіс;
   - Қадамдық нұсқаулықтар, интерактивті кеңестер және оқыту модульдерін енгізу – жаңа пайдаланушылар үшін;
   - Тіркеу формасын жеңілдету, міндетті толтыру өрістерінің санын қысқарту арқылы;
   - Құжаттарды тексеру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

3. Порталда файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында, келесі бағыттар бойынша Порталдың жұмысын оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру:

- **Файл көлемін оңтайландыру**: Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде сығымдау жүйесін енгізу. Бұл серверге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.
- **Файлдың ең жоғарғы көлемін ұлғайту**: Үлкен көлемді құжаттарға (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) арналған файлдардың ең жоғары рұқсат етілген көлемін қайта қарап, қажет болған жағдайда арттыру.
- **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігін енгізу**: Байланыс үзілген жағдайда жүктеуді қайта бастау функциясын іске асыру, осылайша пайдаланушыға процесті басынан бастауға тура келмейтіндей ету.

Уәкілетті мемлекеттік органға ұсынымдар

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тексеру және мерзімдердің бұзылу себептерін анықтау (объективті немесе жауапты орындаушылардың кінәсінен), әсіресе Алматы, Атырау және Маңғыстау облыстарында.
2. Қызмет көрсету мерзімінің созылу себептерін жедел түрде жою.
3. Осындай жағдайлар туындаған кезде, қызмет алушыларды мерзімнің кешігуі және оның себептері туралы уақтылы хабардар ету, сондай-ақ өтінімдерді басым тәртіппен қарауды қамтамасыз ету.
4. «Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімдерін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
5. Қажетті құжаттар тізбесін қысқарту және мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін мердігерлер үшін өтінім беру рәсімін жеңілдету мүмкіндігін қарастыру.

3.13. Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (сүүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы:1902009 – Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (сүүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 20 сәуірдегі №26/қе бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндеⅣ20461 болып тіркелген. (Ескертпе: 2-қосымша – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының2022 жылғы 3 наурыздағы №10/қе және 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №110/ҚЕ бұйрықтарының редакцияларында.Аталған бұйрықтар ресми жарияланған күннен кейін он (10) күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.)

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:15 (он бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларындашағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелерге (құралдарға)және мұз үстімен жүретін көлік құралдарына шығуға рұқсатнемесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.


Қызмет алушылар:жеке және заңды тұлғалар.

Құны:тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Зерттеуге барлығы 87 қызмет алушы қатысты, оның ішінде 75,9% – ер адамдар, 24,1% – әйелдер. Респонденттердің жас ерекшеліктері: 30–39 жас – 27,6%; 40–49 жас – 65,5%; 50–59 жас – 6,9%. Барлық респонденттер Қазақстан Республикасының азаматтары. Олардың 62,1% қызметті заңды тұлға ретінде, 37,9% - жеке тұлға ретінде алған.

46–47-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында Қазақстанның шағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелеріне және мұз үстімен жүретін көлік құралдарына шығуға рұқсат беру» бойынша жалпы қанағаттану деңгейі 4,80 баллды құрады, толық қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі - 82,8%.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қызметті заңды тұлға ретінде алған респонденттер мемлекеттік қызмет көрсету процесіне және оның сапасына толық қанағаттанған (5,00 балл). Ал жеке тұлғалар сапаны сәл төмен бағалап, орташа есеппен 4,74 балл қойған.

Аймақтық бөлініс ең жоғары бағалар Алматы, Алматы облысы, Ақтөбе, Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелген. Абай облысында көрсеткіш 4,90 балл, ал Маңғыстау облысында - 4,76 балл деңгейінде болды.

41-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийге 5 балл қойған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,93	**4,93**	93,1%	93,1%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,93		93,1%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар туындаған жоқ	4,90	**4,90**	89,7%	89,7%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,93		93,1%	
	Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	4,86		86,2%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,98**	100,0%	98,3%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,97		96,6%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,99	**4,99**	98,9%	98,9%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,33	**4,00**	33,3%	16,7%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	3,67		0,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,80**		**82,8%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,69**		**73,1%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**99,6%**

Қызмет алушылар ең жоғары бағалауды көрсетілетін қызмет нәтижесіне берді – 5,00 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100,0%, сондай-ақ қызмет көрсету мерзіміне – 4,99 балл (98,9%) және рәсімге – 4,98 балл (98,3%). Қызмет көрсету мерзіміне жоғары баға берілгеніне қарамастан, кейбір респонденттер оның ұзақтығына назар аударды*: «Барлығын рәсімдедім, бірақ күткенімнен ұзағырақ болды, жылдамдатса жақсы болар еді»; «Процесс сәл созылып кетті, басқа облыстарда тезірек жасайды, ал жалпы бәрі дұрыс»; «Қызметті алғаныма ризамын, бірақ мерзімі тым ұзаққа созылды, тезірек жасауға болады деп ойлаймын».* Мұндай пікірлер көбінесе Маңғыстау облысы респонденттерінен түсті.

«Ақпарат және коммуникация» (4,93 балл, 93,1%) және «қолжетімділік және қолайлылық» (4,90 балл, 89,7%) критерийлері де жоғары бағаланған.

Ең төмен баға виртуалды көмекші жұмысына берілді – 4,00 балл, толық қанағаттанғандар үлесі бар болғаны 16,7%. Респонденттер көмекшінің жауап беру жылдамдығына (3,67 балл) және жауап мазмұнының толық еместігіне (4,33 балл) наразылық білдірді. Бұл көрсеткіштер орташа және қанағаттанарлық деңгейге сәйкес келеді, ал толық қанағаттану деңгейі тиісінше 0,0% және 33,3% болды.

Регламентке сәйкес, бұл қызмет тегін көрсетілетіндіктен, респонденттер «шығындар» критерийін бағаламаған. Сондай-ақ «кері байланыс» критерийі де бағаланған жоқ, өйткені сұралған қызмет алушылардың ешқайсысы шағым білдірмеген.

Ұсынымдар ретінде респонденттер өтініш берілгеннен кейін қосымша құжаттарды тіркеу мүмкіндігін енгізуді және мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламада бас тарту себебін нақты және уәжді түрде көрсету ұсынды.

Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі – 5,00 балл (толық қанағаттанғандар – 99,6%), ал «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы – 4,69 балл (73,1%) деңгейінде бағаланған.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы алғанда, респонденттер «Қазақстан Республикасының аумақтық (теңіз) және ішкі суларында шығуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметінің сапасын жоғары бағалады. Қызмет нәтижесі ең жоғары бағаланып, қатысушылардың барлығы дерлік толық қанағаттанған. Дегенмен, қызмет алу процесінде кейбір қиындықтар бары байқалды. Атап айтқанда, қызмет көрсету мерзімінің созылуы (әсіресе Маңғыстау облысында) және виртуалды көмекшінің жұмысы, респонденттердің пікірінше, баяу жауап беруі және толық емес ақпарат ұсынуымен сипатталды.

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. «Виртуалды көмекші» жүйесінің кодын және инфрақұрылымын оңтайландыру: Серверлік инфрақұрылым мен бағдарламалық кодқа тұрақты түрде аудит жүргізу және оңтайландыру арқылы жүйенің «баяулауын», «ілінуін» және ақауларын барынша азайту.
2. «Виртуалды көмекшінің» білім базасын кеңейту: Қолданушылардың жиі қоятын сұрақтарына жауаптарды, қызмет алу бойынша толық нұсқаулықтарды және кең таралған мәселелерді шешу жолдарын қамтитын ақпараттық базаны тұрақты түрде жаңарту және толықтыру.
3. Табиғи тілді өңдеу (NLP) сапасын арттыру: Қолданушылардың сұрауларын (қате жазылған, қысқа немесе бейресми сөз тіркестері бар болса да) дәлірек түсіну үшін NLP алгоритмдерін жетілдіруге инвестиция салу.
4. Актуалды деректермен интеграциялау: Көмекшінің қызметтер мәртебесіне, заңнамадағы өзгерістерге және басқа да өзекті ақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету.
5. Кері байланыс жүйесін жетілдіру: Қолданушылармен әр өзара әрекеттесуден кейін пікір жинау тетіктерін енгізу арқылы анықталған мәселелерді жедел шешуді қамтамасыз ету.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін өңірлер бойынша тексеру, мерзімдердің бұзылу себептерін анықтау (объективті немесе жауапты тұлғалардың кінәсінен), әсіресе Маңғыстау облысына ерекше назар аудару.
2. Қызмет көрсету мерзімінің созылу себептерін жедел жою және қызметті Қазақстанның барлық өңірлерінде бірдей, регламентте белгіленген мерзімдерде көрсету.
3. Осындай жағдайлар туындаған жағдайда, қызмет алушыларды мерзімнің кешігуі мен оның себептері туралы уақтылы хабардар ету, сондай-ақ өтінімдерді басым тәртіппен қарауды қамтамасыз ету.
4. Қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
5. Өтініш берілгеннен кейін қосымша құжаттарды тіркеу мүмкіндігін қарастыру.
6. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламада бас тарту себебін нақты және уәжді түрде көрсету мүмкіндігін енгізу.

3.14. Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш ресімдеу)

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 101001 – Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру (құжаттарды алғаш ресімдеу).

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №267 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20192 болып тіркелді *(Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2022.09.30 №781 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгерістер енгізілді-ҚР Ішкі істер министрінің 30.06.2023 №529 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 29.02.2024 №192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

Көрсету нысаны:қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және аумақтық полиция органдары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- жалпы тәртіппен – өтінім берілген және дайын құжатты алу күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмай, 15 жұмыс күнінен кешіктірілмейді;
- жеделдетілген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы (өтінім беру және төлем жасау күндері мерзімге қосылмайды):
    - Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары үшін: 1-санат – 1 жұмыс күніне дейін, 2-санат – 3 жұмыс күніне дейін;
    - облыс орталықтары үшін: 1-санат – 3 жұмыс күніне дейін, 2-санат – 5 жұмыс күніне дейін;
    - облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар үшін: 3-санат – 7 жұмыс күніне дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Қазақстан Республикасының азаматына паспорт және (немесе) жеке куәлік беру.

Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Қызмет құны:


- Паспорт беру:
    - 24 бет – 4 АЕК (16 жасқа дейінгі балалар үшін)
    - 36 бет – 8 АЕК
    - 48 бет – 12 АЕК
    - Жеке куәлік беру: 0,2 АЕК
    - Бір жыл ішінде жеке куәлікті екі реттен артық жоғалтқан жағдайда: 1 АЕК
    - Уақтылы өтініш бермеген жағдайдағы айыппұл: 7 АЕК
    - Жеделдетілген қызмет көрсету (ҚҚС-сыз):
        - Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және облыс орталықтары үшін: 1-санат – 3011,12 теңге; 2-санат – 1581,14 теңге

- аудандар мен облыс қалалары үшін: 3-санат – 605,31 теңге

Әлеуметтік-демографиялық блок

Зерттеуге осы қызметті алған 72 қызмет алушы қатысты, оның ішінде 38,9% – ер адамдар, 61,1% – әйелдер. Зерттеу «Құжаттарды алғаш рет ресімдеу» қосалқы қызметі аясында жүргізілгендіктен, респонденттердің негізгі бөлігі 16 жастағы тұлғалар болды (86,1%). Сонымен қатар, 40–49 жас (8,3%) және 50–59 жас (5,6%) аралығындағы кейбір азаматтардың пікірі де зерттелді. Барлық респонденттер – Қазақстан Республикасының азаматтары. Олардың ішінде 5,6% – физикалық қолжетімділікті қажет ететін тұлғалар.

48–49-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Негізгі нәтижелер

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына берілген орташа баға – 4,65 балл, бұл көрсеткіш «ортадан жоғары» деңгейге сәйкес келеді. Қызмет алушылардың толық қанағаттану үлесі – 78,3%. Өңірлер бойынша бағалар 3,98 баллдан (Қарағанды облысы) 5,00 балл (Ақтөбе және Түркістан облыстары) аралығында болды.

42-кесте. Ұпайларды бөлу (қағаз нысанда)

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийге 5 балл қойған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты табу мен үшін оңай болды.	4,50	**4,66**	63,9%	74,8%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,36		52,8%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	4,83		85,7%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	4,97		96,8%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан,	4,33	**4,36**	61,1%	63,9%

ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген				
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,39		66,7%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,44	**4,44**	61,1%	61,1%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,96	**4,95**	95,8%	95,1%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	4,94		94,4%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,89	**4,76**	91,7%	81,9%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,64		72,2%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,91	**4,96**	91,4%	95,7%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	3,67	**4,08**	66,7%	58,3%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,50		50,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,96	**4,96**	95,7%	95,7%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,65**		**78,3%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,47**		**68,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,94**		**94,3%**

Жоғары деңгейде бағаланған үш негізгі критерий:«шығындар» (4,96 балл, 95,7%), «нәтиже» (4,96 балл, 95,7%) және «рәсім» (4,95 балл, 95,1%).

Сауалнамаға қатысқандардың 16,7% қосымша шығындарға тап болған: олардың 66,7% көлік шығындарын, 33,3% ксерокөшірмелерге, ал 16,7% флешка, файл, қағаз сатып алуға жұмсаған. (Жалпы көрсеткіш 100%-дан жоғары, себебі сұрақ көпнұсқалы болды - яғни, бір респондент бірнеше нұсқаны таңдауы мүмкін). Барлық жағдайларда респонденттер бұл шығындарды ақылға қонымды деп бағалап, қиындық туғызбағанын айтты.

Қызмет нәтижесіне қатысты тек екі респондент наразылық білдірген: бірі құжаттағы қате туралы, екіншісі – «*Egov.kz порталында дайын құжат туралы хабарлама ұзақ уақыт келмегенін*» айтқан.

Кейбір жағдайларда қызмет алушылар ХҚКО-дағы кезектерге шағымданған. Бірқатар респонденттер бұл қызметті толық автоматтандыруды және электрондық форматқа өткізуді ұсынған *(«болашақта аталған қызмет*

Каспи банкінің карточкасы сияқты бір сәтте берілетін электрондық қызмет болғанын қалаймыз»). Сондай-ақ олар құжат беру терезелерінің санын көбейтіп, күту уақытын қысқарту қажеттігін атап өтті.

«Мерзім» (4,76 балл, 81,9%) және «ақпарат және коммуникация» (4,66 балл, 74,8%) критерийлері «ортадан жоғары» деңгейде бағаланған. Көпшілік респонденттер қызмет көрсету мерзімін қолайлы деп есептегенімен, кейбіреулері оны қысқартуды ұсынған: *«Мерзімін тездетіп, 7 күннің ішінде берсе жақсы болар еді», «Қызмет мерзімін қысқарту қажет», «Мені тек құжаттың ұзақ дайындалуы қанағаттандырмады»*. Сондай-ақ көптеген қызмет алушылар кезекте күту уақытының ұзақтығына назар аударған, осы көрсеткіш бойынша толық қанағаттану деңгейі 72,2% (4,64 балл) болды. Бұл мәселе әсіресе мүгедектігі бар адамдарда, сондай-ақ Алматы, Шымкент, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Абай облыстарында жиі байқалды. Мәселені шешу үшін респонденттер түскі үзілісті алып тастап, қосымша құжат беру терезелерін ашуды ұсынған.

Қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы ақпаратты іздеу қиындықтары және ғимаратта бағыт табу мәселелері де тіркелді. Ақпарат табудағы қиындықтар көбінесе 16 жастағы жастар арасында, ал ғимаратта бағдарлау проблемалары — мүгедектігі бар тұлғалар арасында байқалды. Бұл қиындықтар да сол өңірлерге тән болды, онда күту уақытына қатысты наразылықтар да жиі айтылған.

Тағы үш критерий: «қызметкерлер», «қолжетімділік және қолайлылық» және «кері байланыс» орта деңгейде бағаланған. Төменде әрқайсысы жеке қарастырылады.

Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарланғандығы (біліктілігі, жеделдігі және сыпайылығы) бойынша толық қанағаттанғандардың үлесі 61,1%, орташа баға - 4,44 балл. Ең төмен баға Павлодар облысында (3,33 балл) тіркелді. Орташа республикалық деңгейден төмен бағалар Алматы, БҚО, Қарағанды және Абай облыстарында байқалды. Респонденттер қызметкерлердің ұқыпты келбетін, жедел қызмет көрсетуін, сондай-ақ мемлекеттік тілді еркін меңгеруін қамтамасыз етуді ұсынған.

Қолжетімділік және қолайлылық критерийі бойынша орташа баға 4,36 балл, толық қанағаттанғандар үлесі 63,9%. Респонденттер ғимараттың орналасуы мен автотұрақтың жетіспеушілігіне, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз қолжетімділіктің болмауына, сондай-ақ жұмыс кестесінің және күту аймағының қолайсыздығына назар аударған. Бұл мәселе әсіресе Алматы, Қарағанды, Абай және Ұлытау облыстарында өзекті болды. Респонденттер ХҚКО жанындағы автотұрақ орындарын көбейту (әсіресе ШҚО, Өскемен қаласында), ғимараттарды жөндеуден өткізу және кондиционер орнату қажеттігін атап өтті.

Респронденттер ең төмен бағаны «кері байланыс» критерийіне берді - 4,08 балл (58,3%). Көптеген респонденттер шағымға жауаптың баяу берілгенін және қабылданған шаралардың қанағаттанарлықсыз болғанын көрсетті. Бұл көрсеткіш негізінен 16 жастағы Астана және Ұлытау облысының қызмет алушылары арасында байқалды. Астанада респонденттер жедел жауаптың болмауына, ал Ұлытау облысында - шаралардың сапасына наразылық білдірген.

Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі айтарлықтай жоғары бағаланған - 4,94 балл (94,3%), ал ХҚКО жұмысы - 4,47 балл (68,0%).

Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің шамамен 20% бюрократия мен қағазбастылыққа тап болған. Ең жиі кездескен мәселе - қажетті құжаттар тізімінде көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап ету (11,1%). Сирек жағдайда қызмет көрсету мерзімінің негізсіз ұзартылуы (5,6%) және қызмет көрсетуден бас тарту (2,8%) орын алған. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін респонденттер құжаттармен жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігін арттыруды және қызмет көрсету мерзімін қысқартуды ұсынған.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын терең зерделеу мақсатында қосымша зерттеу әдістері: тереңдетілген сұхбат, «жасырын сатып алушы» әдісі және фокус-топ қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбат қатысушысы - алғаш рет жеке куәлік алған жасөспірімнің әкесі. Ол баласын қызмет алу үдерісінің барлық кезеңдерінде ертіп жүргендіктен, көрсетілетін қызмет сапасына қатысты өз пікірін білдіре алды. Оның айтуынша, қызмет алу барысында айтарлықтай қиындықтар болмаған: «*Ешқандай мәселе болған жоқ, менеджерге талон алдық, күту уақыты шамамен 40 минут болды - кезек үлкен еді».* Қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды жинау да қиындық тудырмаған, алайда респондент бір жайтты атап өтті: *«Тіркеу болмаған жағдайда қиындық туындайды - бізде баланың тіркеуден шығарылғаны кездейсоқ анықталды, өзіміз де білмедік».*

Төлем мөлшері респонденттің пікірінше, қанағаттанарлық, ал қызмет көрсетуге тартылған құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлер саны - оңтайлы. Сондай-ақ ол қызмет көрсету мерзімін де жеткілікті деп бағалады, өйткені қажет болған жағдайда жеделдетілген ақылы рәсім бар. Респонденттің айтуынша, кей жағдайларда құжатта орфографиялық қателер болғандықтан қызмет көрсетуден бас тартылған оқиғалар кездеседі. Бұл жағдайды ол назарсыздықпен түсіндіргенімен, оның шешу жолдары туралы нақты пікір білдіре алмады.

Сұхбат соңында қатысушы мынадай ұсыныс айтты: 16 жасқа толғаннан кейін құжат тапсыру мерзімін ұзарту (мысалы, бір айға дейін) немесе құжатты туған күнге дейін бір ай бұрын рәсімдеуге рұқсат беру.

«Жасырын сатып алушы» әдісі

Эксперт қызмет көрсетуші ғимаратының инфрақұрылымын жоғары бағалады, атап айтқанда: автотұрақтың (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орындардың), пандустың, қызметкерді шақыру түймесінің және актуалды жұмыс кестесінің бар екенін атап өтті. Азаматтарды қабылдау жақсы ұйымдастырылған: ғимаратта ресепшн аймағы орналасқан, онда үш қызметкер жұмыс істеген. Олардың екеуі қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, ал біреуі ым-ишара тілін білген. Барлығы сыпайы, ұқыпты киінген, кәсіби мінез-құлық танытқан.

Ғимараттың тазалығы жоғары деңгейде: жұмыс істейтін дәретхана, өрт сөндіргіштер, эвакуация жоспары, кулер, шағымдар мен ұсыныстар кітабы бар. Электрондық кезек жүйесі жұмыс істеп тұрды, алайда күту аймағындағы отыратын орындар толыққа жуық бос болмаған. Эксперт қызмет көрсету терезелерінің жеткілікті екенін, Kaspi Bank арқылы төлемнің ыңғайлылығын және қызмет ақысының қолайлы мөлшерін атап өтті.

Сонымен қатар, қызмет алушыларға арналған байланыс ақпараттары (біріңғай байланыс орталығы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет нөмірлері), өтініш үлгілері, көзі нашар көретін адамдарға арналған тактильді ақпараттық стендтер, қаламдар мен бланкілері бар үстелдер мен тіректер орналастырылған. Онлайн қызмет алу мүмкіндігі болғанымен, эксперт компьютерлердің жай-күйі мен интернет жылдамдығын тексермеген, өйткені ол қызметті қағаз түрінде алған.

Қауіпсіздік тұрғысынан, ғимаратта төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл ережелері туралы ақпараттық материалдар, жедел қызметтер телефон нөмірлері, сондай-ақ медициналық пункт пен алғашқы көмек қобдишасы болмаған.

Қызмет көрсету тәртібі барлық мақсатты критерийлер бойынша ең жоғары - 5 баллмен бағаланған. Қызметкерлердің біліктілігі, сыпайылығы және жеделдігі, қажетті ақпараттың болуы, құжаттарды жинау мен тапсыру рәсімінің қарапайымдылығы, сондай-ақ қызмет алу мерзімінің қолайлылығы толық қанағаттандырған. Эксперт қызмет алу кезінде ешқандай елеулі қиындыққа тап болмаған (туу туралы куәлікте қате болған, бірақ оны бірден түзетіп, келесі күні өтінім қабылданып, өңдеуге жіберілген). Сондықтан эксперт тарапынан қосымша ұсынымдар берілмеді, өйткені қызмет көрсету процесінде айтарлықтай мәселелер анықталмаған.

Фокус-топ

Фокус-топтық сұхбатқа жеке куәлікті алғаш рет алған 16–17 жастағы жастар мен шетелге шығуға арналған паспортты алғаш рет рәсімдеген 25 жастан асқан респонденттер қатысты. Барлық қатысушылар бұл мемлекеттік қызметті алғаш рет алғандықтан, оның сапасының динамикасына баға беруге мүмкіндік болмады. Сонымен бірге, олар қызмет алу рәсімі жеңіл және сәтті өтті деген ортақ пікір білдірді.

Фокус-топ қатысушылары мемлекеттік қызметтердің сапасына оң әсер ететін негізгі позитивті факторлар ретінде ақпараттық қамтылу деңгейін, қызметкерлердің қарым-қатынасы мен жұмысын, қызметтің құны мен қызмет көрсету мерзімін атады. Екі респондент қосымша фактор ретінде қызметкерлердің мемлекеттік тілді білуін ерекше атап өтті.Олардың пікірлері: «*Біз Қазақстанда тұрамыз, ал ХҚКО – мемлекеттік мекеме. Сондықтан амандасудан бастап кеңес беруге дейін бәрі қазақ тілінде болуы тиіс», «ХҚКО-да кеңес алуға келгенімде, қазақ тілінде толық ақпарат беретін маман болмады, басқа қызметкер босағанша күтуге тура келді».*

Фокус-топтың қатысушыларының пікірінше, жоғарыда аталған оң факторлар сапа төмендеген жағдайда негативті факторларға айналуы мүмкін. Олар мысал ретінде келесіні атады: *«Қызметкерлердің біліктілігі төмен болса», «Қатал немесе сауатсыз қызметкерлер», «Ақпараттың аз болуы немесе өзектендірілмеуі», «Қызметтің қымбат болуы», «Қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығы».* Осылайша, мемлекеттік тілді сапалы меңгермеу мәселесі - ХҚКО қызметкерлері тарапынан қызмет сапасына теріс әсер етуі мүмкін фактор ретінде танылды.

Аталған қызметті алу тәжірибесімен бөлісе отырып, сұхбат қатысушылары қиындық немесе наразылық тудырған сәттерді атап өтті. Бірнеше адам ХҚКО-да өз кезегін күтуге ыңғайсыз екенін атап өтті: *«Өте ыстық әрі ауа тар болды», «Барлық орындықтар бос емес, залдың ортасында тұрып күтуге тура келді».* Сұхбаттың бір қатысушысы тұрақ орындарының жоқтығына шағымданды: *«Машинаны ХҚКО-дан үш аула әрі жерге қоюға тура*

келді, өйткені бәрі ХҚКО жанында және жақын маңдағы үйлердің жанында орналасқан». Фокус-топтың тағы бір мүшесі оның фотоаппаратта алдын-ала түсірілген фотосуреттері қабылданбағанын атап өтті, өйткені фотосурет сол жерде түсірілген: *«Мен арнайы іскерлік костюм киіп, паспортқа фотосурет үшін шашымды жасадым, бірақ ол қабылданбады».* Қызмет көрсету мерзіміне жеке тоқталу керек, оған қатысты пікірлер екіге бөлінді. Ол кейбіреулеріне өте ыңғайлы, ал басқалары оны қысқарту қажеттілігі туралы пікір білдірді. Әдетте, бұл туралы ҚР паспортын алғандар: *«Мерзімді қысқарту мүмкіндігін қарастыру керек», «Мен мерзімді кем дегенде екі есе қысқартқым келеді – әлі де қомақты соманы төлейміз»* деп мәлімдеді.

Фокус-топ қатысушылары қызмет туралы ақпаратты табуда қиындық көрмегенін айтты. Алайда бірнеше адам өтініш нысандарындағы кейбір тұжырымдардың түсініксіздігін және мемлекеттік тілге аударманың сапасының төмендігін атап өтті. Сонымен бірге, бюрократиялық кедергілерге ешкім тап болмаған.

Қызмет сапасын жақсарту мақсатында респонденттер келесі ұсыныстарды білдірді:

- Қызметкерлерге арналған мемлекеттік тілді оқыту семинарларын өткізу;
- Өтініш бланкілерінің мемлекеттік тілдегі аудармасын жақсарту;
- ХҚКО жанында автотұрақ орындарының санын арттыру;
- Күту залдарына кондиционерлер орнату;
- Желдету және ауа баптау жүйесін оңтайландыру;
- Құжат беру терезелерінің («беру терезелерінің») санын көбейту;
- Құжаттарды алу мерзімін 5–7 күнге дейін қысқарту.

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру» мемлекеттік қызметін (*«Құжаттарды алғаш рет ресімдеу» түрі)* алу кезінде респонденттер белгілі бір қиындықтарға тап болған. Сондықтан жалпы баға «ортадан жоғары» деңгейге сәйкес келеді. Алынған деректерді талдай отырып, нақты бір басты мәселені бөліп көрсету қиын, алайда төменде берілген ұсынымдарды іске асыру алдағы уақытта көрсетілген проблемалардың алдын алып, бұл мемлекеттік қызметті ыңғайлы әрі жедел алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. «Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру;
2. Аталған қызметті автоматтандыру және электрондық форматқа көшіру мүмкіндігін зерделеу, бұл келесі іс-шараларды қамтиды:
   - шетелдік тәжірибені зерттеу (мысалы, Эстония мен БАӘ-дегі электрондық ID жобалары);
   - қызмет көрсету процесін талдау және автоматтандыруға жататын кезеңдерді анықтау;
   - қызметті электрондық форматта енгізудің техникалық және нормативтік негіздерін бағалау;
   - өтініштерді автоматты түрде өңдеуді және қызмет нәтижесін нақты уақыт режимінде беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық шешімдерді әзірлеу және енгізу.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО):

1. Қызмет туралы өзекті ақпаратты барлық ресми ресурстарда орталықтандырылған түрде, оның ішінде: «Электрондық үкімет» порталы мен оның мобильдік қосымшасында, уәкілетті органның сайтында, ХҚКО ғимараттарының ішінде орналастыруды қамтамасыз ету. Ақпарат құрылымдалған және қарапайым тілмен берілуі тиіс. Инфографика, сызбалар, қадамдық нұсқаулықтар және бейнегидтер қолдану ұсынылады. Азаматтарға бұл ақпаратты жүктеп алу және басып шығару мүмкіндігін беру қажет. Барлық материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде қолжетімді болуы тиіс.
2. Ғимараттың кіреберісінде және әр қабатта көрнекі әрі түсінікті навигациялық сызбаны (жоспарды) орналастыру; кабинеттер мен күту аймақтарын функциялары көрсетілген айқын тақтайшалармен белгілеу *(*мысалы: «Тіркеу», «Құжаттарды беру», «Кеңес алу» және т.б.*).* Негізгі аймақтарға QR-кодтар орнатып, олар арқылы азамат ғимарат картасын немесе жауапты қызметкер туралы ақпарат ала алуы тиіс. Тұтынушылар аймағында жауапты кеңесші қызметкерлерді бекітіп, оларды айқын бейдждермен және бірыңғай формамен қамтамасыз ету қажет.
3. ХҚКО ғимараттарының ішіне кондиционерлер орнату мүмкіндігін қарастыру, әсіресе күту залдарында; сумен қамтамасыз ету кулерлерін, қосымша орындықтар мен креслоларды орнату.
4. Қызмет көрсету стандарттары, іскерлік және этикалық коммуникация, қиын және эмоционалды өтініштермен жұмыс істеу, қақтығыстарды басқару және стресске төзімділік бойынша тақырыптары қызметкерлерге арналған тұрақты тренингтер мен оқыту семинарларын өткізу.
5. Жаңа қызметкерлер үшін тәлімгерлік бағдарламаларын енгізу, олардың басты мақсаты — тұтынушыға бағдарланған мінез-құлықты қалыптастыру.
6. Қызмет алушыны қарсы алу және оған жүгіну тәртібі, қызметкерлердің сыртқы келбеті, кеңес беру және азаматтарды сүйемелдеу тәртібі, шағымдар мен наразылықтарға сыпайы әрі уақтылы жауап беру қағидалары нақты көрсетілген Қызмет көрсету этикасын айқындайтын мінез-құлық кодексін немесе тұтынушыға қызмет көрсету стандартын әзірлеу және бекіту. Бұл стандарттарды тұтынушылар аймақтарында және ұйымның ішкі порталында көрнекі жерге орналастыру ұсынылады.
7. Кері байланыс сапасын арттыру үшін азаматтардың өтініштері мен шағымдарына жауап берудің нақты мерзімдері мен стандарттарын бекіту қажет.

   Бұл ретте заңмен белгіленген қарау мерзімдерін сақтау, сондай-ақ жауаптардың жеделдігіне, толықтығына, сыпайылығына және құрметті тонуна назар аудару керек. Жауаптарда қабылданған немесе жоспарланған шаралар туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
8. ХҚКО-ларда күту уақытын қысқарту мақсатында келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:
   - ХҚКО-лардың ағымдағы жүктемесіне талдау жүргізу, бұл шара азаматтар ағынының ең жоғары (пиктік) сағаттарын анықтауға мүмкіндік береді;
   - Электрондық кезек жүйесін оңтайландыру, оның ішінде:
     - онлайн-келу уақытын брондау функциясының аясын кеңейту;
     - SMS және push-хабарламалар түріндегі еске салу және хабарландыру жүйесін енгізу;

- қол жетімді қызмет көрсету терезелері арасында кезектерді динамикалық бөлу механизмін енгізу;

- ХҚКО өткізу қабілетін арттыру, ол үшін пик сағаттарда қызметкерлер санын көбейту, сондай-ақ ішкі процестерді оңтайландыру қажет (бір өтініш берушіні қабылдау уақытының қысқаруы, қайталанатын рәсімдерді алып тастау);
- Азаматтарды алдын ала жазылу мүмкіндігі және ХҚКО-лардың ең аз жүктелген уақыт аралықтары туралы хабардар ету, бұл ақпаратты «электрондық үкімет» порталы, әлеуметтік желілер, байланыс орталықтары және басқа да арналар арқылы тарату ұсынылады.

3.15. Көлік құралының әйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы:501009 – Көлік құралының әйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру.

Жауапты мемлекеттік орган:Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Көлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі бойынша жекелеген көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, емтихан қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №862 бұйрығы.ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылғы 5 қаңтарда №10056 болып тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны:электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Құжаттарды қабылдау келесі арналар арқылы жүзеге асырылады:

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО);
- «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz);
- ақпараттандыру объектілері.

Қызмет көрсету нәтижесін беру:

- көлік құралын тіркеу кезінде – көлік құралын тіркеу туралы куәлік (КҚТК) және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері (МТНБ) беріледі;
- көлік құралын есептен шығару кезінде – БАЖ жүйесіне тиісті мәліметтер енгізіледі;
- мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап ұсынылады.

Қызмет көрсету мерзімі: Мемлекеттік корпорация арқылы – 90 минут, алғашқы тіркеу кезінде – 120 минут;

«Электрондық үкімет» порталы және өзге ақпараттандыру объектілері арқылы – 60 минут, алғашқы тіркеу кезінде – 120 минут.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

- Көлік құралын тіркеу кезінде - КҚТК мен МТНБ беру;
- Көлік құралын есептен шығару кезінде - БАЖ жүйесіне мәліметтер енгізу арқылы көлік құралын есептен шығару;
- мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Қызмет алушылар:жеке және заңды тұлғалар.

Қызмет көрсету құны:

1. Көлік құралын мемлекеттік тіркеу кезінде:
   - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарына сәйкес КҚТК, МТНБ бергені үшін міндетті тіркеу алымы және мемлекеттік баждар;


- Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 қарашадағы №448 бұйрығымен бекітілген кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесінің негізінде есептелетін кәдеге жарату төлемі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25100 болып тіркелген) алынады;

2. Көлік құралын есептен шығару – тегін жүзеге асырылады.
3. Көлік құралы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) кезінде:
   - ҚҚТК ауыстырылған жағдайда Салық кодексінің 553 және 615 баптарына сәйкес ҚҚТК бергені үшін тіркеу алымы және мемлекеттік баж алынады;
   - егер ҚҚТК ауыстыру талап етілмесе, қызмет тегін негізде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 31 респондент қатысты, оның ішінде: әйелдер – 35,5% (11 адам), ерлер – 64,5% (20 адам). Жас ерекшеліктері бойынша: 18–21 жас – 6,5%, 22–29 жас – 32,2%, 30–39 жас – 25,8%, 40–49 жас – 29,0%, 50–59 жас – 6,5%. 47,8% жағдайда көрсетілетін қызметті алушылар заңды тұлғалар, 71,0% - жеке тұлғалар және 22,6% - жеке кәсіпкерлер мәртебесіндегі жеке тұлғалар, 6,5% - заңды тұлғалар болды. Қызметті электрондық форматта алған респонденттер Kaspi.kz қосымшасын пайдаланған, қағаз түрінде қызмет алғандар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) бөлімдеріне жүгінген.

50–51-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок




Зерттеудің негізгі нәтижелері

Азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жалпы қанағаттану деңгейі (қызмет көрсетудің нысанына қарамастан) 4,70 балды құрады, ал толық қанағаттанғандар үлесі – 78,8% болды.

Жоғары бағаланған критерийлер: «ақпарат және коммуникация» – *4,87 балл*, «қызметкерлер» – *4,89 балл*, «рәсім» – *4,93 балл*, «шығындар» – *4,93 балл*, «нәтиже» – *4,88 балл*. «Ортадан жоғары» деңгейде бағаланған критерийлер: «қолжетімділік және қолайлылық» – *4,58 балл*, «қызмет көрсету мерзімі» – *4,76 балл*. Орташа баға алған критерий – «кері байланыс» (*4,25 балл*). Ортадан төмен бағаланған көрсеткіш – Виртуалды көмекшінің жұмысы, оның бағасы 3,96 баллды құрады.

52-диаграмма. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (қағаз және электрондық нысанда, орташа балл және % бөлінісінде)



Қағаз түрінде көрсетілген қызметтің сапасы ортадан жоғары деңгейде бағаланды – қорытынды балл 4,75,толық қанағаттану көрсеткіші – 83,9%.

43-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпаратты табу маған оңай болды	5,00	**4,94**	100,0%	93,8%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	5,00		100,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	4,88		87,5%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	4,88		87,5%	

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	4,67	**4,61**	66,7%	66,7%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	4,56		66,7%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,89	**4,89**	88,9%	88,9%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,89	**4,94**	88,9%	94,4%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,78	**4,61**	77,8%	77,8%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,44		77,8%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	4,00	**4,00**	50,0%	50,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,00		50,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,75**		**83,9%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,64**		**78,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,92**		**92,4%**

Респонденттер «нәтиже» және «шығындар» критерийлерін 5,00 баллмен бағалады. Қызмет алушылардың бағалауы бойынша сәл төмен нәтиже көрсеткен «ақпарат және коммуникация» критерийі – 4,94 балл. Бұл ретте, респонденттер өздерінде өтінішті берудің тілін таңдау мүмкіндігі болмағанын және екі тілде бланктердің болмауын атап өтті (осы қосалқы критерий 4,88 баллмен бағаланған). Аталған мәселелер Жетісу облысында қызмет алушылар тарапынан белгіленді.

Сондай-ақ, «рәсім» критерийі 4,94 баллмен бағаланды, бірқатар респонденттер қажетті құжаттарды жинау барысында қиындықтарға тап болғанын атап өтті – бұл көрсеткіш Жетісу облысында төмен болып отыр.

«Қызметкерлер» критерийі 4,89 баллға бағаланып, қызмет алушылардың бір бөлігі Астана қаласында тұтынушыға бағдарланудың жеткіліксіздігін атап көрсетті.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі бойынша баға – 4,61 балл. Бірқатар респонденттер үшін ХҚКО ғимараттарының орналасуы (Астана, Алматы қалалары және Қарағанды облысы) мен мекемелердің жұмыс кестесі (Астана, Алматы қалалары және Қарағанды облысы) қолайсыздық тудырған.

Сол сияқты, «Қызмет көрсету мерзімі» критерийі де 4,61 баллмен бағаланды. Респонденттер ең алдымен қызмет көрсету орнында күту уақытына (4,44 балл) қанағаттанбағандарын, сондай-ақ Қағидаларда белгіленген мерзімнің өзі қолайсыз деп есептейтінін (4,78 балл) атап өтті. Аталған проблемалар Атырау, Қарағанды және Жетісу облыстарында анықталды.

Респонденттер ең төмен бағаны «Кері байланыс» критерийіне берді – ол 4,00 баллды құрады.

Өз пікірлерінде респонденттер көбінесе ақпараттық базаның істен шығу жағдайларын атап өтті, соның салдарынан қызмет алу үшін ұзақ күтуге немесе ХҚКО-ға қайта келуге тура келген. Негізгі ұсыныстардың бірі – осы қызметті көрсететін қызметкерлердің санын арттыру және ХҚКО-ның жұмыс уақытын 19:00–20:00-ге дейін ұзарту болды.

Осылайша, **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) қызметі** 4,64 баллмен бағаланды, бұл ХҚКО-ның жұмыс кестесінің қолайсыздығы мен қызмет алу кезегінде ұзақ күту уақытымен байланысты. **Уәкілетті мемлекеттік органның** қызметі 4,92 баллға бағаланды, бұл қызмет көрсету мерзіміне және қажетті құжаттарды жинау процесіне кейбір қызмет алушылардың қанағаттанбауымен түсіндіріледі.

Электрондық форматтағы қызмет көрсету сапасы орташа деңгейден жоғары – 4,65 балл, ал толық қанағаттанғандардың үлесі 73,7%-ды құрады.

44-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,59	**4,80**	68,2%	84,1%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,68	**4,55**	77,3%	71,2%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,68		72,7%	

	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,27		63,6%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,91	**4,91**	90,9%	90,9%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,91		90,9%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,91	**4,91**	90,9%	90,9%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,90	**4,86**	90,5%	88,1%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	4,81		85,7%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	3,77	**3,96**	38,5%	38,5%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,15		38,5%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	4,67	**4,50**	66,7%	50,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,33		33,3%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,76	**4,76**	76,2%	76,2%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,65**		**73,7%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,54**		**70,6%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,75**		**74,7%**

Респонденттер «рәсім» және «қызмет көрсету мерзімі» критерийлерін 4,91 баллға бағалады. Негізгі мәселе ретінде олар Порталға құжаттарды жүктеу қиындықтарын және уәкілетті органдарға жүгіну қажеттілігін атап өтті.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі 4,80 баллмен бағаланды. Респонденттердің бір бөлігі қызмет алу процесі туралы ақпараттың барлығы түсінікті болмағанын көрсетті.

«Шығындар» критерийі 4,86 баллға бағаланды, себебі барлық респонденттер үшін қызмет құны (4,90 балл) мен төлем тәсілі (4,81 балл) қолайлы болмаған. Соңғысы Kaspi банкінің сервисі арқылы ғана төлем жасау мүмкіндігімен байланысты.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі орташа деңгейден жоғары – 4,55 баллмен бағаланды. Респонденттер Порталда тіркелу және онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығына қатысты мәселелерді атап өтті.

«Кері байланыс» критерийі 4,50 баллмен бағаланды, бұл көрсеткіш шағымдарға қабылданған шаралардың (4,33 балл) респонденттердің бір бөлігін қанағаттандырмағанымен түсіндіріледі.

Ең төмен баға «Виртуалды көмекші» критерийіне берілді – 3,96 балл. Негізгі себеп ретінде сұраныстарға берілген жауаптардың толық болмауы (3,77 балл) көрсетілді.

Қорытынды нәтиже көрсеткіші орташа деңгейден жоғары – 4,76 балл. Бұл көрсеткіш қызмет көрсету мерзіміне қанағаттанбаушылықпен және құжаттарды жүктеу кезіндегі қиындықтарға байланысты.

«Электрондық үкімет» порталының қызметі 4,54 баллмен бағаланды, бұл Порталдың жұмысындағы (жылдамдық, құжаттарды жүктеу мәселелері) кемшіліктермен түсіндіріледі. Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі сәл жоғары – 4,75 баллмен бағаланды, бұл ең алдымен қызмет көрсету мерзіміне қанағаттанбаушылықпен байланысты.

Қызмет көрсету сапасын неғұрлым жан-жақты бағалау мақсатында тереңдетілген сұхбат, «жасырын сатып алушы» әдісі, фокус-топтық сұхбат - қосымша зерттеу әдістері қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат нәтижелері

Сұхбат қорытындыларына сәйкес, қызмет алушы қызмет көрсету сапасын жоғары бағалаған. Респондент қажетті құжаттарды жинау кезінде қиындықтар болмағанын атап өтті.

Негізгі қиындықтар қызмет көрсету уақытының созылуына әсер ететін мемлекеттік тіркеу базасының жұмысына байланысты екені анықталды. Егер мұндай техникалық мәселелер туындамаса, қызметті жарты сағат шамасында алуға болады.

Сондай-ақ, респонденттің пікірінше, сатушы немесе сатып алушының интернетке және EgovMobile қосымшасына қол жеткізе алмайтын жағдайларында да қиындықтар туындауы мүмкін, бұл өз кезегінде қызмет көрсету уақытына әсер етеді.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсыныс ретінде респондент қызметті Kaspi банкінің қосымшасына одан әрі интеграциялауды, мысалы, автокөлік нөмірлерін алу мүмкіндігін енгізуді ұсынды.

«Жасырын сатып алушы» әдісі

Аталған әдіс нәтижелері бойынша қызмет көрсету тәртібі жоғары бағаланған. Зерттелген барлық критерийлер бойынша «жасырын тұтынушы» қойған бағалар 5 баллға тең болды. Халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚКО) қажетті ақпараттың барлығы орналастырылғаны, қызметкерлердің қызмет көрсету процесін жедел әрі түсінікті түрде түсіндіргені атап өтілді. Ғимарат инфрақұрылымы қолайлы, күту және қызмет көрсету аймақтарында барлық қажетті бланктер мен кеңсе заттары бар. Өрт қауіпсіздігі мен келушілердің денсаулығын қорғау шаралары қамтамасыз етілген.

Негізгі ұсыным ретінде ХҚКО-ның жұмыс уақытын ұлғайту және мемлекеттік тіркеу базасының жұмысын оңтайландыру ұсынылды, себебі «жүйенің баяу жұмыс істеуі» қызмет көрсету уақытының ұзаруына әкеледі.

Фокус-топтық сұхбат

Фокус-топтық сұхбатқа 10 қызмет алушы қатысты. Олар қызметті әртүрлі тәсілдермен алған: ХҚКО арқылы, «электрондық үкімет» порталы арқылы және Kaspi банк қосымшасы арқылы.

Қатысушылардың пікірінше, соңғы бірнеше жылда қызмет көрсету сапасы өзгерген. Бір жағынан, Kaspi банк қосымшасы арқылы қызмет алу тәсілінің қолжетімді болуы ыңғайлылықты арттырған. Алайда автокөлікті ХҚКО арқылы рәсімдеу кезінде қиындықтар туындайды, себебі электрондық кезек жүйесі енгізілген, ол үшін EgovMobile қосымшасы қажет. Егер сатушы жасы үлкен және смартфонды пайдалана алмайтын болса, бұл қосымша қиындықтар тудырады.

Жалпы алғанда, қызмет көрсету сапасы жоғары бағаланды: 8 қатысушы 5 балл, ал 2 қатысушы ХҚКО-дағы ұзақ күту уақытына байланысты 3 балл қойған.

Терiс фактор ретінде қатысушылар жиі кездесетін «жұмыс істемейтін база» мәселесін атап өтті, бұл қызмет көрсету уақытының едәуір ұзаруына себеп болады.

Сондай-ақ, респонденттер қызметкерлердің біліктілігі артқанын, алайда ірі қалаларда персонал тапшылығы байқалатынын және бұл жағдай кезек пен күту уақытын арттыратынын көрсетті.

Қызметтің ақпараттық қолжетімділігі 5 баллмен бағаланды – қатысушылар қажетті ақпаратты алуға болатын ресурстардың жеткілікті екенін атап өтті.

Қызмет көрсету рәсіімін барлық респонденттер қарапайым және түсінікті деп бағалады.

Қызмет көрсету мерзімдері жалпы алғанда қолайлы деп танылды, бірақ кейбір жағдайларда мерзімнің «жұмыс істемейтін базаға» байланысты созылатыны айтылды.

Фокус-топ қатысушыларының пікірінше, негізгі мәселелердің бірі – басқа облыста автокөлікті ресімдеу кезінде сатып алушының өз нөмірін бірден қою мүмкіндігінің болмауы. Бұл жағдайда транзиттік нөмір алу қажет, ал бұрынғы нөмірлерді қайта тіркеу тек тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады.

Респонденттердің пікірінше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ, себебі қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетіледі.

Фокус-топ қатысушыларының негізгі ұсынымдары ХҚКО-ның жұмыс уақытын ұзартуға, Kaspi қосымшасында нөмірлерді сақтау және алу функциясын енгізуге, мұрагерлікті ресімдеу қызметін полициядан ХҚКО-ларға көшіруге, автокөліктерді қайта тіркеу базасының жұмыс сапасын жақсартуға қатысты болды.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, қызмет көрсету сапасы орташа деңгейде деп бағаланады. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік базаның жұмысына байланысты туындайтын мәселелермен түсіндіріледі – жүйенің баяу жұмыс істеуі мен жүктеменің артуы күту және қызмет алу уақытының ұзаруына әкеледі. Аталған мәселе қызметті қағаз түрінде де, электрондық форматта да алу кезінде байқалады. Сонымен қатар, жаппай сауалнама мен қосымша зерттеу әдістеріне қатысушылар ХҚКО-ның жұмыс уақытын ұзарту және осы қызметті көрсететін қызметкерлердің санын арттыру қажеттілігін атап өтті. Бұл мәселе әсіресе ірі қалаларда өзекті болып отыр.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар:

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Жүктеме артқан жағдайда серверлердің автоматты түрде кеңеюін (жаңа серверлерді қосуды) қамтамасыз ету.
2. Портал инфрақұрылымын деректерді кэштеу және серверлер арасындағы жүктемені теңестіру тұрғысынан оңтайландыру. Бұл сұраныстардың бірнеше сервер арасында тең бөлінуін қамтамасыз етіп, жекелеген серверлердің шамадан тыс жүктелуінің алдын алады.
3. Автокөліктерді қайта тіркеу бойынша мемлекеттік базаның жұмысын оңтайландыру жөніндегі шараларды күшейту.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызметке жоғары сұранысқа байланысты халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс кестесін өзгерту мүмкіндігін қарастыру.
2. Мұрагерлік автокөліктерді рәсімдеу функциясын жол полициясы құрылымдарынан ХҚКО-ларға беру мүмкіндігін қарастыру.
3. Сәйкессіздікті жою. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы
   2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына» өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген.

3.16. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1202008 – Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Су қорының пайдаланылуын реттеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 11 қыркүйектегі №216 бұйрығы.Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 қыркүйекте №21194 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz) және «Электрондық лицензиялау» веб-порталы (elicense.kz) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:Келісім беру – 5 (бес) жұмыс күні. Құжаттардың толықтығы 2 жұмыс күні ішінде тексеріледі. Құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда өтінімді одан әрі қараудан уәжді бас тарту беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Су қоймаларының қауіпсіздігі саласында жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат не уәжді бас тарту.


Қызмет алушылар:Заңды тұлғалар.


Құны:Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 9 респондент қатысты, оның ішінде 6 әйел (66,7%) және 3 ер адам (33,3%). Жас ерекшелігі бойынша: 30–39 жас – 11,1%, 40–49 жас – 77,8%, 50–59 жас – 11,1%. Барлық қызмет алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын заңды тұлғалар. Барлық респонденттер қызметті электрондық форматта, тікелей elicense.kz сайтына кіріп (33,3%) және авторизациялау үшін ЭЦҚ (100%) қолдана отырып, «электрондық үкімет» порталы (66,7%) арқылы өтіп барып «электрондық лицензиялау» порталында алған.

53–54-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет көрсету сапасы респонденттер тарапынан орташа деңгейде бағаланған. Қорытынды балл – 4,45 балл, ал толық қанағаттану деңгейі – 56,7% құрады.

45-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,22	**4,33**	33,3%	38,9%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,44		44,4%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	3,89	**4,00**	33,3%	33,3%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,11		33,3%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,00		33,3%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,78	**4,44**	77,8%	55,6%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,11		33,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,89	**4,89**	88,9%	88,9%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге	4,56	**4,56**	66,7%	66,7%

	қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)				
	ОРТАША БАЛЛ		**4,45**		**56,7%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,13**		**35,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,74**		**77,8%**

Жоғары баға тек бір критерий бойынша байқалды – «қызмет көрсету мерзімі» (4,89 балл / 88,9%).Шығыс Қазақстан облысының респонденті өз пікірінде қызмет көрсету мерзімінің кей жағдайларда жасанды түрде созылғанын атап өтті. Қалған критерийлер бойынша бағалар орташа деңгейде болды: «рәсім» – 4,44 балл, «ақпарат және коммуникация» – 4,33 балл, «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,00 балл.

«Рәсім» критерийін бағалау барысында респонденттер төмен бағалаған қосалқы критерий – *«Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын»* (4,11 балл). Пікірлерде респонденттер құжаттарды жүктеу кезінде Портал жұмысының үзіліп, процесті қайта бастауға тура келетінін, сондай-ақ жүктелетін файлдардың көлеміне шектеу қойылғандықтан құжаттарды тіркеу мүмкін болмағанын атап өтті. Сондай-ақ, бірқатар респонденттер электрондық форматта қызмет көрсетілгеніне қарамастан, құжаттарды жинау кезінде уәкілетті органдарға бару қажеттілігін атап өтті. Бұл қосалқы критерий 4,78 балл деңгейінде бағаланған.

«Ақпарат және коммуникация» критерийінің екі құрамдас көрсеткіші де орташа бағаланған. Қызмет алушылардың көбірек ескертуі қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қатысты болды — ол респонденттер үшін жеткілікті түсінікті болмаған (4,22 балл). Сондай-ақ, респонденттердің бір бөлігі ақпараттың барлығы екі тілде ұсынылмағанын атап өтті (4,44 балл). Қазақ және орыс тілдерінде ақпаратқа сұраныс Алматы, Қостанай және Түркістан облыстарындағы қызмет алушылар тарапынан байқалды (осы өңірлердегі бағалау 4,00 балл деңгейінде болды).

Респонденттер көбінесе Порталда тіркелу кезеңінде қиындықтарға тап болған. Бұл «рәсім» критерийінің қосалқы көрсеткіші орташа деңгейден төмен бағаланған – 3,89 балл. Сондай-ақ, респонденттерді «электрондық лицензиялау» порталының навигациясы мен іздеу жүйесі қанағаттандырмаған (4,11 балл), ал ресурстың жұмыс жылдамдығы – 4,00 балл деңгейінде бағаланған.

Қызметтің қорытынды нәтижесі қызмет алушылардың көпшілігін қанағаттандырғанымен, аталған проблемалар осы критерийдің жалпы бағасына әсер етті – 4,56 балл (қанағаттану деңгейі – 66,7%).

«Электрондық лицензиялау» порталының қызметі орташа деңгейде бағаланды – 4,13 балл (қанағаттану деңгейі – 35,2%). Бұл көрсеткішке, ең алдымен, қызмет көрсету процедурасына (порталда тіркелу, ақпарат іздеу, ресурстың жылдамдығы) қатысты қанағаттанбаушылық әсер еткен.

Уәкілетті органның қызметі ортадан жоғары деңгейде бағаланды – 4,74 балл (қанағаттану деңгейі – 77,8%). Қорытынды бағаға негізгі әсер еткен факторлар – қызмет көрсету мерзіміне қанағаттанбаушылық және электрондық форматта қызмет көрсету кезінде құжаттарды жинау үшін қосымша инстанцияларға жүгіну қажеттілігі.

Қорытындылар мен ұсынымдар


Осылайша, «Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау» мемлекеттік қызметінің сапасы орташа деңгейде деп бағаланды. Бұл, ең алдымен, «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына қызмет алушылардың қанағаттанбаушылығымен байланысты. Қызмет алу барысында респонденттер қажетті ақпаратты іздеу, Порталда тіркелу/авторизациялау, сондай-ақ онлайн-платформаға құжаттарды жүктеу кезінде қиындықтарға тап болған. Сауалнама нәтижелері мен қызмет алушылардың пікірлеріне сүйене отырып, қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында келесі өзгерістерді енгізу ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда тіркелу/авторизациялау үдерісін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **біртұтас кіру нүктесін (Single Sign-On)** енгізу механизмін әзірлеу және іске асыру қажет. Қазіргі уақытта Порталда egov.kz және egovMobile арқылы QR-кодты сканерлеу арқылы авторизация қарастырылған. Алайда, егер қызмет алушы Порталда алдын ала тіркелмеген болса, ол авторизациядан өте алмайды және elicense.kz сайтында жеке тіркеу рәсімінен өтуі тиіс.

16-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы мемлекеттік қызмет бетінің скриншоты.



Дереккөз:
https://elicense.kz/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22Pack

ageCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%9E%D0%A1%D0%92%D0%A0.%D0%A024%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222013.%D0%9C%D0%9E%D0%A1%D0%A0%D0%92.%D0%A024%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.0%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R14_MOSVR24-V1%22%7D

2. Файлдарды жүктеу кезіндегі мәселелерді шешу мақсатында Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:
   - **файл көлемін оңтайландыру**: сапасын жоғалтпай, жүктелетін файлдардың көлемін автоматты түрде оңтайландыру тетігін енгізу. Бұл серверге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.
   - **файлдың ең жоғарғы көлемін арттыру**: әсіресе көлемді құжаттарға (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) қатысты жүктелетін файлдардың ең жоғары рұқсат етілген көлемін қайта қарау және қажет болған жағдайда ұлғайту.
   - **жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі**: байланыс үзілісі орын алған жағдайда, жүктеу процесін қайта бастамай-ақ, оны жалғастыру функциясын іске асыру.
3. Ресурста орналастырылған ақпараттың екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) толық болуын тексеру. Егер ақпарат толық ұсынылмаған болса, Порталға жетіспейтін мәліметтерді жүктеу қажет. Онлайн-платформаның жұмысына жасалған талдау көрсеткендей, «Пайдаланушы нұсқаулығы» файлы тек орыс тілінде жүктеуге қолжетімді, пайдаланушы интерфейс тілін таңдағанына қарамастан.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсету қағидаларындағы ақпаратты Қазақстан Республикасының НҚА Эталондық банкінің сайтында өзектендіру. Зерттеу жүргізілген сәтте ресурс бетінде жауапты орган (қызмет көрсетуші) ретінде Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті көрсетілген. Алайда, «электрондық үкімет» және «электрондық лицензиялау» порталдарында уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі көрсетілген. Аталған сәйкессіздік, ықтимал түрде, Қағидалардың соңғы нұсқасы 2020 жылы бекітіліп, ал Су ресурстары және ирригация министрлігі Экология министрлігінен 2023 жылы бөлініп шыққанымен байланысты.
2. Қызмет көрсету қағидаларындағы ақпаратты өзектендіру (НҚА Эталондық банкінің сайтында) қызметті алу тәсілдері бөлігінде. Зерттеу барысында ресурста тек «электрондық үкімет» порталы арқылы алу тәсілі көрсетілгені анықталды. Алайда іс жүзінде қызмет «электрондық лицензиялау» порталында көрсетіледі, ал egov.kz тек шлюз-портал рөлін атқарады.

17-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің сайтындағы қызмет көрсету қағидалары скриншоты.

Стандарт государственной услуги «Аттестация организаций на право проведения работ в области безопасности плотин»		
1	Наименование услугодателя	Комитет по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – услугодатель).
2	Способы предоставления государственной услуги	Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее - портал)

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/146262/rus/1865

3. Қызмет алушы қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда, қызмет көрсетуден бас тарту рәсімін өзгерту мүмкіндігін қарастыру. Қызмет көрсетуден бас тартуды жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы пайдаланушыға хабарлама жіберу тәртібімен алмастыру ұсынылады. Бұл тәсіл қызмет көрсету үдерісін оңтайландырады, себебі қызмет алушыға барлық құжаттарды қайта жүктеп, жаңа өтінім жасау қажеттілігі болмайды.
4. Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көрсетілетін қызметті берушінің атауы сәйкестендіру.

3.17. Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1202002 – Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Су қорының пайдаланылуын реттеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 11 қыркүйектегі №216 бұйрығы.Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде **№21194** нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 10 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Су тұтынудың және су бұрудың меншікті нормаларын келісу туралы электрондық хат не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту туралы жауап.


Қызмет алушылар: Жеке және заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 21 қызмет алушы қатысты, олардың ішінде 61,9% – ер адамдар, 38,1% – әйелдер. Қызметті Қазақстан Республикасының азаматтары келесі жас санаттарында алған: 30–39 жас – 33,3%, 40–49 жас – 66,7%.

55–56-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық қызмет алушылар «электрондық лицензиялау» веб-порталы арқылы қызмет алған.Олардың ішінде 47,6% – Порталға ЭЦҚ арқылы, ал 52,4% – логин мен парольді пайдаланып кірген.Қызметті негізінен заңды тұлғалар (85,7%) алған, ал жеке тұлғалардың үлесі – 14,3%.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану бойынша орташа баға 4,98 баллды құрады,ал толық қанағаттанғандардың үлесі – 97,9% болды. Барлық мақсатты критерийлер бойынша бағалар жоғары деңгейде.

46-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысанда)

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,86	**4,93**	85,7%	92,9%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн-қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар болған жоқ	4,86	**4,95**	90,5%	96,8%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	5,00		100,0%	
	онлайн-платформа жұмысының жылдамдығы	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,98**		**97,9%**

	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,95**		**96,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

Респонденттер «рәсім», «мерзім» және «нәтиже» сияқты критерийлерге барынша жоғары баға берді – 5,00 балл және 100,0% қанағаттану деңгейі барлық жағдайларда тіркелді.

Қолжетімділік пен қолайлылық (4,95 балл, 96,8%) және «ақпарат пен коммуникация» (4,93 балл, 92,9%) критерийлері бойынша да бағалар жоғары деңгейге жақын болды. Алайда кейбір респонденттер Порталда ұсынылған қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізбесіне қатысты ақпарат әрдайым түсінікті болмағанын атап өтті (*«бастапқыда түсіну қиын болды, кейін анық болды»*). Мұндай жағдайлар Ақмола және Жамбыл облыстарында қызмет алушылар тарапынан байқалды. Сондай-ақ, кейбір қызмет алушылар «электрондық лицензиялау» порталында тіркелу кезінде техникалық қиындықтарға тап болған (*«сайтта аздаған ақаулар болды»*). Бұл туралы Атырау және Ақмола облыстарының респонденттері хабарлады.

«Шығындар», «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері есепке алынған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі, ал сауалнамаға қатысушылардың ешқайсысы шағым білдірмеген және виртуалды көмекшінің көмегіне жүгінбеген.

Алынған бағалар қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына сәйкес бөлінді. Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі ең жоғары деңгейде – 5,00 балл (100,0%) деп бағаланды. «Электрондық лицензиялау» порталының қызметі 4,95 балл және 96,0% деңгейінде бағаланған.

Сауалнамаға қатысқан азаматтардың басым бөлігі бюрократиялық кедергілерге тап болмаған, алайда Алматы және Батыс Қазақстан облыстарынан екі респондент қызмет көрсету мерзімдерінің жасанды түрде созылғанын атап өтті.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша «Су тұтынудың және су бұрудың меншікті нормаларын келісу» мемлекеттік қызметін алушылар көрсетілетін қызметтің сапасына қанағаттанғандарын білдірді. Респонденттер қызмет алу процесінде елеулі қиындықтарға тап болмаған. Алайда кейбір қиындықтар ақпараттың сапасына және «электрондық лицензиялау» порталында тіркелу рәсіміне қатысты болған.

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына келесі ұсынымдар беріледі:</u>

1. Азаматтар мен лауазымды тұлғалар үшін бірдей қолжетімді қажетті құжаттардың бірыңғай тізімін енгізу. Бұл тізімде қандай құжаттар қажет екені және оларды қандай тәсілмен алуға болатыны көрсетілуі тиіс.
2. Тіркеу формасын жеңілдету, міндетті түрде толтырылуы қажет өрістердің санын азайту.
3. Қадамдық нұсқаулықтар, интерактивті кеңестер және жаңа пайдаланушыларға арналған оқыту модульдерін енгізу.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. ҚР ӘРПК сәйкес тыңдау рәсімін жүргізу бөлігінде тиісті НҚА-ға өзгерістер енгізу

3.18. Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немес медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 602012 – Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немес медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу досьесіне өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22175 нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында жарамды тіркеу куәлігі;
2) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың (жапсырманың) және дәрілік заттың жалпы сипаттамасының қазақ және орыс тілдеріндегі тіркелген нұсқалары;
3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған қаптамалардың, жапсырмалардың және стикерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі тіркелген макеттері. Мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден немесе тіркеу досьесіне өзгерістер енгізуден бас тартылған жағдайда, уәжді бас тарту туралы жауап ұсынылады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны – электрондық.


Қызмет алушылар: Жеке және заңды тұлғалар.


Құны: Мемлекеттік тіркеу үшін алым төленген күні қолданыста болатын 11 АЕК; мемлекеттік қайта тіркеу үшін алым төленген күні қолданыста болатын 5 АЕК.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға барлығы 70 респондент қатысты, олардың ішінде: ер адамдар – 42,9%, әйелдер – 57,1%. Қызмет алушылардың басым бөлігі 40–49 жас (37,1%) және 50–59 жас (44,3%) аралығындағы азаматтар болды.

57-58-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Қызмет алушылардың көпшілігі заңды тұлғалар болды – 95,7%. Мемлекеттік қызметті жеке тұлға ретінде алғандардың үлесі 4,3% құрады. Қызметті жиі Қазақстан Республикасының азаматтары (74,3%) немесе ықтиярхаты бар азаматтар (21,4%) алған. Қызмет алу үшін респонденттердің 90,0% «Электрондық лицензиялау» порталын пайдаланған, ал 10,0% қызметті ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында алған. Барлық респонденттер қызметті алу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сауалнама қорытындысы бойынша, қызмет алушылар көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын 4,99 балл деңгейінде бағалады. Толық қанағаттану деңгейі – 98,9% құрады.

47-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн-қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар туындаған жоқ	4,99	**4,91**	98,6%	93,8%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,97		97,1%	
	Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	4,79		85,7%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,99	**4,99**	98,6%	98,6%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	4,99		98,6%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		4,99		98,9%
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,97**		**97,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**99,7%**

Бағаланған 8 критерийдің ішінен 5 критерий бойынша ең жоғары баға – 5,00 балл тіркелді: «ақпарат және коммуникация», «рәсім», «мерзім», «виртуалды көмекші» және «нәтиже» (қанағаттану деңгейі – 100,0%).

«Шығындар» критерийі бойынша орташа балл – 4,99, ал толық қанағаттану деңгейі – 98,6% болды.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі 4,91 баллмен (93,8%) бағаланған. Бұл ретте сәл төмен нәтиже көрсеткен қосалқы критерий – «Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы» (4,79 балл, 85,7%), ал қалған екі көрсеткіш дерлік ең жоғары деңгейде бағаланды (*«Онлайн-қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар туындаған жоқ»* – 4,99 балл, 98,6%, *«Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды»* – 4,97 балл, 97,1%).

«Кері байланыс» критерийі бағаланған жоқ, себебі қызмет алушылар толық қанағаттанған және олардың ешқайсысы шағым түсірмеген.

Әдіснамаға сәйкес, қосалқы критерийлер қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді.

Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі 5,00 баллмен бағаланып, оның жұмысына толық қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі 99,7% құрады. «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы 4,97 баллмен бағаланды, оған толық қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі – 97,8%.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын неғұрлым терең талдау мақсатында қызмет алушымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы бұл қызметті бірнеше рет алғанын атап өтті. Ол қызмет алу мүмкіндігі туралы ақпаратты интернеттен білген: *«Барлығы өте оңай – Яндекс іздеу жүйесіне қызметтің атауын енгізсеңіз, бірден «электрондық үкімет» порталына (egov.kz) сілтеме шығады. Сол жерден авторизациядан өтіп, «электрондық лицензиялау» порталына (elicense.kz) өтесіз».* Қызметті алғаш рет алу кезінде ол бірқатар қиындықтарға тап болып, көмек сұрауға мәжбүр болған: *«Бірінші рет алған кезде кімге ғана жүгінбедім – колл-орталыққа да, министрлікке де, заңгерлер мен «көмекшілерге» де хабарластым. Кейін өзім түсініп, келесі жолы өз бетіммен тапсырдым».* Қиындықтар негізінен Порталда тіркелу күрделілігімен және өтінімге қажетті құжаттарды тіркеу процесімен байланысты болған: *«Порталда тіркелу өте*

қиын, құжаттарды бекіткен кезде де бәрі бірден өтпейді; кейде жүйеден шығарып жібереді, сол кезде қайтадан авторизациядан өтіп, процесті басынан бастау керек; өтінім беру кезінде портал жиі істен шығып, өтінім толық берілмей қалды…». Сондай-ақ, ресурстың жұмыс жылдамдығының төмендігі (*«платформа баяу жұмыс істейді»*) және интерфейстің қолайсыздығы (*«барлығы бірігіп кеткен сияқты»*) атап өтілді. Респонденттің айтуынша, egov.kz порталы қарапайым азаматтар үшін түсініктірек және ыңғайлы, ал elicense.kz ресурсын пайдалану үшін қосымша компьютерлік дағдылар қажет: *«Егер бұрын бұл платформаны пайдаланбаған болсаң, бірден бастау қиын».* Алайда, респондент атап өткендей, платформаны жиі пайдалану барысында бұл қиындықтар біртіндеп азаяды. Аталған мәселелерді шешу мақсатында қатысушы порталда ақпарат іздеу және қызмет алу бойынша нұсқаулық материалдарды орналастыруды, сондай-ақ порталдың жұмыс жылдамдығын арттыруды ұсынды.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Сауалнама нәтижелері бойынша қызмет алушылардың көпшілігі мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанған. 5 критерий бойынша абсолютті қанағаттану деңгейі тіркелген, ал қалған көрсеткіштер жоғары деңгейге жуық мәнге ие. Барлық респонденттер көрсетілген қызметтің сапасына риза болып, шағымданған жағдайлар тіркелмеген. Қызмет алушылар тарапынан тек бір ескерту – «Электрондық лицензиялау» онлайн-платформасының жұмыс жылдамдығының жеткіліксіздігі болды. Алайда бұл фактор қызмет көрсету нәтижесіне деген жалпы қанағаттануға әсер етпеген.

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына ұсынымдар:</u>

1. Электрондық платформаның жұмыс жылдамдығын арттыру мақсатында (ақпаратты жүктеу, сұраныстарды өңдеу және т.б.) келесі шараларды іске асыру ұсынылады:
    - Портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерін тексеру;
    - Жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу компоненттерін жаңарту және ақауларды жою;
    - Порталдың өткізу қабілетін және резервтік қуатын арттыру;
    - Мониторинг және хабарландыру жүйесін енгізу: порталдың қолжетімділігі мен жұмыс жылдамдығын тұрақты бақылап, ақаулар туындаған жағдайда жедел әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;
    - Тұрақты жүктемелік тестілеуді жүргізу: порталдың көптеген пайдаланушылар жағдайындағы тұрақтылығын тексеру және ықтимал мәселелерді алдын ала анықтау үшін стресс-тесттер өткізу.

3.19. Фармацевтикалық қызметке лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 602009 – Фармацевтикалық қызметке лицензия беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт:«Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 мамырда №28085 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру – өтінімді тіркеу сәтінен бастап 15 жұмыс күні ішінде; Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу – өтінімді тіркеу сәтінен бастап 3 жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру; не уәжді бас тарту туралы жауап ұсыну.


Қызмет алушылар: Жеке және заңды тұлғалар.


Құны: Фармацевтикалық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру – 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК); Лицензияны қайта ресімдеу – тиісті мөлшерлеменің 10% көлемінде.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Қызмет алушылардың жаппай сауалнамасына 110 респондент қатысты. Олардың ішінде: ер адамдар – 26,4%, әйелдер – 73,6%. Қызметті ең жиі 30–39 жас және 40–49 жас аралығындағы азаматтар алған (әрқайсысы 39,1%).

59–60-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Респонденттердің жалпы санының ішінде мемлекеттік қызметті алғандардың 75,5% – заңды тұлғалар, ал 24,5% – жеке тұлғалар болып табылады. Қызмет алушылардың басым бөлігі (90,0%) қызметті онлайн форматта – «электрондық лицензиялау» порталы арқылы, ал 10,0% – ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 4,95 баллды құрады. Толық қанағаттанғандардың үлесі – 95,0%, яғни қызмет алушылардың абсолютті көпшілігі көрсетілген қызмет сапасына риза болған.

48-кесте. Ұпайларды бөлу(электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн-қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,92**	100,0%	91,8%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,93		91,8%	
	Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	4,84		83,6%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,99**	98,2%	98,2%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,98		98,2%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат	4,75	**4,75**	75,0%	75,0%

	алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,75		75,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,95**		**95,0%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,92**		**91,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**99,6%**

8 критерийдің ішінен 4 критерий бойынша ең жоғары көрсеткіштер – 5,00 балл (толық қанағаттану деңгейі 100,0%) тіркелді: «ақпарат және коммуникация», «мерзім», «шығындар» және «нәтиже».

«Рәсім» критерийі бойынша деректер ең жоғары мәнге өте жақын: орташа балл – 4,99, ал толық қанағаттану деңгейі – 98,2%.

Қызметтің қолжетімділігі мен қолайлылығы респонденттер тарапынан 4,92 баллмен бағаланды, бұл көрсеткіш бойынша 91,8% респондент толық қанағаттанған.

Виртуалды көмекшінің жұмысы 4,75 баллмен бағаланып, оның қызметіне толық қанағаттанғандардың үлесі 75,0% құрады.

«Кері байланыс» критерийі бойынша бұл қызметке баға берілмеген.

Әдіснамаға сәйкес, алынған бағалар қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді. **Нәтижесінде келесі көрсеткіштер анықталды: «Электрондық лицензиялау» порталы – 4,92 балл (толық қанағаттану деңгейі – 91,5%); Уәкілетті мемлекеттік орган – 5,00 балл (толық қанағаттану деңгейі – 99,6%).**

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын неғұрлым егжей-тегжейлі талдау мақсатында «жасырын сатып алушы» әдісі және фокус-топтық сұхбат - қосымша зерттеу әдістері пайдаланылды.

«Жасырын сатып алушы» әдісі

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын тереңірек зерделеу мақсатында «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметі бойынша зерттеуге қатысқан жасырын тұтынушы қызметті алу процесінің келесі кезеңдерін атап өтті:

- Құжаттарды жинау (дайындық кезеңі). Процесс қажетті құжаттардың толық топтамасын дайындаудан басталады. Ғимарат санитариялық нормаларға сәйкес болуы тиіс (барлық үй-жайлардың ауданы ғимарат жоспарына қатаң сәйкес келуі қажет). Міндетті түрде тоңазытқыш жабдығының болуы талап етіледі (әсіресе температуралық режимде

сақталуы тиіс препараттармен жұмыс істеген жағдайда). Құжаттамада дәрілік препараттарды дайындау немесе тек сақтау жүзеге асырылатыны нақты көрсетілуі қажет. Сонымен қатар, провизор мен фармацевтпен еңбек шарттарының болуы міндетті талап болып табылады.

- Өрт қауіпсіздігін тексеру. Өрт дабылы жүйелерінің болуы және олардың жарамдылығы, эвакуация жолдарының ғимарат жоспарына сәйкестігі, өрт сөндіргіштердің және басқа да нормативтік талаптарға сай элементтердің бар-жоғы тексеріледі. Атап айтқанда, тексерудің негізгі бөлігі қойма үй-жайларына бағытталады.
- Қорытындылар алу. Барлық қажетті тексерулер мен рәсімдерден кейін уәкілетті қызметтерден (СЭС, өртке қарсы бақылау және т.б.) тиісті қорытындылар рәсімделеді. Бұл кезеңде ұзақ кідірістер болуы мүмкін, себебі құжаттарды ресімдеу процесі бір айға дейін созылуы ықтимал.
- «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы өтінім беру (қорытынды кезең). Барлық қажетті құжаттар мен қорытындылар жиналғаннан кейін өтінім электрондық лицензиялау порталы арқылы беріледі. Бұл үшін өтінімді толтырып, барлық растайтын құжаттарды тіркеу, электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ**)** бекіту және өтінімді қарауға жіберу қажет.

Жалпы алғанда, сарапшы қызмет көрсету барысында нәтиже алынғанға дейін айтарлықтай қиындықтарға тап болмаған, алайда оған СЭҚ қорытындысындағы орфографиялық қате себебінен қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауап келген. Сонымен бірге, сарапшы бұл қызметті алу кезінде азаматтар тап болуы мүмкін ықтимал проблемалық тұстарды атап өтті. Мысалы, құжаттарды жинау кезеңінде барлық техникалық талаптарды мұқият ескеру қажет, себебі деректердің сәйкессіздігі немесе арнайы жабдықтардың болмауы қызмет көрсетуден бас тарту себебі болуы мүмкін. Екінші кезеңде тексеру қатаң нормативтерге сәйкес жүргізіледі, сондықтан кез келген, тіпті ұсақ ауытқулар да үй-жайларды қайта жабдықтауды немесе құрал-жабдықты ауыстыруды қажет етуі мүмкін. Сондай-ақ, қажетті қорытындылар мен құжаттарды ресімдеудің ұзақтығына байланысты кідірістер болуы мүмкін. Мұндай құжаттарды мұқият тексеру және қателерді болдырмау қажет, өйткені кез келген қате бас тартуға және құжаттарды қайта тапсыру қажеттілігіне әкеледі. Бұл өз кезегінде уақыттық және қаржылық шығындардың артуына себеп болады.

Фокус-топ

Фокус-топтық сұхбатқа қатысушылардың көпшілігі «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметін медициналық құралдарды (соның ішінде дәріханалар арқылы) өткізу мақсатында алған — 5 адам. Екі қатысушы дәрі-дәрмектерді қоймада сақтау үшін, ал бір қатысушы — дәрілік препараттарды өндіру үшін лицензия алған. Барлық респонденттер көрсетілген қызмет сапасын жоғары бағалады және соңғы жылдары бұл қызметтің айтарлықтай қолжетімді бола түскенін атап өтті (*«қызмет алу әлдеқайда оңай болды»*).

Қызмет көрсетудің жалпы сапасына оң әсер ететін факторлар ретінде фокус-топ қатысушылары қызмет көрсетушілердің тәжірибесін, электрондық платформаның жұмыс жылдамдығын және құжаттарды жинау процесінің жеңілдігін атады. Ал теріс әсер ететін факторлар ретінде олар қызмет көрсетуші қызметкерлердің біліксіздігін және бюрократиялық кідірістерді көрсетті. Респонденттердің пікірінше, қалалардағы қызметкерлердің кәсіби деңгейі

жоғарырақ.

Қызмет туралы ақпараттың жартысын респонденттер Қағидалардан, ал қалған жартысы «электрондық үкімет» порталынан алған. Қатысушылардың басым бөлігі ақпараттың сапасына толық қанағаттанғанын білдірді. Бір қатысушы ғана ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне қатысты ескерту жасады: *«Дәріханаға лицензия алу үшін не қажет және қалай рәсімдеу керектігі туралы ақпаратты толығырақ түсіндірсе жақсы болар еді.»*

Қызмет көрсету мерзіміне қатысты фокус-топ қатысушылары жалпы алғанда қанағаттанған. Алайда екі респондент құжаттарды қайта тапсыруға мәжбүр болған, бірақ қайталап берген соң барлығы сәтті өткен. Тағы екі қатысушы мерзімнің созылғанын атап өтті.

Жалпы респонденттер қызметті қолжетімді деп бағалағанымен, оны алу кезінде кездескен бірқатар негізгі қиындықтарды атады. Бірінші кезекте, бұл – құжаттарды жинау процесінің күрделілігі: *«Құжаттарды жинау қиын әрі көп уақыт алады», «бірыңғай стандарт жоқ», «қызметті алу орны ескерілмейді – қалада оңай, ал аудандарда қиын», «құжаттардың саны тым көп».* Кейбір респонденттер осы себептен заңгерлердің көмегіне жүгінуге мәжбүр болған. Бір қатысушы бұл жағдайды оң фактор ретінде бағалады: *«Бір жағынан, бұл жақсы, себебі кездейсоқ адамдар мұндай лицензия ала алмайды»*, бірақ сонымен қатар мойындады: *«Кейде жәрдем көрсеткендерге «алғыс білдіруге» немесе қызметті жеделдету үшін ақылы көмекке жүгінуге тура келеді».* Қажетті құжаттарды жинау көп жағдайда ілеспе ұйымдардың жұмысына (СЭҚ, өрт сөндіру қызметі және т.б.) байланысты. Респонденттер бұл ұйымдардың жұмыс жылдамдығының төмендігін (*«баяу істейді», «менің құжаттарым ұзақ уақыт қаралды, еске салып, асықтыруға тура келді»*), сондай-ақ талапшылдығының жоғары екенін атап өтті (*«өрт сөндірушілер мен СЭҚ барлық ұсақ-түйекке мән береді», «әр детальды тексереді, болмашы қате болса да бас тартады», «аудандарға қатысты көбірек түсініктік қажет»*).Респонденттердің пікірінше, мұндай жағдайлардың бір себебі - сыбайлас жемқорлық тәуекелдері. Олар уәкілетті ұйымдар құжаттарға қол қою мерзімін әдейі созатынын және шамадан тыс талап қоятынын атап өтті. Бес қатысушы мұндай мәселелерді бейресми жолмен шешуге тура келгенін (*«құжаттар өткізілуі үшін», «олардың мақұлдауын алу үшін»*), алайда егжей-тегжейлі түсініктеме беруден бас тартқанын айтты. Тағы екі қатысушы қызметті алу үшін жеке байланыстарын пайдаланған.Сонымен қатар, бірнеше қатысушы порталдың жұмыс жылдамдығына қатысты мәселелерге назар аударды.

Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында фокус-топ қатысушылары ең алдымен құжаттар топтамасының көлемін азайту, сондай-ақ қызмет көрсету процесінде қорытынды беретін ұйымдарға (СЭҚ, өрт сөндіру қызметі және т.б.) әсер ету тетігін құруды ұсынды. Бұл шаралар олардың тарапынан жедел және тиімді кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, сауалнамаға қатысқан азаматтардың басым бөлігі аталған мемлекеттік қызметті алу сапасына оң баға берген. Қызмет сапасы критерийлері бойынша көрсеткіштер 4,75-тен 5,00 баллға дейін ауытқиды, ал қызмет көрсету процесіне толық қанағаттанғандардың үлесі 75,0%-дан 100,0%-ға дейін құрады.Респонденттердің шағын бөлігі (екі адам) ғана қызмет алу барысында бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратқанын, соның салдарынан қанағаттанбаушылық білдіргенін атап өтті.

«Электрондық лицензиялау» порталына ұсынымдар

1. Электрондық платформаның жұмыс жылдамдығын арттыру мақсатында (ақпаратты жүктеу, сұраныстарды өңдеу және т.б.) келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:
    - портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерін тексеру;
    - жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу компоненттерін жаңарту, сондай-ақ ақауларды жою;
    - порталдың өткізу қабілетін және резервтік қуатын арттыру;
    - мониторинг және хабарландыру жүйесін енгізу: порталдың қолжетімділігі мен жұмыс жылдамдығын тұрақты бақылап, ақаулар туындаған жағдайда жедел әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;
    - тұрақты жүктемелік тестілеу жүргізу: порталдың пайдаланушылар саны көп жағдайда тұрақтылығын тексеру және ықтимал мәселелерді алдын ала анықтау үшін стресс-тесттер өткізу.
2. Пайдаланушы интерфейсін жетілдіру және оны түрлі деңгейдегі цифрлық сауаттылыққа ие азаматтар үшін барынша ыңғайлы ету мақсатында:
    - порталдың ағымдағы UX/UI-дизайнына кешенді аудит жүргізу, оған тәуелсіз кәсіби мамандарды тарту;
    - азаматтардың мақсатты топтары арасында сауалнамалар мен тестілеулер өткізу арқылы порталмен өзара әрекеттесудегі проблемалық тұстарды анықтау;
    - қарапайымдылық пен қолжетімділік қағидаттарына (оның ішінде WCAG стандарттарына) сәйкес келетін жаңартылған интерфейс әзірлеу, сондай-ақ оны әртүрлі құрылғыларға бейімдеу;
    - қадамдық нұсқаулықтар, интерактивті кеңестер және жаңа пайдаланушыларға арналған оқыту модульдерін енгізу;
    - тіркеу формасын оңтайландыру, яғни міндетті түрде толтырылуы қажет өрістер санын қысқарту.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсететін қызметкерлермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, осылайша мұндай жағдайлардың қайталануына жол бермеу.
2. Қызмет көрсету талаптары мен рәсімдері сипатталған нормативтік құқықтық актіде қажетті құжаттардың нақты және толық тізімін көрсету және оны барлық электрондық ресурстарда (Egov.kz, Elicense.kz, Adilet.kz, Adilet.zan.kz, Gov.kz және т.б.) орналастыру.
3. Фармацевтикалық қызметке лицензия берілген жағдайда - жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде проактивті форматқа ауыстыру.

3.20. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 202007 – Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 14 маусымдағы №11-1-2/263 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14093 нөмірімен тіркелген. (Ескерту. Қосымша 3 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №11-1-4/226 және 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №11-1-4/663 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен бірге).

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған), сондай-ақ қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы, сондай-ақ «электрондық үкімет» порталы (www.egov.kz) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: ҚР шетелдік мекемелері арқылы – 2 жұмыс күні, Портал арқылы – 1 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу қағидаларының (бұдан әрі - қағидалар) 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қосымша парақ немесе уақытша есепке қою туралы хабарлама (көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүгінген кезде) немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша еркін нысанда есепке қою немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы анықтаманы ресімдеуге болады.


Қызмет алушылар: Жеке тұлғалар.

Құны: Тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға барлығы 24 қызмет алушы қатысты, оның ішінде: әйелдер – 62,5%, ерлер – 37,5%. Респонденттердің 45,8% қызметті қағаз түрінде ҚР шетелдегі мекемелері арқылы алған, ал 54,2% – электрондық форматта, яғни «электрондық үкімет» порталының мобильдік қосымшасы арқылы пайдаланған.


61–62-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының орташа бағасы – 4,89 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 89,1% құрады.

63-диаграмма. Мемлекеттік қызметті қағаз және электрондық форматта көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (орташа балл және % бөлінісінде)



Қызмет қағаз түрінде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы көрсетілетіндіктен, респонденттердің бағалары тікелей Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қызметіне қатысты. Мемлекеттік қызметті қағаз форматында көрсету сапасының орташа көрсеткіші – 4,94 балл, ал толық қанағаттану деңгейі – 93,9% құрады.

49-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті алу тәртібі, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты табу маған оңай болды.	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	5,00		100,0%	

	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	5,00		100,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	4,73	**4,73**	72,7%	72,7%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**4,91**	100,0%	90,9%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,82		81,8%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,94**		**93,9%**

Мақсатты критерийлердің жартысы бойынша сапа мен қанағаттанудың ең жоғары көрсеткіштері тіркелді: «ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық», «рәсім», «нәтиже» (5,00 балл, 100,0%).

Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне берілген баға да ең жоғары көрсеткішке жақын – 4,91 балл, толық қанағаттанғандардың үлесі – 90,9%. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 27,3% - қызметті 1-4 күн ішінде алғанын атап өтті. Қағаз форматындағы қызмет көрсету мерзімі 2 жұмыс күні болып белгіленгендіктен, жекелеген азаматтар қызметті регламенттік мерзімнен асып алған болуы мүмкін деп болжанады.

Қызметкерлердің жұмысының сапасы респонденттер тарапынан 4,73 баллмен бағаланып, олардың 72,7% мамандардың жұмысына толық

қанағаттанғанын білдірді. Айта кету керек, қызметті Қазан және Куала-Лумпур қалаларында алған респонденттер уәкілетті мамандардың жұмысына толық қанағаттанған (5,00 балл), ал Бішкек қаласындағы қызмет алушылардың бағасы біршама төмен – 4,63 балл болды.

Қызмет тегін көрсетілетіндіктен, респонденттер қызмет алу барысында ешқандай шығынға ұшырамаған. Қызмет көрсету процесіне жоғары қанағаттанушылықтың арқасында шағымдар тіркелмеген.

50-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысанда)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,31	**4,66**	38,5%	69,3%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн-қызметті алу үшін порталға тіркелу барысында қиындықтар туындаған жоқ.	4,85	**4,59**	84,6%	59,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,69		69,2%	
	Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы	4,23		23,1%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,77**	100,0%	76,9%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,54		53,8%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				

	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		4,84		84,2%
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,60**		**61,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

Электрондық форматта қызмет алған респонденттер қызмет көрсету сапасын біршама төмен бағалады – 4,84 балл, толық қанағаттану деңгейі – 84,2%. Ең жоғары баға (5,00 балл, 100,0%) келесі критерийлер бойынша тіркелді: «мерзім», «кері байланыс» және «нәтиже».

«Рәсім» критерийі 4,77 баллмен бағаланып, толық қанағаттану көрсеткіші – 76,9% болды. Респонденттер Порталға қажетті құжаттарды жүктеу кезінде қиындықтарға тап болған, соның салдарынан бұл қосалқы критерийге 4,54 балл (53,8%) қойылған. Мұндай мәселелерді Баку, Омбы және Ыстамбұл қалаларында қызмет алғандар атап өтті.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі ортадан жоғары деңгейде бағаланды – 4,66 балл (69,3%). Қызмет алушылардың пікірінше, Порталда ұсынылған қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат әрдайым түсінікті болмаған. Бұл қосалқы критерий 4,31 баллмен, толық қанағаттану деңгейі 38,5% болып бағаланды. Мұндай пікірлер Баку, Варшава, Омбы, Оттава және Ыстамбұл қалаларында тіркелген.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі 4,59 баллмен бағаланып, толық қанағаттанғандардың үлесі – 59,0%. Бұл нәтижеге әсер еткен негізгі факторлар: Порталда бағдарлану мен ақпарат іздеудің қиындығы – 4,69 балл (69,2%); Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығының төмендігі – 4,23 балл (23,1%). Ақпаратты іздеу бойынша ең көп қиындық Рим мен Ыстамбұлдағы респонденттерде байқалды, ал жүктеу жылдамдығының төмендігі Баку, Варшава, Омбы, Оттава, Рим және Ыстамбұл қалаларында тіркелген. Бірқатар респонденттер ашық түрде келесі пікірлерді білдірді: *«Қызметті растау кезінде портал қатып қалды», «Жылдам интернет болса да, портал жиі істен шығады, бұл мәселені шешу қажет», «Порталда тіркелу өте күрделі, ол бірнеше рет шығып кетеді, сондықтан Digital ID-ды қайта тіркеуге тура келеді», «Сайт бірнеше рет қатып қалды, бәрін басынан бастауға тура келді».*

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын азаматтарды есепке қою» мемлекеттік қызметін көрсету сапасына берілген баға жоғары.Респонденттердің көпшілігі қызмет алу процесіне толық қанағаттанғанын білдірді. Алайда, қызметті электрондық

форматта алған респонденттер тарапынан бірқатар қиындықтар аталып өтті. Олар негізінен «электрондық үкімет» порталының жұмыс жылдамдығы мен интерфейсінің сапасына қатысты болды. Сонымен бірге, бұл факторлар қызмет көрсету нәтижесіне деген жалпы қанағаттанушылыққа әсер етпеген, өйткені нәтиже көрсеткіші ең жоғары деңгейде қалып отыр.

<u>«Электрондық үкімет» порталына ұсынымдар:</u>

1. Электрондық платформаның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында:
   - портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерін тексеру;
   - жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу компоненттерін жаңарту, ақауларды жою;
   - жүктелетін құжаттардың форматтарын сәйкестендіру, рұқсат етілген форматтар мен талаптардың толық тізімін Порталда жариялау;
   - порталдың өткізу қабілетін және резервтік қуатын арттыру;
   - тұрақты жүктемелік тестілеу жүргізу (стресс-тесттер) арқылы порталдың көптеген пайдаланушылар жағдайындағы тұрақтылығын тексеру және ықтимал мәселелерді уақтылы анықтау.
2. Пайдаланушы интерфейсін жетілдіру және түрлі деңгейдегі цифрлық сауаттылыққа ие азаматтар үшін ыңғайлылығын арттыру мақсатында:
   - Порталдың қазіргі UX/UI-дизайнына кешенді аудит жүргізу, тәуелсіз мамандарды тарту;
   - Азаматтардың мақсатты топтары арасында сауалнамалар мен тестілеулер өткізу арқылы пайдаланудағы қиындықтарды анықтау;
   - Қарапайымдылық пен қолжетімділік қағидаттарына (оның ішінде WCAG стандарттарына) сай келетін жаңартылған интерфейс әзірлеу, оны әртүрлі құрылғыларға бейімдеу;
   - Қадамдық нұсқаулықтар, интерактивті кеңестер және оқыту модульдерін енгізу;
   - Тіркеу формасын оңтайландыру, міндетті түрде толтырылатын өрістердің санын азайту.

3. Порталға файлдарды жүктеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:
   - **Файл өлшемін оңтайландыру**: Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай, олардың өлшемін автоматты түрде оңтайландыру жүйесін енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, файлдарды жүктеу процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді.
   - **Файлдың ең жоғарғы рұқсат етілген өлшемін арттыру**: Қажет болған жағдайда, әсіресе көлемі үлкен құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) үшін жүктелетін файлдардың максималды өлшемін қайта қарау және ұлғайту.
   - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі**: Байланыс үзілісі кезінде жүктеу процесін қайта бастамай, оны жалғастыру функциясын іске асыру, бұл пайдаланушылардың уақытын үнемдеуге және процесті жеңілдетуге мүмкіндік береді.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. 2025 жыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тексеру және оның бұзылу себептерін анықтау(объективті жағдайларға немесе жауапты орындаушылардың кінәсіне байланысты екенін нақтылау).
2. Қызмет көрсету мерзімінің созылуына себеп болған факторларды жедел түрде жою.
3. Осындай жағдайлар қайталанған жағдайда, қызмет алушыларды мерзімнің созылғаны және оның себептері туралы уақтылы хабардар ету, сондай-ақ өтінімді басым тәртіппен қарауды қамтамасыз ету.

3.21. Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 202004 – Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын, сондай-ақ шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамаларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №11-1-4/192 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 маусымда №20857 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері және «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1. жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап көрсету мерзімі – күнтізбелік он бес күн өткен соң;
3. некеге (ерлі-зайыптылыққа) түсетін адамдардың бірлескен өтініші бойынша, тиісті құжаттармен расталған ерекше мән-жайлар (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде көрсетілетін қызметті беруші неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу орны бойынша күнтізбелік он бес күн өткенге дейін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тағайындайды не көрсетілетін қызметті алушылардың жазбаша өтініші негізінде бұл мерзімді, бірақ күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге арттырады;
4. ерекше мән-жайлар (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнген және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге (ерлі-зайыптылыққа) кіретін адамдардың қалауы бойынша себептерін және растайтын құжаттарын міндетті түрде көрсете отырып, өтініш берілген күні жүргізіледі;

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы куәлік, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.


Қызмет алушылар:Жеке тұлғалар.

Қызмет құны: Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі - консулдық алым мөлшерлемелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы №11-1-4/227 бұйрығына (шетел аумағында консулдық іс-әрекеттер жасау үшін консулдық алым мөлшерлемелерін бекіту туралы) сәйкес.Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18702 болып тіркелген.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 14 қызмет алушы қатысты, оның ішінде 6 респондент (42,8%) қызметті ҚР шетелдегі мекемелері арқылы, ал 8 респондент (57,2%) — «электрондық үкімет» порталы арқылы алған.

64–65-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок




Барлық қызмет алушылар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады,олардың ішінде ер адамдар – 64,3%, әйел адамдар – 35,7%,жас және орта жастағы азаматтар басым:22–29 жас – 28,5%, 30–39 жас – 57,1%, 40–49 жас – 14,2%.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Шетелде неке (ерлі-зайыптылық) қиюды мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау нәтижесінде қызмет сапасының орташа балы – 4,97 балл, ал толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 96,8% болды. Барлық дерлік бағалау критерийлері бойынша ең жоғары көрсеткіштер тіркелген, тек қызмет көрсету мерзіміне қатысты көрсеткіш сәл төмен – 4,82 балл, қанағаттану деңгейі – 81,3%.

66-диаграмма. Мемлекеттік қызметтің қағаз және электрондық нысанда көрсетілу сапасына қанағаттану деңгейі (орташа балл және % бөлінісінде)



Қызметтің қағаз түрінде көрсетілуі Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы жүзеге асырылатындықтан, қызмет алушылардың бағалары ҚР Сыртқы істер министрлігі қызметінің сапасына тікелей қатысты болып табылады. Осы жағдайда қызмет көрсету сапасының орташа балы – 4,96 баллды, ал толық қанағаттану деңгейі – 96,4% құрады.

51-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Қызметті алу тәртібі, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты табу маған оңай болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	5,00		100,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	5,00		100,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**4,75**	50,0%	75,0%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,88		100,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,96**		**96,4%**

5,00 балдық баға мен қызмет алушылардың толық қанағаттануын «ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық», «қызметкерлер», «рәсім», «шығындар» және «нәтиже» критерийлері бойынша көрсеткіштер иеленді. Қызмет ақылы түрде көрсетілетініне (35 АҚШ доллары) қарамастан, барлық респонденттер оның құнын қолайлы деп бағалады.

Барлығынан төмен баға «мерзім» критерийі бойынша тіркелді — 4,75 балл, толық қанағаттану деңгейі – 75,0%. Сонымен бірге, респонденттердің жартысы қызметті өтініш берген күні-ақ алған, бұл регламентте көрсетілген ерекше жағдайларға байланысты болуы мүмкін (баға – 5,00 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100,0%). Ал қалған жартысы қызметті әдеттегі тәртіппен, яғни белгіленген мерзімде алған, олардың бағасы – 4,00 балл, толық қанағаттану деңгейі – 0,0%.

Электрондық форматта қызмет алған респонденттердің орташа бағасы – 4,97 балл, толық қанағаттану деңгейі – 97,2%. «Электрондық үкімет» порталының жауапкершілік аймағына кіретін критерийлердің бағасы – 4,98 балл (толық қанағаттану – 98,2%), ал уәкілетті мемлекеттік органның қызметі – 4,97 балл (толық қанағаттану – 96,9%). Екі жағдайда да бағалар ең жоғары көрсеткіштерге өте жақын.

52-кесте. Ұпайларды бөлу (электрондық нысанда)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,96**	100,0%	95,8%

	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,88		87,5%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,88	**4,88**	87,5%	87,5%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,97**		**97,2%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,98**		**98,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,97**		**96,9%**

«Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы» (4,88 балл және 87,5%) және «қызметті алу үшін қажетті мерзім» (4,88 балл және 87,5%) критерийлері абсолюттік көрсеткіштерге жетпегенімен, олардың сапасы жоғары деңгейде деп бағаланады.

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Шетелде неке (ерлі-зайыптылық) қиюды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету сапасына берілген баға ең жоғары көрсеткішке жақын, ал анықталған проблемалық жайттар жүйелі сипатқа ие және негізінен онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығына мен қызмет көрсету мерзіміне байланысты.

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Порталға файлдарды жүктеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында, Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:
    - **Файл көлемін оңтайландыру**: Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай, олардың өлшемін автоматты түрде оңтайландыруды енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, файлдарды жүктеу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.
    - **Файлдың ең жоғарғы рұқсат етілген көлемін арттыру**: Қажет болған жағдайда, әсіресе көлемі үлкен құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) үшін жүктелетін файлдардың максималды өлшемін қайта қарап, ұлғайту.
    - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігін енгізу**: Байланыс үзілісі кезінде жүктеу процесін қайта бастамай, оны жалғастыру функциясын іске асыру. Бұл пайдаланушыларға уақытты үнемдеуге және процесті жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызметті қалыпты (штаттық) тәртіпте көрсету мерзімін 7 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.

3.22. Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 2303002 – Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 17 қазандағы №488-НҚ бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қазанда №35283 нөмірімен тіркелген.

Қызметті көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 10 жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесі: Отандық теле-, радиоканалды есепке қою (қайта есепке қою) туралы куәлік, куәліктің телнұсқасы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет алушылар: Жеке және заңды тұлғалар.


Қызмет көрсету құны: Куәлік беру: өзге тақырыптар үшін-5 АЕК, балалар және ғылыми тақырыптар үшін-2 АЕК. Телнұсқа беру: өзге тақырыптар үшін - 4 АЕК, балалар және ғылыми тақырыптар үшін-1,6 АЕК. Теле -, радиоарнаны қайта есепке алу-тегін

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 9 қызмет алушы қатысты. Олардың басым бөлігі – әйелдер (66,7%),және 30–39 жас аралығындағы тұлғалар (66,7%).

67-68-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Аталған мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға көрсетіледі. Сауалнамаға тек заңды тұлғалар қатысты, олардың барлығы – Қазақстан Республикасының азаматтары. Қызмет «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алынған.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері

«Отандық теле-, радиоканалды есепке қою, қайта есепке қою және куәлік беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасы респонденттер тарапынан 4,80 балл деңгейінде бағаланды. Аталған қызметке толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 80,3%.

53-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,89	**4,89**	88,9%	88,9%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,89		88,9%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,78	**4,59**	77,8%	59,3%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,33		33,3%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,67		66,7%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,56	**4,56**	55,6%	55,6%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,56		55,6%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,67	**4,67**	66,7%	66,7%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,89	**4,94**	88,9%	94,5%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	

НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,78	**4,78**	77,8%	77,8%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,80**		**80,3%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,79**		**79,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,81**		**81,5%**

8 критерийдің ішінен 2 критерий — «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» — 5 баллмен (толық қанағаттану деңгейі – 100,0%) бағаланды.

Қалған көрсеткіштердің бағасы 4,56–4,94 балл аралығында болды. Салыстырмалы түрде жоғары баға мен қанағаттану деңгейі «шығындар» (4,94 балл, 94,5%) және «ақпарат және коммуникация» (4,89 балл, 88,9%) критерийлері бойынша тіркелді.

Қызмет көрсету нәтижесінің бағасы – 4,78 балл, оның ішінде 77,8% респондент бұл критерийді 5 баллмен, ал қалғандары 4 баллмен бағалады.

«Мерзім» критерийі бойынша баға 4,67 балл, толық қанағаттану деңгейі – 66,7%.

Басқа критерийлермен салыстырғанда біршама төмен бағаланғандары — «Қолжетімділік және қолайлылық» (4,59 балл, 59,3%) және «Рәсім» (4,56 балл, 55,6%) критерийлері. Респонденттер Порталмен жұмыс істеу кезінде қиындықтарға тап болған, негізінен ақпаратты іздеу мен порталдың жұмыс жылдамдығына қатысты. Порталда бағдарлану мен ақпаратты іздеу ыңғайлылығы – 4,33 балл (толық қанағаттану – 33,3%), ал порталдың жұмыс жылдамдығы – 4,67 балл (толық қанағаттану – 66,7%).

Қызмет алу процедурасына қатысты респонденттер қажетті құжаттарды жүктеу кезінде аздаған қиындықтар туындағанын атап өтті (баға – 4,56 балл, толық қанағаттану – 55,6%), бұл, ықтимал түрде, порталдың техникалық жылдамдығына байланысты. Айта кету керек, қызмет алу рәсімі толық автоматтандырылған, алайда *«Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті»* деген тұжырыммен толық келісетін респонденттердің үлесі 55,6% ғана болды, яғни қиындықтар құжаттарды жинау кезеңінде де байқалған.

Қызмет көрсетудің оң аспектісі ретінде респонденттер қосымша қаржылық шығындар мен бюрократиялық кедергілердің болмағанын атап өтті.

Көрсетілетін қызметті берушілердің жауапкершілік аймақтарына қарай қалыптастырылған қорытынды бағалары келесідей болды.

Уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі) қызметі – 4,81 балл, оның аясында 81,5% респонденттер қызмет сапасына толық қанағаттанған.

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы – 4,79 балл, толық қанағаттану деңгейі – 79,0%.

Тереңдетілген сұхбат

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің өкілімен жүргізілген тереңдетілген сұхбат нәтижелері бойынша, «Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасы оң бағаланды.

Қызмет көрсету рәсімі қарапайым және түсінікті деп танылды («Бұл қызмет түрінде ешқандай мәселе жоқ, себебі қызмет алушылар тек белгіленген нысандағы өтінішті толтырып, есепке қою үшін алым төлеуі қажет»). Алым мөлшері респонденттер тарапынан қолайлы және қолжетімді деп бағаланған: «Балалар және ғылыми бағыттағы теле-, радиоканалдар үшін – 2 АЕК, өзге тақырыптағы теле-, радиоканалдар үшін – 5 АЕК». Қызмет көрсетуге тартылған құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар саны сарапшының пікірінше, оңтайлы, ал қызмет көрсету мерзімі (10 жұмыс күні) күтілімге сәйкес және ыңғайлы деп есептеледі. Қызмет көрсетуді реттейтін нормативтік-құқықтық актілер нақты жазылған және сұрақ туындатпайды.

Сарапшы атап өткендей, қызмет көрсету процесінде мәселелі тұстар анықталмаған: бюрократиялық кедергілер жоқ, құжат жинау көлемі минималды, қызмет көрсету тәртібін бұзу фактілері тіркелмеген.

Қорытындылар мен ұсынымдар


Осылайша, сауалнамаға қатысқан азаматтардың басым бөлігі қызмет көрсету сапасына қанағаттанған. Оң тұстары: қызмет алушылар қосымша қаржылық шығындар мен бюрократиялық тосқауылдарға тап болмаған. Теріс жайттар: негізінен «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысына байланысты, атап айтқанда: ақпаратты іздеудің күрделілігі, құжаттарды жүктеу барысындағы қиындықтар және онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығының төмендігі.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Пайдаланушы интерфейсіне аудит жүргізу: порталдағы навигация мен ақпарат іздеу ыңғайлылығын талдау және жетілдіру.
2. Пайдаланушы нұсқаулығын оңтайландыру: нұсқаулық мазмұнын әртүрлі қабылдау форматтарына бейімдеу. Зерттеу кезінде нұсқаулық 68 беттен тұратын құжат түрінде ұсынылған. Сондықтан оны көрнекі инфографика немесе қысқа оқыту бейнеролигі түрінде дайындау ұсынылады. Бұл тәсіл қызмет алу ретін түсінікті және қолжетімді етеді.
3. Іздеу алгоритмін жетілдіру: қызметті ресми атауы мен негізгі кілт сөздері бойынша іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Зерттеу жүргізу кезінде қызмет тек қызметтің ішкі түрлерін енгізу арқылы табылған, бұл қызметке қол жеткізуді қиындатқан.

18-сурет. Мемлекеттік қызмет көрсету бетінің «Электрондық үкімет» порталынан алынған скриншоты




Дереккөз: https://elicense.kz/LicensingContent/ServicesList?scode=2013.%D0%9C%D0%9A%D0%98.%D0%A01

«Электрондық үкімет» порталына:

1. «Қызмет көрсету қағидалары» бөлімінде «Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа adilet.zan.kz сайты арқылы өту сілтемесін орнату (Зерттеу жүргізу кезінде бұл сілтеме «Теле-, радиоканалдарды тарату қызметімен айналысуға лицензия беру» қызметінің қағидаларына бағытталған).
2. Мемлекеттік қызметтер тізіліміндегі (РМҚ) ақпаратты өзектілендіру: мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкестендіру («Отандық теле-, радиоканалды қайта есепке қою» және «Отандық теле-, радиоканалды есепке қою» атты қызметтің ішкі түрлерін енгізу, әрбір ішкі түр бойынша қызметтің ақылы немесе тегін екендігін нақты көрсету).

19-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызметтер тізілімінің скриншоты




№ п/п	Код государственной услуги	Наименование государственной услуги	Наименование подвида государственной услуги	Сведения об услугополучателе (физическое и (или) юридическое лицо)	Наименование центрального государственного органа, разрабатывающего подзаконный нормативный правовой акт, определяющий порядок оказания государственной услуги	Наименование услугодателя	Наименование организаций, осуществляющих прием заявлений и выдачу результатов оказания государственной услуги	Указание на веб "электронное правительство лицензирование абонентское устройство сотовой связи стационарное абонентское устройство объекты информатизации
1183.	2303001	Выдача лицензии для занятия деятельностью по распространению теле-, радиоканалов		Физические и юридические лица	МКИ	Комитет информации МКИ		Е-лицензирование
1184.	2303002	Постановка на учет, переучет, выдача свидетельства отечественного теле-, радиоканала		Физические и юридические лица	МКИ	Комитет информации МКИ		Е-лицензирование
1185.	2303003	Постановка на учет, переучет, выдача свидетельства иностранного теле-, радиоканала, распространяемого на территории Республики Казахстан		Физические и юридические лица	МКИ	Комитет информации МКИ		Е-лицензирование

Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/articles/register_public_services

3. РММ құжатында заңға тәуелді нормативтік актінің атауын «Масс-медиа саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 17 қазандағы №488-НҚ бұйрығымен ауыстырылсын. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қазанда №35283 болып тіркелді (зерттеу жүргізу кезінде ЕҰУ-да ескірген құжат көрсетілген).

20-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызметтер тізілімінің скриншоты



A	B	C	D	E	F	O	P
№ п/п	Код государственной услуги	Наименование государственной услуги	Наименование подвида государственной услуги	Сведения об услугополучателе (физическое и (или) юридическое лицо)	Наименование центрального государственного органа, разрабатывающего подзаконный нормативный правовой акт, определяющий порядок оказания государственной услуги	Меры государственной поддержки для бизнеса	Наименование подзаконного нормативного правового акта, определяющего порядок оказания государственной услуги
1	2	3	4	5	6	15	16
1183.	2303001	Выдача лицензии для занятия деятельностью по распространению теле-, радиоканалов		Физические и юридические лица	МКИ		"Об утверждении Правил оказания государственных услуг в области информации" приказ Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 2 апреля 2020 года № 101. Зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 20296.
1184.	2303002	Постановка на учет, переучет, выдача свидетельства отечественного теле-, радиоканала		Физические и юридические лица	МКИ		"Об утверждении Правил оказания государственных услуг в области информации" приказ Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 2 апреля 2020 года № 101. Зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 20296.
1185.	2303003	Постановка на учет, переучет, выдача свидетельства иностранного теле-, радиоканала, распространяемого на		Физические и юридические лица	МКИ		"Об утверждении Правил оказания государственных услуг в области информации" приказ Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 2 апреля 2020

Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/articles/register_public_services

3.23. Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 02302002 - Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 маусымда №20790 нөмірімен тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет көрсету келесі ұйымдар арқылы жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты» республикалық мемлекеттік мекемесінің кеңсесі;сол комитеттің орталық мемлекеттік мұрағаттары; облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ қала мен аудан деңгейіндегі жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік мұрағаттары; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы; «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz).

Қызмет көрсету мерзімі: 11 (он бір) жұмыс күні.


Қызмет көрсету нәтижесі: Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау үшін берілетін мұрағаттық анықтама, мұрағаттық құжаттың көшірмесі немесе мұрағаттық үзінді, сондай-ақ сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқтығы туралы жауап, немесе тиісті басқа мемлекеттік не ведомстволық мұрағатқа сұрау жіберу туралы хабарлама, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет көрсету құны: Мемлекеттік қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 312 респондент қатысты,оның ішінде ер адамдар – 50,3%, әйел адамдар – 49,7%. Қызметті негізінен орта жастағы азаматтар алған: 30–39 жас – 32,4%, 40–49 жас – 48,1%. Сонымен қатар: 22–29 жас аралығында – 8,3%, 50–59 жас аралығында – 9,3%, 60 жастан асқан – 1,9%.

69-70-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Барлық қызмет алушылар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Олардың ішінде 64,7% — жеке тұлғалар, ал 35,3% — заңды тұлғалар ретінде қызмет алған.

Қызметті алу үшін респонденттердің 7,1% Халыққа қызмет көрсету орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймағына жүгінген, ал 92,9% - «Электрондық үкімет» порталы арқылы алған. Олардың ішінде 46,9%-ы – E-gov.kz веб-порталын, ал 53,1% – eGovMobile мобильді қосымшасын пайдаланған.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі бойынша қызмет алушылар бағалаған негізгі критерийлердің орташа балы – 4,90, ал қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанған азаматтардың үлесі – 90,4%.

54-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,95	**4,94**	96,8%	97,8%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,94		98,7%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,97	**4,83**	97,1%	83,7%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,94		94,2%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,59		59,9%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,96	**4,94**	95,8%	93,6%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,91		91,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,67	**4,67**	67,3%	67,3%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	-	**-**	-	-
	Төлем тәсілі қолайлы болды	-		-	

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5.00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	4,85	**4,92**	84,6%	92,3%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,89	**4,98**	98,1%	98,1%%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,90**		**90,4%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,91**		**92,3%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,89**		**89,2%**

Бағалау критерийлерін қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарымен салыстыру қызмет алушылардың «Электрондық үкімет» порталының қызметіне (орташа баға – 4,91 балл, қанағаттану деңгейі – 92,3%) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарағанда (4,89 балл және 89,2%) жоғарырақ қанағаттанғанын көрсетті. Уәкілетті мемлекеттік органға қатысты негізгі ескерту қызмет көрсету мерзіміне байланысты болды (критерийдің бағасы – 4,67 балл, қанағаттану деңгейі – 67,3%), ал «Электрондық үкімет» порталына қатысты негізгі сын – платформаның жұмыс жылдамдығына (баға – 4,59 балл, қанағаттану деңгейі – 59,9%) қатысты тіркелді.

Мемлекеттік қызмет «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» барлық респонденттерге тегін көрсетілгенімен, 2,2% қызмет алушылар (заңды тұлғалар) қосымша ксерокөшірме мен ақылы анықтамаларға шығынданған. Алайда, бұл сомалар олардың барлығы үшін қолайлы және қиындық туғызбаған.

Респонденттердің басым бөлігі қызмет көрсету сапасын жоғары бағалады: қызмет көрсету нәтижесі – 4,98 балл (толық қанағаттану деңгейі – 98,1%), виртуалды көмекшінің жұмысы – 5,00 балл (100,0%), ақпарат және коммуникация критерийі – 4,94 балл (97,8%).

Қызмет алушылардың 11,2% қызмет алу барысында қиындықтар туындаған, соның нәтижесінде олар Порталда келесі функцияларды пайдаланған: «виртуалды көмекші» – 2,2%, «көмек» – 3,8%, «ең жиі қойылатын сұрақтар» – 5,1%. «көмек» және «виртуалды көмекші» функциялары арқылы алынған кері байланыстың толықтығына қанағаттану деңгейі – 100,0%, ал «Ең жиі қойылатын сұрақтар» бөлімінен алынған ақпарат пайдаланушылардың 75,0% қанағаттандырған.

Сауалнамаға пікір қалдырған қызмет алушылар Портал мен мобильді қосымшаның тұрақсыз жұмысын, жиі бұзылулар мен баяу жүктелуді, анықтамаларды іздеу жүйесінің күрделілігін және қызмет көрсету нәтижесін күту мерзімінің ұзақтығын атап өтті.

Қызмет көрсету сапасын неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу мақсатында фокус-топтық талқылаулар мен тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы көрсетілетін қызметтің сапасын жоғары бағалап, барлық құжаттар мен өз өтінішіне жауапты электрондық форматта және жедел мерзімде алғанын атап өтті. *«Ешқайда барудың, жеке бар уақыт жоғалтудың қажеті болмағаны өте ыңғайлы»,* – деп атап өтті респондент.

Сонымен қатар, қызметті электрондық форматта алу барысында белгілі бір қиындықтар да туындаған: *«Маған архивтік анықтама алу қажет болды. Порталда навигация өте қолайсыз, қызметті табуға көп уақыт кетті. Қызметті тапқан соң, не істеу керектігін мүлде түсінбедім. Сондықтан 1414 байланыс орталығына қоңырау шалуға тура келді. Тек толық әрі егжей-тегжейлі нұсқаулық алған соң ғана сұранымды бере алдым. Менің ойымша, бұл – порталдағы қызмет көрсету үдерісінің жеткілікті түрде ойластырылмағанын көрсетеді. Цифрландырудың мәні – әр азаматтың қызметті өз бетімен алу мүмкіндігі, демек, бәрі интуитивті тұрғыда түсінікті болуы тиіс. Ал іс жүзінде маған мамандардың көмегіне жүгінуге тура келді».*

Қызмет алушы 1414 байланыс орталығының қызметкерлерінің кәсібилігін жоғары бағалады: *«Маған бәрін тез, егжей-тегжейлі және түсінікті түрде түсіндірді, негізінен мен өтінімді оператордың басшылығымен толтырдым».*

Респонденттің айтуынша, қызмет көрсету мерзімі өз күтіліміне толық сәйкес келгенімен, көп уақыт өтінімді қалыптастыру кезеңінде жоғалған: порталда навигацияны түсінуге, қызмет көрсету тәртібін анықтауға, сондай-ақ 1414 операторынан жауап күтуге кететін уақыт көп болған.

Тереңдетілген сұхбат қатысушысы қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша келесі ұсыныстарды білдірді:

- Порталда қызметті іздеу жүйесін жедел және түсінікті ету;
- Порталда интуитивті интерфейс пен қадамдық әрекет алгоритмін енгізу, осылайша нұсқаулық алу үшін байланыс орталығына қоңырау шалудың қажеттілігін болдырмау.

Фокус-топ

Түркістан облысында өткен фокус-топтық сұхбатқа қызмет алушылар да, қызмет көрсетуші тараптың өкілі – Түркістан облыстық архивінің қызметкері де қатысты. Екі тарап та көрсетілетін қызмет сапасындағы күшті және әлсіз жақтарды атап өтті.

Қызметтің оң жақтары ретінде респонденттер қызмет алу мерзімі мен тәсілдерінің қолайлылығын көрсетті: *«Цифрландыру – бұл үлкен артықшылық. Енді үйден шықпай-ақ өтінім беруге болады», «Өте ыңғайлы, тіпті кеңесті де қазір интернет арқылы ала аламыз. Кейде немерелер көмектеседі, кейде өзіміз де түсініп аламыз». Сонымен қатар, қызметті баламалы тәсілмен алу мүмкіндігі де респонденттер тарапынан оң бағаланды: «Мен шалғай ауылда тұрамын. Бізде интернет нашар, әрі портал арқылы өтінім беруді білмеймін. Маған Түркістан облыстық мемлекеттік архивіне барып, қағаз түрінде өтініш қалдыру мүмкіндігі үлкен жеңілдік болды».* Қызмет көрсетуші тарап өкілі мұндай жүйенің жасы үлкен және шалғайдағы азаматтардың қиындықтарын азайту мақсатында енгізілгенін атап өтті. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда азаматтар мекеме басшысына жеке қабылдауға жазыла алатынын да айтты.

Қызмет көрсету мерзімі (он бір жұмыс күні) респонденттермен қанағаттанарлық деп бағаланған, алайда құжаттар көп жағдайда мерзімінен бұрын дайындалады: *«Маған өтініш бергеннен кейін екі апта күту керек деді,*

бірақ бір аптадан соң 1414-тен құжаттар дайын деген хабарлама келді». Қызмет көрсетуші түсіндіргендей, ең ұзақ мерзім – 11 жұмыс күні (15 күнтізбелік күн шамасында), алайда қызмет көбіне бұдан ерте көрсетіледі, өйткені цифрландыру мен облыстық және өңірлік архивтерде электронды бөлімдердің ашылуы бұл процеске мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, респонденттер қызмет көрсетушінің жұмысына тікелей қатысы жоқ бірқатар қиындықтарды да атап өтті. Екі қызмет алушы зейнетақы рәсімдеу кезінде құжаттарда қате мәліметтер (аты-жөн, лауазым, еңбек өтілі есебіндегі қателер) анықтаған. Бұл қателер олардың бұрынғы жұмыс орындарындағы құжаттарда кеткен. Архив өкілі түсіндірді: *«Азаматтардың құжаттарындағы қателерді түзету біздің құзыретімізге кірмейді. Заң бойынша біз түпнұсқадағы деректерді сақтай отырып, архивтік құжаттарды сол күйінде береміз. Егер сәйкессіздік табылса, біз қолдан келгенше көмектесеміз, бірақ бәрін түзете алмаймыз. Бұл мәселені ары қарай Зейнетақы төлеу орталығының заңгерлері шешеді».*

Қызмет көрсетуші атап өткендей, қызмет көрсету мерзімінің кешігуіне көбіне қызмет алушылардың өздері себеп болады: *«Көп азаматтардың еңбек кітапшасы жоқ, жұмысқа тұрған нақты күнін білмейді, шамамен көрсетеді. Бұл біздің жұмысымызды қиындатады. Соған қарамастан, азаматтар өтінішін тез орындауды талап етеді. Осындай жағдайларда түсінбеушіліктер де туындайды».*

Қызмет алушылардың негізгі ұсынысы – қызмет көрсетушіге архивтік құжаттардағы қате мәліметтерді түзету құқығын беру, яғни азаматтардың деректеріндегі сәйкессіздіктерді жою мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы алғанда, қызмет алушылар «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» қызметінің сапасына қанағаттанған. Дегенмен, кейбір респонденттер қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығына (11 жұмыс күні), онлайн платформаның жұмыс жылдамдығына және «Ең жиі қойылатын сұрақтар» бөлімінің жеткіліксіз тиімділігіне наразылық білдірген.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. «Жиі қойылатын сұрақтар» бөлімінің тиімділігін арттыру:
   - жауаптарды қарапайым және түсінікті тілмен қайта жазу, заң терминологиясын барынша азайту;
   - пайдаланушылардың қолдау қызметіне жолдаған нақты сұранымдарын талдап, оларды бөлім мазмұнына енгізу;
   - бөлімге іздеу функциясын қосу, бұл қажетті жауапты тез табуға мүмкіндік береді;
   - әр жауаптың соңында кері байланыс тетігін енгізу («Бұл жауап пайдалы болды ма?» Иә/Жоқ), бұл пайдаланушыларды қанағаттандырмаған жауаптарды анықтап, ақпаратты одан әрі оңтайландыруға мүмкіндік береді.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Қосымша ақыға жеделдетілген қызмет көрсету мерзімін (мысалы, 3-5 жұмыс күні) ұсыну.

3.24. Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 801002 – Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы.Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда №17650 болып тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: қызмет көрсетуші арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz) арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету мерзімі: қызмет алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы өтініш берген жағдайда — 1 жұмыс күні**.**

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: №39 бұйрыққа сәйкес бекітілген нысандағы құжаттарды қабылдау туралы қолхат, ЖОО-ға қабылдау туралы бұйрық. Қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде.Қызмет алушы қағаз түрінде жүгінген жағдайда — нәтиже қағаз тасымалдағышта рәсімделеді. Портал арқылы жүгінген жағдайда — қызмет алушының жеке кабинеті арқылыуәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) расталған электрондық құжат түрінде оқуға қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.


Қызмет көрсету құны: мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға барлығы 124 респондент қатысты, оның ішінде 69 әйел (55,6%) және 55 ер адам (44,4%). Жас ерекшеліктері бойынша: 22–29 жас – 12,9%, 30–39 жас – 41,1%, 40–49 жас – 19,4%, 50–59 жас – 26,6%. Барлық қызмет алушылар - жеке тұлғалар, ҚР азаматтары. Барлық респонденттер қызметті «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық форматта алған.

71–72 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет алушылар «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметінің сапасын жоғары бағалады. Қызмет сапасының орташа баллы – 4,89,ал толық қанағаттану деңгейі – 87,3%.

55-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,77	**4,89**	84,7%	92,4%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,76	**4,75**	80,6%	82,3%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,77		82,3%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,73		83,9%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,87	**4,82**	87,9%	86,3%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,77		84,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,97	**4,97**	97,6%	97,6%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,89**		**87,3%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,80**		**82,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,95**		**91,1%**

Ең жоғары баға қызмет көрсету мерзіміне берілді – 5,00 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100,0%.

Жоғары көрсеткіштерге сонымен қатар келесі критерийлердің бағалары сәйкес келеді: «нәтиже» – *4,97 балл / 97,6%*; «ақпарат және коммуникация» – *4,89 балл / 92,4%*; «рәсім» – *4,82 балл / 86,3%*.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі бойынша респонденттер біршама төмен бағалаған қосалқы критерий – «Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті» (4,77 балл / 84,7%).

«Рәсім» критерийінің *«Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті»* деген қосалқы көрсеткіші 4,87 балл деңгейінде бағаланды (қанағаттану деңгейі – 87,9%). Бұл, ең алдымен, қызмет алуға қажетті құжаттар тізіміне 075-У медициналық анықтамасының енгізілуімен байланысты, ол денсаулық сақтау ұйымына баруды талап етеді. Сонымен қатар, құжаттарды тапсырғаннан және оқуға қабылдау туралы шешім шыққаннан кейін респонденттерге кейбір түпнұсқа құжаттарды оқу орнына қағаз түрінде тапсыру қажет болған. Респонденттер сондай-ақ құжаттарды Порталға жүктеу кезінде қиындықтар болғанын (4,77 балл / 84,7%) атап өтті. Мұндай қиындықтардың себебі ретінде «электрондық үкімет» порталының жұмыс жылдамдығының төмен немесе тұрақсыз болуы көрсетілді. Бұл көрсеткіш «қолжетімділік және қолайлылық» критерийінде ең төмен бағаланған – 4,73 балл / 83,9%.

Жалпы, респонденттерде ең көп наразылық туғызған аспект – Порталдың қолайлылығы мен ыңғайлылығы болды. Аталған критерийдің орташа бағасы 4,75 балл / 86,3%. Онлайн-платформаның баяу жұмыс істеуінен бөлек, респонденттердің бір бөлігі Порталда тіркелу кезінде (4,76 балл / 80,6%) және ақпаратты іздеу, навигация процесінде (4,77 балл / 82,3%) қиындықтарға тап болған.

Қызметті алу барысында ешбір респондент виртуалды көмекшіге

жүгінбеген, бұл да Порталдың интерфейсінің жеткілікті түрде интуитивті болмауымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, ешкім шағым түсірмегенімен, 12,9% жағдайда респонденттерде наразылық немесе ескертулер болған.

Жас ерекшелігіне қарай талдау көрсеткендей, 40–49 жас және 50–59 жас аралығындағы қызмет алушылар қызмет сапасын төменірек бағалаған: орташа баллдары тиісінше 4,85 және 4,81. Ал 22–29 жастағыларда – 4,97, 30–39 жастағыларда – 4,93 балл. 40–49 жастағы респонденттер төменірек бағалаған көрсеткіштер – қызмет туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігі және Порталда тіркелу процесі (әрқайсысы 4,63 балл). 50–59 жастағы қызмет алушылар төмен бағалаған көрсеткіштер – ақпаратты іздеу ыңғайлылығы және құжаттарды Порталға жүктеу процесі (әрқайсысы 4,55 балл).

Көрсетілген қиындықтар негізінен «электрондық үкімет» порталының жұмысына қатысты болды. Осыған байланысты респонденттер порталды 4,80 баллмен бағалады (толық қанағаттану деңгейі – 82,7%). Ал Уәкілетті мемлекеттік органның қызметіне ешқандай айтарлықтай ескертулер болмаған: баға – 4,95 балл, толық қанағаттану деңгейі – 91,1%. Жоғары балл (5,0) алынбады, себебі кейбір респонденттер электрондық форматта қызмет көрсетілсе де, құжаттарды жинау үшін тиісті мекемелерге баруға тура келгенін атап өтті.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбатқа қатысушы мемлекеттік қызметті қағаз түрінде – жоғары оқу орнына құжаттарды тікелей тапсыру арқылы алған. Ол қызмет көрсетудің оң аспектілерін атап өтті, олардың ішінде: қызмет көрсету мерзімінің қолайлылығы; құжаттарды жинау рәсімінің қарапайымдылығы, өйткені талап етілетін құжаттардың бір бөлігі электрондық форматта қолжетімді және оларды «электрондық үкімет» порталынан онлайн алуға болады.

Сонымен қатар, сұхбат қатысушысы қызмет алу кезінде туындаған бірқатар қиындықтарды атап өтті:

- Қосымша құжатты талап ету – жоғары оқу орнында құжаттарды тапсыру кезінде қызмет алушыдан бастапқы тізімде көрсетілмеген *егулер картасын* (Карта прививок) ұсыну сұралған. Қызмет көрсету қағидаларына сәйкес талап етілетін негізгі медициналық құжат – 075/У нысанындағы медициналық анықтама. Егулер картасы «электрондық үкімет» порталында жүктеу үшін қолжетімсіз болғандықтан, қызмет алушы тіркеу орнында орналасқан басқа қалаға барып, құжатты қағаз түрінде алуға мәжбүр болған: *«Менен тұрғылықты жерім бойынша сақталатын егу картасын сұрады. Басқа қаладан келгендіктен, тек бір құжат үшін үйге қайтуыма тура келді. Бұл анықтаманы электрондық форматта алу мүмкін емес, себебі ол тіркеу бойынша емханада сақталады».*
- Флюорографиядан өтуге байланысты қосымша шығындар. Шығындар қызмет алушының жасы 18-де болғанымен, мектепті бітірген және студент мәртебесіне ие болмағандықтан туындаған. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатыспағаны себепті флюорографиядан тегін өту мүмкін болмаған.
- Медициналық анықтамаларды алу мерзіміне байланысты кідірістер. Қызмет көрсету мерзімі кейде созылып кетеді, себебі медициналық комиссиядан өту және тек тіркеу орны бойынша орналасқан емханалардан берілетін медициналық анықтамаларды алу қажет болады.

Қызмет алушы туындаған мәселелерді шешу мақсатында келесі ұсыныстарды білдірді:

- абитуриенттер үшін қажетті медициналық комиссиялардан тегін өту мүмкіндігін қамтамасыз ету, яғни міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі сақтандырылу мәртебесіне және тіркеу орнына қарамастан, кез келген медициналық ұйымнан өтуге рұқсат беру;
- барлық медициналық анықтамаларды «электрондық үкімет» порталы немесе Kaspi Bank қосымшасы арқылы электрондық форматта алу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Қорытындылар мен ұсынымдар


«Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін алу барысында қызмет алушылар елеулі қиындықтарға тап болмаған. Анықталған мәселелер негізінен «электрондық үкімет» порталының жұмысына байланысты болды. Респонденттер көбіне онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығына, порталда тіркелу процесіне және қажетті ақпаратты іздеу ыңғайлылығына қанағаттанбағандарын атап өтті. Қызмет алудағы негізгі қиындықтарды, негізінен, жасы үлкен респонденттер атап өткен.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар:

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Қызметті алу бойынша нұсқаулықтарды графикалық және бейне форматта әзірлеу. Бар ақпаратты құрылымдап, түрлі жас санатындағы пайдаланушылар үшін ақпаратты іздеу мен түсіну ыңғайлылығын тексеру және жетілдіру.
2. Оқуға құжат тапсыру кезінде мамандықтарды автоматты түрде анықтайтын виджет әзірлеу. Зерттеу жүргізу сәтінде қызмет көрсету бетінде респонденттер жүктей алатын екі файл ғана орналастырылған, олардың бірінде мамандықтар тізімі, екіншісінде – бейіндік пәндер көрсетілген. Осы процесті автоматтандыру ұсынылады: өтінім беру кезінде пайдаланушы мамандықты таңдағанда, жүйе оған автоматты түрде тек тиісті (дұрыс) пәндер комбинациясын көрсетуі қажет.

Сурет 21. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/pass_pryem1

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Электрондық форматта көрсетілетін қызметтерді алу кезінде ұсынылатын

құжаттардың электрондық көшірмелерін цифрлық валидациялау тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыру. Қолданыстағы ережелерге сәйкес, талапкерлер оқуға қабылданғаннан кейін оқу орнына құжаттардың түпнұсқаларын тапсыруы тиіс. Аталған кезеңді алып тастауға болады, егер электрондық көшірмелердің әрқайсысы электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы расталатын болса, бұл өз кезегінде құжаттардың заңдық күшін және түпнұсқалығын қамтамасыз етеді.

3.25. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 00803003 Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №1022 қаулысы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мен өтінішті қабылдау «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы» АҚ арқылы is.ncste.kz ақпараттық жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- Жобалар мен бағдарламалар бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама (МҒТС) қорытындысын және Ұлттық ғылыми кеңестің (ҰҒК) шешімін беру – 74 (жетпіс төрт) жұмыс күні;
- Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыруға арналған өтінімдер бойынша МҒТС қорытындысын және ҰҒК шешімін беру – 45 (қырық бес) жұмыс күні;
- Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа үміткер ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша МҒТС қорытындысын беру – 27 (жиырма жеті) жұмыс күні;
- Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет жөніндегі қорытынды (аралық) есептер, сондай-ақ іргелі зерттеу жүргізетін ғылыми ұйымдардың жобалары бойынша есептер және ҰҒК шешімдері бойынша МҒТС қорытындысын беру – 42 (қырық екі) жұмыс күні;
- ЭПКРННТД және ҰҒК қорытындысын беру бойынша жалпы мерзім – 62 (алпыс екі) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1-кезең – МҒТС қорытындысы (МҒТС балы көрсетілген) – МҒТС шекті балдан төмен балл жинаған өтінімдер бойынша, не болмаса дәлелді бас тарту немесе қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау үшін сарапшыға өтінімді беру туралы хабарлама.

2-кезең – Өтінімді ҰҒК-ге беру туралы хабарлама.

3-кезең – МҒТС қорытындысы және ҰҒК шешімі (МҒТС шекті баллынан жоғары немесе тең балл жинаған өтінімдер бойынша).


Құны: Мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын 187 респондент қатысты. Олардың ішінде: заңды тұлға мәртебесінде қызметті

алғандар – 61,0%, жеке тұлға мәртебесінде алғандар – 39,0%. Қызмет алушылардың басым бөлігі 30-39 жас (35,8%) және 40-49 жас (39,6%) аралығындағы азаматтар болды.

73-74 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу» мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау бойынша орташа балл – 4,49, ал толық қанағаттану көрсеткіші – 59,6% болды. **Алынған деректер бұл бағыт бойынша жүзеге асырылатын қызметтің сапасына қызмет алушылар тарапынан жоғары емес баға берілгенін көрсетеді. Атап айтқанда: is.ncste.kz порталының қызметі – 4,33 балл, толық қанағаттану деңгейі – 49,6%, Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі – 4,71 балл, толық қанағаттану деңгейі – 74,1%.**

56-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,45	**4,39**	53,5%	51,9%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,32		50,3%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,32	**4,33**	52,4%	47,6%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,30		47,1%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,28		43,3%	

РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,49	**4,40**	56,1%	53,2%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,30		50,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,41	**4,41**	49,7%	49,7%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,40	**4,30**	40,0%	50,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,20		60,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,64	**4,64**	64,7%	64,7%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,49**		**59,6%**
	Is.ncste.kz порталы		**4,33**		**49,6%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,71**		**74,1%**

Қызмет алушылар үшін ең айқын мәселе – қызметке қол жеткізу процесінің күрделілігі және оны алу тетігінің толық түсінікті болмауы болып табылады. Бұл жағдай келесі критерийлер бойынша төмен бағалардан көрініс тапты: «ақпарат және коммуникация» – 4,39 балл және 51,9%, «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,33 балл және 47,6%, әсіресе қажетті ақпаратты іздеу бөлігінде – 4,30 балл және 47,1%. Түсініксіз жағдайларды шешу мақсатында респонденттер «виртуалды көмекші» функциясын пайдаланған. Алайда, оның жұмысының сапасы да оларды толықтай қанағаттандырмаған: жалпы бағасы – 4,30 балл және 50,0%, сұранысқа жауап беру жылдамдығы – 4,20 балл және 60,0%, жауаптың толықтығы – 4,40 балл және 40,0%. Сауалнама қатысушылары атап өткендей: *«Қызметті қосымшада табу қиын», «Мерзім мен әрекеттердің реттілігі туралы толық ақпарат жоқ», «Хабарламаларда тым жалпы тұжырымдар бар, нақтылау үшін қосымша ақпарат іздеуге тура келеді», «Барлық кезеңдер бойынша қадамдық нұсқаулық жоқ», «Дұрыс толтырылған нысандардың үлгілері берілмеген, өз бетінше бағдарлау қиын».*

Пайдаланушылар белгілі бір дәрежеде қызмет көрсету мерзіміне (4,41 балл және 49,7%) және соңғы нәтижесіне (4,64 балл және 64,7%) де қанағаттанбағанын білдірді.

Осылайша, абсолютті қанағаттанушылық байқалған жалғыз критерий – «кері байланыс» болды (бұл ретте респонденттер «Жиі қойылатын сұрақтар» айдарының жұмыс сапасын меңзеген).

Қызмет көрсету сапасын жан-жақты талдау мақсатында тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Ақтөбе қаласында аталған қызметті алған тереңдетілген сұхбат қатысушысы жалпы алғанда көрсетілген қызметтің сапасына қанағаттанғанын атап өтті, алайда қызметті алу барысында бірқатар қиындықтарға тап болғанын да жеткізді. Негізгі сын-пікірлер қызмет алу рәсіміне, қызметкерлердің жұмысына және қызмет нәтижесін күту мерзіміне қатысты болды. Респондент қызмет алу рәсімін сипаттай келе, келесіні айтты: *«Маған ең қиыны – барлық құжаттарды дұрыс жинап, ресімдеу болды. Мұның бәрін регламентке қатаң сәйкестікпен орындау қажет, ал тіпті ұсақ қателіктердің өзі өтінімнің қайтарылуына және бүкіл процесті қайтадан бастауға әкеледі. Менің ойымша, бұл талап шамадан тыс формалданған. Сонымен қатар, кейбір құжаттарды тез жинау мүмкін болмады, себебі олар келісуді және қосымша уақытты қажет етті».*

Қиындықтар құжаттарды порталға жүктеу кезінде де туындаған: «Портал арқылы жұмыс істеу қолайсыз, ол жиі қатып қалады және үлкен көлемді файлдарды қабылдамайды». Респондент рәсімге баға бере отырып, келесіні атап өтті: «Процесті жеңілдетуге болар еді. Кей жағдайларда түрлі бөлімшелермен өзара әрекеттесу артық уақыт алады, ал рәсім сараптама сапасын жоғалтпай-ақ ықшамдалуы мүмкін». Қызмет алушы үшін тағы бір күрделі сәт – қызмет нәтижесін күту уақыты болған*: «Менің ойымша, мерзімдер анағұрлым оңтайлы болуы тиіс. Олар регламентте белгіленгенімен, іс жүзінде қарау процесі созылып кетеді. Құжаттарды тексеру және кері байланыс алу сияқты жекелеген рәсімдер күткеннен де көп уақыт алады».* Қызметкерлердің жұмысына қатысты да ескертулер болды: *«Негізгі мәселе – ақпараттың үйлеспеушілігінде. Соның салдарынан қызметкерлердің ауызша кеңестері Регламент талаптарымен сәйкес келмейді, нәтижесінде өтініш берушілер әртүрлі түсіндірмелер алады және мерзімдердің ұзаруына тап болады».*

Аталған қиындықтарды жою бойынша қызмет алушының ұсыныстары:

- Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды жеңілдету және бүкіл өтінімді қайтармай-ақ түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- Қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды нақты үйлестіруді қамтамасыз ету, түсіндірмелердің бірыңғай және уақтылы берілуін жолға қою;
- Электрондық порталдың жұмысын жетілдіру – жүйенің ақауларға төзімділігін арттыру және әртүрлі форматтағы, үлкен көлемдегі файлдарды жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу» мемлекеттік қызметін көрсету сапасына қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі жеткіліксіз деп бағаланады. Негізгі қиындықтар is.ncste.kz порталының

жұмысымен байланысты. Пайдаланушылардың ұсыныстары мен талдау нәтижелері негізінде қызмет сапасын арттыру мақсатында келесі ұсынымдар әзірленді:

Is.ncste.kz порталына ұсынымдар:

1. Пайдаланушыны әр кезеңде жетелейтін егжей-тегжейлі қадамдық нұсқаулық әзірлеу.
2. Мәліметтерді толтыру кезінде нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін кеңес-подсказкалар жүйесін енгізу.
3. Қолданбаның функционалымен алдын ала танысу үшін қызметті тестілік режимде алу мүмкіндігін қарастыру.
4. Қызмет көрсетудің әр кезеңінде дұрыс толтырылған нысан үлгілерін беру.
5. Хабарламаларды жолдау үшін қолданбаны кең қолданыстағы мессенджерлермен интеграциялау.
6. Деректер расталғаннан кейін анықтама немесе үзіндіні автоматты түрде қалыптастыруды іске асыру.

Уәкілетті мемлекеттік орган мен is.ncste.kz порталына ұсыныстар:

1. Қызмет алушы өтінімінің кезең-кезеңімен орындалуын қадағалау жүйесін енгізу. Мысалы: «Өтінім қабылданды» → «Сараптама тағайындалды» → «Сараптама жүргізілуде» → «Қорытынды дайын».
2. Күрделі және ұзақ мерзімді жобалар бойынша сараптама барысына қатысты жедел ақпарат алу үшін қызмет алушы тікелей хабарласа алатын жауапты қызметкерді бекіту.

3.26. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 706003 – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери қызметшілерін қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы №232 бұйрығы.Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20742 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толықтай автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:Қызмет «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 15 (он бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама (тіркеуге алынған күн мен кезек нөмірі көрсетіледі) – Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысанда; Әскери қызметшінің қызмет орны бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алу үшін қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама – 6-қосымшаға сәйкес нысанда; Қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама – 7-қосымшаға сәйкес нысанда.


Қызмет алушылар: Жеке тұлғалар.

Құны: Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Зерттеуге 414 респондент қатысты. Барлық қатысушылар – ер адамдар, олардың басым бөлігі 30–39 жас аралығында (95,2%).

75–76 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Сауалнамаға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар қатысты. Қызмет «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілді. Респонденттердің шамамен: 54% – қызметті ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында алған, 44,5% – қызметті веб-портал арқылы жеке

компьютерінен алған, 1,4% – eGovMobile мобильді қосымшасы арқылы пайдаланған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Респонденттер «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери қызметшілерін қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою» мемлекеттік қызметінің сапасын өте жоғары бағалады — орташа балл – 5,0, толық қанағаттану деңгейі – 99,5%.

57-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,97**	100,0%	97,4%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		99,8%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,92		92,5%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	99,8%	99,8%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**5,00**		**99,5%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,99**		**99,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**99,9%**

Сегіз негізгі критерийдің бесеуі 5,00 баллмен бағаланған: «ақпарат және коммуникация», «рәсім», «мерзім», «виртуалды көмекші».

5 балдан төмен баға алған жалғыз критерий – «қолжетімділік және қолайлылық», оның орташа көрсеткіші 4,97 балл, ал толық қанағаттану деңгейі – 97,0%. Бұл төмендеу «Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы» атты қосалқы критерийдің салыстырмалы түрде төмен бағалануы (4,92 балл) есебінен байқалды.

Зерттеу барысында «шығындар» және «кері байланыс» критерийлері бойынша бағалар алынған жоқ. Қызмет тегін көрсетілгендіктен, респонденттер оны алу кезінде қосымша шығындарға ұшырамаған. Сонымен қатар, қызметті рәсімдеу кезінде қиындықтар туындамаған және қолдау көрсетуге жүгіну қажеттілігі болмаған, сол себепті кері байланыс сапасы бағаланбаған.

Қосалқы критерийлердің әртүрлі қызмет көрсетушілер арасындағы жауапкершілік аймақтарына бөлінуін ескере отырып, келесі жиынтық бағалар анықталды:

Уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметі 5,0 баллмен бағаланып, толық қанағаттану деңгейі 99,9% құрады;

«Электрондық үкімет» порталының жұмысы 4,99 баллға бағаланды, пайдаланушылардың 99,0%-ы оның жұмысымен толық қанағаттанған.

Қызмет көрсету сапасын терең бағалау мақсатында зерттеу «тереңдетілген сұхбат» және «жасырын сатып алушы» әдістері арқылы жүргізілді. Респонденттер мемлекеттік қызметті «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық форматта алған.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбатқа қатысушының жауабы бойынша, қызметті алу процесі оңай және ыңғайлы өткен. Респонденттің колл-орталыққа немесе ХҚКО мамандарына жүгіну қажеттілігі болмаған, себебі порталдың интерфейсі «жеткілікті түрде түсінікті» болған *(«Порталдың интерфейсі өте ыңғайлы екен: әрбір қадам бойынша нені толтыру және қандай құжаттарды тіркеу қажет екені нақты көрсетілген. Кейбір өрістерді толтыру кезінде аздап күмән*

туындады, бірақ жалпы бәрін өзім шеше алдым. Қолдау қызметіне жүгінген жоқпын, сайттағы ақпарат жеткілікті болды»).

Техникалық тұрғыда да айтарлықтай қиындықтар байқалмаған. *«Бір ғана қолайсыздық – құжаттарды белгілі бір форматта жүктеу қажеттілігі, себебі бастапқыда дұрыс сақтай алмадым. Бірақ бірнеше әрекеттен кейін бәрі сәтті өтті. Жалпы, қызметті өте қолайлы деп санаймын»*. Құжаттарды дайындау кезеңінде де ешқандай кедергі болмаған, барлық қажетті анықтамалар респонденттің қолында болған және жүйеге құжаттар тез әрі қателіксіз жүктелген. Портал жұмысына берілген баға – жоғары және оң. *«Онлайн-платформа өте ыңғайлы, интерфейсі түсінікті және логикалық, ақпарат уақтылы жаңартылып отырады. Маған ұнағаны – барлық әрекетті қашықтан орындауға болады, ХҚКО немесе мемлекеттік органға барудың қажеті жоқ».*

Сонымен қатар, жақсартуды қажет ететін бір мәселе көрсетілді*: «Сайттың жұмыс жылдамдығын арттыруға болады – кейде беттер күткеннен баяу жүктеледі. Басқа айтарлықтай кемшіліктер байқалмады».*

Қорытындылай келе, қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасына жоғары қанағаттанған, және тек портал беттерінің жүктелу жылдамдығын арттыру жөнінде ұсыныс білдірген.

«Жасырын сатып алушы» әдісі

Зерттеу Шымкент қаласындағы ХҚКО-лардың бірінде жүргізілді. Респондент қызметті өзіндік қызмет көрсету аймағында алған. Жауаптарға сәйкес, ғимарат инфрақұрылымы талаптарға сай болған: автотұрақ бар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орындар қарастырылған, ғимаратқа кіруге жағдай жасалған (пандус, шақыру батырмасы), дегенмен, «*автотұрақ орындарының саны жеткіліксіз*» болған. Ғимараттың қасбетінде жұмыс кестесі ілінген («*ХҚКО уақтылы ашылды*»). Залда кеңес берушілер жұмыс істеген, отыратын орындар бар, бірақ олардың саны жеткіліксіз, әрі *кейбір орындықтар жөндеуді қажет ететіні* айтылған. Өзі-өзіне қызмет көрсету аймағындағы компьютерлер жұмыс істегенімен, респондент атап өткендей: *«ХҚКО ашылған соң техниканың жүктелуін шамамен бес минут күтуге тура келді»*, бұл белгілі бір қолайсыздық тудырған.

Қызметті алу процесі айқын әрі түсінікті деп бағаланған: «Қиындық болған жоқ, құжаттарды алдын ала дайындап келдім. Өтінімді сәтті жібердім». Алайда, кезек күтуге байланысты қолайсыздықтар болған: «Мен сағат 9:00-де келдім. Кісі көп болды, адамдар талон алу үшін кезекті сыртта күтті».

Респондент өтінімдерді қарау мерзімінің ұзақтығына ерекше назар аударған: «Өтінім беру рәсімі жеңіл болғанымен, нәтижені күту тым ұзақ. Әсіресе, бас тарту болған жағдайда қайта өтініш беру процесі көп уақыт алады».

Ұсыныс ретінде «жасырын сатып алушы» келесілерді атаған: қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, өтінім беру үшін қажетті құжаттар тізімін азайту, қызмет алу жағдайының жайлылығын арттыру (атап айтқанда, автотұрақ орнын көбейту және орындықтарды жөндеу).

Қорытындылар мен ұсынымдар

Респонденттердің басым көпшілігі қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанған. Шағын ескертулер тек порталдың жұмыс жылдамдығына, атап айтқанда, беттердің жүктелу уақытына қатысты болды. Сонымен бірге, Шымкент қаласындағы ХҚКО-да жүргізілген «жасырын тұтынушы» зерттеуі


барысында келесі мәселелер анықталды: қызмет алу жағдайының кейбір кемшіліктері (парковка орындарының жеткіліксіздігі, орындықтардың саны мен жай-күйі, жабдықтардың іске қосылуындағы кідіріс), өтінімдерді қарау мерзімдерінің ұзақтығы. Нәтижесінде, респонденттер қызмет көрсету мерзімдерін және қажетті құжаттар көлемін қысқарту, сондай-ақ қызмет алу жағдайының жайлылығын арттыру қажеттілігіне баса назар аударды.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Порталда қызмет алу бойынша пайдаланушыға арналған нұсқаулықты орналастыру – оны бейнеролик немесе инфографика форматында әзірлеу ұсынылады.
2. Порталда берілген ақпаратты қызмет көрсету қағидаларына сәйкестендіру. Қазіргі уақытта портал бетінде қызметтің көрсетілу мерзімі 30 күнтізбелік күн деп көрсетілген, алайда бұл дерек Қағидалардағы нақты мерзіммен сәйкес келмейді.

22-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/military_service/2fpass_190_md

Қағидаларға сәйкес, қызмет көрсету мерзімі – 15 жұмыс күні.

23-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги

1.	Наименование государственной услуги	«Постановка на учет нуждающихся в служебном жилище военнослужащих Вооруженны Республики Казахстан»
2.	Наименование услугодателя	Районные эксплуатационные части Министерства обороны Республики Казахстан
3.	Способы предоставления государственной услуги	Веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz (далее – портал).
4.	Срок оказания государственной услуги	15 (пятнадцать) рабочих дней

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/143268/rus/125

3. Қызмет көрсету сапасына нұқсан келтірмей, оның мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.

Шымкент қаласындағы ХҚКО-ларға арналған ұсынымдар:

1. Күту залдарындағы отыратын орындардың жеткіліктілігі мен жай-күйіне ішкі тексеріс жүргізу.Қажет болған жағдайда орындықтарды жөндеу немесе ауыстыруды қамтамасыз ету.
2. Автотұрақ аймақтарын кеңейту мүмкіндігін қарастыру.
3. ХҚКО ашылғанға дейін 15 минут бұрын техниканы іске қосу.

3.27. Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 101002 – Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 наурызда №14881 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz) арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 3 (үш) жұмыс күні. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардан (соның ішінде шетел архивтерінен) ақпарат алу қажеттілігі туындаған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қызмет алушы бір жұмыс күні ішінде мерзімнің ұзартылғаны жөнінде хабардар етіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы электрондық құжат түріндегі хабарлама, ол қызмет көрсетушінің ЭЦҚ-сымен расталады, немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы ресми жауап.


Қызмет құны: Мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Қызмет сапасын бағалауға 396 респондент қатысты, олардың барлығы – 18-39 жас аралығындағы ер адамдар. 18–21 жас аралығындағы қызмет алушылар – 61,9%, 22–29 жас аралығында – 35,9%, 30–39 жас аралығында – 2,3%. Барлық респонденттер қызметті жеке тұлға ретінде алған, оның ішінде: 14,1% – «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, 85,9% – eGovMobile мобильді қосымшасы арқылы.

77–78 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері

«Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметінің сапасы респонденттер тарапынан жоғары деңгейде бағаланған. Орташа балл – 4,97, толық қанағаттану деңгейі – 97,0%.

58-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,99**	100,0%	98,7%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		99,5%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,96		96,7%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,96	**4,97**	96,5%	96,6%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,97		96,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,90	**4,90**	90,4%	90,4%
	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,96	**4,96**	96,0%	96,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,97**		97,0%

	«Электрондық үкімет» порталы		**4,94**		**99,1%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,44**		**94,3%**

«Шығындар» және «кері байланыс» критерийлері қызмет алушылар тарапынан бағаланған жоқ, себебі барлық респонденттер қызметті тегін алған және оның сапасына қатысты ешқандай шағым білдірмеген.

5,0 балл және пайдаланушылардың 100% толық қанағаттанушылық деңгейін көрсеткен критерийлер: «ақпарат және коммуникация», «виртуалды көмекші».

Қызметтің қолжетімділігі мен қолайлылығы 4,99 баллмен бағаланып, толық қанағаттану деңгейі 98,7% құрады.

Қызмет көрсету рәсіміне респонденттердің 96,6% толық қанағаттанған (*4,97 балл*), ал қызмет нәтижесіне қатысты қанағаттану деңгейі 96,0% (*4,96 балл*).

Қызмет нәтижесін күту мерзімі сәл төмен бағаланған - 4,9 балл, толық қанағаттану деңгейі 90,4%, дегенмен бұл көрсеткіш те қызмет сапасының жоғары екенін дәлелдейді.

Уәкілетті мемлекеттік органның (ҚР Қорғаныс министрлігі) қызметі 4,94 баллмен бағаланып, оның жұмысына деген қанағаттану деңгейі – 94,3%.

«Электрондық үкімет» порталының жұмысы 4,99 баллға бағаланып, қызмет алушылардың 99,1% оның жұмысына толық қанағаттанған.

Тереңдетілген сұхбат

Шығыс Қазақстан облысынан қатысқан респондент қызмет алу барысында бірқатар елеулі қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Біріншіден, ол веб-нұсқаның да, мобильді қосымшаның да интерфейсін күрделі деп бағалады: *«Жүйеде іздеу өте қолайсыз, қызметтің нақты атауын білу қажет. Егер қызметтің атауын шамамен білсең, жүйе автоматты түрде нұсқалар ұсынса жақсы болар еді. Сайттың басты бетінде «Kaspi» қосымшасындағы сияқты «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі болғаны ыңғайлы болар еді, онда барлық қызмет түрлері тізім ретінде көрсетілген».*

Сонымен қатар, онлайн-платформамен өзара әрекеттесу кезінде техникалық қиындықтар да туындаған: «Сайт жиі қатып қалды, осының салдарынан мен қызметті сол күні ала алмадым. «Қызметті алу» батырмасын басқанда, жүктеу терезесі ашылып, ары қарай ештеңе орындалмады».

Респондент облыстық әскери комиссариат пен «электрондық үкімет» порталы арасындағы өзара іс-қимылдың әлсіздігіне де назар аударды: *«Мен ұзақ уақыт бойы медициналық комиссиядан өттім, барлық құжаттарды жинадым. Толықтай әскери қызметке жарамсыз деп танылдым және әскери билет алуға тиіс болдым. Бірақ әскери комиссариатта маған енді 27 жасқа дейін әскери билет берілмейді, сол уақытқа дейін жыл сайын медициналық комиссиядан өтіп, бір жылға кейінге қалдыру алуың керек деді. Осы уақытта мен военкомат базасында “толықтай жарамсыз” болып тұрмын, ал порталда “әскери қызметке шақырылушы” ретінде көрсетілгенмін. Комиссариат қызметкерлері бұл мәселені шешпейді. Бұған қоса, олар психоневрологиялық диспансерден алынған менің актілерімді жоғалтып, айына үш рет шақырту жіберген! Әр шақырту бойынша маған қайта баруға тура келді. Портал мен военкомат арасындағы байланыс дұрыс жолға қойылса жақсы болар еді».*

Респонденттің айтуынша, порталда және әскери комиссариатта әртүрлі

мәртебелердің көрсетілуі, сондай-ақ олар арасындағы сәйкессіздікті кімнің шешетіні жөніндегі түсініксіздік оған айтарлықтай қолайсыздықтар туғызады.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, «Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметін көрсету сапасы қызмет алушылар тарапынан ешқандай сын-пікір тудырмаған, бұл өз кезегінде толық қанағаттанушылықты және барлық критерийлер бойынша ең жоғары балдық көрсеткіштерге жақын нәтижелерді қамтамасыз етті.

Тереңдетілген сұхбат нәтижелерін талдау негізінде Шығыс Қазақстан облысындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелеріне және «электрондық үкімет» порталына келесі ұсынымдар берілді:

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

Файлдарды жүктеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

- **Файл өлшемін оңтайландыру**: Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде қысқарту механизмін енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жеделдетеді.
- **Файлдың максималды рұқсат етілген көлемін ұлғайту**: Әсіресе ірі көлемдегі құжаттар (мысалы, сканерленген анықтамалар немесе тіркеу актілері) үшін жүктеудің шекті көлемін қайта қарап, қажет болған жағдайда арттыру.
- **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігін енгізу**: Байланыс үзілісі кезінде жүктеуді қайта бастамай-ақ жалғастыру функциясын іске асыру, бұл пайдаланушының уақытын үнемдеп, процестің ыңғайлылығын арттырады.

<u>Шығыс Қазақстан облысының әскери комиссариаттарына:</u>

- Әскери комиссариаттың ішкі деректер базасы мен «электрондық үкімет» порталы арасында тікелей және автоматты синхрондауды орнату. Бұл азаматтардың мәртебелеріндегі сәйкессіздіктерді (мысалы, военкоматта – «жарамсыз», порталда – «шақырылушы» деп көрсетілуін) болдырмауға мүмкіндік береді.
- Әскери комиссариат қызметкерлеріне арналған порталмен жұмыс бойынша тұрақты оқыту тренингтерін өткізу. Персонал порталдың жұмыс тәртібі мен рәсімдері туралы толық ақпаратқа ие болып, азаматтармен туындайтын даулы жағдайларды шешу үшін нақты іс-қимыл алгоритмдерін меңгеруі тиіс.

3.28. Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 404005 – Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Балаларды асырап алу агенттіктерін және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына орналастыруға жәрдемдесетін ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №513 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 3 наурызда №10372 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «электрондық үкімет» порталы немесе «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: балаларды асырап алу агенттіктерін аккредиттеу – 30 күнтізбелік күн, агенттіктің аккредитация мерзімін ұзарту – 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу туралы шешім; Агенттіктің аккредитация мерзімін ұзарту туралы уәжделген шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім.

Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.


Құны: мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға екі қызмет алушы қатысты, екеуі де шетелдік заңды тұлғаның өкілдері. Қызмет Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің кеңсесі арқылы қағаз түрінде алынған. Респонденттердің барлығы – 30–39 жас аралығындағы ер адамдар.

79–80 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері

«Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметі барлық бағаланған критерийлер бойынша ең жоғары мүмкін көрсеткіштерге ие болды — орташа балл – 5,00, толық қанағаттану деңгейі – 100,0%.

Қызмет қағаз түрінде Балалардың құқықтарын қорғау комитеті арқылы көрсетілгендіктен, алынған орташа балл уәкілетті органның қызметін бағалауға сәйкес келеді.

59-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Маған қызметті көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізбесі жөніндегі ақпаратты табу оңай болды.	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	5,00		100,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	5,00		100,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	5,00		100,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы				

	болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**5,00**		**100,0%**

«Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту» қызметін ұсыну сапасын неғұрлым егжей-тегжейлі талдау үшін тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысқан респондент қызметті қағаз түрінде алған. Оның «Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін бағалауы жаппай сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың пікірлерінен айтарлықтай ерекшеленді.

Респондент қызметтің негізгі кемшіліктері ретінде шамадан тыс бюрократияны және жоғары шығындарды атап өтті: *«Ең қиын нәрсе – барлық құжаттарды жинау. Мысалы, «Агенттіктің орналасқан мемлекетінің уәкілетті органы берген, тиісті салада қызметті жүзеге асыруға өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесін» алу өте қиын, оны қателіксіз, бірден дайындау дерлік мүмкін емес. Сондай-ақ «Агенттіктің өкілеттігін растайтын немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметін бақылайтын уәкілетті органның ұсыным хатын» жеке таныстарсыз алу мүмкін емес. Ал «Болашақ асырап алушыларға агенттік көрсететін қызметтердің тізімі» деген бар – ол өте түсініксіз, не талап етілетіні нақты жазылмаған, соның салдарынан үнемі қате шығып, құжаттар қайтарылады».*

Респондент мұндай қиындықтардың негізгі себебі – заңнаманың және қызмет көрсету қағидаларының жетілмегендігі деп есептейді: *«Қызмет көрсету қағидаларының өздері соншалықты түсініксіз жазылған, бір нәрсені түсіну өте қиын. Барлық құжаттарды жинауға шамамен бір ай кетеді, ал егер бір құжатта қате болса, бас тарту келеді де, бәрін қайтадан бастау керек. Менде сенімхатта кішкентай қате болды, неге оны жаңа қосымша құжат ретінде қабылдамасқа? Мемлекет тым көп анықтама, растау, рұқсат талап етеді - бюрократияны өз қолымен жасап отыр».*

Қызметті алуға байланысты қосымша шығындар респондент тарапынан шамадан тыс жоғары деп бағаланған: *«Қызмет тегін деп жазылғаны ғана тегін. Барлық құжаттар нотариалды куәландырылуы тиіс. Мысалы, тек құрылтай құжаттарының көшірмесін куәландыруға 56 800 теңге кетті, ал барлық құжаттар топтамасына шамамен 300 000 теңге жұмсалды. Бұл өте ҚЫМБАТ».*

Қызмет көрсету мерзімдері де тым ұзақ деп бағаланған: *«Қызметті алу үшін кем дегенде екі ай кетеді: бір ай – құжат жинауға, бір ай – нәтижені*

күтуге. Оның үстіне, бәрі бірден дұрыс болмай қалуы да мүмкін. Мерзімдерді қысқарту қажет деп санаймын».

Жалпы алғанда, қызмет алушы қызмет көрсету сапасына қанағаттанбаған. Қызмет алушы ұсынған ұсыныстар:

- қызмет алу үшін қажетті құжаттар пакетін қысқарту,
- қызметті толықтай автоматтандыру,
- құжаттарды алдын ала қарау функциясын енгізу (қате болған жағдайда оны алдын ала түзетуге мүмкіндік беру),
- қызмет көрсету нәтижесін күту мерзімін қысқарту.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Осылайша, «Балаларды асырап алу агенттігін аккредиттеу немесе аккредитация мерзімін ұзарту» қызметі бойынша сауалнама нәтижелері жоғары бағаларды көрсеткенімен, тереңдетілген сұхбат барысында қызмет алу процесінде туындайтын бірқатар маңызды жүйелі проблемалар анықталды. Оларды жою үшін ұсынылады:

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Қызмет алу үшін талап етілетін барлық құжаттардың өзектілігі мен қажеттілігін талдау. Артық немесе ақпаратты қайталайтын құжаттарды алып тастау немесе алмастыру.
2. Қызмет көрсету қағидалары мен құжаттарға қойылатын талаптарды қайта қарау, оларды мейлінше түсінікті және бірмәнді етіп әзірлеу.
3. Қызмет алушылар үшін егжей-тегжейлі нұсқаулық немесе қадамдық басшылық әзірлеу, онда әрбір кезең нақты сипатталып, құжаттарды толтыру үлгілері мен күрделі тұстар бойынша түсіндірмелер берілуі тиіс.
4. Уәкілетті органның өзге мемлекеттік органдармен өзара ақпарат алмасу жүйесін енгізу. Бұл ретте орган басқа органдардан (мысалы, заңды тұлға, оның құрылтайшылары туралы деректерді) біріңғай ақпараттық жүйелер арқылы өз бетінше сұратуы қажет.
5. Өтінімнің мәртебесін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін онлайн-сервис немесе жеке кабинет құру. Сондай-ақ өтініш берушіге құжаттарды түзету немесе қосымша материал ұсыну қажеттілігі туралы хабарламалар автоматты түрде жіберілуі тиіс.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін барлық құжаттарды беру процесін электрондық форматқа көшіру.
7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қағаз форматын алып тастау мәселесін пысықтау, оның ішінде агенттікті аккредиттеу туралы шешім шығару бөлігінде мәселені пысықтау өз құзыреті шегінде аккредиттеу мүмкіндігі туралы тиісті қорытындылар ұсынатын Әділет, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер және Сыртқы істер министрліктерімен келісілгеннен кейін қабылдау.

3.29. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 802001 – Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру қызметі саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №483 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30833 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Лицензия және/немесе оған қосымша беру – 30 жұмыс күнінен кешіктірілмейді.

Лицензия және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейді.

Лицензия және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу (лицензиат-заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда — бөліну немесе бөліп шығу түрінде) – 30 жұмыс күнінен кешіктірілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: лицензия және/немесе оған қосымша беру, қайта ресімделген лицензия және/немесе оған қосымша, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жауап.

Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.

Құны:


Лицензия беру кезінде – 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК);

Лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), ол төлем жасалған күнге белгіленген мөлшерде алынады.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 81 респондент қатысты. Респонденттердің көпшілігі – әйелдер (55,6%), ал ер адамдардың үлесі – 44,4%. Қызмет алушылардың басым бөлігі 30–49 жас аралығындағы азаматтар.

81–82 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық респонденттер қызметті заңды тұлға мәртебесінде және Қазақстан Республикасының азаматы ретінде алған. Қызмет «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетілген.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері

Қызмет көрсету сапасы барлық қарастырылған критерийлер бойынша 4,66 балл деңгейінде бағаланған. Сонымен қатар, респонденттердің 70,4% қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанған.

60-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийге 5 балл қойған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,69	**4,78**	71,6%	79,6%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,88		87,7%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,42	**4,49**	51,9%	58,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,62		67,9%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,43		54,3%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен	4,57	**4,62**	63,0%	66,7%

	кабинеттерді аралаусыз өтті				
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,67		70,4%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,43	**4,43**	50,0%	50,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0 %	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0 %	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,65	**4,65**	67,9%	67,9%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,66**		**70,4%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,67**		**72,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,66**		**70,2%**

«Шығындар» критерийі бойынша ең жоғары баға берілген – 5,0 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100%.

«Ақпарат және коммуникация» – *4,78 балл, 79,6%*, «рәсім» – *4,62 балл, 66,7%*, «нәтиже» – *4,65 балл, 67,9%* – бұл критерийлер «ортадан жоғары» деңгейде бағаланған.

Орташа деңгейде бағаланған көрсеткіштер: қызметтің қолжетімділігі мен қолайлылығы – *4,49 балл, 58,0%*, қызмет көрсету мерзімі – *4,43 балл, 50,0%.* Респонденттердің кейбірі порталда тіркелу процесінде (4,42 балл) және порталдың жұмыс жылдамдығына (4,43 балл) байланысты қиындықтарға тап болған. Бұл жағдайлар көбінесе Ақтөбе және Ақмола облыстарында тіркелген.

Осы өңірлерде респонденттер қызмет көрсету мерзіміне қанағаттанбағандарын да атап өткен.

Сауалнама нәтижесінде: 1,2% қызмет алушы қызмет көрсету мерзімінің негізсіз ұзартылғанын, тағы 1,2% – құжаттардың кері қайтарылғанын хабарлаған.

«Виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері бағаланбаған, өйткені респонденттер қызмет алу барысында қолдау көрсетуге немесе шағым беруге жүгінбеген.

Жауапкершілік аймақтары бойынша жиынтық бағалар: **«Электрондық үкімет» порталының** жұмысы – 4,67 балл, толық қанағаттану деңгейі – 72,0%. **Уәкілетті мемлекеттік органның** қызметі – 4,66 балл, толық қанағаттану деңгейі – 70,2%.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы алғанда, қызмет көрсету сапасы «ортадан жоғары» деңгейге сәйкес келеді. Респонденттердің басым бөлігі қызмет туралы ақпараттың толықтығына, қолжетімділігіне және рәсімнің түсініктілігіне қанағаттанған. Сонымен қатар, Ақмола және Ақтөбе облыстарының қызмет алушылары тарапынан кейбір техникалық және ұйымдастырушылық қиындықтар байқалды: порталдағы тіркелу процесінің күрделілігі, жүктеу жылдамдығының төмендігі, құжаттарды жүктеу кезінде қателердің пайда болуы, және қызмет көрсету мерзімінің созылуы.

Осыған байланысты, қызмет көрсету сапасын одан әрі жақсарту үшін порталдың техникалық тұрақтылығын арттыру, пайдаланушы интерфейсін оңайлату және өтінімдерді өңдеу мерзімін оңтайландыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда тіркеу рәсімі бойынша нұсқаулықты инфографика немесе бейнеролик форматында жариялау. (Сауалнама жүргізу кезінде нұсқаулық құжаты ашылмағаны анықталды.)

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығына мемлекеттік қызметті проактивке ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізу («Лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу», «Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу» қосалқы қызметтері ұйымның аты-жөні, атауы, ауысымы өзгерген кезде проактивті форматқа аудару) сыртқы келісімді алып тастау бөлігінде қайта ресімдеу кезінде қызмет көрсету мерзімін 30-дан 23 жұмыс күніне дейін қысқарту.
2. Лицензияны проактивті тәсілмен қайта ресімдеу бойынша бизнес-процесті техникалық іске асыру және «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталдарыы арқылы қызмет көрсету мерзімін қысқарту.
3. РММ базасын толтырудың дұрыстығын тексеру, Қызмет электрондық және қағаз нысандарда көрсетілетіні жөнінде ақпарат орналастырылған.

24-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызметтер тізілімінің скриншоты

Выдача лицензии на занятие образовательной деятельностью в сфере начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, духовного образования, образовательно-оздоровительных услуг несовершеннолетним	Выдача лицензии и/или приложения к лицензии	Юридические лица	МП	Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства	МП	веб-портал "электронного правительства", Е-лицензирование	Платно/бесплатно	Электронная (частично автоматизированная)/бумажная
	Переоформление лицензии и/или приложения к ней	Юридические лица	МП	Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства	МП	веб-портал "электронного правительства", Е-лицензирование	Платно/бесплатно	Электронная (частично автоматизированная)/бумажная
	Переоформление лицензии и/или приложения к ней при реорганизации юридического лица	Юридические лица	МП	Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения	МП	веб-портал "электронного правительства", Е-лицензирование	Платно/бесплатно	Электронная (частично автоматизированная)/бумажная

Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/articles/register_public_services

Қағидаларда қызмет көрсету нысаны электрондық екені нақты көрсетілген.

25-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

1. Выдача лицензии и/или приложения к лицензии; 2. Переоформление лицензии и/или приложения к ней; 3. Переоформление лицензии и/или приложения к ней при реорганизации юридического лица.		
1.	Наименование услугодателя	Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - выдача лицензии и/или приложения к лицензии; Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - переоформление лицензии и/или приложения к ней; Комитет по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - переоформление лицензии и/или приложения к ней при реорганизации юридического лица. Территориальные департаменты Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - выдача лицензии и/или приложения к лицензии; Территориальные департаменты Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - переоформление лицензии и/или приложения к ней; Территориальные департаменты Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан - переоформление лицензии и/или приложения к ней при реорганизации юридического лица.
2.	Способы предоставления государственной услуги	веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz, www.elicense.kz;
3.	Срок оказания государственной услуги	выдача лицензии и/или приложения к ней - не позднее 30 рабочих дней; переоформление лицензии и/или приложения к ней - не позднее трех рабочих дней; переоформление лицензии и/или приложения к ней при реорганизации юридического лица-лицензиата в форме выделения, разделения - не позднее 30 рабочих дней.
4.	Форма оказания государственной услуги	По всем подвидам государственной услуги: Электронная (частично автоматизированная)

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/174526/rus/128

3.30. Құрылыс объектілеріне кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге өтініш білдірген заңды тұлғаларды аккредиттеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 2602004 – Құрылыс объектілеріне кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге өтініш білдірген заңды тұлғаларды аккредиттеу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Сараптамалық ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №151 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10640 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет «электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: куәлікті беру немесе қайта ресімдеу (заңды тұлғаның атауы және/немесе орналасқан жері өзгерген жағдайда) – 20–40 минут.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: куәлікті беру немесе қайта ресімдеу.


Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.


Құны: қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 38 қызмет алушы қатысты. Қатысушылардың басым көпшілігі – ер адамдар (92,1%), олардың жасы 30 бен 59 жас аралығында.

83–84 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Барлық респонденттер қызметті заңды тұлға мәртебесінде және Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде алған. Қызметке тапсырыс беру үшін олар «электрондық лицензиялау» порталын пайдаланған, оның ішінде 60,5% респондент порталға egov.kz арқылы өткен. Порталда авторизациядан өту үшін респонденттердің басым бөлігі – 92,1% – электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолданған.

Зерттеу негізгі нәтижелері

Қызмет көрсету сапасының барлық критерийлер бойынша орташа бағасы – 4,70 балл. Сонымен қатар, респонденттердің 71,8% қызмет сапасын ең жоғары балмен (5 балл) бағалаған.

61-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,45	**4,43**	52,6%	50,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,42		47,4%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,76	**4,39**	76,3%	43,9%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,34		34,2%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,05		21,1%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,82	**4,74**	81,6%	75,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,66		68,4%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,80	**4,80**	80,0%	80,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,80		80,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	5,00	**4,67**	100,0%	66,7%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,33		33,3%	

НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,87	**4,87**	86,8%	86,8%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,70**		**71,8%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,54**		**57,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,80**		**80,4%**

Кесте 8 критерийдің 7-сі бойынша деректерді қамтиды, ал «Шығындар» критерийі бағаланбаған, себебі қызмет тегін көрсетіледі.

Жоғары бағаланған критерийлер: «мерзім» – 5,0 балл, толық қанағаттану деңгейі – 100%; «нәтиже» – 4,87 балл, толық қанағаттану деңгейі – 86,8%; «виртуалды көмекші» – 4,80 балл, толық қанағаттану деңгейі – 80,0%.

«Ортадан жоғары» деңгейде бағаланған критерийлер: «рәсім» – 4,74 балл, толық қанағаттану деңгейі – 75,0%; «кері байланыс» – 4,67 балл, толық қанағаттану деңгейі – 66,7%. Айта кету керек, «кері байланыс» респонденттердің Бірыңғай байланыс орталығына (5,3%) жүгіну және «Жиі қойылатын сұрақтар» функциясын (2,6%) пайдалану тәжірибесіне сүйене отырып бағаланған.

Орташа деңгейдегі критерийлер: «ақпарат және коммуникация» – 4,43 балл, толық қанағаттану – 50,0%; «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,39 балл, толық қанағаттану – 43,9%.

Кейбір респонденттер онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығына және навигация жүйесіне қатысты ескертулер білдірген. Бұл қосалқы критерийлер тиісінше 4,05 және 4,34 балл деңгейінде бағаланған.

Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың 23% – қызмет алу барысында бюрократияға тап болғанын хабарлады: 15,8% – көптеген инстанциялар арқылы өтулеріне тура келгенін, 15,8% – қызмет көрсетуден бас тарту жағдайын, 7,9% – қызмет көрсету мерзімінің жасанды түрде ұзартылғанын атап өтті. Ақтөбе облысының респонденттері бас тарту және мерзімнің созылу жағдайларын жиі көрсетсе, Астана қаласының респонденттері құжат жинау кезінде инстанциялардың көптігіне назар аударған.

Респонденттер «аккредиттеуді алғаннан кейін олардың ұйымы міндетті түрде және уақтылы тізілімге енгізілсін (кідіріссіз және бюрократиялық кідіріссіз)» деген тілектерін білдірді. Сауалнамаға қатысқандар «компаниялар мен мамандардың біліктілігін растайтын құжаттардың дұрыстығын қатаң тексеру маңызды, өйткені іс жүзінде жалған істер орын алады», - деп атап өтті.

Жауапкершілік аймақтары бойынша жиынтық бағалар **уәкілетті мемлекеттік органның қызметі** – 4,80 балл, толық қанағаттану деңгейі – 80,4%; **«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы** – 4,54 балл, толық қанағаттану деңгейі – 57,5% көрсетті. Бұл деректер уәкілетті органның қызметі пайдаланушылар тарапынан жоғарырақ бағаланғанын көрсетеді.

Тереңдетілген сұхбат

«Құрылыс объектілері жобаларының кешенді ведомстводан тыс сараптамасын жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу» мемлекеттік қызметін алу тәжірибесіне арналған тереңдетілген сұхбат барысында респондент жалпы алғанда қызмет алу процесі ыңғайлы ұйымдастырылғанын атап өтті, себебі қызмет толық автоматтандырылған және адам факторының

ықпалы алынып тасталған. Респонденттің айтуынша: *«Қызметкерлермен тікелей қиындықтар болған жоқ, кейде техникалық ақаулар орын алады, жүйе баяу жұмыс істейді.»*

Респондент қызмет алушылар тап болуы мүмкін кедергілер ретінде келесілерді атады: *«азаматтардың бір бөлігінің цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі, ауылдық жерлерде интернетке қолжетімділіктің шектеулі болуы». Сонымен қатар, респондент қызмет алу алгоритмін егжей-тегжейлі сипаттайтын қадамдық нұсқаулықтың немесе бизнес-процестің болмауын қосымша қиындық ретінде атап өтті: «Қызметті алу кезінде әрбір қадамды нақты түсіндіретін нұсқаулық болса, бұл пайдаланушылар үшін айтарлықтай көмек болар еді.»*

Респондент қызмет алу процесінің автоматтандырылуы мен интеграциясын оң бағалады: *«Қажетті құжаттарды жинау өте ыңғайлы, себебі қызмет толық автоматтандырылған және басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланған. Құжаттарды өз бетінше жинаудың қажеті жоқ – барлық деректер тиісті базалардан автоматты түрде тартылады. Бұл қызмет алушыға айтарлықтай жеңілдік береді.» Сондай-ақ, респондент қызмет көрсету мерзімін жоғары бағалады: «20–40 минут аралығындағы уақытты өте жақсы көрсеткіш деп есептеймін.»*

Респонденттің пікірінше, қызмет көрсету тәртібіндегі қиындықтар негізінен порталдың техникалық жұмысына байланысты туындайды. Ол келесі ұсыныстарды айтты: *«порталдың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық қолдауды күшейту, ауылдық өңірлерде интернетке қолжетімділікті кеңейту».*

Қорытындылар мен ұсынымдар

Қызмет көрсету сапасы респонденттер тарапынан «ортадан жоғары» деңгейде бағаланған. Уәкілетті мемлекеттік органның жұмысы жоғары баға алған, ал порталдың жұмысы салыстырмалы түрде төмен бағаланған. Бұл, ең алдымен, порталдың жұмыс жылдамдығына және навигация жүйесінің ыңғайсыздығына байланысты. Сонымен қатар, респонденттердің шамамен 20% (әр бесінші қызмет алушы) қызмет алу барысында бюрократиялық қиындықтарға тап болғанын хабарлаған. Олар құжаттарды жинау үшін бірнеше инстанцияға жүгінуге, бас тартулармен бетпе-бет келуге және қызмет көрсету мерзімінің созылуына байланысты қиындықтарға тап болған.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Қызмет алу үшін талап етілетін құжаттарды цифрландыру мүмкіндігін қарастыру. Бұл шешім бюрократиялық кедергілерді азайтып, қызмет алу процесін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына түзетулер енгізу. Қазіргі уақытта қағидаларда қызмет көрсету арнасы ретінде «электрондық үкімет» порталы көрсетілген, алайда іс жүзінде қызмет тек «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі. Осыған байланысты нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тиісті түзетулер енгізу қажет.

26-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Стандарт государственной услуги «Аккредитация юридических лиц, претендующих на проведение комплексной вневедомственной экспертизы проектов строительства объектов»		
1	Наименование услугодателя	Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развитию Республики Казахстан
2	Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа)	Веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz.
3	Срок оказания государственной услуги	Выдача, переоформление свидетельства при изменении наименования и (или) места нахождения юридического лица – 20-40 минут
4	Форма оказания оказания государственной услуги	Электронная (полностью автоматизированная)

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/89047/rus/269

2. Ақтөбе облысында көрсетілетін қызмет бойынша бас тарту себептерін талдау және олардың санын азайтуға бағытталған тиісті шараларды әзірлеу.
3. Астана қаласында қызмет көрсету сапасына аудит жүргізу, оның барысында қызмет алушылардан талап етілетін құжаттардың регламент талаптарына сәйкестігін тексеру.

3.31. Барлау учаскесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1205024 – Барлау учаскесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жер қойнауын пайдалану саласындағы (көмірсутек шикізаты мен ураннан басқа) мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы №339 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №323 бұйрығы. Аталған бұйрық 2020 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №20787 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz) және «электрондық лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 10 (он) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Барлау учаскесінде көлемі бір мың текше метрден асатын тау жынысын өндіруге және (немесе) топырақты жылжытуға рұқсат беру туралы құжат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап.

Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 1 респондент қатысты – ер адам (100%), жасы 40–49 жас аралығында (100%), Қазақстан Республикасының азаматы, заңды тұлға өкілі. Қызметті алу үшін респондент elicense.kz сайтына тікелей кіріп, логин/құпиясөз арқылы авторизациядан өткен.

85–86 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет көрсету сапасы респондент тарапынан орта деңгейден төмен – 3,97 балл деп бағаланған. Негізгі наразылық «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына қатысты болды.

62-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,00	**4,50**	0,0%	50,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,00	**3,33**	0,0%	0,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	3,00		0,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	3,00		0,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,00	**4,00**	0,0%	0,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,00		0,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				

КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	3,00	**3,00**	0,0%	0,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**3,97**		**30,0%**
	«Электроннодық үкімет» порталы		**3,83**		**16,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,00**		**33,3%**

Жоғары бағаланған жалғыз критерий - қызмет көрсету мерзімі - 5,00 балл (100,0 қанағаттану). Орташадан жоғары көрсетілетін қызметті алушы «ақпарат және коммуникация» критерийін бағалады - 4,50 балл, күрделілік Порталда қызмет көрсету тәртібі туралы орналастырылған ақпаратты түсінумен туындады (4,00 балл), бірақ барлық ақпарат екі тілде қолжетімді болды – респондент осы кіші критерийді 5,00 баллға бағалады.

Орташа бағаға «рәсім» критерийі бойынша балл сәйкес келеді - 4,00 балл, қиындықтар «электрондық лицензиялау» порталына қажетті құжаттарды жүктеумен де, қызмет көрсетудің электрондық форматына қарамастан құжаттарды жинау үшін құзыретті органдарға жүгіну қажеттілігімен де байланысты болды.

Орташа деңгейден төмен респондент «қолжетімділік және қолайлылық» критерийін бағалады (3,33 балл/0,0% қанағаттану), көп жағдайда ол порталдың жұмыс жылдамдығына және ресурстағы ақпаратты іздеу жүйесіне қанағаттанбады – бұл кіші критерийлер 3,00 баллға бағаланды; онлайн-сайтта тіркелудің ыңғайлылығы да шағым тудырды - 4,00 балл.

«Нәтиже» критерийі ең төменгі баллға ие болды – 3,00 балл, мүмкін, бұл қызметті алу барысында респондент себебін түсіндірмей бас тартуға (құжаттарды қайтаруға) келгендіктен, яғни қызметті алу үшін екі рет өтініш беруге мәжбүр болды. Сондай-ақ, қызметтің тегін көрсетілгеніне қарамастан, қорытынды бағалауға қосымша шығындар әсер етуі мүмкін – көрсетілетін қызметті алушы қосымша шығындар нотариаттық қызметтермен, көшірмелермен, көлік шығындарымен, қосымша ақылы анықтамалар алумен байланысты екенін атап өтті - ол үшін бұл шығындардың сомасы күтілгеннен жоғары болды және ыңғайсыздық тудырды.

Осылайша, «электрондық лицензиялау» порталының қызметі ақпарат іздеудегі және ресурсқа құжаттарды жүктеудегі қиындықтарға байланысты, сондай-ақ портал жұмысының жылдамдығына байланысты орташа қорытынды бағадан - 3,83 баллдан (қанағаттану 16,7%) төмен бағаланды. Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі қажетті құжаттарды жинау процесінде туындаған қиындықтарға және көрсетілетін қызметті алушының қызмет көрсету нәтижесіне қанағаттанбауына, оның ішінде құжаттарды негізсіз қайтаруына байланысты орташа – 4,00 баллға (33,3% қанағаттану) бағаланды.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы алғанда, «Барлау учаскесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру» қызметінің сапасы ортадан төмен деңгейде бағаланған. Қызмет алушы «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына да, уәкілетті органның қызметіне де толық қанағаттанбаған.


Сапаны арттыру үшін келесі бағыттарда шаралар қабылдау қажет: порталдың техникалық және пайдаланушылық функционалын оңтайландыру, құжаттарды жинау және қарау процесін жеңілдету, қызмет көрсетуден бас тарту себептерін нақты көрсету жүйесін енгізу, пайдаланушы интерфейсін жетілдіру және навигацияны қарапайым ету.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Порталда тіркеу мен авторизациялау процесін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **бірыңғай кіру нүктесі (Single Sign-On)** тетігін әзірлеп, енгізу қажет. Қазіргі таңда Порталда egov.kz және egovMobile арқылы QR-код сканерлеу арқылы кіру мүмкіндігі бар. Дегенмен, егер қызмет алушы Порталда бұрын тіркелмеген болса, жүйеге кіру мүмкін болмайды және оған elicense.kz сайтында жеке тіркеуден өтуге тура келеді.

27-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінің скриншоты



*Дереккөз:*https://elicense.kz/Account/LogOn?returnUrl=/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222019.%D0%9C%D0%98%D0%98%D0%A0.%D0%A05%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222019.%D0%9C%D0%98%D0%98%D

0%A0.%D0%A05%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.0%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R2019_MIIR5V1%22%7D

2. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру:
   - **Файл көлемін оңтайландыру**: жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай, олардың көлемін автоматты түрде қысқарту тетігін енгізу. Бұл сервер жүктемесін азайтып, жүктеу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.
   - **Файлдың ең жоғары рұқсат етілген көлемін ұлғайту**: көлемі үлкен құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының скан-көшірмелері) үшін жүктелетін файлдардың максималды өлшемін қайта қарау және қажет болған жағдайда арттыру.
   - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігін енгізу**: байланыс үзілісі орын алған жағдайда, жүктеу процесін қайта бастамай-ақ жалғастыруға мүмкіндік беретін функцияны іске асыру.
3. Порталда навигация мен ақпарат іздеу жүйесін оңтайландыру, соның ішінде виртуалды көмекшінің жұмыс сапасын арттыру арқылы пайдаланушылар үшін қажетті ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдету.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға ұсынымдар</u>

1. ҚР НҚА Эталондық банкіндегі қызмет көрсету қағидаларындағы ақпаратты өзектендіру. Зерттеу жүргізу сәтінде аталған ресурста жауапты орган (қызмет көрсетуші) ретінде Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көрсетілген. Алайда, «электрондық үкімет» және «электрондық лицензиялау» порталдарында уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі көрсетілген. Бұл сәйкессіздік 2020 жылы бекітілген Қағидалардың соңғы редакциясы мен 2023 жылы министрліктің атауының өзгеруіне байланысты болуы ықтимал.
2. Қызмет көрсету қағидаларындағы ақпаратты өзектендіру (қызметті алу тәсілдері бөлігінде). Зерттеу кезінде Эталондық банкте қызмет тек «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетіледі деп көрсетілген, алайда іс жүзінде қызмет «электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады, ал egov.kz тек шлюз-портал рөлін атқарады.

28-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Стандарт государственной услуги «Выдачи разрешения на извлечение горной массы и (или) перемещение почвы на участке разведки в объеме, превышающем одну тысячу кубических метров»		
1	Наименование услугодателя	Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.
2	Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа)	веб-портал «электронного правительства».

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/143401/rus/1895

3. Қызмет алушы қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда қызмет көрсетуден бас тарту рәсімін қайта қарау мүмкіндігін қарастыру. Мұндай жағдайда бас тарту орнына пайдаланушыға жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жолдау тетігін енгізу ұсынылады. Бұл шешім қызмет көрсету процесін оңтайландырып, қызмет алушыға барлық құжаттарды қайта жүктеу және жаңа өтінім жасау қажеттілігінен босатады.

4. Қызмет алу үшін талап етілетін қосымша анықтамалардың атауларын анықтау, олардың кейбірін қызметтің электрондық форматта көрсетілуіне қарамастан, инстанцияларға жеке жүгіну арқылы ғана алуға болатыны белгілі болды. Егер аталған анықтамаларды электрондық форматта алу мүмкіндігі бар болса, онда қызмет көрсету процесін өзгерту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады — яғни, мемлекеттік орган қажетті құжаттың электрондық көшірмесін өзге мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы сұрау арқылы алуы тиіс.
5. Мерзімді 30 күнтізбелік күннен 20 жұмыс күніне дейін қысқарту бөлігінде тиісті НҚА-ға өзгерістер енгізу.
6. БЖҚПП-да мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін қысқартуды техникалық іске асыру.

3.32. Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1302005 – Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Эпизоотикалық жағдайды ескере отырып, жылжытылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортқа, импортқа және транзитке рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №16-04/647 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10254 тіркеу нөмірімен тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: жылжытылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортқа және импортқа рұқсаты – 4 жұмыс күні, басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді талап ететін рұқсаттар – 30 жұмыс күні, жылжытылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсат – 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Эпизоотикалық жағдайды ескере отырып, жылжытылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортқа, импортқа және транзитке рұқсаты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.


Құны: қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 10 қызмет алушы қатысты: ерлер – 40,0%, әйелдер – 60,0%, 22–29 жас және 30–39 жас аралығы – әрқайсысы 40,0%, 40–49 жас аралығы – 20,0%.

87–88 диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Барлық сауалнамаға қатысқан қызмет алушылар — Қазақстан Республикасының азаматтары. Олардың 20,0% қызметті заңды тұлға ретінде, ал 80,0% жеке тұлға ретінде алған (соның ішінде жартысы — жеке кәсіпкер (ЖК)

мәртебесінде). Қызметті алу үшін респонденттердің көпшілігі (80,0%) логин/құпиясөз арқылы, ал 20,0%-ы — электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен онлайн-платформаға кірген.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану бойынша орташа баға — 4,79 балл, толық қанағаттану деңгейі — 76,7%.

63-кесте. Ұпайларды бөлу(электрондық нысанда)

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,60	**4,80**	60,0%	80,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу ешқандай қиындық туғызған жоқ	4,60	**4,53**	60,0%	53,3%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды	4,60		60,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,40		40,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,40	**4,60**	50,0%	65,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,80		80,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,90	**4,90**	90,0%	90,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,90	**4,90**	90,0%	90,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,79**		**79,7%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,75**		**75,0%**
	УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН		**4,73**		**76,7%**

Респонденттер «Виртуалды көмекші» критерийін ең жоғары деңгейде бағалады – 5,00 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 100,0%.

Жоғары бағаға жақын нәтижелер «мерзім» және «нәтиже» критерийлері бойынша тіркелді – әрқайсысы 4,90 балл, толық қанағаттану – 90,0%. Астана қаласының бір қатысушысы көрсетілетін қызметтің нәтижесіне байланысты келесідей пікір білдірді: *«Өте көп инстанциядан өту керек, сонымен қатар қызмет көрсету мерзімін қысқартса және бір адамға екі ит емес, бес ит шығаруға рұқсат етсе жақсы болар еді (қазіргі ереже бойынша – тек екеуіне ғана рұқсат етіледі)».*

«Ақпарат және коммуникация» критерийі 4,80 баллмен бағаланды (толық қанағаттанғандар – 80,0%). Тілді ұсыну сапасы респонденттерді толығымен қанағаттандырды (5,00 балл, 100%), алайда порталдағы қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі жөніндегі ақпараттың түсініктілігі кейбір респонденттер үшін жеткіліксіз болды (4,60 балл, толық қанағаттану – 60,0%). Астана қаласындағы қызмет алушылар бұл көрсеткішті 4,33 баллға бағалады.

«Рәсім» критерийі бойынша баға – 4,60 балл (65,0%). Бұл бағыттағы басты қиындық құжаттарды жинау кезеңіне қатысты болды. Электрондық форматқа қарамастан, азаматтарға түрлі инстанцияларға баруға тура келген. *«Негізгі мәселе – анықтамаларды жинау, барлығы ақылы, инстанциялар өте көп, әсіресе, бірінші рет рәсімдеген кезде»,* – деп атап өтті бір респондент. Осыған байланысты толық қанағаттану көрсеткіші 50,0%, ал бағалау деңгейі 4,40 балл, яғни орташа деңгейде. Мұндай қиындықтар Алматы және Астана қалаларында жиі кездесті. Сонымен қатар, Алматы қаласының кейбір респонденттері порталға құжаттарды жүктеу барысында қиындықтар болғанын айтты.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі ең төмен нәтиже көрсетті – 4,53 балл және 53,3% толық қанағаттанғандар. Респонденттер келесі мәселелерді атап өтті: «Электрондық лицензиялау» порталында тіркеу қиындығы, ақпарат іздеудің қолайсыздығы, порталдың төмен жұмыс жылдамдығы. Онлайн-платформаның жылдамдығына барлық өңірлердегі қатысушылар шағымданған, тіркеу мәселесі Алматы және Жамбыл облыстарында, ал интерфейстің күрделілігі Астана мен Жамбыл облыстарында байқалды.

«Шығындар» және «кері байланыс» критерийлері бағаланбады, себебі қызмет тегін көрсетілді және қызмет алу барысында ешкім шағым түсірмеген.

Әдістемеге сәйкес, алынған бағалар қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді. Нәтижесінде: «Электрондық лицензиялау» порталы – 4,75 балл (75,0%), Уәкілетті мемлекеттік орган – 4,73 балл (76,7%).

Сауалнамаға қатысушылар бюрократиялық кедергілердің бар екенін де атап өтті: 60,0% қызмет алушылар қажетті құжаттар пакетін жинау үшін көп инстанцияларға жүгінуге мәжбүр болған. Осыған байланысты респонденттер қызметті оңтайландыруды және жеңілдетуді ұсынды, атап айтқанда: алынатын анықтамалардың санын азайту (бір анықтама алу үшін үш орынға бару қажеттігін болдырмау), анықтаманы қайта алу кезінде құжаттарды қайта жинауға міндеттемеу, қызметті ветеринарлық клиникаларда көрсету мүмкіндігін қарастыру.

Қызмет көрсету сапасын жан-жақты талдау мақсатында осы қызметті алған респондентпен тереңдетілген сұхбат өткізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбатқа қатысушы «Эпизоотиялық жағдайды бағалау негізінде тасымалданатын (жеткізілетін) объектілердің экспортын, импортын және транзитін жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін иттерді Чехиядағы халықаралық көрмеге шығару үшін алған. Қызметті «Электрондық лицензиялау» порталында алуға болатынын ол Бірыңғай байланыс орталығына хабарласу арқылы білген.

Порталда орналастырылған қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі респондентке түсініксіз болғандықтан, ол колл-орталыққа жүгінуге мәжбүр болған. Құжаттарды жинау процесі өте күрделі және ұзаққа созылған: респондентке ветеринариялық сертификат пен клиникалық тексеру туралы анықтаманы алу үшін бірнеше инстанцияны аралауға тура келген. Бұдан бөлек, иттің тектілік құжатының көшірмесі, ит иелері клубынан анықтама, қабылдаушы елдің келісімі мен шақыру хаты, сондай-ақ импорттаушы елдің (Чехияның) тіліне аударылған құжаттар талап етілген. Сұхбат қатысушысы бұл қызмет үшін осыншама растаушы құжаттың қажет болуына наразылық білдірді: *«Қаншама құжат жинау керек... бәрі ақылы, бәрі қымбат, көп уақыт пен жүйкең кетеді»*, – деп атап өтті ол. Қызмет көрсету мерзімі (мерзім көрсеткіші) респондентті қанағаттандырған.

Порталмен жұмыс барысында бірқатар техникалық қиындықтар туындаған. «Тіркелу қалай болатынын түсінбедім, не қайда орналасқан – бәрі түсініксіз. Портал өте баяу жұмыс істейді, іздеу жүйесі де ыңғайсыз, сондықтан тіркелу процесі ұзаққа созылды», – деді ол. Респонденттің пікірінше, порталмен алғаш рет жұмыс істейтін пайдаланушыға дербес түрде жүйені түсіну қиын.

Ұсыныс ретінде респондент мыналарды ұсынды:

- «Электрондық лицензиялау» порталының пайдаланушылық интерфейсін жеңілдету;
- Порталдың жұмыс жылдамдығын арттыру мәселесін шешу;
- Қызметті алу үшін қажетті құжаттардың нақты және жағдайға сай тізімін жасау: (жануарларды көрмелер мен жарыстарға шығару үшін бөлек тізім, экспорт, импорт және транзит үшін бөлек тізім, жануар тектес өнім мен шикізат үшін бөлек тізім әзірлеу);
- Ветеринариялық клиникаларға қосымша функциялар беру, яғни барлық қажетті құжаттарды бір жерден рәсімдеуге мүмкіндік жасау: *(«Қазір цифрлық технологиялар дамыған заманда, неге ветклиникаларда барлық анықтаманы бірден беруге болмайды?»);*
- Қызмет көрсету стандарттарын Ресей және Еуропа тәжірибесіне сай қайта қарау.

Қорытындылар мен ұсынымдар


Қызмет алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша олар оны көрсету сапасын «орташадан жоғары» деңгейде бағалады. Қиындықтар бірнеше инстанцияларға бару қажеттілігін, Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі туралы ақпараттың шектеулі болуын, сондай-ақ "электрондық лицензиялау" порталының ыңғайсыз интерфейсін, оның төмен жылдамдығын және оған тіркелу проблемаларын тудырды. Алматыдан келген респонденттер жиі осындай проблемаларды бастан кешірді. Алайда, сайып келгенде, бұл түпкілікті нәтижеге қанағаттануға әсер етпеді – көпшілігі толық қанағаттанушылықтарын білдіріп, жоғары баға берді.

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Электрондық платформаның жұмыс жылдамдығын арттыру мақсатында (ақпаратты жүктеу, сұраныстарды өңдеу және т.б.):
   - Портал орналастырылған серверлер мен файлдарды жүктеу және сақтау модульдерінің тұрақтылығын тексеру;
   - Деректерді қабылдау және өңдеу компоненттеріндегі ақауларды жою және жаңарту жұмыстарын жүргізу;
   - Өткізу қабілетін және резервтік қуаттылықты арттыру;
   - Мониторинг пен ескерту жүйесін енгізу: порталдың қолжетімділігі мен жұмыс жылдамдығын үздіксіз бақылау құралдарын пайдалану, оқыс жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;
   - Жүйелі түрде жүктемелік тестілеу жүргізу: порталдың жоғары пайдаланушы белсенділігі жағдайында тұрақтылығын тексеру және ықтимал мәселелерді алдын ала анықтау.
2. Пайдаланушы интерфейсін жақсарту және порталдың интуитивті түсініктілігін арттыру үшін:
   - Тәуелсіз мамандарды тарта отырып, ағымдағы UX/UI-дизайнға кешенді аудит жүргізу;
   - Пайдаланушылардың өзара әрекеттесу барысындағы қиындықтарды анықтау үшін мақсатты топтармен сауалнамалар мен тестілеулер өткізу;
   - Қарапайым және қолжетімділік принциптеріне (соның ішінде WCAG стандарттарына) және әртүрлі құрылғыларға бейімделу талаптарына сай жаңартылған интерфейс әзірлеу;
   - Қадамдық нұсқаулықтар, интерактивті кеңестер мен оқыту модульдерін енгізу;
   - Тіркеу нысанын жеңілдету, міндетті өрістер санын азайту.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімі туралы ақпаратты жеңіл әрі түсінікті ету үшін:
   - Азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлерге арналған бірыңғай анықтамалар мен растаушы құжаттар тізімін енгізу. Онда қай анықтамалар шын мәнінде қажет екені және оларды инстанцияларға бармай-ақ, өзара ықпалдасқан ақпараттық жүйелер арқылы қалай алуға болатыны көрсетілуі тиіс.
4. Ақпараттың өзектілігі мен бірізділігін қамтамасыз ету үшін: Порталдардағы мәліметтерді келесі ресурстар арасында сәйкестендіру: «Электрондық үкімет» веб-порталы (https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass276_msh) және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі (https://zan.gov.kz/client/#!/doc/154987/rus/229). Екі ресурс

арасындағы қызмет көрсету мерзімдері бойынша айырмашылықтар жойылуы қажет. Мысалы, egov.kz порталында көрсетілген мерзімдер: экспорт пен импортқа рұқсат – **2 жұмыс күні**; өзге мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісім талап етілетін жағдай – **30 жұмыс күні**; транзитке рұқсат – **2 жұмыс күні**.

29-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass276_msh

Ал, ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіндегі мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, қызмет көрсету мерзімдері келесідей болып белгіленген: экспорт пен импортқа рұқсат беру – **4 жұмыс күні**, басқа мемлекеттердің тиісті қызметтерімен транзиттік келісімді талап ететін тасымалданатын (жеткізілетін) объектілердің транзиттік өткізілуіне рұқсат беру – **30 жұмыс күні**, тасымалданатын (жеткізілетін) объектілердің транзитіне рұқсат беру – **3 жұмыс күні**.

30-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінен алынған қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Стандарт государственной услуги «Выдача разрешения на экспорт, импорт и транзит перемещаемых (перевозимых) объектов с учетом оценки эпизоотической ситуации на соответствующей территории»		
1	Наименование услугодателя	Главный государственный ветеринарно-санитарный инспектор Республики Казахстан или его заместители (далее – услугодатель).
2	Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа)	Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал).
3	Срок оказания государственной услуги	Разрешение на экспорт, импорт перемещаемых (перевозимых) объектов – 4 (четыре) рабочих дня. Разрешение, требующее транзитного согласования со службами других государств на транзитный провоз перемещаемого (перевозимого) объекта – 30 (тридцать) рабочих дней. Разрешение на транзит перемещаемых (перевозимых) объектов – 3 (три) рабочих дня.
4	Форма оказания государственной услуги	Электронная (полностью автоматизированная).

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/154987/rus/229

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсету талаптары мен рәсімдерін сипаттайтын нормативтік-құқықтық актіде қызмет көрсету үшін қажетті барлық құжаттардың нақты тізімін көрсету және оны келесі электрондық ресурстардың барлығында орналастыру қажет: *Egov.kz, Elicense.kz, Adilet.kz, Adilet.zan.kz, Gov.kz және т.б.*
   - Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру және азаматтарға түсетін әкімшілік жүктемені азайту мақсатында қызмет көрсету процесін оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру қажет:
   - Қажетті құжаттар тізбесіне тұрақты түрде аудит жүргізу;
   - Талап етілетін анықтамалар санын азайту;
   - Мемлекеттік органдар өз бетінше ала алатын мәліметтер бойынша анықтама ұсыну талаптарын алып тастау;
   - Ведомстволар арасында деректердің автоматтандырылған алмасу жүйесін енгізу немесе кеңейту;
   - Азаматтың қатысуынсыз ведомствоаралық сұрау салу арқылы қажетті мәліметтерді алу үшін техникалық және нормативтік тетіктерді орнату;
   - Анықтамаларды «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы электрондық форматта ұсынуды қамтамасыз ету;
   - Электрондық анықтамаларға қағаз түріндегі құжаттармен тең заңдық күш беру.
2. «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына коллизияны жою бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру.

3.33. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі №4-2/602 бұйрығы.

Қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы; Ауыл шаруашылығы дақылдарын сынақтан өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның кеңсесі арқылы; «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы.

Қызмет көрсету мерзімдері: Дәнді, дәнді-бұршақты, жармалық, майлы, техникалық, талшықты, біржылдық мал азықтық, көкөніс, бақша, гүл және картоп дақылдары бойынша – кемінде екі вегетациялық кезең; Көпжылдық шөптер бойынша – кемінде екі пайдалану циклі; Жеміс-жидек дақылдары мен жүзім бойынша – кемінде екі шаруашылық өнімі алынғанға дейін.


Қызмет көрсету нәтижесі: Мемлекеттік қызмет көрсетілгені туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Құны: Мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын 6 респондент қатысты. Барлығы да қызметті заңды тұлға ретінде алған. Қызмет алушылардың барлығы 40–49 жас аралығында, олардың 83,3% (5 адам) әйелдер, ал 16,7% (1 адам) ер адам.

89-90-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок



Сауалнамаға қатысқан респонденттер қызметті электрондық форматта, яғни E-gov.kz веб-порталы арқылы алды. Портал оларды автоматты түрде «Электрондық лицензиялау» порталына бағыттады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау» қызметін көрсету сапасына берілген орташа баға – 4,87 балл, ал қызметке толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 86,7%. Баға келесі критерийлерді ескерместен есептелді: «Шығындар» – барлық респонденттер қызметті тегін алған; «Виртуалды көмекші» – қызмет алушылар бұл функцияны пайдаланбаған; «Кері байланыс» – қызмет сапасына шағым түспеген.

64-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,50	**4,67**	50,0%	66,7%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,83		83,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,83	**4,83**	83,3%	83,3%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				

КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,83	**4,83**	83,3%	83,3%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,87**		**86,7%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,97**		**97,2%**
	УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН		**4,72**		**72,2%**

5 балл және толық қанағаттану деңгейі (100,0%) келесі критерийлер бойынша тіркелді: «ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық».

«Мерзім» және «нәтиже» критерийлері 4,83 баллмен (қанағаттану деңгейі – 83,3%) бағаланған.

Тікелей қызмет көрсету рәсімі басқа критерийлермен салыстырғанда төменірек бағаланды — 4,6 балл, қанағаттану деңгейі – 66,7%. Респонденттер электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесінде қиындықтарға тап болған (баға – 4,5 балл, қанағаттану деңгейі – 50,0%), себебі бұл қосымша күш-жігер мен әртүрлі инстанцияларға баруды қажет еткен.

Талдау нәтижелері көрсеткендей: «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы жоғарырақ бағаланған — 4,97 балл, толық қанағаттану деңгейі – 97,2%, ал уәкілетті мемлекеттік органның қызметі — 4,72 балл, толық қанағаттану деңгейі – 72,2%.

Қорытындылар мен ұсынымдар


Көрсетілетін қызметті алушылардың «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау» қызметін ұсыну сапасына қанағаттану деңгейі айтарлықтай жоғары болып табылады. Сауалнамаға қатысқандардың электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесіне қатысты белгілі бір талаптары бар..

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Мемлекеттік қызмет бетінде орналастырылған құжаттарды аудиттен өткізу. Қазіргі уақытта порталдың «Мемлекеттік қызмет көрсету» бетінде қызметті алу тәсілдері ретінде келесілер көрсетілген: «Электрондық үкімет» веб-порталы; Ауыл шаруашылығы дақылдарын сынақтан өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның кеңсесі; «Электрондық лицензиялау» порталы.

31-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass269_msh

«Электрондық лицензиялау» порталы «Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары» сілтемесі бойынша өту кезінде, ол факті бойынша көрсетілмейді.

32-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Приложение 6
к Правилам проведения
сортоиспытания
сельскохозяйственных растений

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги
«Государственное испытание сельскохозяйственных растений на хозяйственную полезность»

Сноска. Приложение 6 в редакции приказов Министра сельского хозяйства РК от 09.12.2022 № 408 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); и.о. Министра сельского хозяйства РК от 23.12.2024 № 408 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

1	Наименование услугодателя	Государственная услуга оказывается Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – услугодатель).
2	Способы предоставления государственной услуги	1) канцелярия Государственной комиссии по сортоиспытанию сельскохозяйственных культур (далее – Государственная комиссия); 2) веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – веб-портал).

Дереккөз https://zan.gov.kz/client/#!/doc/94052/rus/568

2. Басқа мемлекеттік дерекқорларда бар анықтамаларды қайта жинау қажеттілігін болдырмау мақсатында eLicensing.kz порталын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және өзге де ведомстволардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау қажет. Бұл шешім өтініш беруші туралы мәліметтерді, жер учаскелері жөніндегі деректерді, құқықтық мәртебе туралы ақпаратты және өзге де қажетті деректерді автоматты түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. «Мемлекеттік комиссияның көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы өтінішті қабылдау» - баламаны алып тастау бойынша мәселені пысықтау.
2. «Ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне сорттық сынақ жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
3. «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде тек электрондық форматта техникалық пысықтау.

3.34. Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 501016 – Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы №165 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 мамырда №11125 болып тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: Электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және қызмет нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы; «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету мерзімі: 2 (екі) жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесі: Теңіз кемелерін Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу және қайта тіркеу кезінде:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында теңіз кемесінің жүзу құқығы туралы куәлік (осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша);
- кемеге меншік құқығы туралы куәлік (Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) беріледі.

Қызмет алушылар: Заңды тұлғалар.

Құны: Мемлекеттік қызмет көрсету үшін төлем мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген.

Төлем мөлшерлемелері:


1) Мемлекеттік қызметтің «Теңіз кемелерін Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу» кіші түрі бойынша – 60 айлық есептік көрсеткіш (АЕК).

Төлем қолма-қол немесе қолма-қолсыз түрде: екінші деңгейлі банктер арқылы, жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, немесе «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 3 респондент қатысты. Барлығы – ер адамдар (100%). Жас санаттары бойынша: 30–39 жас – 66,7%, 40–49 жас – 33,3%.

91-92-суреттер. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық қызмет алушылар — Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын заңды тұлғалар. Қызметті алу үшін респонденттердің 100,0% «Электрондық лицензиялау» порталын пайдаланған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Теңіз кемелерін Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу» қызметін көрсету сапасы қызмет алушылар тарапынан 4,81 баллға бағаланды. Көрсетілген қызметтің сапасын 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі (толық қанағаттану деңгейі) — 80,6%.

65-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (қызмет сапасын 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,67	**4,83**	66,7%	83,4%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,67	**4,67**	66,7%	66,7%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,67		66,7%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,67		66,7%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,83**	100,0%	83,4%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,67		66,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,67	**4,67**	66,7%	66,7%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	4,67	**4,83**	66,7%	83,4%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,81**		**80,6%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,76**		**76,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,83**		**83,4%**

8 бағалау критерийінің ішінен респонденттер 6 көрсеткішке баға берді. «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері бағаланған жоқ, себебі ешбір қызмет алушы көмек сұрап немесе шағым түсірмеген.

Ең жоғары баға алған критерий: «нәтиже» – 5,00 балл/100,0% қанағаттану деңгейі. Бұл критерий бойынша барлық респонденттер қызмет сапасына толық қанағаттанған. 4,83 балл (83,4%) алған критерийлер

Үш критерий ортақ жоғары бағаланды — 4,83 балл, толық қанағаттану деңгейі 83,4%: «ақпарат және коммуникация», «шығындар» және «рәсім»

«Ақпарат және коммуникация» критерийі бойынша төмен бағаланған қосымша көрсеткіш: «Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті» – 4,67 балл / 66,7% қанағаттану.

«Рәсім» критерийі бойынша төмен көрсеткіш тіркелді: «Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын» – 4,67 балл / 66,7%.

«Шығындар» критерийінде кейбір респонденттер қызмет құнының қолайсыз екенін атап өтті, соның салдарынан бұл көрсеткіш 4,67 балл, ал жалпы критерийдің орташа бағасы – 4,83 балл,қанағаттану деңгейі – 83,4%.

«Қолжетімділік және қолайлылық» пен «мерзім» критерийлері 4,67 балл деңгейінде бағаланды, қанағаттану деңгейі – 66,7%. Респонденттер атап өткен негізгі қиындықтар: «Электрондық лицензиялау» порталында тіркелу кезінде туындаған қиындықтар, қажетті ақпаратты іздеудің қолайсыздығы, порталдың баяу жұмыс істеуі.

Уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі) қызметі 4,83 баллға бағаланып, қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 83,4%. Мұндай нәтиже кейбір респонденттердің қызмет көрсету мерзіміне және құнына қатысты ескертпелер білдіруімен байланысты.

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы көбірек сынға ұшырап, 4,76 балл деңгейінде бағаланған, толық қанағаттану деңгейі – 76,2%.

Қызмет көрсету сапасын егжей – тегжейлі зерттеу үшін қосымша зерттеу әдісі- тереңдетілген сұхбат қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушының пікірі қызмет көрсету сапасының жалпы жоғары деңгейін растады. Алайда, негізгі қиындықтар порталдың жұмысына және ақпараттың қолжетімділігіне қатысты болған.

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушының басты проблемасы қызметті алу процесі туралы ақпараттың қол жетімділігіне байланысты. Қатысушы бұл қызметті өз бетінше ала алмағанын және оған түсініктеме беру үшін заңгерлерге жүгінгенін атап өтті. Осылайша, мәселе порталдағы ақпаратты ұсынудың күрделілігіне байланысты: *«Интерфейсте көптеген нақты терминдер мен құқықтық тұжырымдар бар, сондықтан заңгерлердің көмегінсіз түсіну қиын болды. Неғұрлым дайын пайдаланушы үшін проблемалар аз болуы мүмкін, бірақ менің жағдайда бұл аймақ өзін-өзі пайдалану үшін жеткілікті қиын болып көрінді».*

Сондай - ақ, сұхбатқа қатысушы сұрауларды өңдеу жылдамдығына, жүйенің мезгіл-мезгіл қатып қалуына байланысты портал жұмысындағы проблемаларды атап өтті: *«Алайда, кейде жүйе қатып қалады, ал мұндай сәттерде жұмысты жалғастыру мүмкін емес-күтуге немесе қайта жүктеуге тура келеді. Бұл, менің ойымша, жалғыз минус»* – бұл туралы бұқаралық сауалнамаға қатысушылар да мәлімдеді - «қолжетімділік және қолайлылық» критерийі барлық бағаланған критерийлердің ең төменгі бағасын алды.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Сауалнама нәтижелері қызметтің жоғары деңгейде көрсетілгенін көрсетеді, алайда, ең алдымен, «электрондық лицензиялау» порталы жұмысының сапасына байланысты проблемалар бар, респонденттердің бір бөлігі порталда тіркеуде, қажетті ақпаратты іздеуде және қажетті құжаттарды жүктеуде қиындықтарға тап болды. Алынған бағалар негізінде қызметті алу процесін оңтайландыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Қызмет бетінде қамтылған құжаттамаға аудит жүргізу. Деректерді талдау бетте «Теңіз кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу» 2014 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің рұқсат беру құжаты (рәсімі) бөлігінде «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы «Ақпараттық жүйесінің сыртқы порталын пайдаланушының нұсқаулығы» деп аталатын pdf форматында жүктелетін құжат бар екенін көрсетеді, онда қызметтің әдістері, алгоритмі, мерзімі мен құны туралы толық ақпарат бар. Алайда, құжат 2014 жылдан басталады және деректердің бір бөлігі ескірген. Мысалы, осы құжатқа сәйкес қызметті (өтінішті) уәкілетті орган арқылы қағаз түрінде алу мүмкіндігі бар, бірақ 2025 жылғы жағдай бойынша қызмет тек электрондық форматта, «электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі.

33-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінің скриншоты.

2.3 Форма подачи заявления на выдачу разрешительного документа

Таблица 4 – Форма подачи заявления

№	Наименование	Наличие
1.	Подача заявления в УО, в бумажном виде	Да
2.	Подача заявления в бумажном виде по почте	Нет
3.	Подача заявления через ЦОН	Нет
4.	Подача заявления посредством ИС ГБД ЕЛ	Да (за исключением операции «Выдача»)

*Дереккөз:*https://elicense.kz/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%98%D0%A0.%D0%A03%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%98%D0%A0.%D0%A03%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.3%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R14_MTK3-V1%22%7D

Құжатта ұсынылған ақпаратқа сәйкес, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 10 жұмыс күні деп көрсетілген. Алайда, 2025 жылы нақты көрсетілетін мерзім 2 жұмыс күнін құрайды, бұл туралы «Электрондық лицензиялау» және Egov.kz порталдарында көрсетілген.

34-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінің скриншоты.

2.5 Условия оказания услуги

Таблица 6 – Условия оказания разрешительной процедуры (документа) в разрезе операций, инициируемых Потребителем

№	Наименование	Наименование по НПА (с указанием подвидов)	Срок оказания	Срок действия	Стоимость (МРП)
1.	Выдача РД	Государственная регистрация судов в Государственном судовом реестре морских судов	10 рабочих дней	Бессрочно	60
2.	Переоформление РД	Государственная перерегистрация судов в Государственном судовом реестре морских судов	10 рабочих дней	Бессрочно	60

*Дереккөз:*https://elicense.kz/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%98%D0%A0.%D0%A03%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%98%D0%A0.%D0%A03%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.3%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R14_MTK3-V1%22%7D

Осылайша, аталған нұсқаулық құжаты қызмет алушыларға қызмет алу барысында түсінбеушілік пен қиындықтар туындатуы мүмкін. Нұсқаулық құжаттың көлемі үлкен (45 бет мәтін мен кестелер), бұл қызметті алғаш рет алушы азаматтар үшін күрделі болуы ықтимал. Осыған байланысты құжатты оңтайландыру, тәжірибелі және жаңа пайдаланушылар үшін де түсінікті болатын жаңартылған нұсқасын мәтіндік/графикалық және бейне форматтарда әзірлеу ұсынылады:

2. Бейне-нұсқаулықтар әзірлеу: өтініштерді толтыру үлгілерімен және қызмет алушы өтінішіне қоса берілетін қажетті құжаттарды көрсету арқылы бейнематериалдар дайындау;
3. Құжатты мемлекеттік тілде орналастыру: Порталда нұсқаулық құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын жүктеу. Себебі, Порталдың қазақ тіліндегі интерфейсін пайдаланған жағдайда да құжаттың орыс тіліндегі нұсқасы ғана қолжетімді;
4. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында Порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру:
    - **Файл көлемін оңтайландыру:** Сапасын жоғалтпай, жүктелетін файлдардың өлшемін автоматты түрде оңтайландыруды енгізу. Бұл серверге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жылдамдатады.
    - **Файлдың ең жоғары көлемін арттыру:** Әсіресе көлемді құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) үшін жүктелетін файлдардың рұқсат етілген ең жоғары көлемін қайта қарау және қажет болған жағдайда ұлғайту.
    - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** Байланыс үзіліп қалған жағдайда файлды қайтадан жүктеуді басынан бастамай, бұрынғы жерінен жалғастыру функциясын іске асыру.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Кемелерді тіркеу процесінің әрбір кезеңіне жан-жақты талдау жүргізу. Қызмет автоматтандырылған болғанына қарамастан, кідірістерге әкелуі мүмкін «тар жерлерді» анықтау. Мүмкін, уәкілетті орган өкілдерімен келісуді немесе құжаттарды қолмен тексеруді талап ететін кезеңдер бар шығар, бұл өз кезегінде қызмет көрсету уақытының ұзаруына әсер етеді;
2. Құжаттарды тексеру барысындағы кідірістер анықталған жағдайда, деректерді алдын ала валидациялау немесе құжаттарды интеллектуалды тексеру жүйелерін енгізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл қателіктерді азайтып, қызметті қайта алуға немесе түзету енгізуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді;
3. Қызмет көрсетуге байланысты шығындарға егжей-тегжейлі талдау жүргізу. 60 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі төлем сомасының қалай қалыптасатынын нақты негіздеу, оның ішінде IT-инфрақұрылымды қолдау, деректерді өңдеу, әкімшілендіру және өзге де шығындарды көрсету. Талдау нәтижелерін «Электрондық лицензиялау» порталының қызмет бетінде және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
4. Құнының сараланған жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру, мысалы, кеме түріне, оның көлеміне немесе өзге де техникалық параметрлеріне байланысты.

3.35. Экипаж мүшесінің куәлігін беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1102019 – Экипаж мүшесінің куәлігін беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Ұшу құрамындағы адамдарға, кабиналық экипаж мүшелеріне, ұшу кезінде техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 маусымдағы №378 бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15478 нөмірімен тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және «Е-лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 7 (жеті) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметтің нәтижесі: Экипаж мүшесінің куәлігі (УЧЭ) беріледі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап ұсынылады (осы тізбенің 9-бағанында көзделген негіздер бойынша). Қызмет көрсету нәтижесі Мемлекеттік корпорация арқылы беріледі.


Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.


Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық бөлім

Зерттеуге 23 қызмет алушы қатысты. Олардың 66,7% – әйелдер, 60,9% – 30-39 жас аралығындағы адамдар.

93-94-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық бөлім.





Сауалнамаға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын заңды тұлғалар қатысты. Қызмет «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алынған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Экипаж мүшесінің куәлігін беру» мемлекеттік қызметін респонденттер 4,84 балл деңгейінде бағалады. Толық қанағаттану көрсеткіші – 83,1%.

66-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,91	**4,93**	91,3%	91,3%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,95		91,3%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,70	**4,75**	69,6%	72,5%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,73		69,6%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,82		78,3%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,83	**4,87**	82,6%	87,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,91		91,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,65	**4,65**	65,2%	65,2%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	-		-	
	Төлем тәсілі қолайлы болды	-		-	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	4,78	**4,83**	77,8%	83,4%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,89		88,9%	

НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,83	**4,83**	82,6%	82,6%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,84**		**83,1%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,88**		**86,4%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,79**		**79,4%**

Ұсынылған критерийлер бойынша бағалар 4,65-тен 5,00 баллға дейінгі аралықта болды.

Ең жоғары баға – 5,00 балл – «виртуалды көмекші» қызметінің жұмысына берілді.

Ең төмен баға – 4,65 балл – «мерзім» критерийі бойынша тіркелді. Қызмет көрсету мерзіміне толық қанағаттанған респонденттердің үлесі 65,2% құрады.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі 4,93 балл деңгейінде бағаланды. Респонденттердің 91,3% - порталдағы ақпараттың сапасына, оның ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қолжетімділігіне толық қанағаттанғандарын білдірді.

Қызмет алу рәсімі 4,87 баллмен бағаланды, бұл критерий бойынша толық қанағаттану деңгейі 87,0%. Кейбір респонденттерде қызмет алу үшін құжаттарды жинау кезеңінде қиындықтар туындаған.

Қызметті алу барысында респонденттер әртүрлі кері байланыс арналары арқылы жүгінген: Бірыңғай байланыс орталығы 1414, порталдағы «виртуалды көмекші», «Көмек» және «Жиі қойылатын сұрақтар» бөлімдері. Дәл осы арналармен өзара әрекет негізінде респонденттер кері байланыс сапасын бағалаған. Айта кету керек, сұралғандардың ешқайсысы қызмет көрсету процесіне байланысты ресми шағым бермеген. «Кері байланыс» критерийі бойынша орташа баға 4,83 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 83,4%. Бірқатар респонденттер кері байланыстың жылдамдығына қатысты ескертулер айтқан. Аталған қосымша көрсеткіш 4,78 балл деңгейінде бағаланып, 77,8% респондент толық қанағаттанғандарын көрсетті.

Қызмет көрсету нәтижесі 4,83 балл деңгейінде бағаланды. Респонденттердің 82,6% алынған нәтижеге толық қанағаттанған (5 баллмен бағалаған).

17,4% респондент қызмет алу барысында белгілі бір қиындықтарға тап болған: 8,7% – қажетті құжаттар пакетін жинау үшін бірнеше мекемеге жүгінуге мәжбүр болған, 4,3% – бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап еткен жағдайды атап өткен, 4,3% – қызмет көрсетуден бас тарту немесе құжаттардың кері қайтарылу жағдайына тап болған.

Әртүрлі қызмет көрсетушілер арасындағы жауапкершілік аймақтары бойынша критерийлерді бөлу нәтижесінде келесі жиынтық бағалар алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің қызметі 4,79 балл деңгейінде бағаланып**, 79,4%** респондент толық қанағаттанғанын көрсетті;

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы 4,88 балл деңгейінде бағаланды, пайдаланушылардың **86,4%-ы** оның жұмысына толық қанағаттанғандарын білдірді.

Қызмет көрсету процесін жан-жақты талдау мақсатында тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды. Респондент мемлекеттік қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алған.

Тереңдетілген сұхбат

Қызметке өтініш беру процесі колл-орталықтың, техникалық қолдаудың немесе үшінші тұлғалардың көмегінсіз жүзеге асырылған *(«маған колл-орталықтың, техникалық қолдаудың немесе басқа адамдардың көмегі қажет болмады — бәрін өзім жасай алдым»).* Порталдың интерфейсі түсінікті және ыңғайлы деп бағаланған: барлық қадамдар логикалық тұрғыда реттелген, құжаттарды жүктеу процесі ыңғайлы әрі қиындық туғызбаған. Респондент техникалық қиындықтарды байқамаған *(«қызмет алу оңай болды, тек қажетті құжаттар мен қадамдарды білу қажет. Кәдімгі интернет пайдаланушысы үшін бұл платформа түсінікті деп ойлаймын»).* Құжаттарды жинау кезеңінде де ешқандай мәселе туындамаған («құжаттарды жинау мен жүйеге жүктеу кезінде қиындық болған жоқ. Процесс айқын және ыңғайлы өтті»).

Онлайн-платформаның жұмысы жалпы жоғары бағаланған: «Онлайн-платформа жалпы қолайлы әрі түсінікті: қажет бөлімді оңай табуға болады, ақпарат құрылымдалған түрде берілген». Сонымен қатар, кемшілік ретінде респондент келесіні атап өтті: «Жүйе баяу жұмыс істейді және кейде қатып қалады, соның салдарынан рәсімдеу процесі созылып кетеді».

Ұсыным ретінде респондент порталды тұрақты жұмыс істеуге бейімдеу, құжаттарды жүктеу және сұраныстарды өңдеу жылдамдығын арттыру қажеттігін атап өтті. Оның пікірінше, бұл шаралар қызмет алу процесін одан әрі ыңғайлы және жедел етеді.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Респонденттердің едәуір бөлігі қызмет көрсету сапасына қанағаттанған. Айта кетерлік жайт – «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы респонденттер тарапынан уәкілетті мемлекеттік органның қызметіне қарағанда жоғары бағаланған. Кейбір респонденттер қызмет алу кезінде бюрократиялық кедергілерге тап болған: қосымша құжаттар талап ету, құжаттардың кері қайтарылуы немесе қызмет көрсетуден бас тарту жағдайлары.Сондай-ақ, қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығы барлық респонденттерді қанағаттандырмаған.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсету мерзімдерін қайта қарау және оңтайландыру мақсатында ревизия жүргізу. Қызмет көрсету сапасына зиян келтірмей, мерзімді қысқарту мүмкіндігін қарастыру;
2. Қызмет көрсетудің жеделдетілген форматын енгізу мүмкіндігін бағалау. Бұл формат өтініш берушінің қалауы бойынша және қосымша ақы негізінде жүзеге асырылуы мүмкін, сонымен бірге заңнама талаптары мен тең қолжетімділік қағидаттары сақталуы тиіс;
3. Бюрократиялық кедергілерді барынша азайту:
   - өтініш берушілерді құжаттарға қойылатын талаптар туралы өтініш беру басталғанға дейін хабардар ету, болашақ қызмет алушыларға арналған көрнекі әрі егжей-тегжейлі нұсқаулық дайындау.

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Онлайн-көмекшілер арқылы пайдаланушылардың өтініштерін өңдеу уақытын қысқарту;
2. Пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту, оны бейне және инфографика форматтарында көрнекі әрі түсінікті ету;
3. «Электрондық үкімет», «Электрондық лицензиялау» порталдары, РМҚ және қызмет көрсету қағидалары арасындағы ақпаратты бірыңғай форматқа келтіру. Қазіргі уақытта порталдар мен тізілімде қызмет тегін көрсетіледі деп көрсетілген, ал Қағидаларда – ақылы деп белгіленген. Бұл қайшылықты жою мақсатында азаматтық авиация саласындағы төлемдер тәртібі мен мөлшерлемелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы №177 бұйрығына сәйкес ақпаратты өзектендіру қажет («Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында төлемдер алу қағидаларын бекіту туралы»).

35-сурет. «Әділет» сайтындағы қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги "Выдача удостоверения члена экипажа"

Сноска. Приложение 1 - в редакции приказа Министра транспорта РК от 17.01.2024 № 30 (вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

1.	Наименование услугодателя	Акционерное общество "Авиационная администрация Казахстана"
2.	Способы предоставления государственной услуги	Государственная корпорация, веб-портал "электронного правительства"
3.	Срок оказания государственной услуги	7 (семь) рабочих дней
4.	Форма оказания государственной услуги	Электронная (частично автоматизированная) / бумажная
5.	Результат оказания государственной услуги	УЧЭ либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги по основаниям, предусмотренным графой 9 настоящего перечня основных требований к оказанию государственной услуги. Результат оказания государственной услуги выдается через Государственную корпорацию. Форма предоставления государственной услуги: Электронная (частично автоматизированная) / бумажная.
6.	Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан	Государственная услуга оказывается на платной основе, в порядке и по ставкам платежей в сфере гражданской авиации в соответствии с приказами исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 24 марта 2023 года № 177 "Об утверждении Правил взимания платежей в сфере гражданской авиации Республики Казахстан" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 32120) и Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 17 марта 2023 года № 167 "Об утверждении перечня платных услуг уполномоченной организации в сфере гражданской авиации и ставок платежей в сфере гражданской

Дереккөз: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015478#z3

3.36. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1403002 - Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Сәйкестікті растау жөніндегі эксперт-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі эксперт-аудиторларды аттестаттау, аттестаттың қолданылу мерзімін ұзарту және «Сәйкестікті растау жөніндегі эксперт-аудиторды аттестаттау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы №399-НҚ бұйрығы. Аталған бұйрық нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22967 нөмірімен тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету мерзімі: өтініш тіркелген сәттен бастап 6 (алты) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Сәйкестікті растау жөніндегі эксперт-аудитордың аттестаты не аттестаттың қолданылу мерзімін 5 жылға ұзарту туралы шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық бөлім

Сауалнамаға 76 қызмет алушы қатысты. Ерлер мен әйелдердің үлесі шамамен тең – 48,7% ерлер және 51,3% әйелдер. Респонденттердің жартысы – 40–49 жас аралығындағы тұлғалар (51,3%).

95–96-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық бөлім.



Барлық респонденттер мемлекеттік қызметті жеке тұлға мәртебесінде алған және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.Сұралғандардың барлығы қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы пайдаланған.Респонденттердің шамамен 97% жеке

компьютерді, ал 2,6% – ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын пайдаланған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Ұсынылған критерийлер бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасының орташа бағасы 4,79 баллды құрады. Қызметті 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі – 84,8%.

67-кесте. Баллдардың бөлінісуі

Бағалау критерийлері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,97	**4,97**	97,4%	97,4%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	4,97		97,4%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	4,95	**4,83**	94,7%	89,4%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,92		94,7%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,62		78,9%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	4,93	**4,74**	93,4%	83,6%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,54		73,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,91	**4,91**	90,8%	90,8%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым	4,20	**4,30**	60,0%	50,0%

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,40		40,0%	
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,97	**4,97**	97,4%	97,4%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,79**		**84,8%**
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,83**		**89,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,68**		**76,3%**

Кестеде 8 критерийдің 6-уы бойынша деректер ұсынылған, себебі «шығындар» және «виртуалды көмекші» критерийлері респонденттер тарапынан бағаланған жоқ. Бұл қызмет тегін негізде көрсетілетіндіктен, сондай-ақ респонденттердің ешқайсысы виртуалды көмекшіге жүгінбегендіктен бағалау жүргізілмеген.

Респонденттер келесі критерийлерге жоғары баға берген: «ақпарат және коммуникация» – 4,97 балл, толық қанағаттану деңгейі 97,4%; «нәтиже» – 4,97 балл, толық қанағаттану деңгейі 97,4%; «мерзім» – 4,91 балл, толық қанағаттану деңгейі 90,8%; «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,83 балл, толық қанағаттану деңгейі 89,4%.

Ортадан жоғары баға қызмет алу рәсіміне берілген – 4,74 балл, толық қанағаттану көрсеткіші 83,6% Қызметті алу процесінде респонденттер құжаттарды Порталға жүктеу кезінде қиындықтарға тап болған. Аталған критерий 4,54 балл деңгейінде бағаланған. Респонденттердің айтуынша *«Құжаттарды жүктеу процесін жеңілдету қажет, барлығы компьютерді жақсы меңгермеген», «Мәліметтер мен құжаттарды жүктеу формасын барынша түсінікті ету керек, тым көп бөлімдер мен батырмалар бар», «Портал кейде құжаттарды жүктемейді, бірде бір нәрсе істемейді, elicense.kz жиі қате шығарады», «Құжаттарды бірнеше рет жүктеуге тура келеді – бірде өлшем сәйкес емес, бірде форматы».* Өз кезегінде респонденттер *«Аттестаттауға арналған мәліметтер формасын жеңілдетіп, құжаттарды автоматты түрде жүктеу мүмкіндігін енгізу қажет. Мысалы, бір рет жүктесең, базаға сақталсын», «Электрондық жүйе болса, бәрі электрондық болуы тиіс. Барлық сканерлеуді пайдаланушыға жүктемеңіздер.», «Мәліметтер формасын жеңілдету керек, бірдей ақпаратты қайта-қайта толтырудың қажеті жоқ, деректер базадан автоматты түрде тартылсы.», «Кабинеттерді аралаудың қажеті жоқ, бірақ порталмен жұмыс істеу қиын. Деректер автоматты түрде жүктелетіндей етіп жасау қажет»* деген ұсынымдарын білдірді. Респонденттер сондай-ақ *тәжірибеден өту, аттестаттау және диплом туралы құжаттарды электрондық форматқа көшіруді* ұсынған.

Қызмет алу барысында 6,6% респондент 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгінген. Кері байланыс сапасы орта деңгейде – 4,3 балл деп бағаланған: сұрауға жауап беру уақыты – 4,20 балл, қабылданған шаралардың сапасы – 4,40 балл. Комментарий бөлімінде респонденттер Бірыңғай байланыс орталығының кей қызметкерлер кәсібилігінің төмен деңгейіне шағмаданған: *«1414 орталығының кеңесшілерінің кәсібилігін арттыру қажет, көптеген сұрақтарға жауап бере алмай, бір-біріне бағыттай береді», «байланыс орталығына және техникалық қолдау қызметіне бірнеше рет қоңырау шалуға тура келді, нақты жауап берілмеді», «кабинет жағалап жүрмейміз, бірақ*

телефон арқылы жүгіру аз емес. Бір әңгімеде мәселені шешіп, кейін қайта хабарласып, нақты не істеу керегін айту қажет».

Қызмет алушылардың тағы бір ескертпесі – порталдың жұмыс уақыты кезінде жаңартылуы болды: «Порталдарды жаңартуды, өтінеміз, жұмыс уақыты емес уақытта жүргізіңіздер, дайын өнімді ғана пайдалануға беріңіздер», «Техникалық жұмыстарды жұмыс уақыты аяқталған соң өткізіңіздер» және басқа ұқсас пікірлер.

Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың шамамен 40% қызмет алу процесінде бюрократиялық кедергілерге тап болғанын мәлімдеді: 30,1% – қызмет көрсетуден бас тартуға тап болған; 4,1% – бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттар талап етілгенін айтқан; тағы 4,1% – қажетті анықтамалар мен құжаттарды алу үшін әртүрлі инстанцияларға жүгінуге мәжбүр болған. Бас тартулардың жоғары үлесі келесі өңірлерде тіркелді: Астана қаласы – 42,3%, Алматы қаласы – 26,5%, Қостанай облысы – 28,6%. Сонымен қатар, Қостанай облысының респонденттері жиі әртүрлі ұйымдарға құжат жинау үшін баруға мәжбүр болғанын, қызмет көрсетуші тарапынан қосымша құжаттар талап етілгенін (екеуі де 42,9%) атап өткен.

Қызмет тегін көрсетілгенімен, 31,6% респондент қызмет алу барысында белгілі бір қаржылық шығындардың болғанын айтқан. Олардың ішінде: 53,5% – көлік шығындары, 11,6% – ақылы анықтамалар алу, 11,6% – құжаттарды ксерокөшіру немесе сканерлеу деп көрсеткен. «Басқа» нұсқасын таңдаған респонденттер аттестаттауға дейін оқу, тағылымдамадан өту және мамандармен кеңесу үшін елеулі қаржы жұмсайтынын атап өтті. Жалпы алғанда, бұл қосымша шығындар респонденттер үшін күтпеген немесе ауыртпалықты болмаған. Қосымша шығындарға ең жиі ұшырағандар – Қостанай облысының қызмет алушылары (71,4%).

Қорытындылар мен ұсынымдар

Қызмет көрсету сапасы респонденттер тарапынан орта деңгейде бағаланған. Порталдың жұмысы уәкілетті мемлекеттік органның қызметіне қарағанда сәл жоғары бағаланған. Бұл, ең алдымен, қызмет көрсетуден бас тарту жағдайлары мен құжаттар пакеті мен регламент арасындағы сәйкессіздіктерге байланысты. Сондай-ақ, респонденттердің бір бөлігі кері байланыс сапасына, атап айтқанда 1414 байланыс орталығының жұмысына қатысты ескертулер білдірген.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда жүргізілетін техникалық жұмыстардың кестесін жариялау; техникалық жұмыстарды түнгі уақытта жүргізу мүмкіндігін қарастыру, бұл пайдаланушылар үшін ыңғайсыздықты азайтады;
2. Жүктелетін құжаттардың рұқсат етілген форматтары мен көлемін кеңейту, бұл құжаттарды жүктеу кезінде бас тарту жағдайларын азайтуға мүмкіндік береді;
3. Біріңғай жүктеу тетігін енгізу: бір рет жүктелген құжаттар жүйеде сақталып, келесі өтінімдерде автоматты түрде пайдалануға қолжетімді болуы тиіс;
4. Негізгі құжаттарды (дипломдар, аттестаттар, тағылымдама туралы мәліметтер) цифрландыру, бұл пайдаланушылардың құжаттарды сканерлеу және қайта жүктеу қажеттілігін болдырмайды.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына түзетулер енгізу; қазіргі уақытта Қағидаларда өтініштерді қабылдау мен нәтижелерді беру «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады деп көрсетілген, алайда іс жүзінде қызмет тек «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алынады.

36-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіндегі қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Приложение 7 к Правилам аттестации, продления действия аттестатов экспертов-аудиторов по подтверждению соответствия и оказания государственной услуги «Аттестация эксперта-аудитора по подтверждению соответствия»

Сноска. Приложение 7 с изменениями, внесенными приказом Министра торговли и интеграции РК от 09.12.2024 № 405-НҚ (вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги "Аттестация эксперта-аудитора по подтверждению соответствия"		
Наименование подвида государственной услуги: Продление действия аттестатов экспертов-аудиторов по подтверждению соответствия		
1	Наименование услугодателя	Комитет технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан (далее – услугодатель).
2	Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа)	Веб-портал «электронного правительства» (далее – портал).
3	Срок оказания государственной услуги	С момента регистрации заявления – 6 (шесть) рабочих дней.
4	Форма оказания государственной услуги	Электронная (частично автоматизированная).
5	Результат оказания государственной услуги	Аттестат эксперта-аудитора по подтверждению соответствия по форме согласно приложению 8 к настоящим Правилам, либо продление срока действия аттестата на 5 (пять) лет либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги. Форма предоставления результата оказания государственной услуги: электронная.

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/156350/rus/776

2. Қызмет көрсетуден бас тарту себептеріне талдау жүргізу, олардың санын азайту бойынша шаралар қабылдау (әсіресе Астана және Алматы қалалары мен Қостанай облысында).
3. Қостанай облысында талап етілетін құжаттардың регламентте белгіленген тізімге сәйкестігін анықтау мақсатында аудит жүргізу.
4. КТ АЖ-да оқыту орталықтарының тізілімін құру.
5. Қазіргі сарапшы аудиторларда тағылымдамалар тізілімін құру.
6. Талап етілетін деректерді алу үшін КТ АЖ-ны Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау.
7. «Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарының қолданылуын ұзарту және «Сарапшыны аттестаттау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 399-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу.
8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 6 жұмыс күнінен 3 жұмыс күніне дейін қысқарту.

3.37. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1402003 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Өлшеу әдістемелерін және өлшеу әдістемелерінің референттік нұсқаларын әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, бекіту және оларды өлшеулердің бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйе тізіліміне тіркеу қағидаларын, сондай-ақ «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде әзірленген және аттестатталған өлшеу әдістемесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшеу жүйесінің тізіліміне тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №932 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда №18108 нөмірімен тіркелген.

Қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы және «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1 (бір) жұмыс күні.


Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшеу жүйесінің тізілімінде өлшемдерді орындау әдістемесіне тіркеу нөмірін беру немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Құны: мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 3 респондент қатысты. Олардың барлығы – ер адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары, қызметті заңды тұлға ретінде алған. Қызмет алушылардың жасы 22 мен 49 жас аралығында.

97–98-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық бөлім.



Респонденттер қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы электрондық форматта алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу» сапасы бойынша жеткіліксіз деңгейде бағаланған: орташа баға – 4,56 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 66,7%.Орташа бағаны есептеу кезінде келесі критерийлер ескерілмеді: «шығындар», себебі респонденттер қызметті тегін негізде алған, «кері байланыс», себебі ешбір респондент қызмет көрсету сапасына қатысты шағым білдірмеген.

5 балл және 100% толық қанағаттану деңгейі төмендегі үш параметр бойынша тіркелді: порталда ақпараттың екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) ұсынылуы, құжаттарды жинау рәсімінің ыңғайлылығы, түрлі ұйымдарға бару қажеттілігінің болмауы, қызмет көрсету мерзімінің қолайлы болуы. Қалған критерийлер бойынша қызмет алушылар тарапынан белгілі бір деңгейде наразылықтар мен қанағаттанбаушылық байқалған.

68 - кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,67	**4,83**	66,7%	83,4%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	3,67	**3,89**	0,0%	11,1%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	4,33		33,3%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	3,67		0,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**4,83**	100,0%	83,4%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	4,67		66,7%	

МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,00	**4,17**	0,0%	16,7%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,17		33,3%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,67	**4,67**	66,7%	66,7%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,56**		60,2%
	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,29**		**37,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,89**		**88,9%**

Респонденттер кездескен негізгі қиындықтар «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына байланысты болды. Порталда тіркеу рәсімі мен онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы 3,67 баллға бағаланған, екі критерий бойынша да толық қанағаттану көрсеткіштері нөлдік деңгейде.Қызмет алушылардың бірі: *««Электрондық лицензиялау» порталында құжатты жүктеу кезінде жиі ақаулар орын алады, содан кейін қайта кіріп, барлығын басынан бастауға тура келеді»,* – деп атап өтті.

«Виртуалды көмекші» функциясының жұмысы орташа 4,17 баллға бағаланған, қанағаттану деңгейі – 16,7%. Сауалнамаға қатысушылар сұранысқа жауап ретінде берілген ақпараттың сапасына (4,00 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 0%) және жауап беру жылдамдығына (4,17 балл, 33,3%) қатысты ескертулер білдірді.

Нәтижесінде, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша **«электрондық лицензиялау» порталының** қызметі **едәуір төмен бағаланған — 4,29 балл, толық қанағаттану деңгейі – 37,5%, ал уәкілетті мемлекеттік органның жұмысы тиісінше 4,89 балл және 88,9% көрсеткішке ие болды**.

Қорытындылар мен ұсынымдар

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету сапасына қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі жеткіліксіз болып

табылады. Негізгі қиындықтар «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына байланысты. Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында келесі шараларды іске асыру ұсынылады:


«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Интуитивті түсінікті тіркеу интерфейсін қамтамасыз ету: (тіркеу формасын оңтайландырып, толтыру үшін міндетті өрістер санын азайту, әр қадамда егжей-тегжейлі түсіндірмесі бар кезеңдік навигацияны енгізу).
2. «Виртуалды көмекші» инфрақұрылымын және кодын оңтайландыру: Жүйелік кешігулерді, тоқтап қалулар мен ақауларды болдырмау мақсатында серверлік инфрақұрылым мен бағдарламалық кодқа тұрақты аудит жүргізу және оңтайландыру.
3. «Виртуалды көмекші» білім базасын кеңейту: Ассистенттің дерекқорын үнемі жаңартып, оған жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, қызметтерді алу және туындайтын мәселелерді шешу жөніндегі толық нұсқаулықтарды енгізу.
4. NLP (табиғи тілді өңдеу) сапасын арттыру: Пайдаланушылардың сұрауларын дәлірек түсіну үшін NLP алгоритмдерін жетілдіру (соның ішінде сленг, қате терілген немесе толық емес сөз тіркестері).
5. Өзекті деректермен интеграциялау: ассистенттің қызметтер мәртебесі, заңнамалардағы өзгерістер және өзге де маңызды ақпарат жөнінде өзекті мәліметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету.
6. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу үшін порталдың жұмысын келесі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру:
    - **Файл көлемін оңтайландыру:** Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде ықшамдау жүйесін енгізу. Бұл сервер жүктемесін азайтып, жүктеу жылдамдығын арттырады.
    - **Файлдың ең жоғары өлшемін арттыру:** Әсіресе көлемді құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) үшін жүктеуге рұқсат етілген ең жоғары файл өлшемін қайта қарау және қажет болған жағдайда ұлғайту.
    - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** Байланыс үзілісінен кейін файлды қайта жүктемей, процесті жалғастыру функциясын енгізу.

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Қызмет бетінде және Эталондық ережелерде берілген ақпаратты өзектендіру және сәйкестендіру: қызмет бетінде қызметті алу тәсілдері ретінде «электрондық үкімет» және «электрондық лицензиялау» порталдары көрсетілген, ал Эталондық ережелерде тек «электрондық үкімет» порталы – яғни «электрондық лицензиялау» порталына қол жеткізуге мүмкіндік беретін шлюз-портал көрсетілген. Осы деректерді үйлестіріп, пайдаланушыларға нақты әрі бірізді ақпарат ұсыну қажет.

37-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass427-1_miir

38-сурет. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіндегі қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Приложение 4
к Правилам разработки, метрологической аттестации, утверждения и регистрации в реестре государственной системы обеспечения единства измерений методик выполнения измерений и референтных методик выполнения измерений и оказания государственной услуги «Регистрация в реестре Государственной системы измерений Республики Казахстан методики выполнения измерений, разработанной и аттестованной в странах Содружества Независимых Государств»

Сноска. Правила дополнены приложением 4 в соответствии с приказом Министра торговли и интеграции РК от 14.09.2020 № 197-НҚ (вводится в действие по истечении двадцати одного календарного дня после дня его первого официального опубликования), с изменениями, внесенными приказами Министра торговли и интеграции РК от 21.06.2024 № 263-НҚ (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 19.03.2025 № 113-НҚ (вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Регистрация в реестре Государственной системы измерений Республики Казахстан методики выполнения измерений, разработанной и аттестованной в странах Содружества Независимых Государств

Сноска. Заголовок в редакции приказа Министра торговли и интеграции РК от 21.06.2024 № 263-НҚ (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

1	Наименование услугодателя	Комитет технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан (далее – услугодатель).
2	Способы предоставления государственной услуги (канала доступа)	Веб-портал «электронного правительства» (далее– портал).
3	Срок оказания государственной услуги	1 (один) рабочий день.
4	Форма оказания государственной услуги	Электронная (полностью автоматизированная).
5	Результат оказания государственной услуги	Присвоение регистрационного номера методике выполнения измерений (далее – МВИ), в реестре Государственной системы измерений Республики Казахстан (далее – реестр ГСИ РК), либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги. Форма предоставления результата оказания государственной услуги: электронная.
6	Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан	Государственная услуга оказывается бесплатно.

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/128022/rus/355

3.38. Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Қызметтің атауы: 903010 – Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Ойын бизнесі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі №195 бұйрығы. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 шілдеде №20947 болып тіркелген.

Қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы және «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: Лицензия беру – 10 жұмыс күні; Лицензияны қайта ресімдеу – 3 жұмыс күні; Құжаттар толық болмаған жағдайда, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап – 2 жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесі: Ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыруға лицензия, қайта ресімделген лицензия немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.

Қызмет көрсету құны: Лицензия беру үшін алынатын алым – 3845 айлық АЕК.


Лицензияны қайта ресімдеу үшін – беру мөлшерлемесінің 10%.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 1 респондент қатысты – 40-49 жастағы ер адам, Қазақстан Республикасының азаматы, заңды тұлға. Қызмет «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алынған.

99–100-диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок





Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет алушы «Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасын 4,94 балға бағалады. Толық қанағаттану көрсеткіші (қызмет критерийлерін 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі) 94,4% деңгейінде тіркелді.

69 - кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,67**	100,0%	66,7%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,00		0,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі қолайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)				
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,94**		**94,4%**

	«Электрондық лицензиялау» порталы		**4,86**		**85,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

«Виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері қызмет алушы тарапынан бағаланбады, себебі ол көмекке жүгінбеген және шағым бермеген. «ақпарат және коммуникация», «рәсім», «мерзім», «шығындар» және «нәтиже» критерийлері бойынша қызмет көрсету сапасы 5 баллға бағаланды, бұл 100,0% толық қанағаттану деңгейіне сәйкес келеді.

Ең жоғарғы емес балл алынған жалғыз критерий – «Қолжетімділік және қолайлылық», ол 4,67 балға (қанағаттану деңгейі – 66,7%) бағаланған. Бұл төмен баға «онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы» қосалқы критерийімен байланысты (4,00 балл). Критерийге берілген түсініктемеде қызмет алушы «электрондық лицензиялау» порталының жұмысын оңтайландыруды, яғни порталда авторизация процесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді ұсынды. Оның айтуынша, *«порталда болу уақытын арттыру қажет, себебі 10–15 минут өткен соң портал жүйеден шығарып жібереді».* Сондай-ақ, электрондық үкімет пен электрондық лицензиялау порталдарының интеграциясын қамтамасыз ету қажет деп есептейді: *«Egov және eLicense жүйелерін қайта кірусіз, бір сайттан екіншісіне тікелей өту мүмкіндігін жасау қажет».*

«Мерзім» және «шығындар» критерийлеріне қатысты, қызмет алушы оларды 5,00 баллға бағалағанымен, өз ұсыныстарын да білдірді: құжаттардың толық пакеті ұсынылған және қателер болмаған жағдайда қызмет көрсету мерзімін 10 күннен 5 күнге дейін қысқарту, қызмет құнын 2000 АЕК-ке дейін төмендету.

Уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі) қызметі 5,00 баллға бағаланып, оның қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 100,0% болды.

Электрондық лицензиялау порталының жұмысы 4,86 баллға бағаланды, толық қанағаттану деңгейі – 85,7%.

«Құпия сатып алушы» әдісі

Қызмет электрондық форматта көрсетіледі. Осыған байланысты «құпия сатып алушының» мақсаты – электрондық лицензиялау порталында қызмет алу процесінің қолайлылығын және бар кемшіліктерді анықтау болды.

Қызмет көрсетудің оң аспектілері ретінде мыналар атап өтілді: лицензиялық алымды төлеудің ыңғайлылығы (төлем жасаудың бірнеше тәсілдерінің болуы), қызмет көрсету мерзімінің қолайлылығы және өтінімді қарау немесе лицензия беру мерзімінің кешіктірілмеуі, қажетті құжаттар туралы ақпараттың түсінікті әрі айқын түрде берілуі (қызмет паспортының форматы); барлық қажетті ақпараттың adilet.gov.kz сайтында қамтылуы және электрондық лицензиялау порталында қызмет көрсету қағидаларына сілтеменің болуы. Сонымен қатар, «құпия сатып алушы» 1414 бірыңғай байланыс орталығына жүгінді, онда оператор қызмет алу тәсілі, қажетті құжаттар және қызмет көрсету мерзімдері туралы нақты әрі толық нұсқаулық берді.

Қызмет алу барысында белгілі бір қиындықтар да анықталды. Атап айтқанда, электрондық үкімет порталынан (egov.kz) электрондық лицензиялау порталына (elicense.kz) өткен кезде, қызметтің беті ағылшын тілінде ашылған, бұл ретте пайдаланушы egov.kz порталында орыс тіліндегі интерфейсті қолданған. Сондай-ақ, электрондық лицензиялау порталында қызметті «Ойын

автоматтары залы қызметімен айналысуға лицензия беру» атауы бойынша іздеу кезінде нәтиже шықпаған, ал «Ойын автоматтары залы қызметімен айналысуға» деген атау енгізілгеннен кейін ғана іздеу нәтижесі табылған.

Сонымен қатар, «құпия сатып алушы» қызмет көрсету парақшасында қызметті алу үшін қажетті құжаттардың нысандарын жүктеп алу мүмкіндігі жоқ екенін, бұл ретте олардың үлгілері тек adilet.gov.kz сайтында орналастырылған қызмет көрсету қағидаларында ғана қамтылғанын атап өтті. Сондай-ақ, электрондық лицензиялау порталында ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы авторизация жасау мүмкіндігінің болмауы қолайсыздық тудырады, себебі бұл ресурсқа қосымша тіркеуден өту қажет.

Құжаттарды порталға жүктеу барысында жүйелік ақау орын алып, нәтижесінде «құпия сатып алушыға» қайтадан авторизациядан өтіп, өтінімді жаңадан құрып, қажетті құжаттарды қайта тіркеуге тура келген.

Ұсыныстар қатарында келесі бастамалар көрсетілді:

- ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы бірыңғай авторизация жүйесін енгізу;
- Қызмет көрсету паспортына қажетті құжаттардың нысандарын қосу немесе оларды электрондық лицензиялау порталынан тікелей жүктеу мүмкіндігін қарастыру (басқа ресурсқа орналастырылған Қағидалардан емес);
- Қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпы алғанда, қызмет алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанған. Бағалау нәтижелері бойынша көптеген критерийлер ең жоғары көрсеткіштерге сәйкес келеді. 5,00 балдан төмен баға алған жалғыз критерий – «қолжетімділік және қолайлылық», себебі респондент «электрондық лицензиялау» порталының жұмыс жылдамдығына аз дәрежеде қанағаттанған.

Уәкілетті мемлекеттік органның қызмет сапасына қатысты респондент тарапынан ескертулер болған жоқ, оның қызметі 5 балмен бағаланған.


Egov.kz порталы мен «электрондық лицензиялау» порталының жұмысына жүргізілген талдау олардың қызметінде белгілі бір сәйкессіздіктер бар екенін көрсетті, сондықтан порталдардың жұмыс сапасын оңтайландыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдар:

<u>«Электрондық үкімет» және «Электрондық лицензиялау» порталдарына:</u>


1. Ресурстардың жұмысындағы ақауларды жою, себебі Egov порталынан E-license порталына қазақ және орыс тіліндегі нұсқалар арқылы өткен кезде, гиперсілтеме қызмет көрсету бетінің ағылшын тіліндегі нұсқасына апарады. Мұндай сәйкессіздік қызмет алу процесін қиындатуы және оны алу уақытының ұзаруына әкелуі мүмкін.
2. «Электрондық лицензиялау» порталында қызмет атауын Egov.kz порталындағы және мемлекеттік қызметтер тізіліміндегі атаумен біріздендіру, себебі атаулардың әртүрлілігі қызметті іздеу барысында қиындық туғызады, егер қызмет алушы бастапқыда e-license порталында іздеуді жүзеге асырса.

39-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызмет көрсету бетінің скриншоты



Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/licensing/pass509_adsfk

40 - сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет көрсету бетінің Скриншоты



*Дереккөз:*https://elicense.kz/LicensingContent/Passport?servicesType=LicenseEl3&servicesParameters={%27ActivityTypeId%27:%2727952%27}

3. «Электрондық үкімет» пен «электрондық лицензиялау» порталдарында пайдаланушылардың бірыңғай авторизация жүйесін әзірлеу. Қызмет алушының айтуынша, egov.kz порталынан өткен кезде электрондық лицензиялау порталында қайтадан кіру (авторизациядан өту) қажет болған.
4. «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысын мерзімінен бұрын шығу (деавторизация) жағдайларын анықтау мақсатында тестілеуден өткізу. Қызмет алушы атап өткендей, порталға кіргеннен кейін 10–15 минут өткен соң жүйе автоматты түрде шығарып жіберген.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсетуге байланысты шығындарға егжей-тегжейлі талдау жүргізу. 3845 АЕК сомасының қалыптасу құрылымын нақты түсіндіру қажет, оның ішінде IT-инфрақұрылымды қолдау, деректерді өңдеу, әкімшілендіру және өзге де шығындар ескерілсін. Талдау нәтижелерін

электрондық лицензиялау порталындағы қызмет бетінде және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ұсынылады.

2. Қызмет көрсету мерзімін 10 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті тәсіліне көшіру мәселесін пысықтау

3.39. Спорттық атақтар мен санаттарды беру. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері»

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Көрсетілетін қызметтің атауы: 02201001 – Спорттық атақтар мен санаттарды беру. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері».

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Спорттық атақтар, разрядтар мен біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, төсбелгілерді беру, сондай-ақ олардың сипаттамасы туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі №300 бұйрығы. Аталған бұйрық 2014 жылғы 5 тамызда №9675 тіркеу нөмірімен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген.

Көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Өтініштерді қабылдау **«**Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызмет көрсету нәтижесі Мемлекеттік корпорация арқылы беріледі.

Қызмет көрсету мерзімі: 20 (жиырма) жұмыс күні.

Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күту уақытының ең көп рұқсат етілетін ұзақтығы – 15 минут. Қызмет алушыны қызмет көрсету уақытының ең көп ұзақтығы – 15 минут.

Қызмет көрсету нәтижесі: Спорттық атақ берілгені туралы куәлік, біліктілік санаты берілгені туралы куәлік және (немесе) тиісті төсбелгі, не болмаса спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықтың көшірмесі, не болмаса қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет алушылар: Жеке тұлғалар.

Құны: Тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 10 қызмет алушы қатысты, олардың ішінде ерлер мен әйелдердің үлесі тең. Қызметті негізінен 18–21 жас аралығындағы жастар (70,0%) және 22–29 жастағы азаматтар (30,0%) алған.

101–102 - диаграммалар. Әлеуметтік-демографиялық блок.




Респонденттердің басым бөлігі (80,0%) қызметті қағаз түрінде, яғни ХҚКО

арқылы қызметкерлердің көмегімен алған. ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында «электрондық үкімет» порталы арқылы қызметті 20,0% респондент алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» атағын беру жөніндегі мемлекеттік қызметтің сапасына баға беру бойынша орташа балл – 4,85, толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 86,7% болды.

103-диаграмма. Мемлекеттік қызметтің қағаз және электрондық түрде көрсетілу сапасына қанағаттану деңгейі (орташа балл мен % арақатынас бойынша).



Ең жоғары бағалар ХҚКО қызметкерлерінің жұмысына берілді — 5,00 балл, қанағаттану деңгейі – 100,0%. Сонымен қатар, «ақпарат және коммуникация» критерийі де жоғары бағаланды — 4,95 балл, қанағаттану деңгейі – 95,3%. Респонденттердің аз бөлігі виртуалды көмекшінің жұмысына қанағаттанған, бұл көрсеткіш 4,50 баллды және 50,0% толық қанағаттану деңгейін құрады. Сондай-ақ қызмет көрсету нәтижесіне берілген орташа баға 4,81 балл, қанағаттану деңгейі – 87,5% болды.

Қызметті қағаз түрінде алған респонденттер жалпы сапаны 4,81 баллға бағалады, толық қанағаттанғандар үлесі – 84,6%. **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының көрсеткіштері 4,89 балл және 88,8%, ал уәкілетті мемлекеттік органның көрсеткіштері – 4,75 балл және 80,0% деңгейінде болды.**

ХҚКО қызметкерлері арқылы қызмет алған респонденттер тіл таңдау мүмкіндігіне, нысандар мен бланкілердің қолжетімділігі мен түсініктілігіне, қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануына, сондай-ақ мекеме орналасқан жері мен жұмыс кестесіне толық қанағаттанғандарын білдірді (барлық критерийлер бойынша 5,00 балл, 100,0%).

70 - кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,88	**4,91**	87,5%	90,6%
	Ғимарат ішінде бағдарлану және қажетті қызметкерлерді табу мен үшін оңай болды.	4,75		75,0%	
	Маған жүгіну тілін еркін таңдау мүмкіндігі берілді	5,00		100,0%	
	Толтырылуға арналған нысандар, бланкілер және өзге де құжаттар түсінікті болды, екі тілде үлгілері бар еді.	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген	4,71	**4,88**	71,4%	85,7%
	Мекеменің жұмыс кестесі ыңғайлы, күту аймағы жайлы.	5,00		100,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағдарлануы (құзыреттілігі, жеделдігі, сыпайылығы))	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық туғызған жоқ және көп уақыт алмады	4,88	**4,75**	87,5%	75,0%
	Нәтижелерді беру рәсімі мен үшін қолайлы болды.	4,63		62,5%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	4,63	**4,75**	75,0%	81,3%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды.	4,88		87,5%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				

НӘТИЖЕ	Мен алынған нәтижеге қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,63	**4,63**	75,0%	75,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,81**		**84,6%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» (ХҚКО) Мемлекеттік корпорациясы		**4,89**		**88,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,75**		**80,0%**

Ең көп сұрақтар мен ескертулер қызмет көрсету нәтижелерін беру рәсіміне (4,63 балл, қанағаттану деңгейі – 62,5%) және қызметті алу мерзіміне (4,63 балл және 75,0%) қатысты болды. Қалған критерийлер төменірек бағаланған.

Регламентке сәйкес, қызмет көрсету мерзімі – 20 жұмыс күні, ал қызмет алушыны қабылдау уақытының ең көп рұқсат етілген ұзақтығы – 15 минут. Көрсетілген уақыт шегінде қызмет алушылардың 40,0%-ы қызмет алған, 25,0% - (Қостанай облысы) бұл процеске 15-19 минут, ал тағы 25,0% (Қарағанды облысы) 30 минуттан астам уақыт жұмсаған.

Сауалнамаға қатысушылардың пікірлерінде нәтиже толық көлемде ұсынылмаған жағдайлар көрсетілді, себебі оларға тек атақ беру туралы бұйрықтар ғана беріліп, пластикалық куәліктер мен төсбелгілер табысталмаған: *«куәліктер едәуір кеш келеді», «нәтиже мерзімінде берілді, алайда пластикалық куәлік әлі дайын емес», «куәлігімді жарты жыл бойы күтіп жүрмін».*

Қызмет тегін көрсетілгеніне қарамастан, іс жүзінде оның нәтижесін толық көлемде алу үшін қызмет алушылар қосымша шығындар көтеруге мәжбүр. Сауалнамаға қатысушылардың наразылығын тудырған мәселе – кеуде белгісін алу үшін Астана қаласына жеке бару қажеттілігі: *«Төсбелгі алу үшін жол ақысына, тұру мен тамақтануға ақы төлеу керек, бұл өте қымбат», «Төсбелгі алу үшін не себепті Астанаға бару керектігі түсініксіз», «Барлық отбасы мұндай шығынды көтере алмайды, ал төсбелгіге лайық болған балалар үшін бұл өте өкінішті».* Қызмет алушылардың пікірінше, бұл мәселенің оңтайлы шешімі — кеуде белгілерін өңірлерде символикалық ақы (мысалы, 5000 теңге) арқылы беру тәжірибесін қайта енгізу болар еді.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты, қызметті қағаз түрінде алған респонденттердің нәтижеге қанағаттану деңгейі жоғары емес – 4,63 балл/75,0%.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы қызмет алған қызмет алушылар орташа алғанда қызмет көрсету сапасын 4,81 балл деп бағалап, толық қанағаттану деңгейін 88,9% деп көрсетті. **«Электрондық үкімет» порталының жұмысы 4,81 балл және 81,3%, ал уәкілетті мемлекеттік органның қызметі 5,00 балл және 100,0% деңгейінде бағаланды.**

71-кесте. Ұпайларды бөлу(электрондық нысан)

Бағалау критерийлері	**Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау**	**Орташа балл**	**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)

АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда ұсынылған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызметті алу үшін порталға тіркелу кезінде қиындықтар туындаған жоқ	5,00	**4,83**	100,0%	83,3%
	Порталда қажетті ақпаратты табу және бағдарлану оңай болды)	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның жұмыс жылдамдығы	4,50		50,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі инстанциялар мен кабинеттерді аралаусыз өтті	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Мен Порталға қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған жоқпын	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет уақыт қолайлы	5,00	**5,00**		100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем мөлшері қолайлы болды				
	Төлем тәсілі қолайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Сіздің сұрауыңыз бойынша жауаптың толықтығы (сұрауыңызға толық, жан-жақты ақпарат алдыңыз)	4,00	**4,50**	0,0%	50,0%
	Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Мен өз шағымыма қысқа мерзімде жауап алдым				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
1. Қызметті электрондық форматта көрсету кезінде деректерді автоматты тексеру жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру: Міндетті түрде қолмен тексерудің орнына egov.kz порталы мен Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелері арасында автоматты өзара әрекеттесуді баптау қажет. Бұл артық төлемдердің бар-жоғын, реквизиттердің дұрыстығын және басқа да деректерді бірден тексеруге мүмкіндік беріп, қызмет көрсету мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету ережелерінде қызмет алудың 4 тәсілі көрсетілген, ал «Электрондық үкімет» порталында тек 2 тәсілі көрсетілген. Қызмет алудың тәсілдерінің өзектілігін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарында және «Салық төлеушінің кабинеті» қосымшасында аудиттен өткізу қажет. Егер аталған тәсілдер өзекті болмаса, оларды түзетіп, өзгерістерді adilet.zan.kz ресурсына орналастырылған Ережелерге және ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіне енгізу қажет.
3. Шымкент қаласындағы Халыққа қызмет көрсету орталықтарының басшылығымен және қоғам белсенділерімен бірлесіп, қоғамдық мониторинг жүргізу: Мониторинг барысында ХҚКО-дағы күту аймақтарының ыңғайлылығы, ғимараттардың орналасуы,

инфрақұрылымның жайлылығы (автокөліктер тұрағының болуы, ғимараттарға кедергісіз қолжетімділік), қажетті ақпараттың (стендтер, брошюралар) бар-жоғы тексеріледі. Сонымен қатар, қызмет алу үшін қажетті құжаттар тізімі мен қызмет алу алгоритмі көрсетілуі тиіс.

3.45. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлардың құрамына кіретін құрылғыларды әкелуге лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1403024 Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлардың құрамына кіретін құрылғыларды әкелуге лицензия беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект пен цифрлық даму министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасына радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, соның ішінде басқа тауарларға кіретін немесе оларға кірістірілген құрылғыларды импорттау ерекшеліктерінен тыс жағдайларда әкелуге қатысты қорытынды беру және (немесе) олардың импортын лицензиялау жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №168/НҚ бұйрығы. ҚР нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде №20563 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету формасы: электрондық (толық автоматтандырылған)

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 8 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлардың құрамына кіретін құрылғыларды әкелуге лицензия; Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің берілу формасы: электрондық. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қызмет алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат түрінде жіберіледі, ол электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасы тарапынан қол қойылады.


Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.

Құны: 10 АЕК. Төлем сомасы: талап етілген төлем сомасының 10%-інен аспауы тиіс (1000 теңгеге дейінгі сомалар үшін рұқсат етілген артық төлем – 100 теңге).

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 187 қызмет алушы қатысты. Олардың 79,7%-ерлер, 20,3%-әйелдер. Респонденттердің айтарлықтай бөлігі 40–49 жас аралығындағы адамдар (42,8%) және 50–59 жас аралығындағы адамдар (35,8%) құрады.

118-119-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық респонденттер қызметті заңды тұлға мәртебесінде алған. Қызмет алушылардың көпшілігі Қазақстан Республикасының азаматтары (91,4%), 1,6% - тұрақты тұруға рұқсаты бар тұлғалар, қалғандары шетел азаматтары болды. Қызметті алу үшін респонденттер «Электрондық лицензиялау» порталына жүгінді.

Зерттеудің негізгі нәтижесі

«Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлардың құрамына кіретін құрылғыларды әкелуге лицензия беру» қызметінің сапасын респонденттер сауалнамада көрсетілген критерийлер бойынша 4,66 баллмен бағалады. Осы қызметпен толық қанағаттанған респонденттердің үлесі – 77,1%.

81-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,96	**4,98**	95,7%	97,9%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,89	**4,85**	93,6%	92,7%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,67		84,5%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер	4,40	**4,45**	52,9%	59,9%

	мен кабинеттерге баруды қажет етпеді				
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,49		66,8%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,59	**4,59**	63,1%	63,1%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды	4,68	**4,84**	80,2%	90,1%
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	3,57	**3,71**	0,0%	21,5%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	3,86		42,9%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,82	**4,82**	92,0%	92,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,66**		**77,1%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,60**		**75,9%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,75**		**81,4%**

Жауапкершілік аймақтары бойынша критерийлерді тарату негізінде, **уәкілетті мемлекеттік органның** қызметі 4,98 баллға бағаланды, ал осы қызметті көрсету бойынша оның жұмысымен толық қанағаттанған респонденттердің үлесі 97,8% болды.

«Электронды лицензиялау» порталының жұмысы 4,85 баллға бағаланды, толық қанағаттану көрсеткіші 84,7% құрады.

Жоғары бағалар 8 критерийдің 5-не берілді: кері байланыс (5,0 балл, толық қанағаттану – 100%), ақпарат және коммуникация (4,98 балл, 97,9%), қолжетімділік және қолайлылық (4,85 балл, 92,7%), шығындар (4,84 балл, 90,1%), нәтиже (4,82 балл, 92,0%).

Қызмет көрсету мерзімі 4,59 баллға бағаланды (толық қанағаттану көрсеткіші – 63,1%). Сауалнамаға қатысқан респонденттердің шамамен 3% қызмет көрсету мерзіміне қанағаттанбағанын білдірді. Пікірлерінде олар қазіргі шарттарды қайта қарауды сұрады: *«Қызметті алу процесін қалайда жеделдетуге болмай ма? Рұқсаттан кейін лицензияны қосу керек, бірдей құжаттарды бірнеше рет жүктейміз. Егер олар сіздің дерекқорыңызда болса, көшірмелер не үшін керек?», «Неліктен 10 күн ішінде жауап беру деп ойлап тапқан? Құжаттар дайын болса, процессті жеделдетуге болады», «Мерзімді 3–4 жұмыс күніне қысқартуды сұраймын, тексеру кезінде құжаттарды*

толықтыруға мүмкіндік берілсін. Мерзімді қысқарту қажеттілігі лицензия алынғанға дейін тауар ақылы қоймада сақталатынына байланысты, егер уақытында лицензия алынбаса, біз шығынға ұшырайміз».

Қызмет көрсету рәсімі орташа 4,45 баллға бағаланды. Респонденттер порталға құжаттарды жүктеу кезінде қиындықтарға тап болғанын атап өтті, сәйкесінше кіші өлшемі 4,49 балл алды. *Олар «elicense.kz жұмысын жеделдету» және «порталда техникалық жұмыстарды күндіз емес, адамдар қызмет алатын уақыттан тыс түнде жүргізу»* қажеттігін көрсетті. Қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау кезеңінде де қиындықтар туындаған. «Құжаттарды мекемелер мен кабинеттерге бармай-ақ жинау» кіші өлшшемі 4,40 баллға бағаланды. Пікірлерде респонденттер құжаттарды жинау рәсімін жеңілдетуді, бүкіл рәсімді автоматтандыруды ұсынды: *«Барлық қажетті құжаттарды электронды түрде алуға мүмкіндік жасау», «Көшірмелерді қолдануды тыйу, егер құжат бар болса, неге көшірме керек?», «100% электрондық құжат айналымы, ХҚКО-ға қағазбен жүрудің қажеті жоқ», «Нотариалды жұмыс, соның ішінде нотариалды өтініштер, сенімхаттарды жасау, көшірмелерді куәландыруды автоматтандыру», «Егер жасанды интеллект туралы айтсаңыз, оны неге енгізбеске? Соңында бәрі өзіңізге келіп түседі, көшіріп, сканерлеп, порталға жүктейсіз. Ал 25 мыңға не үшін төлеу керек?»*

Сауалнамада ұсынылған барлық критерийлердің ішінде ең төмен баға виртуалды көмекшінің жұмысына берілді – 3,71 балл. Виртуалды көмекшінің қызметіне толық қанағаттанған респонденттердің үлесі тек 21,5% құрады. Респонденттер сұрауға берілген жауаптардың толық болмауына қанағаттанбады (3,57 балл), ешбір қатысушы максималды баға қоймаған. Қызмет алушылар сұрауларға жауап беру жылдамдығын да төмен бағалады (3,86 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 42,9%).

Қызмет алу барысында респонденттердің басым көпшілігі (97,9%) қосымша шығындарға ұшырады, оның ішінде үштен бір бөлігі үшін шығын көлемі айтарлықтай болып, күткен сомадан жоғары болды. Ең жиі кездесетін шығын түрлері – көлік шығындары (92,9%), нотариус/заңгер қызметтері (90,2%), қосымша ақылы анықтамаларды рәсімдеу (86,3%) және ксерокөшірмелер (72,1%). «Басқа» деп көрсетілген жауаптарда респонденттер сыртқы заң фирмаларының қызметтерін пайдалану, рұқсат күтіп тұрған кезде тауарды қоймада сақтау, сондай-ақ байланыс қызметтері үшін шығын тартқанын атап өтті.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, респонденттердің жартысынан көбі қызмет алу барысында бюрократияға тап болған: 58,8% қатысушылар қажетті құжаттар пакетін жинау үшін бірнеше мекемеге жүгінуге мәжбүр болғанын, 17,1% жасанды түрде мерзімдердің ұзартылғанын, ал 10,5% қызмет алушылар бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұрағанын атап өтті *(«қызмет өте бюрократияланған: барлық құжаттар пакетін тапсырдық, сәйкестік декларациясын қостық, бірақ ЦДИАӨМ қосымша келісімшартты талап етті, тіпті біз сенімхатты қостық»).* Құжаттар пакетін жинау үшін әртүрлі мекемелерге бару қажеттілігіне қанағаттанбаушылықты Алматы, Батыс Қазақстан облыстарының (әрқайсысы 100,0%), Астана қаласы (72,3%) мен Алматы қаласы (58,6%), Қостанай облысының (57,1%) қызмет алушылары білдірді. Қызмет көрсету мерзімінің жасанды түрде ұзартылатынын Астана қаласының (27,7%) және Алматы қаласының (17,1%) респонденттері атап өтті. Павлодар және Қарағанды облыстарының (әрқайсысы 100,0%) респонденттері бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттарды қызмет көрсетуші сұрағанын көрсетті.

Осы айтылған проблемалардан бөлек, респонденттер шетелдік компаниялар үшін туындайтын қиындықтарды да атап өтті: олардың пікірінше, қосымша ақы төлей отырып, шетелдік компанияларға заңгерлер мен аудармашылар қызметін қамтамасыз ету қажет.

Қызмет көрсету сапасын егжей-тегжейлі талдау үшін тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдік сұхбатқа қатысқан қатысушы қызмет алу процесінде бірқатар қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Негізгі проблема – өтініш берілгеннен кейін қосымша құжаттарды талап ету болды. Көбінесе бастапқы тізімде көрсетілмеген келісімшарттар, сенімхаттар немесе анықтамалар сұралатын. Бұл қызмет көрсетуден бас тартуға және өтінішті қайта тапсыруға мәжбүр етті, соның нәтижесінде мерзімдер айтарлықтай ұзарды *(«лицензия рәсімдеу кезінде тауар келді, барлық құжаттарды тапсырдым, бірақ қосымша келісімшарттар мен сенімхатты растауды талап етті. Бас тарту келді, өтінішті қайта тапсыруға тура келді»).*

Өтініштердің қаралу мерзімі созылып кеткендей қабылданады: «Күту мерзімі 8 күн, және осы мерзімнен бұрын жауап бермейді, кейін өтінішті қабылдамайды, сондықтан қайта тапсыруға тура келеді. Қосымша құжаттарды енгізуге мүмкіндік беретіндей ету қажет, өтінішті кері қайтармай». Көбінесе қызмет алушылар бас тарту себебін нақтылау үшін өздері қоңырау шалып, мәліметтерді анықтауға мәжбүр болған.

Құжаттарды жинау үлкен қиындықтар туғызады: қызмет алушылар әрдайым қандай пакет қажет екенін түсіне бермейді, себебі тізім жеткілікті нақты түрде көрсетілмеген. Бұл қосымша шығындар мен тауар құнының кейіннен қымбаттау қаупін арттырады *(«бас тарту болған жағдайда, өтініш қайта беріледі, ал тауар қоймада тұр және біз оның тоқтауына ақы төлейміз, соның салдарынан тауар құны өседі»).*

Бөлек атап өтілген мәселе – өтініш берілетін порталдың тұрақсыз және ыңғайсыз жұмыс істеуі *(«техникалық ақаулар туындайды», «берілген өтінішті кері қайтармай толықтыру мүмкін емес»).*

Жалпы, қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлер саны респонденттердің пікірінше жеткіліксіз, бұл қаралу мерзіміне де теріс әсер етеді *(«қаралу мерзімін қысқарту үшін штатты көбейту қажет»).*

Туындайтын проблемалардың негізгі себебі ретінде мемлекеттік органдардағы бюрократия және талаптардың жеткілікті мөлшерде ашық болмауы аталды.

Сұхбат қатысушысының ұсыныстары ретінде келесі мәселелерді атап өтті:

- «Өтініштерді қарау мерзімін үш жұмыс күніне қысқарту»;
- «Өтінішті кері қайтармай толықтыру мүмкіндігін қамтамасыз ету»;
- «Қабылданбау себептерін және жетіспейтін құжаттар тізімін нақты түсіндіру»;
- «Өтініштерді өңдейтін қызметкерлер санын көбейту».

Фокус-топ

Фокус-топ қатысушылары қызмет көрсету сапасын 5 баллдық шкала бойынша 4 баллға бағалады. Көбісі *«құжаттарды электронды түрде тапсыру түрі арқылы процедура қолжетімді»* деген пікірге келді. Алайда негізгі

қиындықтар порталға құжаттарды жүктеу кезеңінде емес, олардың дайындалу процесінде туындайды.

Негізгі проблема – өтініш беру үшін дайындалуы қажет үлкен құжаттар пакеті («жинау керек құжаттар өте көп: салық органында тіркеу туралы куәліктер, лицензиялар, әкелінетін техникалық құралдар туралы мәліметтер, әртүрлі қорытындылар, келісімшарттар», «құжаттар шетел тілінде болса, оларды аударып нотариалды куәландыру керек, бұл әсіресе қиын», «өтінішті беруге емес, құжаттар пакетін дайындауға көп уақыт пен ақша жұмсадық»). Респонденттер «портал тек соңғы қадамды жеңілдетеді. Барлық қалғанын бұрынғыдай, қағазбастылықпен жасаймыз» деп есептейді.

Бөлек міндетті сараптама талқыланды, себебі лицензия онысыз берілмейді. Барлық қатысушылар бұл кезең нақты кедергіге айналатынын атап өтті: процедура бірнеше аптаға созылады және қосымша шығындарды талап етеді *(«сараптамасыз лицензия берілмейді, ал ол бірнеше апта алады. Тауар қоймада қалса, сақтау үшін ақы төлеуге тура келеді»).*

Көбіне жабдықтың ұлттық жиіліктік стандарттарға сәйкес еместігіне байланысты да проблемалар туындайды. Еуропада ұзақ уақыт бойы қолдануға рұқсат етілген заманауи құрылғылар Қазақстанда бөлек негіздемені қажет етеді *(«Еуропада бұрыннан рұқсат етілген нәрсені бізде қайта дәлелдеуге тура келеді. Бұл бас тартуларға немесе қосымша құжаттарды сұрауға әкеледі»).*

Бюрократиялық кедергілер де талқыланған тақырыптардың бірі болды. Қатысушылар «құжаттардың көшірмелерін жасау қажеттілігі, ал оларды электрондық форматқа аударып автоматты түрде тіркеуге болар еді», «артық көшірмелер тым көп, порталға тіркеу қиын, базадан жүктеу ыңғайлы болар еді» деп шағымданды.

Қаржылық шығындар да қатысушылар тарапынан айтарлықтай деп аталды. Формалды түрде қызмет тегін болса да, іс жүзінде шығындарға нотариус қызметтері, аудармалар, сертификаттау және сараптама кіреді. Шағын бизнес өкілі атап өтті: *«Тегін қызмет барлық қосымша шығындарды есептесек өте қымбатқа түседі. Үлкен компания үшін бұл қабылдауға болады, ал шағын бизнес үшін – ауыр жүк».*

Қызмет көрсету мерзімдері де қанағаттанбаушылық туғызды. Формалды түрде ереже 8 жұмыс күнін қарастырады, бірақ бас тартулар мен құжаттардың қайтарылуына байланысты күту жиі ұзынады *(«құжаттар дұрыс болса, неліктен күту керек? Үш-төрт күнде жасауға болар еді», «Астанада маған шамамен бір айға созылды. Бас тарту келді. Алдын ала көрсетілмеген құжаттарды қосып, өтінішті қайта тапсыруға тура келді. Бұл елеулі шығындар: тауар қоймада тұрды, сақтау үшін бөлек ақы төледік»*).

Ақпараттық қолдау тағы бір әлсіз тұс болды. Барлық қатысушылар «электронды лицензиялау» порталы арқылы жұмыс істеді, бірақ көбісі виртуалды ассистенттің жауаптары тым жалпы деп шағымданды. Бір қатысушы атап өтті: «виртуалды ассистент жалпы фразалармен жауап береді, ал бізге қадам-қадам бойынша нұсқау керек еді: 1-қадам, 2-қадам, 3-қадам». Сондай-ақ респонденттер порталдың жұмыс жылдамдығына қанағаттанбады *(«жұмыс баяу», «файлдарды жүктеуде қиындықтар»).*

Жемқорлық қаупіне қатысты респонденттер өздері тікелей кездеспегенін, бірақ процесті жеке байланыстар арқылы жеделдетуге болатынын айтты. Бір қатысушының айтуынша: *«ресми түрде бәрі ашық, бірақ бәрі таныстар арқылы жылдам жасауға болатынын түсінеді».*

Фокус-топ барысында қатысушылар қызметті жақсарту бойынша нақты шараларды ұсынды: құжаттар тізімін қысқарту және қайталануларды жою,

құжаттарды тіркеуді автоматтандыру, құжаттарды электронды форматқа аудару, сондай-ақ виртуалды көмекшінің білім базасын кеңейту.

Осылайша, фокус-топ қатысушылары құжаттарды электронды түрде тапсыру форматы маңызды артықшылық болып саналатынына келісті, бірақ қызмет өзі әлі де күрделі және қымбат екені белгілі болды. Негізгі проблемалар құжаттарды дайындау, сараптамадан өту, жабдықтың ұлттық стандарттарға сәйкессіздігі, қосымша рәсімдердің жоғары құнымен байланысты.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Осылайша, қызмет көрсету сапасының орташа бағасы жеткілікті жоғары болып отыр, алайда респонденттердің елеулі бөлігі қызмет алу мерзіміне, жиі бас тартуларға, қосымша құжаттарды алу үшін әртүрлі мекемелерге бару қажеттілігіне (бастапқы тізімде жоқ құжаттар) және жоғары қосымша шығындарға қанағаттанбаушылық білдірді. Сауалнамаға қатысушылар бұл қызметті «бір терезе» принципі бойынша алуды жөн көретінін атап өтті. Сонымен қатар, «Электронды лицензиялау» порталының жұмысына да шағымдар тіркелді: пайдаланушылар жүйенің төмен жылдамдығына, виртуалды көмекшінің баяу әрекет етуіне және беретін жауаптарының жеткілікті ақпараттық болмауына назар аударды.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:


<u>«Электронды лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда техникалық жұмыстар жүргізілетін кестені жариялау.
2. «Виртуалды көмекшінің» кодын және инфрақұрылымын оңтайландыру: серверлік инфрақұрылым мен ассистент кодын тұрақты түрде аудиттен өткізу және оңтайландыру арқылы «тұрып қалу», «тоқтаулар» мен ақауларды азайту.
3. «Виртуалды көмекшінің» білім базасын кеңейту: жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, қызмет алу жөніндегі толық нұсқаулықтар және таралған мәселелерді шешу жолдарын қамтитын база үнемі жаңартылып, толықтырылуы қажет.
4. Ассистентке қызметтің мәртебесі, заңнамалық өзгерістер және басқа да өзекті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету.
5. Әрбір қолданушымен өзара әрекеттесуден кейін кері байланыс жинау үшін ыңғайлы механизмдерді енгізу, проблемаларды жедел анықтап, жою.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне түзетулер енгізу. Ережелерде өтініш қабылдау және нәтиже беру «электронды үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылатыны көрсетілген, бірақ қызмет тек «электронды лицензиялау» порталы арқылы ғана алынатынын нақты көрсету қажет.

51-сурет. «Әділет» сайтында қызмет көрсету ережелерінің скриншоты.



Приложение 4 К Правилам оказания государственной услуги "Выдача заключений на ввоз на территорию Республики Казахстан радиоэлектронных средств и высокочастотных устройств гражданского назначения, в том числе встроенных либо входящих в состав других товаров, в случаях, отличных от импорта, и (или) выдача лицензии на их импорт"

Стандарт государственной услуги "Выдача заключений на ввоз на территорию Республики Казахстан радиоэлектронных средств и высокочастотных устройств гражданского назначения, в том числе встроенных либо входящих в состав других товаров, в случаях, отличных от импорта, и (или) выдача лицензии на их импорт"

1.	Наименование услугодателя	Комитет телекоммуникаций Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан (далее - услугодатель).
2.	Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа)	Прием заявлений и выдача результатов осуществляется посредством веб-портала "электронного правительства": www.egov.kz.

Дереккөз: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020563#z3

2. «Электронды лицензиялау» порталында және қызмет көрсету ережелерінде қажетті құжаттар тізіміне қатысты ақпаратты аудиттен өткізу, себебі респонденттер тізімде жоқ құжаттарды қосудың қажеттілігін атап өткен.
3. Павлодар және Қарағанды облыстарында қажетті құжаттардың қызмет көрсету ережесіне сәйкестігін аудиттен өткізу.
4. Астана және Алматы қалаларында қызмет көрсету мерзімінің белгіленген ережеге сәйкестігін аудиттеу.
5. Қызмет алушының тапсыратын құжаттар пакетін тексеру мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру. Қызмет көрсету мерзімдерінің нақты ережесін әзірлеу және оны барлық қызмет алушыларға ақпараттық қолжетімді ету, пайдаланушыларға әр кезеңде (құжаттарды тексеру, келісім кезеңдері, лицензия алу мерзімдері және т.б.) нақты мерзімді (күн саны түрінде) көруге мүмкіндік беру.
6. Қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды «бір терезе» принципі бойынша алу мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ онлайн форматта қызмет көрсету кезінде құжаттарды автоматты түрде тіркеуді қамтамасыз ету.

3.46. Цифрлық майнинг қызметін жүргізу бойынша лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1404007 «Цифрлық майнинг қызметін жүргізу бойынша лицензия беру».

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Цифрлық майнинг қызметін лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі №169/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 мамырда №32431 тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz,«Электрондық лицензиялау» веб-порталы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: Лицензия берілген жағдайда – 15 (он бес) жұмыс күні; Лицензияны қайта рәсімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыруға лицензия, лицензияны қайта рәсімдеу немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап.


Құны: Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі, лицензиялық төлем төмендегідей алынады:

- I түрдегі лицензияны беру үшін – меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығына ие цифрлық майнердің цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыруы – 2000 айлық есептік көрсеткіш (АЕК);
- II түрдегі лицензияны беру үшін – меншік құқығында немесе басқа заңды негізде деректерді өңдеу орталығына ие емес және цифрлық майнингті өзіне тиесілі аппараттық-программалық кешенді пайдаланып деректерді өңдеу орталығында жүзеге асыратын цифрлық майнердің қызметі – 5 АЕК;
- Лицензияны қайта рәсімдеу үшін – лицензия беру ставкасының 10%-ы.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 6 респондент қатысты, олардың 1-еуі әйел (16,7%) және 5-еуі еркек (83,3%). Жас категориялары бойынша: 30–39 жас (50,0%), 40–49 жас (33,3%), 50–59 жас (16,7%). Барлық қызмет алушылар – Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары. Барлық респонденттер қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы электрондық форматта алды, яғни elicense.kz сайтына тікелей кіріп, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланып авторизация жасады (100,0%).

120-121-диаграмма.Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері:

Қызмет көрсету сапасы респонденттер тарапынан жоғары бағаланды, орташа балл – 4,85, толық қанағаттану көрсеткіші – 85,7%.

82-кесте. Үлгіларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,67	**4,67**	66,7%	66,7%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,67		66,7%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,67		66,7%	
РӘСІМ	Электрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	5,00	**4,92**	100,0%	91,7%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,83		83,3%	

МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,83	**4,83**	83,3%	83,3%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды	4,50	**4,67**	66,7%	75,0%
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды	4,83		83,3%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,83	**4,83**	83,3%	83,3%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,85**		**85,7%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,85**		**85,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,79**		**83,3%**

Екі критерий – «ақпарат және коммуникация» мен «виртуалды көмекші» ең жоғары баға алды (әрқайсысы 5,00 балл). «Рәсім» критерийі 4,92 баллға бағаланды – бір респондент құжаттарды Порталға жүктеу кезінде қиындыққа тап болғанын атап өтті.

Қызмет көрсету мерзімі 4,83 баллға бағаланды, респонденттер кейде уақыттың жасанды түрде созылғанын атап өтті және өтінішті қарау уақытын қысқартуды ұсынды.

Ортадан жоғары бағаланған екі критерий – «қолжетімділік және қолайлылық» және «шығындар» (әрқайсысы 4,67 балл). Бірінші жағдайда қызмет алушылар «электрондық лицензиялау» порталына тіркелу, ақпаратты іздеу/навигация жасау кезінде қиындықтарға тап болды, сондай-ақ порталдың жұмыс жылдамдығы оларды қанағаттандырмады – барлық кіші өлшемдер 4,67 баллға бағаланды (қанағаттану деңгейі 66,7%). Екінші жағдайда, қызметтің бағасы (4,50 балл) қолжетімді төлем әдістерінің ыңғайлылығына (4,83 балл) қарағанда көбірек наразылық тудырды; сондай-ақ екі респондент қосымша шығындар туралы хабарлады – оларға қосымша ақылы анықтамалар алу және транспорт шығындарын төлеу қажет болды, бірақ бұл шығын сомасы оларды қанағаттандырды және қиындық туғызбады.

Көптеген қызмет алушылар алынған нәтижеге қанағаттанды, бұл критерий 4,83 баллға бағаланды.

«Электрондық лицензиялау» порталының қызметі 4,85 баллға бағаланды, ең алдымен қызмет алушылар ресурстың жұмыс жылдамдығы мен тіркелу процесіне қанағаттанбады. Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі сәл төмен – 4,79 балл, бұл қызмет көрсету мерзімі мен бағасына қанағаттанушылықтың аздығымен байланысты.

Құпия сатып алушы

Жасырын сатып алу нәтижелері «Цифрлық майнинг қызметін жүргізу бойынша лицензия беру» қызметінің орташа сапасын көрсетеді, өйткені қызмет алуды қиындататын бірнеше жағдайлар анықталды.

Жасырын сатып алушы оң бағалаған жақтар: қызмет көрсету мерзімі мен лицензия алу құнының қолайлы болуы, әсіресе II түрдегі лицензияны беру және лицензияны қайта рәсімдеу кезінде; лицензиялық төлемді төлеу тәсілінің ыңғайлылығы; 1414 байланыс орталығы операторларының жоғары сапалы қызметі – консультация алу кезінде «сатып алушы» қызмет алу тәртібі, қажет құжаттар тізімі және төлемдер туралы нақты, ақпараттық жауап алды.

Теріс факторлар ретінде келесі мәселелер аталды:

- «Электрондық лицензиялау» порталында бөлек тіркелудің қажеттілігі, бұл қадамсыз ЭЦҚ арқылы авторизация жасау мүмкін емес;
- Қызмет паспорты ақпаратқа бай емес – қызмет алушыға қажет құжаттар тізімі көрсетілмеген;
- Барлық ақпарат пен өтініш нұсқалары «Қызмет көрсету ережелері» сілтемесі арқылы қолжетімді, бірақ өтініш формасын жүктеу мүмкін емес, оны мәтіндік редакторға көшіру және қою қажет: *«дұрыс толтырылмаған жағдайда қызмет көрсетуші құжаттарды қайта өңдеуге қайтара алады, бұл нәтиже алу уақытын ұзартады»;*
- Ережелерде өтініштерді қалай толтыру керегі туралы ақпарат жоқ: жазбаша түрде немесе мәтіндік редакторда (электрондық формат);
- Құжаттарды жүйеге жүктеу кезінде ақау орын алып, барлық файлдарды қайта жүктеуге тура келді.

Осылайша, анықталған мәселелер қызмет туралы ақпарат алу қиындығын және «Электрондық лицензиялау» порталының дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді.

Қызмет көрсету сапасын арттыру үшін келесі ұсыныстар берілді:

- Қызмет паспортына қажетті құжаттар тізімін қосу және олардың Word Office форматында (doc, docx, txt) жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Жүйеде ақау туындаған жағдайда құжаттарды жүктеуді жалғастыру мүмкіндігін қарастыру;
- «Электрондық лицензиялау» порталында ЭЦҚ арқылы қосымша тіркелусіз бірыңғай авторизация форматын енгізу.

Қорытындылар мен ұсыныстар


Осылайша, «Цифрлық майнинг қызметін жүргізу бойынша лицензия беру» қызметінің сапасы жеткілікті жоғары деп бағаланады, қызметті алу барысында қиындықтар жеке жағдайларда ғана байқалған. Негізгі әсер қызмет көрсету мерзімі, құны және «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет алу процесіне қанағаттанбаушылық сияқты критерийлерге байланысты болды. Қызмет көрсету сапасын оңтайландыру және жақсарту үшін келесі ұсыныстарды іске асыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда тіркелу процесін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **бірыңғай кіру нүктесінің (Single Sign-On)** механизмін әзірлеп енгізу қажет. Қазіргі таңда портал QR-код арқылы egov.kz және egovMobile арқылы авторизациялауды қарастырады, бірақ егер қызмет алушы порталға тіркелмеген болса, ол порталға авторизациялай алмайды және оған elicense.kz сайтында тіркелу рәсімінен өту қажет.

52-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінен скриншот.



Дереккөз:https://elicense.kz/Account/LogOn?returnUrl=/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222023.%D0%9C%D0%A6%D0%A0%D0%98%D0%90%D0%9F.%D0%9B1%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222023.%D0%9C%D0%A6%D0%A0%D0%98%D0%90%D0%9F.%D0%9B1%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.2%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-L23_MCRIAP1-V1%22%2C%22SingleSubActivityMode%22%3A%22True%22%7D

2. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында портал жұмысының келесі бағыттар бойынша оңтайландырылуын қарастыру:
   - **Файл өлшемін оңтайландыру:** Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде өлшемін оңтайландыруды енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.
   - **Файлдың максималды өлшемін арттыру:** Жүктелетін файлдардың рұқсат етілген максималды өлшемін қайта қарау және қажет болған жағдайда арттыру, әсіресе көлемді құжаттар үшін (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері).

- **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** Қосылыс үзіліп қалған жағдайда жүктеуді қайта жалғастыру функциясын енгізу, осылайша пайдаланушы процесті басынан бастап қайта орындамауы үшін.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру, соның ішінде қызметті жедел форматта ақылы түрде алу жолдарын енгізу арқылы.
2. Кіші түрлерді қосу бөлігінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне өзгерістер енгізу.
3. «Е-лицензиялау» порталында қызметті кіші түрлерге бөлу бөлігінде техникалық жүзеге асыру.

3.47. Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 2401002 Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу.

Жауапты орган: ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және инфрақұрылымды дамыту министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 6 сәуірдегі №187 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде №20338 тіркелген (Ескерту. Қосымша 1 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2025 жылғы 15 сәуірдегі №137 бұйрығымен өзгертілген; күшіне енгізілуі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алпыс күнтізбелік күн өткен соң жүзеге асады).

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу немесе негізделген бас тарту.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 47 қызмет алушы қатысты (оның ішінде 97,9% ерлер және 2,1% әйелдер), жас ерекшеліктері бойынша: 30-39 жас – 12,8%, 40-49 жас – 83,0%, 50-59 жас – 4,3%.

122-123-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық қызмет алушылар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болды. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (89,4%) қызметті «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алған, ал 10,6% – ХҚКО-ның өзіндік қызмет көрсету аймағында. 91,5% ЭЦҚ арқылы жүйеге кірсе, 8,5% жеке логин мен парольді пайдаланды.

Зерттеудің негізгі қорытындысы

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына қанағаттану жалпы көрсеткіші 4,92 баллды құрады, ал толық қанағаттанғандардың үлесі – 92,2%.

83-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,96	**4,98**	95,7%	97,9%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	5,00	**4,89**	100,0%	90,1%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,85		85,1%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,83		85,1%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,91	**4,88**	91,5%	88,3%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,85		85,1%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,91	**4,91**	91,5%	91,5%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)				
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды				

КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,94	**4,94**	93,5%	93,5%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,92**		**92,2%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,91**		**91,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,92**		**92,2%**

Барлық қарастырылған критерийлер бойынша жоғары бағалар алынған. Респонденттер қызметтің ақпараттық құрамын ең жоғары бағалады – 4,98 балл, толық қанағаттанғандардың үлесі 97,9% болды. Қызмет нәтижесі мен оның көрсетілу мерзімі тиісінше 4,94 және 4,91 баллға бағаланды (осы критерийлер бойынша толық қанағаттанғандардың үлесі 93,5% және 91,5%). Қызметтің қолжетімділігі мен ыңғайлылығы 4,89 баллға, қызмет алу процедурасы 4,88 баллға бағаланды (қанағаттану көрсеткіштері 90,1% және 88,3%).

«Шығындар», «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлері сауалнамаға қатысушылар тарапынан бағаланған жоқ, өйткені қызмет тегін көрсетіледі және қызмет көрсету сапасына қатысты шағымдар түспеген.

Әдістемеге сәйкес, подкритерийлер жауапкершілік аймақтарына байланысты қызмет көрсетушілер арасында бөлінген. **Уәкілетті мемлекеттік орган мен «Электрондық лицензиялау» порталының қызметі шамамен бірдей бағаланған – тиісінше 4,92 және 4,91 балл (толық қанағаттанғандардың үлесі 92,2% және 91,8%).**

Зерттеу барысында осы қызметтің сапасын терең талдау үшін бір қызмет алушымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбатқа қатысушы биыл «Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу» мемлекеттік қызметін «Электрондық лицензиялау» порталында алған. Ол осы онлайн-платформа туралы ақпаратты әріптестерінен алған *(«әріптестер қай портал арқылы құжаттар жіберілетінін және декларация тіркелуін айтып берді»),* олардың көмегі арқасында қызметті өзі еш қиындықсыз алғанын атап өтті: *«Әріптестер алдын ала құжаттарды қалай тапсыру керегін және порталмен қалай жұмыс істеуді түсіндірді, колл-орталыққа немесе техникалық қолдауға жүгінген жоқпын – барлық әрекеттерді өзім орындадым, тіркеу сәтті өтті, декларация тіркелді»*. Дегенмен, ол олардың көмегі болмаса, қызмет алу қиында болатынын мойындады, өйткені қызметті алу нұсқаулары жоқ *(«интерфейс жаңадан бастағандар үшін қарапайым болуы мүмкін еді, бірақ жалпы алғанда бәрі жеткілікті ыңғайлы»).*

Респонденттің сөзінше, портал арқылы тапсыру формальды процесс, өйткені тіркелетін құжат дайын түрде беріледі, ал декларацияны жасау жұмысының барлығы «қолмен» жүргізіледі: *«Шындығында, декларацияны толықтай оффлайн түрде дайындау керек, содан кейін оны сараптамалық*

ұйымда аккредитациядан өткізіп, тек содан кейін ғана порталға тіркей аласың». Қызмет алушыға кездескен жалғыз мәселе – порталдың жұмысындағы ақаулар, ол бірнеше рет онлайн-платформадан шығып қалғанын атап өтті. Оң жақ ретінде ол ұсынылған декларацияның мәртебесін қадағалай алу мүмкіндігін атады.

Жалпы алғанда, сұхбатқа қатысушы аталған қызметтің сапасына қанағаттанған. Өз ұсыныстары ретінде ол келесілерді атап өтті:

- Порталда декларацияны дайындау және аккредитациялау бойынша онлайн-кеңестер немесе қадамдық нұсқаулықтар орналастыру *(«бұл тіркеуді алғаш рет рәсімдеп жатқан адамдарға өте көмектеседі»);*
- Порталдың жұмыс жылдамдығын арттыру, ақаулардың туындау мүмкіндігін болдырмау;
- Құжаттарды жібермес бұрын жүктелетін файлдарды автоматты түрде тексеру функциясын енгізу;
- Декларацияны аккредитациялау процесін автоматтандыру.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Респонденттердің басым бөлігі «Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу» мемлекеттік қызметінің сапасына толық қанағаттанғандарын білдіріп, барлық негізгі критерийлерді жоғары бағалады. Айтарлықтай проблемалық тұстар анықталған жоқ, бар болғандары жүйелі сипатта және келесі мәселелермен байланысты: порталдағы навигацияның күрделілігі, онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығының төмендігі және құжаттарды жүктеу кезіндегі қиындықтар.

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Құжаттарды жүктеу процесін оңтайландыру – файлдың ең жоғары рұқсат етілген көлемін нақты көрсету, файлды сығуға арналған құралға сілтеме мен оны пайдалану нұсқаулығын орналастыру.
2. Құжаттарды жүктеудің баламалы тәсілдерін ұсыну, мысалы, электрондық пошта арқылы жіберу мүмкіндігін енгізу.
3. Жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу компоненттеріне қатысты ақауларды түзету және жүйені жаңарту.
4. Порталдың өткізу қабілеті мен резервтік қуатын арттыру.
5. Тіркеу интерфейсін пайдаланушыға барынша түсінікті ету – тіркеу нысанын жеңілдету (міндетті өрістер санын азайту), сондай-ақ әр кезеңге егжей-тегжейлі түсініктемесі бар кезең-кезеңімен навигация жүйесін енгізу.

3.48. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 2401007 Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу.

Жауапты орган: ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдармен қауіпті өндірістік объектіні салу, кеңейту, қайта құру, жаңғырту, консервациялау және жою жөніндегі жобалық құжаттаманы келісу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №454 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 қыркүйекте №24508 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz және «электрондық лицензиялау» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: келісім хаты немесе дәлелді бас тарту.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демогриялық блок

Сауалнамаға 66 респондент қатысты, олардың ішінде 18 әйел (27,3%) және 48 ер адам (72,7%). Жас санаттары бойынша: 30-39 жас – 40,9%, 40-49 жас – 40,9%, 50-59 жас – 18,2%. Барлық қызмет алушылар – заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары. Барлық респонденттер мемлекеттік қызметті электрондық форматта «электрондық лицензиялау» порталында алды, elicense.kz сайтына тікелей кіріп, олардың 95,5% - авторизациялану үшін логин мен құпиясөзді, ал 4,5% - ЭЦҚ-ны қолданған.

124-125-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері:

84-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,50	**4,45**	54,5%	54,5%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,41		54,5%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,29	**4,07**	33,3%	26,2%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,06		31,8%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	3,85		13,6%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,39	**4,20**	40,9%	34,1%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,02		27,3%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,17	**4,17**	25,8%	25,8%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	4,00	**4,17**	33,3%	50,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	4,33		66,7%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	

НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,48	**4,48**	51,5%	51,5%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,36**		**48,9%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,18**		**39,4%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,61**		**63,6%**

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі респонденттер тарапынан орташа есеппен 4,07 баллмен бағаланған. Ең төмен баға алған қосалқы критерий – «онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы» (3,85 балл, қанағаттану деңгейі 13,6%). Сонымен қатар, респонденттер «электрондық лицензиялау» порталында қажетті ақпаратты іздеу барысында қиындықтарға тап болғандарын атап өтті (4,06 балл, 31,8%) — бұл ресурс навигациясының жеткілікті түрде ыңғайлы еместігін көрсетеді. Порталда тіркелу процесі де бірқатар қиындықтар тудырған (4,29 балл, 33,8%).

«Рәсім» критерийі 4,20 баллмен бағаланған (қанағаттану деңгейі 34,1%). Мұндай нәтиже, ең алдымен, порталға қажетті құжаттарды жүктеу кезінде туындаған мәселелермен байланысты (4,02 балл). Пікірлерде респонденттер үлкен көлемдегі файлдарды жүктеу кезінде немесе процесс кенеттен үзілген жағдайлар болғанын атап өтті. Сондай-ақ, респонденттер құжаттарды жинау барысында да қиындықтарға тап болған (электрондық форматта көрсетілетін қызмет болғанына қарамастан, кей жағдайларда тиісті мекемелерге жүгінуге тура келген) — бұл қосалқы критерий 4,39 баллмен бағаланған. Мұндай қиындықтар көбінесе Алматы қаласы мен Алматы облысының респонденттері арасында кездескен.

«Қызмет көрсету мерзімі» критерийі 4,17 баллмен бағаланған (қанағаттану деңгейі 25,8%). Қызмет алушылар ұсыныстарында мерзімді 10 жұмыс күніне дейін қысқартуды және өтінімдердің кері қайтарылуы салдарынан жалпы мерзімнің созылып кеткенін атап өткен.

Сол сияқты «виртуалды көмекші» критерийі де 4,17 балл (қанағаттану деңгейі 50,0%) алған. Респонденттердің пікірінше, виртуалды көмекшінің жауабының толық еместігі (4,00 балл) және жауап беру жылдамдығының жеткіліксіздігі (4,33 балл) қызмет сапасына әсер еткен.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі қызмет алушылар тарапынан орта есеппен 4,45 балл деп бағаланған. Респонденттер қызмет көрсету тәртібі туралы порталдағы ақпараттың жеткілікті түсінікті еместігін (4,50 балл) және ақпараттың екі тілде болмауын атап өтті. Бұл, шамасы, «Электрондық лицензиялау» порталындағы нұсқаулықтар тек орыс тілінде жүктеп алу үшін қолжетімд болуымен байланысты (қызмет алушы қазақ тіліндегі интерфейсті пайдаланса да).

Қызметті алу барысында көптеген қиындықтардың болғанына қарамастан, респонденттердің басым бөлігі қызмет сапасына шағымданбаған:40,9% барлығы қанағаттанарлық екенін айтты; 57,6% шағымданбаған, бірақ ескертулері болған;1 респондент (1,5%) «жиі қойылатын сұрақтар» функциясын пайдаланғанын көрсетті. Осыған байланысты «Кері байланыс» критерийі тек бір қызмет алушы тарапынан бағаланып, ол қажетті жауаптарды алғанын атап өтті. Нәтижесінде бұл критерий 5,00 балл деп бағаланған.

«Нәтиже» критерийі қызмет алушылар тарапынан орта есеппен 4,48 балл деңгейінде бағаланған, ал толық қанағаттанушылық көрсеткіші (5,0 балл бергендер) 51,5% құрады. Бұл көрсеткіш қызмет алу барысында анықталған қиындықтардың көптігімен түсіндіріледі.

Жалпы алғанда, «Электрондық лицензиялау» порталының қызметі 4,18 балл деп бағаланған. Бұл респонденттердің порталдың жұмыс жылдамдығына, құжаттарды жүктеу барысындағы ақауларға, ақпаратты іздеу және навигацияның қолайсыздығына, тіркелу процесінің күрделілігіне, сондай-ақ ақпараттың екі тілде болмауына қанағаттанбауымен байланысты. Уәкілетті органның (ҚР ТЖМ) қызметі сәл жоғары – 4,61 балл деңгейінде бағаланған. Респонденттердің наразылығы негізінен құжаттарды жинау кезінде туындаған қиындықтармен және қорытынды құжаттарды алу мерзімінің созылуымен байланысты.

Қорытындылар мен ұсыныстар


Осылайша, көрсетілетін қызметтің сапасы орта деңгейде деп бағаланды. Бағаланған барлық критерийлер бойынша қызмет алушыларда белгілі бір қиындықтар туындаған. Ең жиі айтылғандары – «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысының баяулығы, соның салдарынан құжаттарды жүктеу кезінде қиындықтар, сондай-ақ порталда қажетті ақпаратты іздеу және табу мәселелері орын алған. Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында төмендегі ұсыныстарды іске асыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Қызметті алу бойынша интуитивті түрде түсінікті нұсқаулықтар әзірлеу – графикалық және бейне форматтарда. Бар ақпаратты құрылымдау, түрлі пайдаланушылар санаты үшін ақпаратты іздеу мен түсінудің ыңғайлылығын сынақтан өткізу;
2. Порталдың қызмет көрсету бетінің қазақ тіліндегі нұсқасына қызметті алу жөніндегі нұсқаулықтарды қазақ тілінде жүктеу, себебі қазіргі уақытта файлдар тек орыс тілінде жүктеледі.


53-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінен скриншот.



Дереккөз:https://elicense.kz/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%A7%D0%A1.%D0%A02%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%A7%D0%A1.%D0%A02%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.4%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R14_MCHS2-V1%22%7D

3. Порталда тіркеу процесін оңайлату және оңтайландыру мақсатында **бірыңғай кіру нүктесі (Single Sign-On)** тетігін әзірлеу және енгізу қажет. Қазіргі уақытта Порталда egov.kz және egovMobile арқылы QR-кодты сканерлеу арқылы авторизация қарастырылған, алайда қызмет алушы Порталда тіркелмеген жағдайда авторизациядан өте алмайды және **elicense.kz** сайтында тіркеу рәсімінен өтуі қажет.

54-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінен скриншот.



Дереккөз:https://elicense.kz/Account/LogOn?returnUrl=/LicensingContent/Passport?servicesType=El4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%A7%D0%A1.%D0%A02%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222014.%D0%9C%D0%A7%D0%A1.%D0%A02%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.4%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R14_MCHS2-V1%22%7D

4. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында Порталдың жұмысын төмендегі бағыттар бойынша оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру қажет:
   - **Файл көлемін оңтайландыру:** жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай, олардың көлемін автоматты түрде оңтайландыру жүйесін енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жылдамдатады.
   - **Файлдың ең жоғары көлемін арттыру:** жүктелетін файлдардың рұқсат етілген ең жоғарғы көлемін қайта қарау және қажет болған жағдайда ұлғайту, әсіресе көлемді құжаттар (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері) үшін.
   - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** байланыс үзілген жағдайда жүктеу процесін қайта бастамай, оны жалғастыру функциясын іске асыру.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қазақстан Республикасының НҚА эталондық банкінде орналастырылған мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына өзгерістер енгізу қажет. «Қызметті көрсету тәсілдері» бөлімінде қазіргі уақытта қызмет іс жүзінде «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі, алайда Қағидаларда «электрондық үкімет» порталы арқылы алу тәсілі

көрсетілген. Аталған портал тек elicense.kz ресурсына өтуге арналған шлюз ретінде қызмет атқарады.

55-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

2	Способы предоставления государственной услуги	Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz, (далее – портал)

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/158937/rus/151

2. Қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру, оның ішінде қызметті жеделдетілген форматта ақылы түрде алу тетігін енгізу арқылы жүзеге асыру.

3.49. Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы (Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы)

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1205013 Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Энергетика министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №214 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20776 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 20 жұмыс күні; ірі кен орындары мен жер қойнауының стратегиялық учаскелері бойынша – өтінім мен оған қоса берілетін құжаттар алынған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі: жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.


Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 21 қызмет алушы қатысты, олардың 76,2% - ер адамдар және 23,8% - әйелдер. Респонденттердің жасы бойынша үлесі келесідей: 30-39 жас – 23,8%, 40-49 жас – 66,7%, 50-59 жас – 9,5%.

126-127-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок





Қызмет алушылардың басым бөлігі жеке тұлғалар болды (90,5%), олардың барлығы – Қазақстан Республикасының азаматтары. Респонденттердің 85,7%-бұл қызметті «электрондық үкімет» порталы арқылы алған, олардың көпшілігі веб-порталды (66,7%) жиі қолданған, ал мобильді

қосымшаны пайдаланғандар – 33,3%. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 14,3%-қызметті ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына жалпы қанағаттану көрсеткіші 4,79 балды құрады, ал қызмет алушылардың толық қанағаттанған үлесі – 80,6%.

85-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,71	**4,74**	71,4%	73,8%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,76		76,2%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,57	**4,40**	57,1%	47,6%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,24		38,1%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,38		47,6%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,95	**4,81**	95,2%	81,0%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,67		66,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,90	**4,90**	90,5%	90,5%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат				

	алдым)				
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,90	**4,90**	90,5%	90,5%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,79**		**80,6%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,56**		**59,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,95**		**95,2%**

Респонденттер ең жоғары бағаны «Кері байланыс» критерийіне берді – 5,00 балл және 100,0%.

«Мерзім» және «Нәтиже» критерийлері де жоғары бағаланып, әрқайсысы 4,90 баллды құрады (толық қанағаттану көрсеткіші – 90,5%).

«Рәсім» критерийін қызмет алушылар орта есеппен 4,81 баллмен бағалады, ал қызмет көрсету рәсіміне толық қанағаттанғандар үлесі – 81,0%. Бұл ретте «Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу кезінде қиындықтарға тап болмадым» деген ішкі критерий төменірек (4,67 балл) бағаланған, ал «Электронды қызметті алу үшін құжаттарды жинау кезінде инстанциялар мен кабинеттерге бару қажет болмады» деген көрсеткіш – 4,95 балл. Толық қанағаттанғандар арасындағы айырмашылық айтарлықтай – тиісінше 66,7% және 95,2%.

Қызмет алу кезінде ақпарат пен коммуникация сапасына қанағаттанушылық деңгейі 4,74 баллды құрады, толық қанағаттанғандар үлесі – 73,8%. Екі ішкі критерий де шамалас бағаланған: «Порталда мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі, оның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым және түсінікті» (4,71 балл), «Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде берілген» (4,76 балл).

Ең төмен бағаланған көрсеткіштер – қолжетімділік пен қолайлылық (4,40 балл), толық қанағаттанғандар – 47,6%. Респонденттердің наразылығын тудырған ішкі критерийлер: «Порталда бағдарлау және қажетті ақпаратты іздеу ыңғайлы болды» (4,24 балл және 38,1%), «Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы» (4,38 балл және 47,6%), «Онлайн-қызмет алу үшін порталда тіркелу қиындық тудырмады» (4,57 балл және 57,1%). Толық қанағаттанған азаматтар үлесінің төмен болуы осы кемшіліктерді жою қажеттігін көрсетеді.

«Шығындар» және «виртуалды көмекші» критерийлері бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі, ал виртуалды көмекшінің көмегіне ешкім жүгінбеген.

Әдістемеге сәйкес, ішкі критерийлер қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтарына бөлінді. **Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі жоғарырақ бағаланды – 4,95 балл (толық қанағаттанғандар – 95,2%), ал**

«электрондық үкімет» порталының жұмысына толық қанағаттанғандар – 59,5% (орташа балл – 4,56).

Қызмет алу барысында респонденттер кейбір қиындықтарға тап болды. Мысалы, қызметтің өзі тегін болғанымен, 66,7% қосымша ақылы анықтамалар алуға мәжбүр болған, ал 33,3% - нотариус қызметтеріне төлем жасаған. Мұның 50,0% үшін бұл қиындық тудырмағанымен, қалған жартысы күтпеген қосымша шығындарға байланысты ыңғайсыздық сезінген. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 4,5% қажетті құжаттарды жинау үшін көптеген инстанцияларға жүгінуге тура келгенін, тағы сонша адам қызмет көрсету мерзімінің әдейі созылғанын атап өтті.

Респонденттердің ұсыныстарының арасында мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдерінің барысын нақты уақыт режимінде көрсету тетігін енгізу және қызмет көрсету мерзімін екі есе қысқарту (10 жұмыс күніне дейін) бар.

Мақсатты мемлекеттік қызметтің сапасын терең талдау үшін қызмет алушымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Сұхбатқа қатысушы биылғы жылы бұл қызметті алу үшін ХҚКО-ға жүгінген. Қызметті алу мүмкіндігі туралы ол әріптестерінен және интернеттен білген. Қызметті алу барысында респондент өздігінен барлық нюанстарды түсінуге уақыты болмағандықтан өзіне-өзі қызмет көрсету аймағындағы қызметкердің көмегіне жүгінген *(«мен бос болмадым және толтыруға уақытым жетпеді»). Оның пікірінше, онлайн-платформа көпшілікке түсінікті, «бірақ бәріне бірден ыңғайлы және түсінікті бола бермейді»,* — деп атап өтті ол, әсіресе зейнеткерлер мен «электрондық үкімет» порталына алғаш рет кірген азаматтарды меңзеп. Респондент ХҚКО қызметкерінің сыпайылығын және көмектесуге ұмтылысын оң бағалады, алайда оның айтуынша, *«олар кейде құжаттарға қойылатын талаптарды толық түсіндіріп бере алмайды, сондықтан қандай қағаздарды жинау және тапсыру керектігін нақтылау үшін бірнеше рет жүгінуге тура келеді».* Бұл өз кезегінде қызмет алу уақытын ұзартады, бірақ ол мұндай жағдайдың қызметтің өз ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін екенін мойындайды.

Құжаттарды жинау процесі респонденттің пікірінше, өте күрделі, себебі талап етілетін қағаздардың көлемі көп («құжаттарды тапсыруға дайындықтың өзі қиындық тудырады: көп қағаз жинау қажет және бірден қай анықтамалар керек екені түсініксіз болады… көптеген көшірмелер мен куәландырылған нұсқаларды ұсыну қажеттілігі қиындық туғызады»). Сондай-ақ ол өтініштердің ұзақ қаралу мерзімі мен күту процесі ең үлкен қиындықтардың бірі екенін атап өтті («негізгі қиындықтардың бірі – өтініштердің ұзақ қаралуы, соның салдарынан соңғы нәтижені алу уақыты созылып кетеді…»). Сонымен бірге, кей жағдайларда басқа ұйымдардан қажетті анықтамаларды табу немесе алу қиын болатынын айтты.

Құжаттарды Порталға жүктеу кезінде респондент оның жұмысының баяулығын атап өтті: *«платформаның жылдамдығын есептемесек, жалпы ол жақсы жұмыс істейді»*.

Қызмет көрсету мерзіміне қатысты сұхбат қатысушысы іс жүзінде ол регламентте көрсетілген уақыттан жиі ұзақ болатынын айтты: «кейде нәтижені бірнеше күнге немесе тіпті апталарға кешігіп күтуге тура келеді, яғни көрсетілген тәртіп ережелерде жазылғанмен сәйкес келмеуі мүмкін: кейде қосымша құжаттар сұралады немесе оларды қарау мерзімі ұзартылады». Мұндай жағдайлардың себебі ретінде ол қызмет көрсету рәсімінің күрделілігін,

құжаттардың шамадан тыс көптігін және қызмет алушыларға арналған нұсқаулықтардың нақты еместігін атады. Бұған қоса, оның пікірінше, мамандардың жетіспеушілігі мен ХҚКО қызметкерлеріне жүктеменің көптігі де әсер етеді.

Аталған мәселелерді шешу және осы мемлекеттік қызметтің сапасын жақсарту мақсатында респондент келесі ұсыныстарды айтты:

- сұратылатын құжаттар санын азайтып, олардың тізімін оңайлату;
- барлық өтініш берушілерге қолжетімді бірыңғай және түсінікті құжаттар тізімін әзірлеу;
- қызмет алушыларға арналған кеңес беру және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, олар талаптарды алдын ала білетіндей ету;
- өтініштерді қарау мерзімдерін оңтайландырып, нәтижені жылдамырақ алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- «электрондық үкімет» порталының жұмыс жылдамдығына қатысты мәселелерді шешу.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Айтарлықтай бөлігі қызмет алушылар мемлекеттік қызмет көрсету сапасына толық қанағаттанғанын атап өтті. Алайда, кейбір көрсеткіштер мен қосалқы критерийлер бойынша бағалар төмен болды, себебі респонденттер бірқатар қолайсыздықтарға тап болған. Негізінен олар «электрондық үкімет» порталының жұмысына қатысты: тіркеу кезіндегі қиындықтар, қажетті құжаттарды жүктеу мен ақпарат іздеуде туындайтын мәселелер, сондай-ақ порталдың жұмыс жылдамдығы.

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерін тексеру;
2. Жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу үшін жауапты компоненттерге қатысты ақауларды жаңарту және жою;
3. Файл форматтарының үйлесімділігін қамтамасыз ету, Порталда жүктеуге рұқсат етілген форматтар мен құжаттарға қойылатын талаптардың толық тізімін жариялау;
4. Қажетті құжаттарды жүктеу тәртібі туралы толық нұсқаулық орналастыру, жиі кездесетін қателер мен оларды шешу жолдарын көрсету;
5. Порталдың өткізу қабілетін және резервтік қуатын арттыру;
6. Пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін қалқымалы кеңестер (подсказка) қосу;
7. Интуитивті түрде түсінікті тіркеу интерфейсін қамтамасыз ету (тіркеу нысанын жеңілдету, міндетті толтыру өрістерінің санын азайту, әр кезеңде егжей-тегжейлі түсіндірмесі бар қадамдық навигация енгізу).

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. «Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің (жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы)» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімдерін қызмет көрсету сапасын сақтай отырып, 10 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарау.

3.50. Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1401002 - Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Энергетика министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Электр және жылу энергиясын өндіру мен беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары мен мамандарының электр қондырғыларын пайдаланудың техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін бақылау мақсатында техникалық пайдалану ережелері мен еңбекті қорғау (қауіпсіздік техникасы) ережелерін білу деңгейін біліктілік тұрғысынан тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11026 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 10 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі: электр энергетикасы саласында техникалық пайдалану қағидалары мен еңбекті қорғау (қауіпсіздік техникасы) қағидаларын білу деңгейін біліктілік тұрғысынан тексеру нәтижесі, қызмет алушының өтінімін қайтарып алу туралы қанағаттандырылған өтінім (өтінімді қарауды тоқтату туралы хабарлама) немесе осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың 9-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Зерттеуге 382 респондент қатысты. Респонденттердің басым бөлігі – ер адамдар (91,4%). Қызмет алушылардың жартысынан көбі 40-49 жас аралығындағы азаматтар тобына жатады (58,6%).

128-129- диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Барлық респонденттер қызметті жеке тұлға ретінде алған және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Қызметті алу үшін олар «электрондық лицензиялау» порталын пайдаланған: 89,5% – жеке компьютер арқылы, 10,5% – ХҚКО-дағы өзі-өзіне қызмет көрсету аймағы арқылы.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілген қызметтің барлық сапа критерийлері бойынша орташа көрсеткіш 4,73 баллды құрады. Ал ең жоғары баға - 5 баллды - респонденттердің 77,9% қойған.

86-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,70	**4,81**	78,3%	85,2%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,92		92,1%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,39	**4,39**	47,4%	48,4%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,42		50,8%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,37		47,1%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,99	**4,66**	99,2%	73,6%

	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,33		47,9%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,91	**4,91**	91,4%	91,4%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	4,68	**4,61**	77,5%	72,5%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	4,55		67,5%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,96	**4,96**	96,3%	96,3%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,73**		**77,9%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,54**		**63,6%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,96**		**95,6%**

Жоғары бағаларды «нәтиже» (4,96 балл, қанағаттану деңгейі – 96,3%), «мерзім» (4,91 балл), «ақпарат және коммуникация» (4,81 балл) критерийлері алды. Қызметті алу рәсімі (4,66 балл, 73,6%) және виртуалды көмекшінің жұмысы (4,61 балл, 72,5%) орташа көрсеткіштен жоғары бағаланған. Алайда, қызметті алу рәсімі құжаттарды порталға жүктеу кезіндегі қиындықтармен байланысты болған (4,33 балл).

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі бойынша орташа баға – 4,39 балл. Бұл критериймен толық қанағаттанғандар саны респонденттердің жартысынан аз – 48,4%. Кейбір респонденттер порталдың жұмыс жылдамдығына (4,37 балл), тіркеу рәсіміне (4,39 балл) және навигация жүйесіне (4,42 балл) қатысты ескертулер білдірген.

«Шығындар» критерийі бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі. Дегенмен, респонденттердің шамамен 7% қосымша анықтамалар алу үшін шығынға ұшырағандарын атап өтті. Олардың жартысына жуығы бұл сома күткеннен жоғары болғанын айтты. Қызмет алу кезінде қосымша шығындардың бар екендігін көбінесе Жамбыл облысының қызмет алушылары көрсеткен. Тағы бір теріс фактор ретінде қызмет көрсету мерзімдерінің созылуы аталды – бұл жөнінде 3,9% респондент (Павлодар облысы – 29,1%, Алматы қ. – 11,1%, Астана қ. – 9,8%) атап өтті.

Бағаланған критерийлер уәкілетті мемлекеттік орган мен порталдың жауапкершілік аймақтарына бөлінді. **ҚР Энергетика министрлігінің** қызмет көрсету сапасы 4,96 баллмен бағаланып, толық қанағаттану көрсеткіші 95,6%-ды құрады.

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы 4,54 баллмен бағаланды, толық қанағаттану деңгейі – 63,6%.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушы көрсетілетін қызмет сапасын жоғары бағалады. Қызметті алу үдерісі сәтті өткен *(«қызметті өз бетімше, көмексіз алдым»).*

Порталдың жұмысына қатысты респонденттің пікірі екіұшты болды. Оң бағаланған тұстары – «түсінікті және ыңғайлы интерфейс», ал теріс жақтары – «порталдың төмен жылдамдығы», «файлдарды жүктеу кезінде тұрып қалу жағдайлары», «жүктелетін файлдарды автоматты тексерудің болмауы».

Респонденттің пікірінше, негізгі қиындық тестілеуден өту кезеңінде туындайды: «порталда өтінім беру оңай, ал тест тапсыру қиын. Екі сағатта өте көп сұрақтарға жауап беру керек». Қатысушының ұсыныстарының бірі – «тестілеуді онлайн форматта өткізу мүмкіндігін қарастыру».

Респондент ұсыныс ретінде жүктелетін файлдарды қателерге автоматты түрде тексеру жүйесін енгізуді ұсынды: «жүктелетін файлдарды автоматты түрде тексеру ыңғайлы болар еді». Сонымен қатар, оның пікірінше, жүйенің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және деректерді жүктеу кезінде тұрып қалу жағдайларын болдырмау маңызды: «ЭЦҚ тұрақты жұмыс істеуі және құжаттарды жүктеу кезінде порталдың тұрып қалмауы қажет».

Құпия сатып алушы

Зерттеу «құпия сатып алушы» әдісі арқылы жүргізілген нәтижелерге сәйкес, қызмет қолжетімді, ал оны алу рәсімі түсінікті және қарапайым болып табылады. Алайда, респондент қызметті алу барысында қиындық туғызуы мүмкін бірнеше мәселелерді атап өтті.

Мысалы, «жасырын тұтынушының» пікірінше, «егер тесттен өте алмасаң, нақты кері байланыс жоқ — қандай қателер кеткені және қайта тапсыруға қалай дайындалу керектігі түсініксіз». Бұл тестілеуден кейін жеке кері байланыс тетігінің болмауын көрсетеді. Сонымен қатар, респондент «тестілеу орталықтарының жұмыс уақыты шектеулі, жазылу қиын, әсіресе толық жұмыс күні бар адамдар үшін» екенін айтты.

«Құипя сатып алушы» келесі ұсыныстарды білдірді: «тестілеу орталықтарының икемді жұмыс кестесін енгізу», «тесттен бірінші рет өте алмағандар үшін кері байланыс жүйесін құру».

Осылайша, «құпия сатып алушының» тәжірибесі көрсеткендей, қызмет жалпы алғанда тиімді жүзеге асырылуда, алайда оның жекелеген ұйымдастырушылық аспектілерін оңтайландыру қажет.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Осылайша, көрсетілетін қызмет сапасы орта деңгейден жоғары деп бағаланды. Ұсақ қолайсыздықтар Порталдың жұмысына қатысты болды, атап айтқанда, Порталда тіркелу кезінде, құжаттарды жүктеу барысында, Порталдың баяу жұмыс істеуіне және навигация жүйесінің күрделілігіне байланысты

қиындықтар байқалды. Сондай-ақ, қызмет көрсету мерзімдерінің созылуы және қызмет алу кезінде қосымша шығындардың болуы да атап өтілді.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:

«Электрондық лицензиялау» порталына:

1. Портал орналастырылған серверлердің тұрақтылығын, сондай-ақ файлдарды жүктеу және сақтау модульдерінің жұмысын тексеру.
2. Жүктелген деректерді қабылдау және өңдеу компоненттеріне қатысты ақауларды жаңартып, жою.
3. Порталдың өткізу қабілеті мен резервтік қуатын арттыру.
4. Тіркеу интерфейсін барынша түсінікті ету (тіркеу нысанын жеңілдету, міндетті толтыру өрістерінің санын азайту, әр кезеңде егжей-тегжейлі түсіндірмелері бар қадамдық навигацияны енгізу).

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Павлодар облысында, Астана және Алматы қалаларында қызмет көрсетудің белгіленген регламенттік мерзімдерге сәйкестігіне аудит жүргізу.
2. Жамбыл облысында талап етілетін құжаттардың тізімінің регламентте бекітілген тізімге сәйкестігін тексеру.

3.51. I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру

Мемлекеттік бағдарлама туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1201005 I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, сондай-ақ экологиялық рұқсат нысандарының үлгілерін және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы №319 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 тамызда №23928 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» веб-порталы, «электрондық лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: өтінішті көрсетуші тіркеген сәттен бастап - рұқсат беру 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды; рұқсатты қайта ресімдеу - 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: I санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат, I санаттағы объектілерге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізделген жауабы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: мемлекеттік қызмет қызмет алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 180 респондент қатысты, олардың ішінде 103 әйел (57,2%) және 77 ер адам (42,8%). Жас санаттары бойынша: 18-21 жас - 1,7%, 30-39 жас - 17,2%, 40-49 жас - 63,3%, 50–59 жас - 13,9%, 60 жастан жоғары - 3,9%. Қызмет алушылардың басым бөлігі заңды тұлғалар өкілдері (95,6%), ал қалғандары жеке кәсіпкер ретінде (4,4%) қызмет алған. Қызмет «электрондық лицензиялау» порталында көрсетіледі: оны алу үшін респонденттердің 10,0% egov.kz порталынан өтіп кірген, ал 90,0% тікелей e-license.kz сайтына жүгінген.

130-131-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет алушылар «I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру» мемлекеттік қызметінің сапасын 4,34 балға бағалады, ал толық қанағаттану көрсеткіші (қызметтің барлық критерийлерін 5 балмен бағалаған респонденттердің үлесі) 54,9% құрады.

87-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,22	**4,29**	52,2%	55,6%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,36		58,9%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,17	**4,15**	52,2%	52,6%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,13		53,9%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,14		51,7%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды	4,25	**4,18**	52,2%	51,4%

	қажет етпеді				
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,10		50,6%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,28	**4,28**	50,6%	50,6%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)				
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	4,00	**4,50**	0,0%	50,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,67	**4,67**	69,4%	69,4%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,34**		**54,9%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,19**		**53,3%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,44**		**54,4%**

Қызметті бағалау критерийлерінің көпшілігі бойынша қызмет алушылардың бағалары орташа деңгейге сәйкес келеді, ал салыстырмалы түрде төмен ұпайлар «рәсім» (4,18 балл, толық қанағаттану деңгейі – 51,4%) және «қолжетімділік пен қолайлылық» (4,15 балл, қанағаттану деңгейі – 52,6%) критерийлері бойынша тіркелді.

«Рәсім» критерийін бағалау кезінде респонденттер көбінесе «электрондық лицензиялау» порталында қажетті құжаттарды жүктеу барысында қиындықтарға тап болған, сондықтан бұл ішкі критерий 4,10 баллмен (қанағаттану – 50,6%) бағаланған. Ал «электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау барысында әртүрлі инстанцияларға бару қажет болмады» деген ішкі критерий 4,25 баллмен (қанағаттану – 52,2%) бағаланған. Айта кету керек, құжаттарды тапсыру кезінде қиындықтарға тек заңды тұлға болып

табылатын қызмет алушылар тап болған – олар «рәсім» критерийін 4,14 баллмен бағаласа, жеке тұлғалар бұл көрсеткішке 5,00 балл қойған. Қызмет алушылардың басым бөлігі заңды тұлғалар екенін ескерсек, құжаттарды тапсыру рәсіміндегі қиындықтар жойылмаса, болашақта әлеуетті қызмет алушылардың елеулі бөлігі осындай мәселелерге тап болуы мүмкін.

Бағаланған критерийлердің ішіндегі ең төмен балл «қолжетімділік пен қолайлылық» көрсеткішіне тиесілі (4,15 балл, 52,6%). Респонденттер «электрондық лицензиялау» порталында тіркеу кезінде қиындықтарға (4,17 балл / 52,2%) бірдей дәрежеде тап болған, Порталдың жұмыс жылдамдығының төмендігін (4,14 балл / 51,7%) атап өткен, сондай-ақ ақпаратты іздеу жүйесінің немесе навигациясының қолайлылығы жеткіліксіз екенін (4,13 балл / 53,9%) көрсеткен. Жеке тұлғалар қиындық көрмей, бұл критерийге 5,00 балл қойса, заңды тұлғалар 4,11 баллмен бағалаған. Айта кетсек, порталға тіркелу кезінде қиындықтар көбіне мемлекеттік қызметті бастапқыда «электрондық үкімет» порталы арқылы алып, кейін «электрондық лицензиялау» порталына қайта бағытталған пайдаланушыларда, сондай-ақ ЭЦҚ емес, логин/құпиясөз арқылы кірген респонденттерде кездескен. Бұл екі топтың өкілдері тіркеудің қолайлылығын тиісінше 3,83 және 3,72 баллмен бағалаған.

«Ақпарат және коммуникация» критерийі орташа деңгейде бағаланған – 4,29 балл (қанағаттану деңгейі – 55,6%). Негізгі қиындықтар қызмет туралы қажетті ақпараттың және құжаттар тізімінің жеткіліксіздігімен байланысты болды – бұл ішкі критерий 4,22 баллмен (52,2%) бағаланған. Сонымен қатар, ақпараттың қызмет алушыларға ыңғайлы тілде қолжетімді болмауы да қиындық туғызған – 4,36 балл (58,9%). Бұл жағдай, бәлкім, порталдағы нұсқаулықтардың және құжаттарды сканерлеу жөніндегі түсіндірмелердің мемлекеттік тілде болмауымен байланысты (бұл файлдар жүктелетін және респондент порталдың қазақша интерфейсін таңдаған күннің өзінде тек орыс тіліндегі нұсқалар қолжетімді болған).

Қызметті алу мерзімі де қызмет алушылар үшін толықтай қанағаттанарлық деңгейде емес – бұл көрсеткіш 4,28 баллмен (қанағаттану деңгейі – 50,6%) бағаланған.

Бағалау критерийлерінен бөлек, респонденттер қызмет алу процесі бойынша өз пікірлерін де қалдырған. Талдау нәтижелері көрсеткендей, қызмет алушылардың ең жиі атап өткен шағымдары – «электрондық лицензиялау» порталының жұмыс жылдамдығының төмендігі, жүйенің жиі қатып қалуы, құжаттарды жүктеу кезіндегі қиындықтар және тіркеу рәсімінің күрделілігі. Кейбір респонденттер қызмет көрсету мерзімінің әдейі созылатынын, себепсіз бас тартулар мен бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап ету жағдайларын да атап өткен – мұндай мәселелерге сауалнамаға қатысушылардың шамамен үштен бірі тап болған.

Аталған қиындықтар «нәтиже» критерийінің бағасына әсер еткен – 4,67 балл (қанағаттану деңгейі – 69,4%). «Электрондық лицензиялау» порталының қызметі 4,19 баллмен (қанағаттану – 53,3%), ал уәкілетті мемлекеттік органның (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі) жұмысы 4,44 баллмен (қанағаттану – 54,4%) бағаланған. Бірінші жағдайда бұл көрсеткіш процедуралық қиындықтармен (құжаттарды жүктеу, порталдағы тіркеу күрделілігі, жүйе жылдамдығы) байланысты болса, екінші жағдайда – қызметті алу мерзімдерінің созылуы мен қосымша құжаттарды талап ету фактілерімен түсіндіріледі.

Тереңдетілген сұхбат

Қызмет көрсету сапасын тереңірек талдау мақсатында қосымша зерттеу әдісі – тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Жаппай сауалнамаға қатысушылар қызмет сапасын орта деңгейде бағалағандықтан, қызмет көрсету процесіне балама көзқарасты зерделеу үшін уәкілетті мемлекеттік органның өкілімен тереңдетілген сұхбат өткізу туралы шешім қабылданды.

Ең алдымен, мемлекеттік органның өкілі қызмет көрсету барысында уәкілетті орган қызметкерлері тарапынан қиындықтар туындамайтынын атап өтті. Алайда ол «жоғарыда аталған Ережелерге өзгерістер енгізу кезінде “Е-лицензиялау” мемлекеттік деректер базасы ақпараттық жүйесін жетілдіру қажеттілігі туындағанда белгілі бір қиындықтар орын алады» деп көрсетті. Оның айтуынша, «*барлық түзетулерді алдын ала болжау мүмкін емес, себебі олар қызмет көрсету процесінде туындайтын өзекті және жедел мәселелерді шешуге бағытталған».*

Аталған мәселеге байланысты респондент қызмет алушылар «кей кезеңдерде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің қолданыстағы нұсқасы мен ақпараттық жүйе функционалы арасындағы сәйкессіздіктерге байланысты уақытша қиындықтарға тап болуы мүмкін» екенін атап өтті.

Сондай-ақ, респонденттің пікірінше, орындауға қиындық тудыратын заңнамалық нормалар жоқ, ал қызмет көрсету мерзімі мен оған тартылған қызметкерлер саны – оңтайлы деңгейде.

Осылайша, мемлекеттік орган өкілінің бағалауы бойынша, қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде, ал қиындықтар туындаған жағдайда қызмет көрсетуші тарап оларды дер кезінде жою бойынша шаралар қабылдайды.

Қорытындылар мен ұсыныстар


Осылайша, «I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру» мемлекеттік қызметін көрсету сапасы орта деңгейде деп бағаланды. Қызмет алушылар қажетті құжаттар туралы ақпарат іздеуден бастап, қызметті алу мерзімі мен түпкі нәтижеге дейінгі барлық кезеңдерде қиындықтарға тап болды. Ең алдымен, қызмет көрсету сапасына және респонденттердің қанағаттану деңгейіне «Электрондық лицензиялау» порталының тұрақсыз жұмысы әсер етті. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында келесі шараларды іске асыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Порталда тіркелу процесін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **біртұтас кіру нүктесінің (Single Sign-On) механизмін** әзірлеу және енгізу қажет. Қазіргі уақытта Порталда авторизация egov.kz және egovMobile арқылы QR-кодты сканерлеу арқылы жүзеге асады. Алайда, егер қызмет алушы Порталда тіркелмеген болса, ол авторизациядан өте алмайды және elicense.kz сайтында тіркелу рәсімінен өтуі қажет.


56-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінен скриншот



Дереккөз:https://elicense.kz/Account/LogOn?returnUrl=/LicensingContent/Passport?servicesType=EI4&servicesParameters=%7B%22PackageCode%22%3A%222021.КЭРК.Р1%22%2C%22ServiceCode%22%3A%222021.КЭРК.Р1%22%2C%22VersionPackage%22%3A%221.0.3%22%2C%22OperationTypeId%22%3A%221%22%2C%22ActivityTypeCode%22%3A%22EL4-R12_34-V1-P2%22%7D

2. QR-код арқылы авторизация жасаған кезде пайдаланушыларда «QR-кодтың әрекет ету мерзімі аяқталды» деген қате пайда болады; бетті жаңартқан кезде де бұл қате жоғалмайды, сондықтан қызмет алушы осы жолмен авторизациядан өте алмайды.

57-сурет. Мобильді құрылғыдан скриншот.



Дереккөз: мобильді құрылғы.

3. «Электрондық үкімет» порталынан «Электрондық лицензиялау» порталына өтуде туындайтын қатені жою. Егер қызмет алушы egov.kz

порталында қазақ немесе орыс тілін қолданса, өтуде оған басқа тілдегі (таңдалған тілден өзгеше) бет ашылады.

4. «Электрондық лицензиялау» порталында жүктелетін құжаттар нұсқалары – «Пайдаланушы нұсқаулығы» және «Құжаттарды сканерлеуге арналған ұсыныстар» мемлекеттік тілде қолжетімді болатындай қосу. Зерттеу нәтижелерін талдау кезінде, интерфейс тілін таңдауына қарамастан, қызмет алушыларға тек орыс тіліндегі нұсқалар жүктеледі.
5. Файлдарды порталға жүктеу мәселелерін шешу үшін портал жұмысының оңтайландыруын қарастыру:
   - **Файл көлемін оңтайландыру:** Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде өлшемін оңтайландыруды енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жылдамдатады.
   - **Файлдың максималды көлемін арттыру:** Жүктелетін файлдардың ең жоғары рұқсат етілген өлшемін қайта қарау және қажет болса арттыру, әсіресе көлемді құжаттар үшін (мысалы, құрылтай құжаттарының скан көшірмелері).
   - **Жүктеуді қайта жалғастыру мүмкіндігі:** Байланыс үзілісі болған жағдайда жүктеуді қайта жалғастыру функциясын енгізу, қызмет алушыға процессті қайтадан бастау қажет болмауы үшін.

<u>Мемлекеттік уәкілетті органға:</u>

1. Қызмет көрсету ережелеріне қызмет алу тәсілдері бойынша өзгерістер енгізу. Шындығында, қызмет «Электрондық лицензиялау» порталында көрсетіледі, алайда қазіргі редакцияда қызметті «Электрондық үкімет» порталында алу тәсілі көрсетілген.

58-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Форма

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Выдача экологического разрешения на воздействие для объектов I категории»

Наименование государственной услуги «Выдача экологического разрешения на воздействие для объектов I категории»		
1	Наименование услугодателя	Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и его территориальные подразделения.
2	Способы предоставления государственной услуги	Через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/157758/rus/5804

2. «Электрондық лицензиялау» порталында және Қызмет көрсету ережелерінде қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізіміне қатысты ақпаратты аудиттен өткізу, өйткені респонденттер кейде тізімде жоқ құжаттарды талап еткен жағдайлар болғанын атап өтті.
3. Қызметті алу мерзімдерін, оның ішінде қызмет алушы ұсынған құжаттар пакетінің тексеру уақытын қысқарту мүмкіндігін қарастыру. Сонымен қатар, қызмет көрсету мерзімдерінің нақты регламентін әзірлеп, оны барлық әлеуетті қызмет алушылар үшін ақпараттық түрде қолжетімді ету, яғни әрбір кезеңде (құжаттарды тексеру, келісім кезеңдері, лицензияны алу мерзімдері және т.б.) нақты күн санын көрсету.
4. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ модификациялау жоспарына енгізу үшін ҚР ЖИЦДМ мен ҰАТ АҚ-ға міндеттер қою туралы хат жолдау.

5. Рұқсат беру құжатын қайта ресімдеудің проактивті тәсіліне көшіру жөніндегі мәселені пысықтау.
6. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ модификациялау жоспарына «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің әзірлігіне және мемлекеттік органның бірлескен жұмыстарға техникалық дайындығына байланысты қызметтерді проактивті форматқа көшіру жөніндегі жоспардың іс-шаралары қайта қаралу міндетін енгізу.
7. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бұйрығымен бекітілген «I санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына - рұқсат беру құжаттарын проактивті форматта қайта ресімдеу бөлігінде өзгерістер енгізу.
8. Рұқсат беру құжатын қайта ресімдеудің проактивті форматына көшіру бөлігінде «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ техникалық модификациясын жүргізу.

3.52. Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1302007 Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт:

«Жануарлар дүниесі және орман шаруашылығы объектілерін экспорттауға лицензия беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №187 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 тамызда №21082 болып тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (толығымен автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: Лицензия беру – 2 жұмыс күні; Лицензияны қайта рәсімдеу – 1 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Жабайы тірі жануарларды, жеке жабайы өсімдіктерді және жабайы дәрілік шикізатты экспорттауға лицензия, қайта рәсімделген лицензия және/немесе экспортқа арналған лицензияға қосымша құжаттар немесе негізделген бас тарту.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: Лицензия беру – 10 АЕК; Лицензияны қайта рәсімдеу – 1 АЕК.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 9 респондент қатысты, олардың 6-әйел (66,7%) және 3-ер адам (33,3%), жас категориялары: 22-29 жас (11,1%) және 30-39 жас (88,9%). Барлық қызмет алушылар - Қазақстан Республикасының азаматтары, заңды тұлғалар. Қызмет алу үшін «Электрондық лицензиялау» порталы пайдаланылды: 33,3% қызмет алушылар ХҚКО-дағы өзі-өзіне қызмет көрсету аймағына жүгінді, 66,7% өздері порталға кірді.

132-133-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет алушылар «Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру» қызметінің сапасын 4,82 ұпайға бағалады, толық қанағаттану көрсеткіші (қызмет критерийлерін 5 ұпаймен бағалаған респонденттердің үлесі) 89,3% құрады.

88-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	5,00		100,0%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	3,75	**3,75**	25,0%	25,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	3,75		25,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,82**		**89,3%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,72**		**83,3%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

«Кері байланыс» критеріін қызмет алушылар бағалаған жоқ, себебі олар шағым жасаған жоқ, алайда 2 респондент (22,2%) қызмет көрсету сапасына риза еместігін көрсетті.

«Ақпарат және коммуникация», «қолжетімділік және қолайлылық», «рәсім», «мерзім», «шығындар» және «нәтиже» критерийлері бойынша қызмет сапасы респонденттер тарапынан 5 ұпайға бағаланып, толық қанағаттану деңгейі 100,0% болды.

Бірден-бір қанағаттанарлық баға алынған критерий – «виртуалды көмекші» (3,75 ұпай), ал қанағаттану деңгейі тек 25,0% құрады. Қызмет алушылар көмек сервисінің жұмысынан, сұрауға берілген жауаптардың толықтығы мен жұмыс жылдамдығына көңілі толмаған; әрбір кіші өлшем бойынша баға 3,75 ұпайды құрады.

«Шығындар» критериін бағалау кезінде қызмет алушыларға қосымша шығындар туралы қосымша сұрақ қойылды – 5 респондент қосымша шығындар жасағанын айтты, олардың 80,0% жағдайда қосымша шығын сомасы қолайлы болып, қиындық тудырмағанын көрсетті; 20,0% – 1 респондент қосымша шығын сомасы күткендегіден жоғары болып, дискомфорт туғызғанын, нотариус қызметтері мен транспорт шығындарын төлегенін атап өтті. Қалған респонденттер қосымша қаражатты ксерокопия және транспорт қызметтеріне жұмсаған.

Уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі) қызметі 5,00 ұпайға бағаланып, қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 100,0% болды.

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы 4,72 ұпайға бағаланып, толық қанағаттану деңгейі 83,3% құрады.

Қорытындылар мен ұсыныстар


Осылайша, қызметті алу кезінде респонденттер қиындықтарға тап болмаған және қызмет көрсету сапасын жоғары бағалаған; қызметті алуға тікелей әсер ететін барлық критерийлер бойынша қанағаттану деңгейі 100% құрады. Алайда, қызмет алушылардың жартысы «виртуалды ассистенттің» жұмысын төмен бағалап, сұрауларына берілген жауаптардың толық еместігін көрсетті. Бұл, кейбір респонденттер үшін жоғары бағалар берілгеніне қарамастан, қызметті алу барысында әлі де қиындықтар мен сұрақтар туындағанын көрсетуі мүмкін. Жалпы, қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін келесі қадамдарды жүзеге асыру ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:

«Электронды үкімет» және «Электронды лицензиялау» порталға:

1. Ресурстардың жұмысындағы ақауларды жою, өйткені Egov порталынан E-license порталына қазақша немесе ағылшынша нұсқадан өткенде гиперсілтеме қызмет көрсету бетінің орысша нұсқасына апарады. Бұл қателік қызмет алуды қиындатуы және оны алуға кететін уақытты ұлғайтуы мүмкін.
2. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №187 бұйрығына сәйкес, қызмет көрсету тәртібі ережелерінде қызметтің «Электронды үкімет» порталы арқылы көрсетілетіні көрсетілген – бұл тармақ adilet.gov.kz сайтында да, ҚР НПА Эталондық банкінде де бар. Алайда іс жүзінде қызмет тек «Электронды лицензиялау» порталында көрсетілетіндіктен, мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне түзетулер енгізу ұсынылады.

59-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен қызмет көрсету қағидаларының скриншоты




Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – услугодатель) физическим и юридическим лицам в соответствии с настоящими Правилами.

Глава 2. Порядок оказания государственной услуги

3. Для получения государственной услуги услугополучатель подает услугодателю заявление для получения лицензии на экспорт диких живых животных, отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья по форме согласно приложению 1 и (или) 2 к настоящим Правилам, через веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz (далее – портал).

Дереккөз: https://zan.gov.kz/client/#!/doc/145470/rus/360

60-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет бетінен скриншот



ЗАКАЗАТЬ УСЛУГУ ОНЛАЙН

Автоматизированная услуга

Выдача лицензии на экспорт диких живых животных, отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья

Перейти на страницу рубрики

Вы не авторизованы. Для получения услуги **авторизуйтесь** или **зарегистрируйтесь**.

Как получить услугу онлайн (на портале "электронного лицензирования" www.elicense.kz)

1. Перейти по кнопке "Заказать услугу онлайн", после чего в новом окне откроется портал "электронного лицензирования".
2. Авторизоваться или зарегистрироваться на портале "электронного лицензирования".
3. На странице портала "электронного лицензирования", открывшейся после нажатия кнопки "Заказать услугу онлайн", перейти по ссылке "Подать заявление".
4. Заполнить заявление и подписать вашей ЭЦП.
5. Отследить статус поданного заявления можно в разделе "Мои заявления". О получении разрешения можете узнать в разделе "Мои разрешительные документы", о получении уведомления - в разделе "Мои уведомления".

РЕЗУЛЬТАТ ОКАЗАНИЯ УСЛУГИ

Лицензия на экспорт диких живых животных, отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья, переоформленная лицензия и (или) приложение к лицензии на экспорт диких живых животных, отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья либо мотивированный отказ.

Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/pass414-2_msh

3. «Виртуалды көмекшінің» кодын және инфрақұрылымын оңтайландыру: серверлік инфрақұрылым мен ассистенттің кодын үнемі аудиттен өткізу және оңтайландыру арқылы «лагтар», «тұрып қалулар» және ақауларды азайту.

4. «Виртуалды көмекшінің» білім базасын кеңейту: жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, қызмет алуға және жиі кездесетін мәселелерді шешуге арналған толық нұсқаулықтарды тұрақты түрде жаңарту және қосу
5. NLP (табиғи тілді өңдеу) жүйесін жетілдіру: пайдаланушылардың сұрауларын дәлірек түсіну үшін NLP алгоритмдерін дамыту, соның ішінде сленг, қателіктер және толық емес сөз тіркестері
6. Актуалды деректермен интеграция: ассистенттің қызмет мәртебесі, заңнамалық өзгерістер және т.б. туралы нақты ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету
7. Кері байланыс: пайдаланушылардан әр өзара әрекеттесуінен кейін кері байланыс жинаудың ыңғайлы механизмдерін енгізу, мәселені жедел анықтап, түзету.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызмет алушылар мемлекеттік қызмет алу кезінде жүктеуге қажетті шарттар реестрін құруды ұсынды. Осыған байланысты, сыртқы сауда шарттарының бірыңғай реестрін жасау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Бұл реестр Портал «Электрондық лицензиялау» серверлерінде тұрақты түрде сақталып, қызмет алушылардың жеке кабинетінде қолжетімді болуы қажет. Осы мүмкіндікті енгізу арқылы қызмет алу процедурасын оңтайландыру/ автоматтандыруға, қажет құжаттарды жинау уақытын қысқартуға болады, әсіресе қызмет алушы лицензия алу үшін бұрын қолданылған шартты пайдаланса.
2. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ модификациялау жоспарына енгізу үшін ҚР ЖИЦДМ мен ҰАТ АҚ-ға міндеттер қою туралы хат жолдау.
3. Лицензияларды қайта ресімдеудің проактивті тәсіліне көшіру жөніндегі мәселені пысықтау.
4. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ модификациялау жоспарына «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің әзірлігіне және мемлекеттік органның бірлескен жұмыстарға техникалық дайындығына байланысты қызметтерді проактивті форматқа көшіру жөніндегі жоспардың іс-шаралары қайта қаралу міндетін енгізу.
5. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 187 бұйрығымен бекітілген «Жабайы тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты экспорттауға лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына - лицензияларды проактивті форматта қайта ресімдеу бөлігінде өзгерістер енгізу.
6. Лицензияны қайта ресімдеудің проактивті форматына көшіру бөлігінде «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ техникалық модификациясын жүргізу е.

3.53. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 903002 Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Әділет министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы №61 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда №20774 тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) / «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы, «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету мерзімі: 15 күн.

Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.


Қызмет нәтижесі: Аттестациядан өту немесе өту мүмкін еместігі туралы шешім.

Қызмет құны: Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 40 респондент қатысты, барлығы жеке тұлғалар және ҚР азаматы болып табылады. Қатысушылардың жыныстық құрамы: әйелдер – 10,0%, ерлер – 90,0%. Қызмет алушылар барлық жас топтарын қамтыды: 22-29 жас – 15,0%, 30-39 жас – 35,0%, 40-49 жас – 35,0%, 50-59 жас – 10,0%, 60 жастан асқандар – 5,0%.

134-135-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Сауалнамаға қатысушылар қызметті электрондық форматта, «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» қызметінің сапасы 4,73 балл деп бағаланды, толық қанағаттану көрсеткіші – 75,0%.

5,00 балл және абсолютті қанағаттану тек бір аспектке қатысты анықталды – қызмет туралы ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде толық ұсынылуы. Қызмет нәтижесін бағалау да жоғары көрсеткішке жақын болды – 4,95 балл және 95,0%.

«Шығындар» және «кері байланыс» критерийлері сауалнама қатысушылары тарапынан бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетілді және шағыммен жүгінуді қажет ететін елеулі мәселелер туындаған жоқ.

89-кесте.Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,75	**4,88**	75,0%	87,5%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,70	**4,58**	70,0%	65,0%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,70		70,0%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,35		55,0%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,83	**4,79**	82,5%	78,8%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,75		75,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,60	**4,69**	60,0%	60,0%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	4,61	**4,56**	66,7%	63,9%
	Өтінішіме берілген жауап	4,50		61,1%	

	жылдам болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,95	**4,95**	95,0%	95,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,73**		**75,0%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,67**		**71,6%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,79**		**72,9%**

Қызмет алушылар төмен бағалаған аспектілер: онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы (4,35 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 55,0%), «Виртуалды көмекші» функциясының жұмысы (4,56 балл және 63,9%) және қызмет көрсету мерзімі (4,60 балл және 60,0%).

Төрт қатысушы қызмет алу барысында қосымша шығындарға ұшырағанын атап өтті, олар жол шығындарымен байланысты болды. Аталған шығындардың қажеттілігі *«интернеттің аймақтарда төмен болуына және куәліктерді алу үшін облыс орталығына баруға мәжбүр болуына байланысты»* түсіндірілді. Барлық респонденттер үшін жұмсалған сома қабылдауға болатын және қиындық туғызбаған.

Қызмет алу рәсімі туралы пікірлерінде респонденттер «тестілеу уақыты ұлғайтылады, тапсырмалар анығырақ қойылуы тиіс», «бірінші рет тапсыру мүмкін емес, алдын ала жауаптарды білу үшін тесттер сатып алу қажет» деген ұсыныстар айтты.

Осылайша, «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткерлерді аттестаттау» қызметін портал «электрондық лицензиялау» жауапкершілігіне қатысты критерийлер бойынша сапасы 4,67 балл деп бағаланды, толық қанағаттану көрсеткіші – 71,6%, ал Уәкілетті органның жұмысы – 4,79 балл және 79,2%.

Қызмет сапасын тереңірек талдау үшін «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» қызметі бойынша тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Респондент атап өткендей, ол қызметті ағымдағы жылы «электрондық лицензиялау» порталы арқылы алған. Интервью қатысушысы «ақпарат» және «қолжетімділік» критерийлерін жоғары бағалаған: *«Қызметті табу қиын болған жоқ: жүйеде іздеу және ыңғайлы мәзір бар, сондықтан қажетті бөлімге тез жеттім. Интерфейс жеткілікті түсінікті болып шықты, сондықтан ХҚКО-ға немесе қолдау қызметіне жүгінудің қажеті болған жоқ. Барлық қадамдар анық көрсетілген, жүйе не толтыру және не тіркеу керектігін көрсетіп отырды».*

Қызмет алу процедурасын бағалау кезінде респондент кейбір қиындықтарға тоқталған: «Жалпы қызметті алу мүмкін болды, бірақ кейде жүйе тоқтап қалатын. Мұндай сәттерде жұмысын жалғастыру мүмкін емес еді - портал қайта іске қосылғанша күтуге тура келді. Бұл процесті сәл созды, бірақ

соңында барлық құжаттарды тапсыра алдым. Ыңғайлысы, портал файлдардың сәтті жүктелгенін тікелей процессте растайды».

Электрондық құжат жинау жүйесі тиімді деп танылды: «Барлығы жеткілікті ыңғайлы ұйымдастырылған, сондықтан қызмет менің қажеттіліктерімді толық қанағаттандырады, өзгерістер енгізудің қажеті жоқ».

Қызмет сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарға жауап ретінде респондент былай деді: «Арнайы ұсынысым жоқ. Жалпы қызмет ыңғайлы және түсінікті форматта көрсетіледі. Тек бір ғана тілек бар - порталдың жұмыс тұрақтылығын жақсарту, тоқтап қалулар болмауы үшін».

Қорытынды және ұсыныстар

Мемлекеттік қызмет «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» сапасын бағалаған респонденттердің қанағаттану деңгейі жоғары емес. Процесті оңтайландыру үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. «Виртуалды көмекші» коды мен инфрақұрылымын оңтайландыру: серверлік инфрақұрылымды және ассистент кодын жүйелі түрде аудиттен өткізіп, «лагтар», тоқтап қалулар мен ақауларды азайту.
2. «Виртуалды көмекші» білім базасын кеңейту: жиі қойылатын сұрақтар, қызмет алу бойынша толық нұсқаулықтар мен кең таралған проблемаларды шешу жолдарын қосу арқылы базаны үнемі жаңарту.
3. Табиғи тілдерді өңдеуді (NLP) жақсарту: пайдаланушылар сұраныстарын дәлірек түсіну үшін NLP алгоритмдерін жетілдіру, соның ішінде сленг, қателіктер және толық емес фразаларды өңдеу.
4. Актуалды деректермен интеграция: ассистентке қызметтер статусы, заңнамалық өзгерістер және т.б. туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.
5. Файлдарды жүктеу мәселелерін шешу үшін портал жұмысын оңтайландыру:
    - **Файл көлемін оңтайландыру:** сапаны жоғалтпай автоматты түрде файл өлшемін азайту, бұл серверлерге жүктемені төмендетіп, жүктеу процесін жылдамдатады.
    - **Максималды файл көлемін ұлғайту:** әсіресе көлемді құжаттар (мысалы, жарғының сканерленген көшірмелері) үшін рұқсат етілген максималды өлшемді қайта қарау және қажет болса ұлғайту.
    - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** қосылу үзілуі жағдайында жүктеуді қайта жалғастыру функциясын енгізу, пайдаланушыға процесті қайта бастау қажет болмас үшін.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға:</u>

1. Аттестациялық тест сұрақтарын талдап, оларды бірмәнді етіп қайта құрастыру, екіұдай түсіндірмелерге жол бермеу.
2. Тест өткізуге берілетін уақытты ұлғайту, бұл кандидаттарға әр сұрақты мұқият оқу және ойлануға мүмкіндік береді.
3. Ресми сайтта тест мысалдарын (демо-нұсқаларын) жариялау, кандидаттар формат пен сұрақ түрлерімен танысып, дайындық жасауға мүмкіндік алады, бұл «сатып алынған тесттерге» сұраныстыт төмендетеді.

4. Үлкен сұрақтар пулын қолдану және әр кандидатқа кездейсоқ сұрақтарды таңдау жүйесін енгізу, бұл «дайын жауаптарды» сатып алу мүмкіндігін болдырмайды.

3.54. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1704010 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Ұлттық банкі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 31 тамыздағы №215 Саналы Басқарма шешімі. Мемлекеттік құқықтық актілерді тіркеу реестрінде №14347 ретінде тіркелген.

Қызмет көрсету формасы: Электронды (ішінара автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық лицензиялау» порталы арқылы.

Қызмет көрсету мерзімі: 10 жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесі: Төлем ұйымының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - заң) белгіленген төлем қызметтерін ұсынуына рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өткені туралы хабарлама не дәлелді бас тарту..


Қызмет алушылар: заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 9 респондент қатысты. Оның 55,6% ер адамдар, 44,4% әйел адамдар. Қызмет алушылардың көпшілігі 30-39 жас аралығындағы тұлғалар (66,7%).

136-137-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Бұл қызмет заңды тұлғаларға көрсетілді, олардың барлығы ҚР азаматтары болып табылады. Қызмет алу үшін респонденттер электрондық лицензиялау порталын пайдаланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылар «Ұлттық банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарын реестрге енгізу» қызметінің сапасын 4,93 балл деп бағалады. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (93,0%) ұсынылған критерийлер бойынша толық қанағаттанушылық білдірді (яғни оларды 5 баллмен бағалады).

90-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	5,00		100,0%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	5,00	**4,89**	100,0%	88,9%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,78		77,8%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,89	**4,89**	88,9%	88,9%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	5,00	**4,50**	100,0%	50,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	4,00		0,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,90**		**89,7%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,85**		**84,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,98**		**97,8%**

Сауалнамаға қатысқан қызмет алушылардың бағалауы бойынша 8 критерийдің ішінде 4 критерийге 5 балл (толық қанағаттанушылық деңгейі 100,0%) берілді: ақпарат және коммуникация, қолжетімділік және ыңғайлылық, кері байланыс және нәтиже.

Екі критерий – «рәсім» және «мерзім» – 4,89 баллға бағаланды, толық қанағаттанған респонденттердің үлесі 88,9% болды. Қызмет алушылар порталға құжаттарды жүктеу кезінде аздап қиындықтарға тап болды *(«порталға құжат жүктеу кезінде қиындықтар бар»).* 8 респонденттің екеуі осы критерийді 4 баллмен бағалады. Алайда, жоғары бағаланған критерийлерге қарамастан, респонденттер комментарийлерде қызметті алу мерзімін қысқарту қажеттілігін *(«қызмет алу мерзімін 5 жұмыс күніне қысқарту»)* және «электронды үкімет» порталынан «электрондық лицензиялау» порталына өту кезінде туындайтын проблемаларды атап өтті *(«Е-лицензирование порталы дұрыс жұмыс істемейді, eGov порталынан өту әрдайым мүмкін емес»).*

Виртуалды көмекшінің жұмысы басқа критерийлерге қарағанда сәл төмен бағаланды – 4,5 балл (толық қанағаттанушылық 50%), жауап беру жылдамдығының төмендігі салдарынан (4,0 балл).

«Шығындар» критерийі бағаланған жоқ, себебі қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет алу кезінде шамамен 11% респондент қосымша шығындарды атап өтті (транспорт және флеш-диск сатып алу – әрқайсысы 50%).

Қызметті алу барысында 30% респондент бюрократиялық кедергілерге тап болды: 20,0% – құжаттардың қайтарылуы мен қызмет көрсетуден бас тарту жағдайларын, 10,0% – мерзімдердің жасанды ұзартылуын және бастапқы тізімде көрсетілмеген қосымша құжаттар сұралуын атады. Комментарийлерде респонденттер *«қызмет талаптарын нақты жазу керек», «мемлекеттік органдар өздері білмейді, бюрократияны провокациялайды»* деген ойларын білдірді.

Әдістемеге сәйкес, подкритерийлер жауапты қызмет берушілердің жауапкершілік аймақтарына бөлінді.

Уәкілетті мемлекеттік орган Ұлттық Банк РК қызметінің жұмысы 4,98 баллға бағаланды, толық қанағаттанған респонденттердің үлесі 97,8%.

«Электрондық лицензиялау» порталының жұмысы 4,85 баллға бағаланды, толық қанағаттанушылық – 84,7%.

Қызмет көрсету сапасын толық талдау мақсатында тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбат нәтижелері көрсеткендей, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу» қызметін алу кезінде респондент бірқатар ұйымдастырушылық және техникалық қиындықтарға тап болған.

Қызмет алушы портал арқылы онлайн қызмет алу мүмкіндігін Ұлттық Банктегі кеңес беру кезінде білді. Өз бетінше процедураны толық аяқтау мүмкін болмағандықтан, ол ҰБ колл-орталығына хабарласып түсіндірме алған. Қолдау көрсетілгеннен кейін ғана қызмет алынған.

Сұхбат қатысушысының пікірінше, негізгі қиындықтар порталдың техникалық жұмысына (тіркелу, авторизация) емес, ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты. *«Порталда құжат пакетін дайындау бойынша нақты нұсқаулық жоқ, өкілдік арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі көрсетілмеген»,* – деп атап өтті респондент. Бұл азаматтардың делдалдарға *(«көмектесушілер», қызмет үшін қымбат ақы алады)* жүгінуіне әкеледі.

Сондай-ақ, порталдың төменгі жұмыс жылдамдығы басты проблема болып отыр: *«Өте баяу жұмыс істейді, интернет нашар болса, платформа сапасы* төмендейді». Интерфейс түсінікті деп танылса да, *«жат және біртекті»* деп сипатталған.

Респонденттің ұсыныстары: қызмет алушыларға арналған оқыту шараларын өткізу, онда құжаттарды рәсімдеу тәртібі толық түсіндірілсін. Қызмет көрсету мерзімін қысқарту *(«мерзімді 5 жұмыс күніне дейін қысқарту немесе 5 АЕК мөлшерінде ақылы жеделдету енгізу, бұл қаражат жағынан тиімді және қызметті жылдам алу мүмкіндігін береді*»).

Құпия сатып алушы

Зерттеу Астана қаласында жүргізілді, қатысушы қызметті электронды түрде *«электрондық лицензиялау»* порталы арқылы алған.

«Құпия сатып алушы» тәжірибесіне сәйкес қызмет алу процесі ұзаққа созылып, бірқатар қиындықтармен қатар жүрді. Алғашқы кезеңнен бастап өтініш беруші үлкен құжат пакетін жинауға мәжбүр болды: *«Қызметті алу үшін порталда қоса қажет құжаттардың нақты тізімі жоқ. Дәл тізім көрсетілгенімен толық емес. Сол себепті қызметті алу процесі формальды 10 күннің орнына алты айға созылды, бұл айтарлықтай проблема».*

Ұлттық банктің ұйым атауының дұрыстығына қойылған талаптары да қиындық туғызды: «Атауды банктің талаптарына сәйкес өзгертуге тура келді, бұл талаптар еш жерде көрсетілмеген. Барлық құжаттарды бірінші рет жинағаннан кейін бізге атаудың сәйкессіздігі үшін бас тарту келді. Кейін атауды өзгерттік, оны Әділет министрлігінде тіркедік, жарғыны өзгерттік де құжаттарды қайта тапсырдық».

Құжаттарды қайта тапсыру кезінде тағы бір бас тарту болды - формальды қателіктер және бұрын міндетті деп көрсетілмеген кейбір құжаттардың жоқтығы *(«Атауды өзгертіп, өтінішті қайта тапсырған соң, бюрократиялық себептермен екінші рет бас тартылды. Құжаттар толық емес деп хабарланды, оларды толықтыру қажет болды. Неліктен бас тартуды негіздегенде барлық қателер көрсетілмейді?»).* Нәтижесінде өтініш беруші құжат пакетін қайта жинап толықтыруға мәжбүр болды, бұл да уақыт пен күшті талап етті.

Тағы бір проблема - құжаттарды жедел өңдеу мүмкіндігінің болмауы. Тіпті аз ғана қате болса да, өтініш толық бас тартылды, жаңа өтініш жасауға және қайта қарауды күтуге тура келді.

Барлық қиындықтарға қарамастан, қызмет ақыры алынды, бірақ процесс елеулі қолайсыздықтар мен бюрократиялық кедергілермен өтті.

Респонденттің ұсыныстары:

1. *«Бюрократияны азайту және сұралған құжаттар тізімін қысқарту. Қызмет алу үшін қажет құжаттардың ағымдағы тізімін жариялау».*

2. «Құжаттарға толық қайта тіркеусіз тез арада өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру (бас тартудың орнына қайта өңдеуге жіберу)».

3. «Ұлттық банкке бас тарту кезінде барлық қателіктер мен кемшіліктер тізімін көрсету міндетін қою, осылайша өтініш берушілер бір ретте барлық түзетулерді енгізе алады».

Осылайша, «таңдаулы тұтынушы» тәжірибесі көрсеткендей, қызмет алушыларға толық ақпарат берілмеуі және процедураның бюрократиялық күрделілігі салдарынан, қызмет алу процесі ұзақ әрі еңбекқорлықты қажет ететін болып отыр.

Қорытынды мен ұсыныстар

Осылайша, көпшілігі респонденттердің мемлекеттік қызметтің сапасын оң бағалағанымен, «Электрондық лицензиялау» порталының жұмысына қатысты белгілі бір ескертулер айтылды. Атап айтқанда, сауалнамаға қатысушылар құжаттарды жүктеу кезінде техникалық қиындықтарға, жүйенің төмен жылдамдығына, виртуалды ассистенттің сұраныстарға баяу жауап беруіне, сондай-ақ egov.kz порталынан elicense.kz порталына өту кезінде үзілістерге назар аударды.

Уәкілетті мемлекеттік органға сын көзқарастар аз бағытталды. Дегенмен, терең сұхбат және «таңдаулы тұтынушы» әдісі бойынша жүргізілген зерттеу барысында жүйелі проблемалар анықталды: құжаттарды рәсімдеуге арналған толық нұсқаулықтардың болмауы, өтініш берушілерден бастапқы тізімге кірмеген қосымша құжаттарды сұрау, тапсырылған материалдарды қайта өңдеуге мүмкіндік беретін механизмнің жоқтығы, сондай-ақ мемлекеттік органның бастапқы қайтару кезінде барлық анықталған қателерді көрсетпеу тәжірибесі.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына:</u>

1. Құжаттарды жүктеу механизмін оңтайландыру және жеңілдету: техникалық қателіктер мен жүйенің «құлауын» жою. Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде оңтайландыруды енгізу, бұл серверлерге жүктемені азайтып, жүктеу процесін жеделдетеді. Ең көп қолданылатын құжат форматтарын қолдау қамтамасыз етілуі тиіс (PDF, JPEG, PNG, DOCX, XLSX). Формат үйлеспеген жағдайда жүйе нақты нұсқаулықтар беруі керек (конвертациялау бойынша).
2. eGov.kz порталынан elicense.kz порталына өту кезінде жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету.
3. Виртуалды көмекшінің функционалдығын жақсарту, жауап беру жылдамдығын арттыру. Егер виртуалды ассистент мәселені шеше алмайтын немесе қажетті ақпарат бере алмайтын болса, пайдаланушыны тез арада 1414 байланыс орталығы операторына бағыттау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

4. Қызмет алу нұсқаулығын порталға жариялау: ақпаратты ыңғайлы қабылдау форматында ұсыну (инфографика/бейне ролик).

Уәкілетті мемлекеттік органға ұсыныстар:

1. Қызмет көрсету мерзімдерін талдау және сапасына зиян келтірмей қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
2. Барлық регламент талаптарын сақтай отырып, ақылы түрде қызмет көрсетудің жеделдетілген рәсімін енгізудің тиімділігін зерттеу.
3. Қызмет алу нұсқаулығын қателер мен регламентке сәйкес келмеушіліктер бойынша тексеру, оны түсінікті және қолжетімді ету. Порталда қажетті құжаттардың өзекті тізімін жариялау. Қызмет алу үшін құжаттар пакетін тексеруді күшейту. Қызмет көрсету кезінде толық қатесіз мотивтелген бас тартуды рәсімдеу.
4. Құжаттарға толық қайта тіркеусіз түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыру (бас тартудың орнына «қайта өңдеуге» қайта жіберу).
5. Білім туралы дипломы туралы мәліметтер алу бөлігінде «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ-ны ҚР ҒЖБМ ақпараттық жүйесімен интеграциялау.
6. Ұсынылатын құжаттар тізбесінен атқарушы орган басшысының (мүшесінің) дипломының (дипломдарының) көшірмесі алынып тасталсын

3.55 Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 3102008 Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Сот әкімшілігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Сот органдарынан шыққан ресми құжаттарды апостильдеу мемлекеттік қызмет көрсету ережелерін бекіту және кейбір нормативтік құқықтық актілерді қолданыстан шығару туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты) жанындағы Сот қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысының 2020 жылғы 13 сәуірдегі №13 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелген: №20393.

Мемлекеттік қызмет көрсету формасы: электрондық (бөліктей автоматтандырылған), қағаз.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш қабылдау және нәтижесін беру жүзеге асыратын мекемелер:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғам;
2) www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы;
3) Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің кеңсесі (дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің өтініштері бойынша).

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

Құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап:

- Порталда – 1 (бір) жұмыс күні;
- Аймақтық орталықтардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы мемлекеттік корпорация филиалдарына – 1 (бір) жұмыс күні;
- Мемлекеттік корпорацияның басқа филиалдарына – 5 (бес) жұмыс күні;
- Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің өтініштері бойынша – 5 (бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Апостильмен расталған құжат – арнайы мөрмен белгіленген, тұлғаның қолының шынайылығын және оның өкілеттігін растайтын, сондай-ақ құжатқа қойылған мөр немесе штамптың шынайылығын растайтын құжат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден негізді бас тарту.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: әр апостильделетін құжат үшін 0,5 АЕК.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 69 қызмет алушы қатысты. Респонденттердің шамамен 52% - ер адамдар, 47,8% - әйел адамдар. Қатысушылардың елеулі бөлігі – 30-дан 49 жасқа дейінгі азаматтар (91,3%).

138-139-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеуге тек мемлекеттік қызметті қағаз түрінде алған респонденттер қатысты: 92,8% - ХҚКО-ға, 7,2% - тікелей қызмет көрсетушіге жүгінген. Қатысушылардың шамамен 87% - қызметті жеке тұлға ретінде алған, ал 13,0% - заңды тұлғалар болған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының орташа бағасы – 4,80 балл, ал қанағаттанушылық көрсеткіші – 82,6%.

91-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Маған қызмет көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізімі жөніндегі ақпаратты табу оңай болды	4,94	**4,90**	94,2%	98,6%
	Маған ғимарат ішінде бағыт-бағдар алу және қажетті қызметкерлерді табу оңай болды	4,88		88,4%	
	Менің өтініш білдіру тілімді еркін таңдау мүмкіндігім болды	4,78		79,7%	
	Толтыратын нысандар, бланкілер және басқа да құжаттар түсінікті болды, олардың үлгілері екі тілде ұсынылды	4,99		98,6%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз кіру қамтамасыз етілген	4,58	**4,56**	63,8%	59,5%
	Мекеменің жұмыс кестесі қолайлы, күту аймағы	4,54		55,1%	

	жайлы жағдаймен қамтамасыз етілген				
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағытталуы (біліктілігі, жеделдігі, сыпайылығы)	4,64	**4,64**	65,2%	65,2%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық тудырған жоқ және көп уақыт алмады	4,96	**4,97**	95,7%	97,2%
	Қызмет көрсету нәтижесін алу рәсімі мен үшін қолайлы болды	4,99		98,6%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,93	**4,69**	92,8%	72,5%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды	4,45		52,2%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды	4,83	**4,90**	85,5%	91,3%
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды	4,97		97,1%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,94	**4,94**	94,2%	94,2%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,80**		**82,6%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,72**		**66,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,94**		**94,2%**

Мемлекеттік органның уәкілеттілігіндегі қызметтің бағасы жауапкершілік аймақтары бойынша бөлінген критерийлерге сәйкес жоғары деңгейде бағаланды (4,94 балл, қанағаттанушылық – 94,2%), ал ХҚКО жұмысы «ортадан жоғары» деңгейде бағаланды (4,72 балл, 66,7%). ХҚКО жауапкершілігіне жататын критерийлер сәл төмен бағаланды: «қолжетімділік және қолайлылық» – 4,56 балл, қанағаттанушылық – 59,5%, атап айтқанда, жұмыс кестесі мен күту аймағы – 4,54 балл, ғимараттың орналасу ыңғайлылығы, автотұрақ санының жеткіліктілігі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін кедергілерсіз қолжетімділік – 4,58 балл, және «қызметкерлер» – 4,64 балл, қанағаттанушылық – 65,2%. Респонденттердің пікірлерінде қызметкерлердің жұмысын позитивті *(«маман жұмысы жоғары деңгейде, нәтиже уақытында», «қызметкерлер қарапайым, құжаттарды дұрыс рәсімдеді», «қызметкерлер көмектесті, бірақ процесс*

ұзақ»), сондай-ақ негативті сипаттаулар *(«қызмет көрсету орташа, жылдамырақ жұмыс істей алар еді»)* бағалады. Зерттеуге қатысқан өңірлер арасында қызметкерлердің жұмысын ең төмен бағалағандар – Ақтөбе (4,33 балл) және Ақмола (4,29 балл) облыстарының респонденттері.

«Ортадан жоғары» деңгейге сәйкес бағаланған тағы бір критерий – «мерзім» – 4,69 балл, қанағаттанушылық – 72,5%. Респонденттердің қызмет алуға кеткен уақыты нормативке сәйкес, жауаптарға қарағанда қызмет 1–4 күнде алынған.

«Кері байланыс» критерийі респонденттер тарапынан бағаланған жоқ, себебі олар оның сапасына шағымданбаған. Қалған критерийлер жоғары бағаланды: «рәсім» – 4,97 балл, толық қанағаттанушылық – 97,2%; «нәтиже» – 4,94 балл, 94,2%; «ақпарат және коммуникация» – 4,90 балл, 98,6%; «шығындар» – 4,90 балл, 91,3%. Қызмет алу кезінде қосымша шығындар тек 1,4% респонденттерде ғана туындаған, олар ақылы анықтама алғанын көрсеткен.

Жалпы, қызмет алуда қиындыққа 7,2% респондент кездескен: 5,8% қызмет алудан бас тарту болғанын атап өткен («бірнеше рет бас тарту болды және себебі айтылмады, құжаттарды қайта жинап бердім, бірақ қайтадан бас тартылды», «бір рет бас тарту болды, мүмкін құжаттардан. Қызмет тез берілді»), ал 1,4% респонденттер қызмет көрсету мерзімі жасанды түрде ұзартылғанын көрсеткен («уақыт қарастырылғаннан сәл көп кетті»). Бұл проблемалар тек Астана қаласындағы қызмет алушыларға тән болған.

Заңды тұлғалар жеке тұлғаларға қарағанда қызмет сапасын сәл төмен бағалаған (4,50 баллға қарсы 4,84 балл), атап айтқанда «қолжетімділік және қолайлылық» критерийі бойынша (4,06 қарсы 4,63 балл) және қызмет көрсету мерзімдері бойынша (4,28 қарсы 4,75 балл). Заңды тұлғалар қызмет алудан бас тартумен жиі кездескен.

Қорытынды және ұсыныстар

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде бағаланды. Көпшілігі респонденттердің қызмет алу процедурасымен, қызмет туралы ақпаратпен, оның құнымен және соңғы нәтижесімен толық қанағаттанғаны анықталды. Қанағаттанбау жағдайлары дербес сипатта болды: мысалы, Ақтөбе және Ақмола облыстарында ХҚКО қызметкерлерінің жұмысымен жеке наразылықтар тіркелсе, Астана қаласында қызмет алушылар мерзімдердің ұзартылуы және қызмет көрсетуден бас тарту фактілерін атап өткен.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Астана қаласында қызмет көрсету мерзімдерінің ұзартылуы мен қызмет көрсетуден бас тарту себептерін тексеру (әсіресе заңды тұлғалар үшін), бюрократиялық кідірістерге себеп болатын процестерді оңтайландыру.

Ақмола және Ақтөбе облыстарының ХҚКО-лары:

1. Қызметкерлердің қызмет көрсету сапасына бақылауды күшейту;
2. Қызметкерлерге азаматтармен тиімді өзара әрекет және сервис мәдениеті бойынша тұрақты тренингтер ұйымдастыру.

3.56. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға құжаттарды қабылдау

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1902010 Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға құжаттарды қабылдау.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Жоғары Сот Кеңесі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Құқықтық академияға оқуға қабылдау ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасының 2025 жылғы 21 ақпандағы №10-9/11 бұйрығы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш қабылдау және нәтижесін беру жүзеге асырылатын мекемелер: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Құқықтық академия; «Электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: Қызмет көрсетушіге жүгінген жағдайда – 30 (отыз) минут; Портал арқылы жүгінген жағдайда – 1 (бір) жұмыс күні.

Қызмет алушының қызмет көрсетушіге жүгінген кездегі максималды күту уақыты: 15 (он бес) минутқа дейін.

Қызмет көрсетушіде қызмет көрсетудің максималды ұзақтығы: 30 (отыз) минут.

Құжат қабылдау мерзімі: жыл сайын 1 маусымнан 29 шілдеге дейін (қоса алғанда) жұмыс күндері жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Құжаттарды қабылдау туралы қолхат немесе құжаттарды қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы қолхат. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және / немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушінің талап етілмеген құжаттарды сақтау шарты: көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 70 респондент қатысты, оның ішінде 30 әйел (42,9%) және 40 ер адам (57,1%). Жастық категориялары: 22-29 жас – 2,9%, 30-39 жас – 62,9%, 40-49 жас – 34,3%. Барлық қызмет алушылар - жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары. Қызмет market.documentolog.com арнайы сайтында көрсетіледі. Қызмет алушылардың 98,6% - оны алу үшін «Электрондық үкімет» порталы арқылы өтуін пайдаланған, 1,4% - ХҚКО-дағы өз-өзіне қызмет көрсету аймағына барып, сондай-ақ egov.kz порталынан арнайы сайтқа өту арқылы құжаттарын тапсырған.

140-141-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет алушылар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Құқықтық академияға оқуға құжат қабылдау» қызметінің сапасын 5,00 баллмен бағалады, ал толық қанағаттанушылық көрсеткіші (қызмет критерийлерін 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі) – 99,6%.

92-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,99	**4,99**	98,6%	99,1%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	5,00		100,0%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,97		98,6%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	5,00		100,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%

	қолайлы болды				
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)				
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,99	**4,99**	98,6%	98,6%
	ОРТАША БАЛЛ		**5,00**		**99,6%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,99**		**99,5%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**99,7%**

Барлық бағаланған критерийлер бойынша жоғары баллдар алынды. «Ақпарат және коммуникация», «рәсім», «мерзім» және «кері байланыс» критерийлері 5,00 баллмен бағаланды (толық қанағаттанушылық көрсеткіші – 100,0%). «Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі 4,99 балл (99,1%) болды, себебі бір қызмет алушы порталға (арнайы сайтқа) тіркелу ыңғайлылығын 4,00 балл, ал онлайн алаңның жұмыс жылдамдығын 3,00 баллмен бағалаған. «Нәтиже» критерийі де 4,99 баллмен бағаланды.

Айта кету керек, «ақпарат және коммуникация» критерийі 5,00 баллмен бағаланғанына қарамастан, екі қызмет алушы қызмет алу процесінде «ең жиі қойылатын сұрақтар» функциясына жүгінгенін көрсеткен, бұл қызмет туралы қажетті ақпаратқа қол жеткізуде кейбір қиындықтардың болғанын көрсетуі мүмкін.

«Электрондық үкімет» порталының қызметі 4,99 баллмен, ал уәкілетті мемлекеттік органның (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі) қызметі 5,00 баллмен бағаланды.

Қорытындылар мен ұсыныстар

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Құқықтық академияға оқуға құжат қабылдау» қызметін алу қызмет алушылар үшін елеулі қиындықтар туғызбады, сондықтан дерлік барлық респонденттер қызмет көрсету сапасын 5,00 баллмен бағалады. Жеке жағдайларда респонденттер онлайн алаңға тіркелу және порталдың жұмыс жылдамдығы бойынша қиындықтарға тап болды. Деректерді талдау «Электрондық үкімет»


порталында орналастырылған құжаттарда кейбір сәйкессіздіктердің бар екенін көрсетті, сондықтан анықталған кемшіліктерді жою ұсынылады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар:

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Қызмет market.documentolog.com арнайы сайтында көрсетіледі және оны алу үшін аталған ресурста тіркелу қажет. Тіркеу процесін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **біртұтас кіру нүктесі (Single Sign-On)** механизмін әзірлеп енгізу қажет. Бұл пайдаланушыларға жаңа аккаунт ашудың қажеті жоқ, eGov тіркелгі деректерін пайдаланып сыртқы ресурсқа кіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ сайтта ЭЦҚ арқылы авторизациялау немесе EgovMobile мобильдік қосымшасында QR-код сканерлеу мүмкіндігін енгізу ұсынылады.
2. Құжаттарды тапсыру, демек, жеке деректерді беру/жеке құжаттарды жүктеу сыртқы ресурста жүзеге асырылатынына байланысты қолданылатын қауіпсіздік стандарттары мен деректерді шифрлау әдістерін анықтау мақсатында тұрақты қауіпсіздік аудитін жүргізу қажет.
3. Қызмет жылына 2 ай бойы қолжетімді, алайда market.documentolog.com сайтында және «Электрондық үкімет» порталында қызмет алу үшін қажетті құжаттар тізімі (электрондық форматта) көрсетілмеген. Осыған байланысты қызмет алу қадамдарын (тіркелу, құжаттарды жүктеу, мәртебесін қадағалау және т.б.) және қажетті құжаттар тізімін көрсететін графикалық нұсқаулық пен видео-нұсқаулықты әзірлеу қажет.

61-сурет. «Электрондық үкімет» порталындағы қызмет бетінен скриншот



Прием документов на обучение в Академию правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

‹ Перейти на страницу рубрики

Как получить услугу онлайн:


1. Авторизоваться на портале и перейти по кнопке «Заказать услугу онлайн» (для получения услуги вы должны быть зарегистрированы на сайте market.documentolog.com).
2. Заполнить необходимые поля и прикрепить необходимые документы на сайте market.documentolog.com и подписать запрос ЭЦП (электронной цифровой подписью). Отслеживайте статус вашего заявления в сервисе «market.documentolog.com».

Как получить услугу в государственном органе (необходимые документы):

1. Заявление.
2. Документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации личности).
3. Документ о высшем образовании (вместе с приложением к документу), (представляется для идентификации, технический секретарь приемной комиссии услугодателя воспроизводит копию, после чего возвращает его оригинал услугополучателю) либо документ из сервиса цифровых документов.
4. Направление – для лиц, являющихся государственными служащим.
5. Справка с места работы с указанием стажа работы по юридической профессии – для лиц, являющихся государственными служащими.
6. Документ, подтверждающий трудовую деятельность по юридической профессии в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан, – для лиц, не являющихся государственными служащими.
7. Медицинская справка формы 075/У, утвержденной приказом № 175/2020.

Дереккөз: https://egov.kz/cms/ru/services/court_proceedings/pass604-1

62-сурет. market.documentolog.com Қазақстандағы цифрлық қызметтер маркетплейсі бетінен скриншот



Дереккөз: https://market.documentolog.com/service-details/553777ea-0fb2-42ca-9ce4-682f147301fc/?for=business

4. market.documentolog.com сайтында қызмет көрсету мүмкін болмаған кезеңде құжаттарды жүктеу тәсілдері, олардың рұқсат етілген форматы және файлдардың ең көп көлемі туралы ақпарат жоқ. Осыған байланысты қосымша нұсқаулық әзірлеу ұсынылады, ол потенциалды қызмет алушыларға тұрақты түрде қолжетімді болып, қажетті құжаттарды алдын ала дайындауға және қызмет көрсетілетін кезеңде құжаттарды тапсыру барысында қосымша қадамдардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне өзгерістер енгізу қажет, өйткені adilet.zan.kz ресурсында жарияланған ережелерде қызмет көрсетуші арқылы және «Электрондық үкімет» порталы арқылы қызмет көрсетілетіні көрсетілген. Алайда, электрондық түрде қызмет алу кезінде фактически market.documentolog.com сыртқы ресурсы пайдаланылады. Сол себепті бұл қызмет көрсету тәсілі туралы қосымша мәлімет енгізу ұсынылады.

63-сурет. ҚР НҚА эталондық бақылау банкінен қызмет көрсету қағидаларының скриншоты

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги "Прием документов на обучение в Академию правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан"

Сноска. Приложение 3 с изменением, внесенным распоряжением Председателя Высшего Судебного Совета РК от 30.05.2025 №10-9/33.

1	Наименование услугодателя	Республиканское государственное учреждение "Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан".
2	Способы предоставления государственной услуги	Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через: 1) Академию правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан (далее – услугодатель); 2) веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz.

Дереккөз: https://adilet.zan.kz/rus/docs/D25ARC10911#z131

3.57 Несие/қаржылық лизинг бойынша кепілдіктерді беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 906002. Несие/қаржылық лизинг бойынша кепілдіктерді беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелерін бекіту және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарын қолданудан шығару туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 11 маусымдағы №59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 маусымда №23051 тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қызмет көрсетушінің кеңсесі («ҚДҚ «Даму» АҚ – online.damu.kz), «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 180 млн теңгеге дейінгі несие бойынша – қызмет көрсетушіге екінші деңгейлі банк/даму банкінен құжаттар түскеннен кейін 5 жұмыс күні;180 млн теңгеден асатын несие бойынша – қызмет көрсетушіге екінші деңгейлі банк/даму банкінен құжаттар түскеннен кейін 10 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Қызмет көрсетуші уәкілетті органының хаттамасының үзіндісі немесе осы Ереженің қосымшасының 9-бабында көрсетілген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген хабарлама.


Қызмет алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демограяиылқ блок блок

Сауалнамаға 10 адам қатысты (90,0% ерлер және 10,0% әйелдер), олардың көбінің жасы 30-39 жас аралығында болды (70,0%).

142-143- диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Сауалнамаға қатысқан барлық адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болды. 70,0% - қызметті жеке тұлға ретінде, 30,0% - заңды тұлға ретінде алған.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Осы қызмет бойынша сауалнама тек қызметті қағаз түрінде алған респонденттер арасында жүргізілді. Қызмет көрсету сапасының орташа бағасы – 4,73 балл, ал толық қанағаттанғандардың үлесі – 74,2%.

93-кесте. Ұпайларды бөлу (қағаз нысанда)

Бағалау критерийлері	Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Маған қызмет көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізімі жөніндегі ақпаратты табу оңай болды	4,60	**4,90**	60,0%	90,0%
	Маған ғимарат ішінде бағыт-бағдар алу және қажетті қызметкерлерді табу оңай болды	5,00		100,0%	
	Менің өтініш білдіру тілімді еркін таңдау мүмкіндігім болды	5,00		100,0%	
	Толтыратын нысандар, бланкілер және басқа да құжаттар түсінікті болды, олардың үлгілері екі тілде ұсынылды	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз кіру қамтамасыз етілген	4,80	**4,80**	80,0%	80,0%
	Мекеменің жұмыс кестесі қолайлы, күту аймағы жайлы жағдаймен қамтамасыз етілген	4,80		80,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағытталуы (біліктілігі, жеделдігі, сыпайылығы)	4,90	**4,90**	90,0%	90,0%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық тудырған жоқ және көп уақыт алмады	4,00	**4,45**	20,0%	55,0%
	Қызмет көрсету нәтижесін алу рәсімі мен үшін қолайлы болды	4,90		90,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,30	**4,60**	30,0%	60,0%
	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды	4,90		90,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				

	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,70	**4,70**	70,0%	70,0%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,73**		**74,2%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,15**		**26,2%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,79**		**79,3%**

Респонденттер «Ақпарат және коммуникация» критерийін жоғары бағалады (4,90 балл, 90,0%). Дегенмен, қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар тізімін іздеу кейбір қиындықтар туғызды (4,60 балл, 60,0%).

Басқа аспектілер бойынша ақпарат пен коммуникациялар бойынша ешқандай қиындық байқалмады. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылар қызметкерлердің жұмысын жоғары бағалады (4,90 балл, 90,0%), олардың тұтынушыға бағдарлануы және қызмет алу кезінде қолжетімділік/қолайлылық ерекшеленгені атап өтілді (4,80 балл, 80,0%).

Нәтиже мен мерзімдер респонденттер тарапынан 4,70 және 4,60 баллмен бағаланды, бұл «ортадан жоғары» деңгейге сәйкес келеді. Толық қанағаттанғандардың үлесі тиісінше 70,0% және 60,0%. Респонденттер ең алдымен қызмет көрсету мерзіміне наразылық білдірді (4,30 балл, 30,0%), дегенмен барлығы қызметті нормативте көрсетілген мерзімде (5-10 күн) алды. Қызмет көрсету орнында күту уақытының көпшілігі үшін қолайлы деп бағаланды (4,90 балл, 90,0%).

Қызмет алу рәсімін респонденттер орта деңгейде бағалады (4,45 балл, 55,0%). Қажетті құжаттарды жинау процесі қиындық туғызды, мониторинг қатысушылары оны 4,00 баллмен бағалады (толық қанағаттанғандардың үлесі 20,0%) және бұл процесс көп уақытты қажет етті. Ал нәтижелерді беру процедурасы көптеген респонденттер үшін ыңғайлы болды (4,90 балл, 90,0%).

Критерийлерді орталық мемлекеттік орган мен қызмет көрсететін мекеме жауапкершілігіне қарай бөлу нәтижесі бойынша келесі көрсеткіштер алынды: **Мемлекеттік корпорация – 4,89 балл,** қанағаттану деңгейі 91,7%, **Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облысқа бағынысты аудандар мен қалалардың ЖАО – 4,96 балл, 95,6%.**

Электронды форматтағы қызмет көрсету сапасының орташа бағасы 4,93 балл, толық қанағаттанған респонденттер үлесі – 93,6%.

116-кесте. Ұпайларды бөлу(электронды нысанда)

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті	4,91	**4,95**	91,4%	95,4%

	түрде ұсынылған				
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,99		99,4%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,93	**4,88**	93,8%	89,2%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,88		88,3%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,82		85,3%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,88	**4,88**	88,7%	88,3%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,87		88,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,87	**4,87**	87,2%	87,2%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,94	**4,94**	95,1%	95,1%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,93**		**93,6%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,93**		**93,3%**
	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облысқа бағыныстыаудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары		**4,94**		**94,2%**

Электронды форматта қызмет алған респонденттер тек «шығындар» критерийін бағалаған жоқ. Қалған барлық критерийлер жоғары деңгейде бағаланды. Максималды баға (5,0 балл) «виртуалды көмекші» және «кері байланыс» критерийлеріне берілді. Кері байланыс респонденттер тарапынан «ең жиі қойылатын сұрақтар» рубрикасын пайдалану тәжірибесі негізінде бағаланды.

Қызмет туралы ақпарат 4,95 баллға бағаланды, қанағаттану деңгейі – 95,4%. Нәтиже 4,94 баллға бағаланды, толық қанағаттанған респонденттер үлесі – 95,1%.

«Қолжетімділік және қолайлылық» және «рәсім» критерийлері 4,88 баллға бағаланды (қанағаттану деңгейі – тиісінше 89,2% және 88,3%). Қызмет көрсету мерзімі 4,87 баллға бағаланды, толық қанағаттанған респонденттер үлесі – 87,2%. Қағаз нұсқасында қызмет алу кезінде де респонденттер көлік құралын алу үшін ұзақ күтуді атап өтті*: «арба ұзақ келді».* Сонымен қатар, респонденттер берілетін арбалардың сапасына қанағаттанбады: *«арба өте арзан, біз 1 млн теңгеге алғанымыз жақсырақ болды», «арба тез жеткізілді, бірақ ескі модель болды», «жаңа модельдерді жеткізсе жақсы болар еді».*

Қызметті алу кезінде бюрократиялық кедергілерге тап болған респонденттердің үлесі аз болды: 0,6% қызмет алу мерзімін жасанды ұзартқаны туралы, 0,3% қызмет алудан бас тартылғаны туралы көрсетті.

Сондықтан қызмет көрсетушілердің қызметі респонденттер тарапынан жоғары бағаланды: **Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, сондай-ақ облысқа бағынысты аудандар мен қалалардың ЖАО** – 4,94 балл, қанағаттану деңгейі – 94,2%, **«электрондық үкімет» порталы** – 4,93 балл, қанағаттану деңгейі – 93,3%.

Зерттеу нәтижесі бойынша, елдің 20 өңірінің 18-інде қызмет көрсету сапасы жоғары бағаланды. Өңірлер рейтингінің бірінші орнында Ақмола облысы (4,99 балл, толық қанағаттанғандар – 99,0%), екінші орында – Алматы қаласы (4,98 балл, 97,4%). Үшінші орынға тең баллмен Костанай облысы (4,97 балл, 97,2%), Жетісу облысы (4,97 балл, 97,2%), Астана және Шымкент қалалары (әрқайсысы 4,97 балл, 97,1%), Қарағанды және Павлодар облыстары (әрқайсысы 4,97 балл, 96,5%) орналасты.

Екі өңірде бағалар «ортадан жоғары» деңгейге сәйкес келді: Абай облысы (4,77 балл, 76,9%) және Қызылорда облысы (4,59 балл, 60,4%). Абай облысында респонденттер қағаз нұсқасында қызмет көрсету сапасын электрондыққа қарағанда сәл төмен бағалады (4,58 балл қарсы 4,96 балл), бұл «қызметкерлер» критерийінің төмен бағасымен байланысты – 4,0 балл. Қызылорда облысында қызмет бағалары қағаз және электрондық форматта шамамен тең болды. Қағаз нұсқасында респонденттер «қолжетімділік және қолайлылық» (ғимарат орналасуы, мүгедектерге арналған кедергілерсіз қолжетімділік, жұмыс режимі) критерийіне аз көңіл бөліп, 4,29 балл берді. Сол критерий электрондық қызмет алған респонденттер тарапынан да төмен бағаланды – 4,27 балл. Мұнда қолжетімділік пен қолайлылық деп порталға тіркелу/авторизациялау, навигацияның ыңғайлылығы, онлайн алаңның жұмыс жылдамдығы түсініледі.

117-кесте. Қызмет көрсету сапасы бойынша өңірлер рейтингісі

№	Өңір атауы	Орта балл	Қанағаттану	Орта балл	Қанағаттану	Орта балл	Қанағаттану
		Электронды нысан		Қағаз нысанда		Өңір рейтингі	

1	Ақмола облысы	4,99	99,0%			**4,99**	99,0%
2	Алматы қаласы	4,98	97,7%	4,97	97,1%	**4,97**	97,4%
3	Қостанай облысы	4,97	97,2%			**4,97**	97,2%
4	Жетісу облысы	4,99	98,6%	4,96	95,8%	**4,97**	97,2%
5	Астана қаласы	4,97	97,1%			**4,97**	97,1%
6	Шымкент қаласы	4,97	97,1%			**4,97**	97,1%
7	Қарағанды облысы	4,97	96,9%			**4,97**	96,9%
8	Павлодар облысы	4,97	96,5%			**4,97**	96,5%
9	Батыс Қазақстан облысы	4,94	94,4%			**4,94**	94,4%
10	Ұлытау облысы	4,93	92,8%			**4,93**	92,8%
11	Шығыс Қазақстан облысы	4,88	94,4%	4,97	98,8%	**4,92**	96,6%
12	Маңғыстау облысы	4,93	92,6%	4,90	90,4%	**4,92**	91,5%
13	Жамбыл облысы	4,91	90,8%			**4,91**	90,8%
14	Атырау облысы	4,89	93,1%			**4,89**	93,1%
15	Алматы облысы	4,88	88,5%			**4,88**	88,5%
16	Солтүстік Қазақстан облысы	4,88	88,2%			**4,88**	88,2%
17	Түркістан облысы	4,86	86,0%			**4,86**	86,0%
18	Ақтөбе облысы	4,74	74,1%	4,97	96,6%	**4,85**	85,4%
19	Абай облысы	4,96	95,5%	4,58	58,3%	**4,77**	76,9%
20	Қызылорда облысы	4,59	61,9%	4,58	58,9%	**4,59**	60,4%

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын тереңірек талдау мақсатында қосымша зерттеу әдісі — **тереңдетілген сұхбат** қолданылды.

Тереңдетілген сұхбат

Жалпы алғанда, қызмет оң бағаланады: ол тегін көрсетіледі, қызмет көрсететін қызметкерлер мен бөлімшелердің саны жеткілікті, қызмет көрсету мерзімдері оңтайлы. Алайда, қызмет алу барысында кейбір қиындықтар байқалады.

Негізгі қиындықтар егде жастағы адамдарда туындайды. Оларға құжаттарды жинау рәсімі және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу қиындық тудырады. Электрондық форматта қызмет алған кезде осы санаттағы азаматтар онлайн-платформада тіркелу және авторизациялау кезінде қиындыққа тап болады. Компьютерлік сауаттылық төмен болғандықтан, оларға Порталда бағдарлау қиынға соғады. Кейде құжаттарды офлайн режимде жинау қажет болып, процесс күрделенеді.

Сұхбат қатысушысы арнайы қозғалмалы құралдарды пайдалану мерзімдеріне ерекше назар аударды: «Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмектермен, техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен, арнайы қозғалмалы құралдармен қамтамасыз ету ережелерінің 3-қосымшасына сәйкес, арнайы қозғалмалы құралдардың пайдалану мерзімі: бөлмелік арба – 7 жыл, серуендік арба – 4 жыл. Практикада мұндай құралдар тез тозады, бұл наразылық тудырып, адамдар ауыстыруды сұрап өтініш береді». Осыған байланысты респондент белгіленген пайдалану мерзімдерін қайта қарауды ұсынды.

Қорытындылар мен ұсыныстар

«Мүгедектігі бар адамдарды арнайы қозғалмалы құралдармен қамтамасыз етуге арналған құжаттарды рәсімдеу» қызметінің сапасы, қағаз және электрондық форматта да, респонденттер тарапынан жоғары бағаланды. Қызмет алушылардың атап өткен мәселелері тікелей осы қызметке қатысты емес. Респонденттерге арнайы қозғалмалы құралдардың жеткізілу мерзімі, сапасы және алынған сәттен бастап ауыстыру мерзімдері көңіл көншітпеді.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

1. Арнайы қозғалмалы құралдарды ауыстыру мерзімдерін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
2. Арнайы қозғалмалы құралдарды алған тұлғалардың пікірлерін тұрақты түрде мониторингтеу.
3. Арба сатып алуды қайта қарастырып, мүгедектігі бар адамдардың пікірлері мен қажеттіліктерін ескере отырып, заманауи және сапалы модельдермен қамтамасыз ету.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарына (ХҚКО):

1. Абай облысы ХҚКО қызметкерлері үшін мүгедектігі бар азаматтармен жұмыс дағдылары бойынша оқыту ұйымдастыру және осы санаттағы қызмет алушыларға басымдылықпен қызмет көрсету тәжірибесін енгізу.
2. Қызылорда облысы ХҚКО-да ішкі аудит жүргізіп, кедергісіз орта талаптарына сәйкестігін тексеру және кемшіліктерді жою (қажет болса).

3.67. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту (Бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттағы және маусымдық шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат беру)

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 702001**.** Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту (Бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттағы және маусымдық шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат беру).

Жауапты мемлекеттік орган: Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жұмыс берушілерге шетелдік еңбек күшін тартуға рұқсат беру немесе оны ұзарту тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ ішкікорпоративтік аударымдарды жүзеге асыруды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №279 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда №32977 тіркелген.

Мемлекеттік қызметті көрсету формасы: Электронды (толығымен автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» веб-порталы; «Электрондық лицензиялау» веб-порталы; migration.enbek.kz порталы.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

- Рұқсат берілетін уақыт – 19 жұмыс күні, оның ішінде:
- Шетелдік еңбек күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту туралы шешім туралы хабарлама – 8 жұмыс күні;
- Рұқсат үшін төлем енгізу мерзімі – шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні;
- Рұқсатты қайта рәсімдеу – 6 жұмыс күні;
- Рұқсатты ұзарту – 3 жұмыс күні;
- Бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерге қатысты рұқсат беру немесе ұзартуды келісу – 3 жұмыс күні;
- Рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы шешім туралы хабарлама – 4 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет нәтижесі: Жұмыс берушілерге шетелдік еңбек күшін тартуға рұқсат немесе қайта рәсімделген, ұзартылған рұқсат (Осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес) немесе қызмет көрсетуге бас тарту туралы негізді жауап.


Қызмет алушылар: Заңды тұлға, Жеке кәсіпкер

Құны: ақылы/тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 338 респондент қатысты. Сауалнамаға қатысқан ер адамдар – 257 респондент (76,0%) және әйелдер – 81 респондент (24,0%) барлық жас топтарын қамтиды, ең көп респонденттер 30-39 жас аралығында (33,1%) және 40-49 жас аралығында (44,7%) болды. Қызмет алушылардың көпшілігі жеке кәсіпкерлер болды (91,1%, 308 адам), қалғандары – заңды тұлғалар (9,9%, 30 адам). Қызмет алушылардың 99,7% Қазақстан азаматтары болды.

168-169-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Қызметті алу үшін респонденттердің 44,4%-«электрондық лицензиялау» порталына egov.kz арқылы бағытталған болса, 55,6% - тікелей elicense.kz порталына кірген.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейге сәйкес – орташа балл 4,85 болды.

118-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау критерийлері	Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:	Орташа балл		Толық қанағаттану деңгейі (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,76	**4,82**	80,8%	85,7%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	4,88		90,5%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,78	**4,80**	81,7%	83,6%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,80		84,6%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,82		86,4%	
РӘСІМ	Электрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай	4,85	**4,85**	86,4%	87,3%

	мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді				
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,85		88,2%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,88	**4,88**	88,2%	88,2%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды	4,85	**4,89**	84,6%	89,3%
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды	4,94		93,9%	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	4,75	**4,63**	75,0%	62,5%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	4,50		50,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,91	**4,91**	91,4%	91,4%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,85**		**86,0%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,87**		**89,4%**
	Жергілікті атқарушы орган		**4,79**		**79,3%**

Қызмет алушылар «ақпарат және коммуникация» критерийін 4,82 баллға бағалады (қанағаттану деңгейі – 85,7%), алайда респонденттер Порталда қызмет алу процесі туралы ақпараттың жеткіліктілігі мен түсініктілігіне қатысты қосымша критерийді төмен бағалады – 4,76 балл. Сонымен қатар, олар барлық ақпарат екі тілде қолжетімді болмағанын атап өтті (4,88 балл). Бұл жағдай «электрондық лицензиялау» порталына өту және қызмет көрсету ережелеріне сілтемелер бойынша өту кезінде тек орыс тіліндегі нұсқаның қолжетімділігімен байланысты болуы мүмкін (тіпті егер қызмет алушы порталдың қазақ тіліндегі интерфейсін пайдаланса да). Бұл қосымша критерий төмен бағаланған өңірлер: Ақмола облысы – 4,73 балл, Қарағанды облысы – 4,69 балл, Шымкент қаласы – 4,60 балл, Жетісу облысы – 4,56 балл, бұл өңірлерде екі тілдегі ақпаратқа сұраныстың жоғары екендігін көрсетеді.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі 4,80 баллға бағаланды (қанағаттану деңгейі – 83,6%). Қызмет алушылар порталдың жұмыс жылдамдығы, тіркеу және қажетті ақпаратты іздеудегі қиындықтарды атап өтті.

Қызмет алу рәсімі респонденттер тарапынан 4,85 баллға (87,3%) бағаланды. Олар электрондық форматқа қарамастан, құжаттарды жинау үшін уәкілетті органдарға жүгінуге мәжбүр болғанын атап өтті. Мұндай жағдайлар

көбінесе Батыс Қазақстан облысы (4,73 балл), Қызылорда облысы (4,64 балл) және Жетісу облысында (4,56 балл) кездескен. Сонымен қатар, кейбір респонденттер құжаттарды порталға жүктеуде қиындықтар болғанын жеткізді.

Қызмет көрсетудің мерзімі респонденттердің басым бөлігін қанағаттандырды, бұл критерий 4,88 баллға бағаланды. Қызмет құны да көп респонденттерді қанағаттандырды – 4,89 балл, бірақ кейбіреулері соманы өздеріне қолайсыз деп санағандықтан, қосымша критерий 4,85 баллға бағаланды. 3,3% респонденттер қосымша шығындарға (көлік, ксерокөшірме, нотариалды қызметтер) ұшырағанын атап өтті; олардың жартысында қосымша шығын сомасы дискомфорт пен қиындық тудырған.

Қызмет алу кезінде қиындықтарға тап болған респонденттер виртуалды көмекшіден көмек алды – бұл критерий ең жоғары баллға – 5,00 баллға бағаланды.

«Кері байланыс» критерийі ортадан жоғары – 4,63 балл. Көптеген респонденттер қызмет көрсету сапасына қанағаттанған, шағымданбаған. Шағымданғандардан екеуі «көмек» бөліміне, екеуі – виртуалды көмекшіге жүгінген. Аталған шаралар олардың толық қанағаттануын қамтамасыз етпегендіктен, қосымша критерий 4,50 баллға бағаланды.

«Нәтиже» критерийі респонденттер тарапынан жоғары бағаланды – 4,91 балл. Айта кететін жайт, бір қызмет алушы көші-қон қызметі порталындағы қызмет сапасына наразылық білдіріп, еліценз/егов порталы арқылы қызмет алу ыңғайлырақ болғанын айтты.

Қызмет берушілер (жауапты мемлекеттік органдар) облыстар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары болғандықтан, қызмет көрсету сапасының рейтингі құрылды. 17 өңірдің 14-інде бағалар жоғары деңгейге сәйкес келді – Ақмола облысында 4,80 баллдан Павлодар облысы мен Ұлытау облысында 4,96 баллға дейін. Үш өңірде бағалар ортадан жоғары болды: Ақтөбе облысы – 4,76 балл, Шымкент қаласы – 4,74 балл, Жетісу облысы – 4,65 балл.

Аталған өңірлердегі бағаларға ең алдымен төменгі деңгейдегі қызмет көрсету сапасына байланысты қанағаттанбаушылық әсер етті (бағалар жоғары деңгейге сәйкес келмеді, 4,8 баллдан төмен):

Шымкент қаласы – «ақпарат және коммуникация» (4,57 балл), «қолжетімділік және қолайлылық» (4,71 балл), «кері байланыс» (4,50 балл);

Ақтөбе облысы – «ақпарат және коммуникация» (4,70 балл), «қолжетімділік және қолайлылық» (4,69 балл), «рәсім» (4,77 балл), «қызмет көрсету мерзімі» (4,73 балл);

Жетісу облысы – «ақпарат және коммуникация» (4,54 балл), «қолжетімділік және қолайлылық» (4,63 балл), «рәсім» (4,62 балл), «қызмет көрсету мерзімі» (4,68 балл).

119-шы кесте. Қызмет көрсету сапасы бойынша өңірлер рейтингісі

№	Өңір атауы	Орташа балл	Қанағаттану
		Өңірлер рейтингі	
1	Павлодар облысы	**4,96**	96,1%
2	Ұлытау облысы	**4,96**	96,2%
3	Шығыс Қазақстан облысы	**4,95**	95,3%
4	Қостанай облысы	**4,92**	92,9%
5	Жамбыл облысы	**4,90**	90,3%
6	Атырау облысы	**4,90**	89,5%
7	Алматы	**4,89**	91,6%

8	Абай облысы	**4,88**	88,2%
9	Батыс Қазақстан облысы	**4,87**	87,1%
10	Маңғыстау облысы	**4,86**	86,3%
11	Алматы облысы	**4,85**	85,3%
12	Қызылорда облысы	**4,84**	84,3%
13	Қарағанды облысы	**4,83**	83,1%
14	Ақмола облысы	**4,80**	88,0%
15	Ақтөбе облысы	**4,76**	82,7%
16	Шымкент	**4,74**	87,1%
17	Жетісу облысы	**4,65**	69,6%
18	Астана		
19	Солтүстік Қазақстан облысы		
20	Түркістан облысы		

«Электрондық лицензиялау» порталының қызметі жоғары деңгейге сәйкес бағаланған – 4,87 балл, ал уәкілетті органның (бұл жағдайда жергілікті атқарушы органдардың) қызметі ортадан жоғары деңгейде – 4,79 балл.

Фокус-топ

Фокус-топтық талқылауға қатысушылар қызмет көрсету сапасын ортадан жоғары бағалады. Жұмыс берушілер жалпы алғанда қызмет көрсету процесі қарапайым екенін және маңызды қиындықтар туғызбайтынын атап өтті. Барлық респонденттер соңғы бірнеше жылда сапа жақсарғанын, себебі рұқсатты электрондық форматта алуға болатынын жеткізді.

Фокус-топ қатысушыларының пікірінше оң факторлар: «Электрондық лицензиялау» порталында қызмет алу мүмкіндігі; Мемлекеттік органдар қызметкерлеріне консультация алу мүмкіндігі; Қызмет көрсету мерзімдерінің айқын болуы; Процестің цифрландырылуы және автоматтандырылуы.

Жұмыс берушілердің пікірінше, теріс факторлар: Маусымдық жұмысшыларды жаппай тарту кезеңінде порталдағы жүктемелер; Шетелдік жұмысшылардың құжаттарын қосымша растау қажеттілігі (біліктілік, дипломдарды растау); Ресми ресурстарда қажетті құжаттарға қойылатын талаптар туралы ақпараттың уақытылы жаңартылмауы.

Ақпараттың қолжетімділігі респонденттер тарапынан 4 баллға бағаланды. Олар қызмет туралы деректерді әртүрлі ресурстардан алғанын атап өтті, алайда ақпарат кейде өзекті болмай қалатынын, себебі жаңартулар тұрақты түрде жүргізілмейтінін айтты. Сондай-ақ кейбір респонденттер өзгерістер туралы хабарламалардың болмауына назар аударды. Олардың пікірінше, мұндай функцияның енгізілуі рұқсат алу процесін айтарлықтай оңтайландырар еді.

Қызметті рәсімдеу процедурасы қатысушылардың пікірінше түсінікті және маңызды қиындықтар туғызбайды. Көпшіліктің ойынша, қызмет көрсету мерзімдері қабылданатын деңгейде және көбіне сақталады, алайда бірнеше респондент маусымдық жұмысшыларды тарту кезеңінде немесе қосымша ведомстволармен келісу қажет болғанда кідірістер болуы мүмкін екенін атап өтті.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері респонденттердің барлығы бойынша минималды деп бағаланды, себебі қызмет электрондық форматта көрсетіледі және мемлекеттік органдар қызметкерлерімен тікелей әрекеттесуді қажет етпейді.

Қызмет сапасын жақсарту үшін интервью қатысушылары келесі ұсыныстарды берді:

- Порталдың жұмыс тұрақтылығын қамтамасыз ету, әсіресе компаниялар шетелдік жұмысшыларды маусымдық жұмыста жаппай тартатын кезеңде;
- Ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету: қызмет көрсету ережелеріндегі өзгерістер туралы жұмыс берушілерге хабарлама жүйесін енгізу;
- Құжаттарды тексеру процесін оңтайландыру – порталға жүктеу кезінде құжаттардың толықтығын автоматты тексеру;
- Шетелдік жұмысшылардың біліктілігін және білім дипломдарын тану/тексеру процедурасын жеңілдету мүмкіндігін қарастыру;
- Онлайн алаңдағы нұсқаулар тілін жеңілдету, әртүрлі қызмет алушы категориялары үшін түсініктемелерді айқынырақ ету.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Осылайша, «Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту (Бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттағы және маусымдық шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат беру)» қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде бағаланады. Қиындықтар «электрондық лицензиялау» порталының тіркеу процесіндегі дұрыс жұмыс істемеуімен және қызмет алу процесі туралы ақпараттың жеткіліксіздігімен байланысты, соның ішінде кейбір ақпараттың екі тілде болмауы – бұл Қазақстанның белгілі өңірлерінде сұранысқа ие. Осы себепті қосымша критерий төмен бағаланған өңірлер: Шымкент қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстары, Жетісу облысы.

Жергілікті атқарушы органдардың (қызмет беруші ретінде) жұмысына қатысты негізгі шағымдар - электрондық форматқа қарамастан қажетті құжаттарды алу үшін мекемелерге бару қажеттілігі және қызмет көрсету мерзімдерінің сақталмауы.

Сонымен қатар, қызметті алу үшін екі онлайн-платформа қолжетімді – «электрондық лицензиялау» порталы және migration.enbek.kz. Аталған платформалардың жұмыс істеуі үшін айтарлықтай техникалық ресурстар қажет (серверлердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, техникалық қолдау және т.б.). Сондықтан мемлекеттік органдар қызметті тек бір портал арқылы көрсетуге көшу мүмкіндігін қарастыруы қажет, бұл қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Сондай-ақ, бір жұмыс беруші порталдың үлкен персоналды компаниялар үшін ыңғайлы еместігін атап өтті, себебі қызмет алу алгоритмі ерекшеленеді (көп құжаттарды, оның ішінде еңбек келісімшарттарын тіркеу қажет).

Қызмет көрсету сапасын арттыру үшін келесі ұсыныстарды жүзеге асыру ұсынылады:

<u>«Электрондық лицензиялау» порталына қатысты ұсыныс:</u>

1. Порталда тіркеу процесін жеңілдету және оңтайландыру мақсатында **біртұтас кіру механизмін (Single Sign-On)** әзірлеу және енгізу қажет. Қазіргі уақытта порталға egov.kz және egovMobile арқылы QR-код сканерлеу арқылы авторизация қарастырылған, алайда егер қызмет алушы порталға тіркелмеген болса, ол порталға кіре алмайды және оған elicense.kz сайтында тіркелу рәсімінен өту қажет.

69-сурет. «Электрондық лицензиялау» порталындағы қызмет бетінен скриншот



Дереккөз: https://elicense.kz/LicensingContent/ServicesList?scode=РД68

2. «Электрондық үкімет» порталынан «электрондық лицензиялау» порталына өту кезінде пайда болатын қателікті жою. Егер қызмет алушы egov.kz порталында қазақ немесе орыс тіліндегі интерфейсті қолданса, өту кезінде оған басқа тілдегі бет ашылады (яғни «электрондық үкімет» порталында таңдаған тілден өзгеше).
3. Порталға файлдарды жүктеу мәселелерін шешу мақсатында келесі бағыттар бойынша портал жұмысының оңтайландырылуын қарастыру:
   - **Файл көлемін оңтайландыру:** Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай автоматты түрде өлшемін оңтайландыру функциясын енгізу. Бұл серверлерге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу процесін жылдамдатады.
   - **Максималды файл көлемін ұлғайту:** Жүктелетін файлдардың ең жоғарғы рұқсат етілген өлшемін қайта қарау және қажет болған жағдайда ұлғайту, әсіресе көлемді құжаттар үшін (мысалы, құрылтай құжаттарының сканерленген көшірмелері).
   - **Жүктеуді қайта жалғастыру мүмкіндігі:** Қосылудың үзілуі жағдайында жүктеуді қайта жалғастыру функциясын енгізу, осылайша пайдаланушы процессті қайта бастауға мәжбүр болмайды.

<u>Уәкілетті мемлекеттік органға, соның ішінде облыстық жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар:</u>

1. Шымкент қаласы, Ақтөбе облысы және Жетісу облысында қызмет көрсету сапасына назар аудару, себебі осы өңірлерде қызмет алушылардың бағалары басқа өңірлерге қарағанда төмен болды. Ерекше назар аудару

қажет жайт: электрондық форматқа қарамастан, респонденттер құжаттарды жинау үшін уәкілетті мекемелерге баруға мәжбүр болғанын атап өтті.

2. Ақтөбе облысы және Жетісу облысында қызмет көрсету сапасының аудитін жүргізу, нақты нәтиже алу мерзімдерінің сақталуын тексеру, қызмет алушылар қандай кезеңдерде қиындықтарға тап болғанын анықтау және болашақта мерзімдердің созылуын болдырмау үшін процесті оңтайландыру.
3. elicense.kz және migration.enbek.kz екі порталында қызмет көрсету тиімділігін қарастыру. Аталған порталдарда қызмет көрсету сапасының аудитін жүргізу, күшті және әлсіз жақтарын анықтау, қай портал арқылы қызмет көрсету сапасы тиімдірек екенін шешу және қызмет көрсету ережелерінде ең жақсы нұсқаны енгізу.

3.68. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 203005 Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту.

Жауапты мемлекеттік орган: Облысқа бағынатын аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Еңбек мигрантына рұқсат беру, ұзарту және кері алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 сәуірде №27595 тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету формасы: Электрондық (толық автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, www.egov.kz немесе www.migration.enbek.kz веб-порталдары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Мемлекеттік корпорацияға қажетті құжаттар пакетін тапсырған күннен бастап – 2 (екі) жұмыс күні, өтінім түскен күн есепке алынбайды; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетуге ең көп рұқсат етілген уақыт – 20 (жиырма) минут; Портал арқылы өтініш бергенде – 30 (отыз) минут; Портал арқылы құжаттар пакетін тапсырған күннен бастап – 2 (екі) жұмыс күні, өтінім түскен күн есепке алынбайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – еңбек мигрантына рұқсат беру немесе ұзарту, немесе осы ережелерде қарастырылған жағдайлар мен негіздер бойынша қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап.

Портал арқылы қызмет көрсету нәтижесі: www.egov.kz немесе www.migration.enbek.kz порталында қызмет көрсету нәтижесі немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап қызмет алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат түрінде, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған түрде жіберіледі.

Қызмет көрсету нәтижесін беру формасы: электрондық немесе қағаз түрінде.


Қызмет алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 846 қызмет алушы қатысты. Қызмет пайдаланушылардың басым бөлігі ер адамдар (55,9%), ал әйелдердің үлесі – 44,1%. Көбінесе қызметті 30–39 жас аралығындағы (47,9%) және 40–49 жас аралығындағы (26,8%) азаматтар алған. Барлық қызмет алушылар жеке тұлғалар болып табылады және Қазақстан Республикасының азаматтары емес.

170-171-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок.




Көпшілік респонденттер қызметті электрондық форматта, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алған – 82,0%, қалғандары халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне жүгініп, қызметті қағаз түрінде алған – 18,0%.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызмет көрсету сапасының жалпы бағасы (қағаз және электрондық форматта) 4,91 балл құрады, толық қанағаттанған азаматтардың үлесі – 92,1%. Екі көрсеткіш те жоғары қанағаттану деңгейіне сәйкес келеді.

Респонденттер «кері байланыс» критерийін (5,00 балл) және «ақпарат пен коммуникация» критерийін (4,97 балл) сәл жоғары бағалады. «Қолжетімділік және қолайлылық» пен «рәсім» критерийлері – 4,93 балл. «Қызмет көрсету мерзімі» және «виртуалды көмекші» критерийлері – 4,91 балл. Қорытынды нәтиже – 4,86 балл. Барлық критерийлер ішінен ең төменгі баға «қызметкерлер» критерийіне берілді – 4,80 балл.

172-диаграмма. Мемлекеттік қызметті қағаз және электрондық форматта көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (орташа балл және % бойынша)



Қызметті қағаз түрінде көрсету сапасының бағасы 4,90 балл құрады, толық қанағаттанғандардың үлесі – 91,5%.

120-кесте. Ұпайларды бөлу(қағаз нысанда):

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Маған қызмет көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізімі жөніндегі ақпаратты табу оңай болды	4,97	**4,98**	96,7%	97,5%
	Маған ғимарат ішінде бағыт-бағдар алу және қажетті қызметкерлерді табу оңай болды	4,97		96,7%	
	Менің өтініш білдіру тілімді еркін таңдау мүмкіндігім болды	5,00		100,0%	
	Толтыратын нысандар, бланкілер және басқа да құжаттар түсінікті болды, олардың үлгілері екі тілде ұсынылды	4,97		96,7%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз кіру қамтамасыз етілген	4,97	**4,98**	96,7%	98,3%
	Мекеменің жұмыс кестесі қолайлы, күту аймағы жайлы жағдаймен қамтамасыз етілген	5,00		100,0%	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Қызметкерлердің тұтынушыға бағытталуы (біліктілігі, жеделдігі, сыпайылығы)	4,80	**4,80**	86,7%	86,7%
РӘСІМ	Қажетті құжаттарды жинау процесі мен үшін қиындық тудырған жоқ және көп уақыт алмады	4,83	**4,90**	86,7%	91,7%
	Қызмет көрсету нәтижесін алу рәсімі мен үшін қолайлы болды	4,97		96,7%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,83	**4,92**	83,3%	91,7%

	Қызмет көрсету орнында күту уақыты қолайлы болды	5,00		100,0%	
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді				
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,83	**4,83**	83,3%	83,3%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,90**		**91,5%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,96**		**96,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,89**		**89,3%**

«Ақпарат және коммуникация» критерийі респонденттер тарапынан 4,98 балл деп бағаланған. Тап болған проблемалардың ішінде кейбір респонденттер қызмет туралы қажетті ақпаратты табу қиын болғанын, ХҚКО қызметкерлерін іздеу мен навигацияда қиындықтар туындағанын, сондай-ақ бланкілердің екі тілде ұсынылмағанын атап өтті, осы қосымша критерийлер 4,97 балл деп бағаланды. Бұл кемшіліктер туралы пікірлерді Ақтөбе және Қарағанды облыстарының респонденттері білдірді.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі – 4,98 балл, кейбір респонденттер қызмет көрсетуші мекеменің ғимараты ыңғайсыз орналасқанын атап өтті, әсіресе Ақтөбе облысындағы респонденттер. ХҚКО жұмыс кестесіне қатысты шағымдар болмады.

«Қызметкерлер» критерийі – 4,80 балл, Ақтөбе және Қарағанды облыстарының респонденттері ХҚКО қызметкерлерінің тұтынушыға бағдарланғандығынан толық қанағаттанбағанын, мамандардың қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы әртүрлі ақпарат бергенін атап өтті.

«Рәсім» критерийі – 4,90 балл, респонденттер көбіне қажетті құжаттарды жинау барысында қиындықтар туындағанын атап өтті, бұл қосымша критерий 4,83 балл деп бағаланған. Бұл кезеңде қызмет алу кезінде қиындықтар Ақтөбе және Қарағанды облыстарының қызмет алушыларында кездескен.

Қызмет көрсету мерзімі қағаз түрінде қызмет алғандардың көбісін қанағаттандырды – критерий 4,92 балл деп бағаланған, Ал Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері мерзімді қолайсыз деп санаған. Көпшілігі мерзімге қанағаттанғанымен, жауаптар талдауы көрсеткендей, қызмет көрсету ережелерінде көрсетілген мерзімдер сақталмаған. Ережеге сәйкес нәтиже 2 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс болса, респонденттердің көпшілігі нәтижені 10–14 күн ішінде алғанын айтқан (66,7%).

Қызмет тегін көрсетілгеніне қарамастан, кейбір респонденттер қосымша шығындар көтерген – ксерокөшірме, транспорт қызметтері, жабдық сатып алу (флешка). Көпшілігі үшін (88,9%) қосымша шығын көлемі қиындық тудырмаса,

11,1% жағдайда респонденттер шығын көлемін жоғары деп бағалап, дискомфорт сезінген.

Қызмет нәтижесіне респонденттердің көпшілігі қанағаттанған (4,83 балл), қанағаттанбаушылық себептері – құжаттарды жинау процесіндегі қиындықтар және ұзақ қызмет көрсету мерзімі, бұл мәселелерді Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері атап өтті.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметі респонденттер тарапынан 4,96 балл (қанағаттану 69,7%) деп бағаланды. Қызмет беруші ретінде жергілікті атқарушы органдардың қызметі сәл төмен бағаланып, 4,89 балл болды – бағалауға кейбір респонденттердің құжаттарды жинау процесіндегі қиындықтары мен қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығы әсер етті.

Электрондық форматта қызмет көрсету сапасы да жоғары – орташа балл 4,91 балл, қанағаттанушылық – 92,7%.

121-кесте. Ұпайларды бөлу (электронды нысанда)

Бағалау критерийлері	**Электронды нысанда көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, соның ішінде қажетті құжаттар тізімі туралы ақпарат қарапайым әрі түсінікті түрде ұсынылған	4,94	**4,97**	94,3%	97,1%
	Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде толық көлемде орналастырылған	5,00		100,0%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Онлайн қызмет алу үшін порталда тіркелу процесі қиындық туғызған жоқ	4,90	**4,87**	90,8%	87,7%
	Порталда бағыт алу және қажетті ақпаратты іздеу оңай әрі ыңғайлы болды	4,89		88,7%	
	Онлайн платформаның (Порталдың) жұмыс жылдамдығы қанағаттанарлық деңгейде болды	4,83		83,6%	
РӘСІМ	лектрондық қызмет алу үшін қажетті құжаттарды жинау процесі ешқандай мекемелер мен кабинеттерге баруды қажет етпеді	4,97	**4,95**	96,8%	95,4%
	Қажетті құжаттарды Порталға жүктеу барысында қиындықтар болған жоқ	4,94		94,0%	
МЕРЗІМ	Қызметті алу үшін қажет болған мерзім мен үшін қолайлы болды	4,90	**4,90**	89,6%	89,6%
ШЫҒЫНДАР	Төлем сомасы мен үшін қолайлы болды				
	Төлем тәсілі ыңғайлы болды				

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Менің өтінішім бойынша берілген жауап толық әрі мазмұнды болды (сұрауым бойынша толық ақпарат алдым)	5,00	**4,91**	100,0%	91,1%
	Өтінішіме берілген жауап жылдам болды	4,82		82,1%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Менің шағымыма қысқа мерзімде жауап берілді	5,00	**5,00**	100,0%	100,0%
	Қабылданған шаралар мені толық қанағаттандырды	5,00		100,0%	
НӘТИЖЕ	Мен көрсетілген қызмет нәтижесіне қанағаттандым (қажетті құжатты, анықтаманы, рұқсатты, жәрдемақыны алдым)	4,88	**4,88**	88,3%	88,3%
	ОРТАША БАЛЛ		**4,93**		**92,7%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО)		**4,91**		**91,7%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,95**		**94,9%**

«Ақпарат және коммуникация» критерийі – 4,97 балл, себебі респонденттердің аздаған бөлігі порталға орналастырылған ақпаратты түсіну қиын болғанын атап өтті. Мұндай пікірлерді Алматы облысы (4,80 балл) және Абай облысы (4,85 балл) қызмет алушылары білдірді.

«Қолжетімділік және қолайлылық» критерийі қалған критерийлермен салыстырғанда ең төменгі баға – 4,87 балл алды. Кейбір респонденттер порталға тіркелу кезінде қиындықтарға тап болғанын айтты (4,90 балл), әсіресе Ақтөбе, Ақмола облыстары (әрқайсысы 4,80 балл) және Батыс Қазақстан облысында (4,78 балл). Сондай-ақ, респонденттер «Электрондық үкімет» порталындағы навигациямен (4,89 балл) қиындықтар кездескенін атап өтті. Онлайн-платформаның жұмыс жылдамдығы ең көп сыналған мәселе болды (4,83 балл).

«Рәсім» критерий – 4,95 балл, көбіне респонденттер қажетті құжаттарды порталға жүктеу кезінде қиындықтар туындағанын (4,94 балл) атап өтті. Бір респондент бұл критерийге былай деп пікір қалдырған: *«Бір құжатты қате тіркеген жағдайда барлық пакет қайта жүктелуі керек, тек бір құжатты түзету мүмкін емес».* Қарағанды облысында кейбір респонденттер қызмет алу үшін көптеген мекемелерге баруға тура келгенін атап өтті.

Қызмет көрсету мерзімі – 4,90 балл, кейбір респонденттер мерзімдер ұзартылғанын (Қарағанды облысы) және мерзімнің кешігуі қызметкердің өз міндеттерін орындауына кедергі келтіргенін атап өтті.

Виртуалды көмекшінің жұмысы – 4,91 балл, респонденттердің барлығы сұрауына толық жауап алғанымен, кейбірі виртуалды көмекшінің жұмыс жылдамдығына қанағаттанбаған (4,82 балл).

«Кері байланыс» критерийі – 5,00 балл, көмек сұрағандардың барлығы жауап жылдамдығы мен олардың өтініштеріне қабылданған шаралардан қанағаттанған.

Қорытынды нәтиже – 4,88 балл (қанағаттанушылық 88,3%), бұл бағалау респонденттердің құжаттарды жинау барысында кездескен қиындықтарына байланысты төмендеген, мысалы, Қарағанды облысында қызмет алу үшін

бірнеше мекемеге баруға тура келген, сондай-ақ қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы да әсер етті.

«Электрондық үкімет» порталының қызметі – 4,91 балл (қанағаттанушылық 91,7%), уәкілетті мемлекеттік орган – 4,95 балл.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес, Қазақстанның барлық өңірлерінде анықталған қиындықтарға қарамастан, қызмет көрсету сапасы жоғары болып саналады: ең жоғары баллдар – Алматы қаласы (4,99 балл), Астана қаласы (4,98 балл) және Атырау облысы (4,97 балл); ең төменгі көрсеткіштер – Ақтөбе облысы (4,87 балл), Абай облысы (4,87 балл) және Алматы облысы (4,85 балл).

122-кесте. Өңірлер рейтингісі

№	Өңір атауы	Орта балл	Қанағаттану	Орта балл	Қанағаттану	Орта балл	Қанағаттану
		Электронды нысан		Қағаз нысанда		Өңір рейтингі	
1	Алматы	4,99	98,8%			**4,99**	98,8%
2	Астана	4,98	98,4%			**4,98**	98,4%
3	Атырау облысы	4,97	96,7%			**4,97**	96,7%
4	Қостанай облысы	4,96	95,8%			**4,96**	95,8%
5	Батыс Қазақстан облысы	4,94	95,1%			**4,94**	95,1%
6	Шығыс Қазақстан облысы	4,94	93,5%	4,95	95,0%	**4,94**	94,3%
7	Түркістан облысы	4,94	94,2%			**4,94**	94,2%
8	Солтүстік Қазақстан облысы	4,93	93,0%			**4,93**	93,0%
9	Қарағанды облысы	4,94	94,0%	4,92	94,2%	**4,93**	94,1%
10	Жетісу облысы	4,93	92,7%			**4,93**	92,7%
11	Қызылорда облысы	4,92	91,7%			**4,92**	91,7%
12	Шымкент	4,91	90,8%			**4,91**	90,8%
13	Павлодар облысы	4,90	90,3%			**4,90**	90,3%
14	Жамбыл облысы	4,89	89,4%			**4,89**	89,4%
15	Ақмола облысы	4,89	89,3%			**4,89**	89,3%
16	Ақтөбе облысы	4,90	90,3%	4,84	85,4%	**4,87**	87,8%
17	Абай облысы	4,87	87,1%			**4,87**	87,1%
18	Алматы облысы	4,85	84,7%			**4,85**	84,7%
19	Маңғыстау облысы						

20	Ұлытау облысы						

Құпия сатып алушы

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын тереңірек зерттеу үшін «құпия сатып алушы» әдісі қолданылды. Бұл әдіс қызмет көрсету сапасын қағаз және электрондық форматта бағалау үшін қолданылды. Екі жағдайда да қызмет көрсету сапасы жоғары бағаланды.

Қызметкерлердің сыртқы көрінісі жоғары бағаланды, ХҚКО-да қажетті байланыс ақпараттары мен өтінім толтыру үлгілері бар екені атап өтілді. Дегенмен, мекемеде мүгедектерге арналған ақпараттық стендтер мен тактильдік ақпарат құралдары жоқ болды.

ХҚКО инфрақұрылымы жоғары бағаланды: қызмет алу үшін орындар, қызмет көрсету стойкалары, кеңсе тауарлары, келушілерге арналған дәретхана бар еді, бірақ күту залында ауыз су жоқ. Ғимараттарға ыңғайлы жол ұйымдастырылған.

Қызмет көрсету сапасына шағым беру үшін «шағымдар мен ұсыныстар кітапшасы» мен арнайы қорап қарастырылған.

Қауіпсіздік критерийі төмен бағаланды: өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілген (өрт сөндіргіштер және эвакуациялық жоспар бар), антитеррористік қауіпсіздік қамтамасыз етілмеген – төтенше жағдайларда әрекет ету ережелері мен ақпараттық брошюралар жоқ. Сондай-ақ, «антисейсмикалық қауіпсіздік» қамтамасыз етілмеген – қауіпсіз аймақтар мен олардың белгіленген тақтайшалары жоқ.

Қызмет көрсету тәртібі барлық критерий бойынша 5 балл деп бағаланды. Келесі мәселелер анықталды: қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйеден қызмет алушының ЖСН автоматты түрде шықпай, оны жеке енгізу қажет болды; құжаттарды рәсімдеу үшін жұмыс берушіде жылжымайтын мүлік болуы талап етілді (Қызмет көрсету ережелерінде мұндай талап жоқ); құжаттарды тапсырған кезде телефон нөмірін тіркеу ұзақ уақытты талап етті.

Қорытындылар мен ұсыныстар

«Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету сапасының жалпы бағасы жоғары деңгейде. Алайда қызмет көрсету процесіне қанағаттанушылыққа әсер ететін бірнеше факторлар бар: «Электрондық үкімет» порталымен жұмыс кезінде туындайтын қиындықтар (порталда тіркелу және құжаттарды жүктеу), кейбір өңірлердегі қызметкерлердің тұтынушыға бағдарланғандығы және виртуалды көмекшінің жұмысы. Анықталған мәселелерді жою үшін келесі ұсыныстарды жүзеге асыру қажет.

<u>«Электрондық үкімет» порталына:</u>

1. Виртуалды көмекшінің коды мен инфрақұрылымын оңтайландыру: Серверлік инфрақұрылым мен ассистенттің кодын тұрақты аудиттен өткізіп, оңтайландыру арқылы «тоқтап қалулар», ақаулар және баяу жұмыс мәселелерін азайту;
2. Виртуалды көмекшінің білім базасын кеңейту: Ассистенттің білім базасын тұрақты жаңартып отыру, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, қызмет алу жөніндегі толық нұсқаулықтар және кең таралған мәселелерді шешу жолдарын қосу;

3. Табиғи тілдерді өңдеуді (NLP) жақсарту: Пайдаланушылардың сұрауларын дәлірек түсіну үшін NLP алгоритмдерін дамыту, соның ішінде сленг, қателер және толық емес сөйлемдермен жұмыс істеу;
4. Актуалды деректермен интеграция: Ассистентке қызмет мәртебесі, заңнамалық өзгерістер және басқа да жаңартылған ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;
5. Файлдарды жүктеу мәселесін шешу үшін портал жұмысын оңтайландыру:
   - **Файл көлемін автоматты түрде оңтайландыру:** Жүктелетін файлдардың сапасын жоғалтпай өлшемін автоматты түрде кішірейту, бұл серверге түсетін жүктемені азайтып, жүктеу жылдамдығын арттырады;
   - **Файлдың максималды көлемін арттыру:** Қажет болса, жүктелетін файлдардың ең жоғарғы рұқсат етілген өлшемін қайта қарау және арттыру, әсіресе көлемді құжаттар үшін (мысалы, құрылтай құжаттарының скан-көшірмелері);
   - **Жүктеуді жалғастыру мүмкіндігі:** Қосылым үзілісі болған жағдайда жүктеуді қайта жалғастыру функциясын енгізу, пайдаланушыға барлық процесті қайтадан бастау қажет болмауы үшін.

Уәкілетті мемлекеттік орган үшін:

1. Иммигранттарға рұқсат берудің мерзімін ұзарту мүмкіндігін қарастыру, өйткені қазіргі уақытта қызметті жыл сайын алу қажеттігі байқалады;
2. Қызмет көрсету регламентінің бұзылу себептерін анықтап, Актөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында белгіленген мерзімдердің сақталуын қатаң бақылау;
3. Халыққа қызмет көрсету орталықтарын екі тілде толтыруға арналған қажетті бланкілермен қамтамасыз ету. Бұл мәселе Актөбе және Қарағанды облыстарында өзекті болып отыр.

3.69. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 2201005 Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандық маңызы бар қалалардың, аудан орталықтарының, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдары, жер учаскесінің орналасқан жері бойынша.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 қазанда №21366 тіркелген.

Мемлекеттік қызмет көрсету формасы: Электрондық (жартылай автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Халыққа арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы; «Электрондық үкімет» веб-порталы – www.egov.kz.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- Жер учаскесінің мақсатты тағайындалуын өзгерту, егер ол елді мекеннің шегінде орналасса – 8 жұмыс күніне дейін;
- Жер учаскесінің мақсатты тағайындалуын өзгерту, егер ол елді мекеннің шегінен тыс орналасса – 16 жұмыс күніне дейін.

Аталған мерзімдерге келесі мерзімдер кірмейді:

- Жер учаскесін сатып алу-сату шарты немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) ақы төленетін/ақысыз жер пайдалану (жалға алу) бойынша келісім жасалған уақыт.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Жер учаскесінің мақсатты тағайындалуын өзгерту туралы шешім, оған жер учаскесін сатып алу-сату шарты немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) ақы төленетін/ақысыз жер пайдалану (жалға алу) шарты қосылады (жер учаскесін сатып алу жағдайында), немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден негізделген бас тарту.


Қызмет алушылар: Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Сауалнамаға 295 қызмет алушы қатысты. Қызмет пайдаланушыларының басым көпшілігін ер азаматтар құрады (91,9%), әйелдердің үлесі – 8,1%. Көбінесе қызметті 30–39 жас аралығындағы азаматтар (22,4%) және 40–49 жас аралығындағы азаматтар (61,4%) алды. Қызметті жеке тұлғалар 78,9% жағдайда алды, қалған 21,4% заңды тұлғалардың өкілдері болды. Абсолюттік көпшілігі Қазақстан Республикасының азаматтығына ие (99,7%).

173-174-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок




Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі қызметті «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, соның ішінде Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы өздігінен қызмет көрсету аймақтарында электрондық форматта алды – 92,9%. Қалған 7,1% қызмет алушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне жүгініп, қызметті қағаз түрінде алды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қызметті көрсету сапасының бағасы, қызмет көрсету тәсіліне қарамастан, жоғары – орташа балл 4,89. Толық қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі 89,7% құрады.

Екі критерийге 5,00 балл берілген – «қызметкерлер» және «кері байланыс». Қызмет көрсету рәсімі мен соңғы нәтижені қызмет алушылар 4,92 баллға бағалады. Қызмет көрсету мерзімдері 4,91 баллға, «ақпарат және коммуникация» критерийі 4,89 баллға, «қолжетімділік және қолайлылық» 4,82 баллға бағаланды. Ең төмен баға «виртуалды көмекші» критерийіне берілді – 4,67 балл, бұл баға деңгейі – ортадан жоғары.

175-диаграмма. Мемлекеттік қызметті қағаз және электрондық форматта көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (орташа балл және %) бойынша)



Қызметті қағаз түрінде көрсету сапасының бағасы – 4,96 балл, толық қанағаттану көрсеткіші – 96,4%.

123-кесте. Ұпайларды бөлу (қағаз түрінде)

Бағалау критерийлері	**Қағаз түрінде көрсетілген қызмет сапасын бағалау нәтижелері:**	**Орташа балл**		**Толық қанағаттану деңгейі** (критерийді 5 баллмен бағалаған респонденттердің үлесі)	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ	Маған қызмет көрсету тәртібі туралы, соның ішінде оны алу үшін қажетті құжаттар тізімі жөніндегі ақпаратты табу оңай болды	5,00	**4,94**	100,0%	94,0%
	Маған ғимарат ішінде бағыт-бағдар алу және қажетті қызметкерлерді табу оңай болды	4,90		90,5%	
	Менің өтініш білдіру тілімді еркін таңдау мүмкіндігім болды	5,00		100,0%	
	Толтыратын нысандар, бланкілер және басқа да құжаттар түсінікті болды, олардың үлгілері екі тілде ұсынылды	4,86		85,7%	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ	Қызмет көрсетушінің ғимараты ыңғайлы жерде орналасқан, автотұрақ орындары жеткілікті, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз кіру қамтамасыз етілген	4,90	**4,86**	90,5%	85,7%
	Мекеменің жұмыс кестесі қолайлы, күту аймағы жайлы жағдаймен қамтамасыз етілген	4,81		81,0%	
